

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Б. Рақышев

КАРЬЕР АЛАНДАРЫН АШУ
ЖӘНЕ АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРИ

ОҚУЛЫҚ

Алматы, 2013

ӘОЖ
КБЖ
Р

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

Н. С. Буктуков – техника ғылымдарының докторы, профессор;
А. Д. Бектышбаев – техника ғылымдарының докторы, профессор;
А. Б. Бегалинов – техника ғылымдарының докторы, профессор.

Рақышев Б.

Карьер алаңдарын ашу және ашық игеру жүйелері: Оқулық. – Алматы, 2013 – 304 бет.

ISBN

Оқулықта карьер алаңдарын ашу және пайдалы қазбалар кенорындарын ашық игеру жүйелерінің теориясы қарастырылған. Пайдалы қазбалар кенорындарын игеру жүйесінің әрбір элементі және олардың өзара байланысы нақты сипатталған. Геотехнологияның негізгі түсініктерінің анықтамасы берілген. Кенорындарын ашық тәсілмен игеру жүйесінің элементтері мен карьер кеңістігінің тиімді даму параметрлері негізделген. Олар кенорындағы ашық игерудегі жаңа жетістіктерді қамтиды.

«Карьер алаңдарын ашу және ашық игеру жүйелері» оқулығы «Тау-кен ісі» мамандығының типтік және жұмыс оку жоспарларына сәйкес жазылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті оку стандартының барлық талаптарына, осы бағдар бойынша мамандарды дайындау деңгейіне және біліктілік сипаттына толық сәйкес келеді. «Карьер алаңдарын ашу және ашық игеру жүйелері» пәннің материалдары логикалық жүйелілікпен келтірілген.

Оқулықты басқа мамандықтардың студенттері, сонымен қатар жоба жасайтын ұйымдар мен тау-кен көсіпорындарының инженерлік-техникалық қызметкерлері пайдалана алады.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Б. Рақышев, 2013
© Қазақстан Республикасы жоғары окуорындарының қауымдастыры, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі уақытта ТМД елдеріндегі пайдалы қазбалардың жалпы көлемінің 70%-дан астамы экономикалық тиімді әрі прогрессивті ашық тәсілмен өндіріледі. Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясын заман талабына сай жетілдіру және сәйкес техникалық шешімдер қабылдау үшін «Тау жыныстарын бұзу», «Ашық тау-кен жұмыстарының процестері», «Карьер аландарын ашу және ашық игеру жүйелері», «Ашық тау-кен жұмыстарының технологиялық кешендері»; «Карьерлерді жобалау» сияқты кәсіби пәндерді оқып үйрену нәтижесінде қалыптасатын жаңа білім қажет. Бұл пәндерді окуда студенттерге білім берудің инновациялық технологияларына көп көңіл бөлү керек.

«Карьер аландарын ашу және ашық игеру жүйелері» оқулығында жүйелік принцип негізінде карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу мәселелерін көңжарлар мен тау-кен қазындысын қабылдау бекеттері арасында жүккөліктік байланысты қамтамасыз етудің принциптері мен техникалық шешімдерінің жиынтығы және игеру жүйесі аршу, өндіру және дайындау қазбаларын карьер алғында орналастырудың принциптері мен техникалық шешімдерінің жиынтығы ретінде қарастырылған. Сонымен катар тау жыныстарын жер қойнауынан қазып алу технологиясының барлық процестерінің экономикалық, экологиялық және тиімді орындалуын қамтамасыз ететін ашу, дайындау, аршу және өндіру қазбаларының параметрлерін анықтау әдістері ұсынылған.

Оқулық материалдары Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Ашық кен жұмыстары кафедрасының ғылыми жұмыстарының нәтижелеріне және академик В.В.Ржевский енбектерінің теориялық жағдайларына негізделген.

Автор оқулықты дайындау процесіндегі бағалы ескертулері үшін техника ғылымдарының докторлары, профессорлар Н. С. Буктуковқа, Ә. Д. Бектібаевқа, Ә. Б. Бегалиновке алғыс білдіреді.

KІРІСПЕ

Пайдалы қазбаларды қазып алу кенорнын пайдалануға дайындау кезеңінен басталады. Ол жер беті сулар арнасын бұру, карьер алаңын табиғи және жасанды заттардан тазарту және оны құрғату жұмыстарынан тұрады.

Кенорнын игерудің (пайдаланудың) екінші кезеңі кенорнын ашу, яғни күрделі тау-кен қазбаларын жүргізу арқылы Жер бетінен карьердің әртүрлі участекелеріне көлік жолдарын жүргізуден тұрады. Күрделі тау-кен қазбаларынан дайындық қазбалары жүргізіледі. Ашық тәсілмен қазып алу кезінде күрделі қазбаларға көлбей ашу қазбалары, жерасты қазбалары және т.б., ал дайындық қазбаларына – тілме оржолдар мен қазаншұңқырлар жатады.

Кенорнын пайдаланудың үшінші кезеңі – пайдалы қазбаларды қазып алу, яғни кенорнын ашқаннан кейін тау жыныстарын (пайдалы қазба, мунай, газ, су) Жер қойнауынан әртүрлі тәсілдермен (ашық, жерастылық, ұнғымалық, суастылық және құрамды әдістермен) қазып алу. Ашық тәсілмен қазып алу күрделі ашу қазбаларынан жүргізілген тілме оржолдарды (қазаншұңқырларды) қолданып, пайдалы қазбалар мен бос жыныстарды дайындық және тазалап алу қазбаларынан өндіру арқылы жүргізіледі.

Кенорнын пайдаланудың төртінші кезеңі – кен алынған кеністікті және өндіріс қалдықтарын пайдалану.

Бұл оқулық қатты пайдалы қазбалар кенорындарын пайдаланудың негізгі екі кезеңін талдауға арналған және «Карьер алаңдарын ашу» және «Ашық игеру жүйелері» деген екі тараудан тұрады.

Оқулықтың бірінші тарауында пайдалы қазбалар кенорындарын ашық қазып алушағы объектілер мен негізгі түсініктер, жұкағындарының қалыптасуы және олардың түрлері, карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу, ашу оржолдарын жүргізу тәсілдері қарастырылған.

«Карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу» деген негізгі бөлімнің алдында ашық тау-кен жұмыстарының даму тәртібі, карьер жұкағындарының қалыптасу тәртібі және оның алғышарттары қарастырылған. Тек осы білімдер негізінде ғана нақты тау-кен геологиялық және технологиялық жағдайларға байланысты карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу тәсілі таңдалады.

Оқулықтың екінші тарауында кенорнын ашық игеру жүйесінің сыйыпташалары, олардың қолданылу жағдайлары, ашық иге-

ру жүйесінің негізгі параметрлері, карьердің жұмыс аймағы және оның параметрлерінің өзара байланыстары қарастырылған. Геотехнологияның негізгі түсініктері анықталып, жүйелі талдау негізінде «Ашық игеру жүйесі» түсінігіне жаңа анықтама берілген.

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі – бұл Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды қазып алу үшін карьер алаңында жүргізілген дайындық, бос жыныс және кен өндіру қазбаларының өзара байланысты және өзара тәуелді жиынтығы.

Ашық игеру жүйесінің элементтері: тілме оржолдар (қазашшұңқырлар), бос жыныс және кен өндіру кемерлері кенорның игеру жобасында қарастырылған өзінің шектік (немесе аралық) жағдайына жеткенше әрдайым қозғалыста болады. Яғни, ашық игеру жүйесі де карьердің қозғалыстағы динамикалық объектісі болып табылады.

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің ұсынылған тұжырымында ашық кен жұмыстары түсінігін мәні толығымен ашылады, барлық жүйелік принциптер сакталады: ол – бүтінділік, иерархиялылық, құрылымдылық, жүйе элементтерінің өзара тәуелділігі.

Пайдалы қазбаларды ашық игерудің белгілі жүйелерінің сыйып-тамаларын талдау, пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің жаңа анықтамасы және тау-кен қазбаларының карьер алаңында жылжу сұлбалары негізінде ашық игеру жүйесінің жаңа сыйыптамасы ұсынылған. Ол дайындық, бос жыныс және кен өндіру қазбаларының карьер алаңында жылжу сипатына негізделген. Осы белгісі бойынша ашық игеру жүйесі үшке: тұтас, терендейтін, құрамды және 12 ішкі игеру жүйелеріне бөлінген. Ашық игеру жүйелерінің қолданылу жағдайлары анықталған. Кемер биіктігін, ашық игеру жүйесінің басқа да параметрлерін анықтаудың жалпы жолдары қарастырылған.

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің негізгі көрсеткіштері ретінде: кенжарлардың жылжу жылдамдығы, жұмыс кемері шебінің жылжу жылдамдығы, кен жұмыстарының терендеу жылдамдығы; жұмыс аймағындағы жыныс көлемі, ашылған және қазып алуға дайын корлар мөлшері; кеннің эксплуатациялық жоғалымы мен құнарсыздануы сияқты сипаттамалар қабылданған.

Мұнда жаңаша талдау нәтижесінде кенжарлардың, жұмыс кемері шебінің жылжу жылдамдықтарын және кен жұмыстарының терендеу жылдамдығын анықтау формуласалары шығарылған. Дайындық және қазып алу қазбаларының жылжу жылдамдықтарының арасындағы технологиялық байланыс белгіленген.

Тарауда карьердің жұмыс аймағына жаңа анықтама берілген. Ол карьер алаңының уақыт өте жылжитын және пішіні мен өлшемдері өзгеретін бөлігі болып табылады. Жұмыс аймағы кен алынған кеңістіктен жұмыс жағдауымен және ені көлік жолының енін қоспағандағы жұмыс алаңының еніне тең бірінші жұмыс кемерінің жоғары алаңымен, ол карьер алаңынан кен жұмыстарының даму бағытындағы ағымды нұсқасымен, ашылмаған немесе жұмыс жүргізілмеген тәменгі деңгейжиектен жұмыс кемерінің табан жазықтығымен, ал қапталдары бойынша – бүйір қырларымен шектеледі.

Жұмыс аймағының параметрлері негізделген, сонымен қатар қазып алып көлікке тиетін жабдықтардың қуаты мен жұмыс өлшемдерінің жұмыс аймағының параметрлерімен байланысы қарастырылған. Кен жоғалымы мен оның сапасының құлдырауының негізгі түрлері курделі құрамды блоктардың тау-кен геологиялық көрсеткіштерімен тікелей байланысы зерделенген. Осыған байланысты әртүрлі блоктардың курделі құрамы мен оны игеру жолдарының көрсеткіштері анықталған.

Карьердің жұмыс аймағындағы тау жыныстарының ашылған, қазып алуға дайын және ұзақ мерзімді қорларының жаңа анықтамасы берілген. Карьердің жұмыс аймағында нақты жағдайда тек ашылған, қазып алуға дайын және ұзақ мерзімді қорлар болады. Жартасты жыныстарды қазып алу кезінде бұрғыланған және аттырылған жыныстар дайындалған қорларға жатады. Бұл қорлардың бір бөлігі ашылған қорлар құрамында, ал екінші бөлігі қазып алуға дайын қорлар құрамында болады.

Ашық игеру жүйесін негіздеу оның негізгі параметрлерін қабылданған тау-кен және көлік жабдықтар кешенінің жұмыс параметрлері мен техникалық сипаттамаларын берілген табиғи және технологиялық факторлармен байланыстыра отырып анықтау қарастырылған. Қабылданған ашық игеру жүйесі нақты жағдайларда негізгі және қосымша жұмыстарға ең аз шығын шығара отырып, табиғи, техникалық және экономикалық жағдайлар бойынша карьердің ен жоғары өндірістік қуатын қамтамасыз етуі керек.


Екінші тараудың соңында ашық игеру жүйелерінің қолданылу жағдайлары және ТМД елдері мен шетелдердің карьерлеріндегі қазып алу жүйелерінің параметрлері мен көрсеткіштерінің нақты мәліметтері келтірілген.

1-ТАРАУ. КАРЬЕР АЛАНДАРЫН АШУ

1. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ОБЪЕКТІЛЕРИ

1.1. Пайдалы қазбалар кенорындарын игерудің негізгі түсініктері

Геотехнологияның негізгі түсініктеріне: пайдалы қазбалар кенорындарын игеру, кенорның қазып алуға дайындау, кенорның ашу, пайдалы қазбаларды өндіру жатады. Бұл түсініктерді дұрыс қабылдау үшін пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалануды «кенорның пайдалануға дайында», «кенорның ашу», «пайдалы қазбаларды өндіру» және «кен алынған кеңістік пен өндіріс қалдықтарын пайдалану» сияқты төрт элементтен тұратын жүйе ретінде қарастырған дұрыс (1.1-сурет). Кейбір түсініктер бірін-бірі қайталамау мақсатында «пайдалы қазбалар кенорындарын игеру» терминінің атауы «пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану» деп шетелдік эквивалентпен ауыстырылды.



1.1-сурет. «Пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану» жүйесінің құрылымы

Қарастырылып отырған жүйенің элементтері өзара байланысты және өзара тәуелді. Олардың мәнін төменде көлтірілген анықтамалар ашады.

Пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану – бұл кенорның игеруге дайындалап, оны ашып, Жер қойнауынан тау жыныстарын әртүрлі тәсілдермен (ашық, жерастылық, ұнғымалық, суастылық және құрамды әдістермен) қазып алу, кен алынған кеңістікті және өндіріс қалдықтарын пайдалану.

Кенорнын пайдалануға дайындау – бұл жер бетін табиғи, жасанды кедергілерден тазарту және карьер (шахты) алаңын құрғату үшін жүргізілетін жұмыстар кешені.

Кенорнын ашу – бұл дайындық қазбаларын жүргізуге мүмкіндік беретін құрделі кен қазбаларын жүргізу арқылы Жер бетінен кенорнының әртүрлі участкеріне көлік қатынасын қамтамасыз ету. Ашық тәсілмен қазып алу кезінде құрделі қазбаларға көлбек ашу оржолдары, жерасты қазбалары, т.б., ал дайындық қазбаларға тілме оржолдар, қазаншұңқырлар жатады.

Пайдалы қазбаларды қазып алу – бұл кенорнын ашқаннан кейін тау жыныстарын (пайдалы қазба, мұнай, газ, су) Жер қойнауынан әртүрлі тәсілдермен (ашық, жерастылық, ұнғымалық, суастылық және құрамды әдістермен) қазып алу. Ашық тәсілмен қазып алу кезінде ол құрделі қазбалардан тілме оржолдар (қазаншұңқырлар) жүргізіп, дайындық және қазып алу қазбаларынан пайдалы қазбалар мен бос жыныстарды қазып алу арқылы жүргізіледі.

Пайдалы қазбаларды ашиқ игеру – бұл Жер қойнауының тау жыныстарын карьер алаңында жүргізілген дайындық, бос жыныс және кен өндіру қазбаларының жиынтығы арқылы қазып алу.

Пайдалы қазбаларды ашиқ игеру кезінде бос жыныстар да жеткілікті көлемде қазып алынады. Олар тау-кен өндірісінің уақытша қалдықтары болып табылады, өз уақытында олар өнеркәсіптің басқа салаларында пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан жалпы жағдайда оларды пайдалы қазбалар қатарына жатқызуға болады.

Пайдалы қазбаларды қазып алу «пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану» жүйесін анықтайтын басты элемент болып табылады, себебі ол өндірістің актық мақсаты – қоғамға қажетті белгілі бір мөлшерде және сапалы өнім алушы көздейді. Жүйенің қалған барлық элементтері аталғанмен өзара байланысып, оларға қызмет көрсетеді.

Жер қойнауынан тау жыныстарын ашиқ тәсілмен қазып алу пайдалы қазбалар мен бос жыныстарды қазып алу, тасымалдау және сәйкес техногендік орындарға (койма, үйінді) коймалау жұмыстарынан тұрады. Сәйкесінше, барлық тау-кен жұмыстарының кешені өзара байланысты негізгі өндірістік (технологиялық) процестерге бөлінеді. Олар – жыныстарды қазып алуға дайындау, қазып алу-тиеу жұмыстары, тау-кен қазындысын тасымалдау, пайдалы қазбаның сапасын тұрақтандыру, бос жыныстарды қоймалау (үйінділеу) және пайдалы қазбаларды тұтынушыға жіберу неме-

се қоймалау. Технологиялық процестердің құрылымы 1.2-суретте келтірлген.

Әрбір негізгі өндірістік процеске қосымша жұмыстар сәйкес келеді, олар негізгі процестерді жоспарлы түрде жүргізіп, оны жеңілдетуге мүмкіндік береді.



1.2-сурет. Ашық кен жұмыстарының процестері

Жалпы жағдайда «технология» термині өндірістің әртүрлі саласында іске асырылатын шикізатты, материалдарды, дайын және жартылай дайын өнімдерді жасау және өңдеу тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Тау-кен технологиясы – Жер қойнауындағы тау жыныстарын қажетті сапада және мөлшерде қазып алу тәсілдері мен амалдарының жиынтығы.

Ашық кен жұмыстарының технологиялық процестері (АКЖ) «Ашық кен жұмыстарының технологиялық кешендері» пәнінде оқылады.

1.2. Игерілетін кенорындарының типтері

Пайдалы қазбалар кенорындары ашық тәсілмен игеру объектілері болып табылады. Олар әртүрлі табиғи жағдайларда орналасады. Пайдаланылатын өндіріс салалары бойынша олар көмір, кен, уран, құрылымы тау жыныстары, цементтік шикізат, тау-кен химиялық шикізат, т.б. кенорындары болып бөлінеді.

Кенорны типтері ең алдымен, геометриялық белгілері бойынша бөледі.

1. *Пішіні* бойынша пайдалы қазбалар сілемдерінің келесі түрлері болады:

- изометриялық - барлық бағытта бірдей дамыған (массивті сілемдер, штоктар, ұя тәрізді және т.б. 1.3, ə, e-суреттер);
- плитатәрізді – қалындығы шамалы көбінесе, екі бағытта созылған (қабат және қабат тәрізді сілемдер, 1.3, a, ə, b, d-суреттер)
- құбыр және бағана тәрізді – негізінен бір бағытта созылған;
- арапық және ауыспалы пішіндер (линзалар, желілер, қатпарлар, тектоникалық бұзылған қабаттар, 1.3, a, b-суреттер) аталған пішіндер арасында.

Сілем пішіні карьер алаңының пішінін анықтайды.


2. Кенорны бетінің рельефи жазық (1.3, a-сурет), төбе беткейі түрінде (1.3, ə-сурет), төбе түрінде (1.3, b-сурет), дөнді (1.3, в-сурет) болуы және су астында орналасуы мүмкін. Жер беті рельефине байланысты қазып алу тәртібі және механикаландыру құралдары анықталады.

3. Жер бетінің негізгі деңгейіне қатысты орналасуы және жату тереңдігіне байланысты кенорындары келесі түрлерге бөлінеді:

- беттік типті – тікелей жер бетіне шығатын немесе кенді жауып жатқан жыныстарының қалындығы өте аз (20-30 м-ге дейін, 1.3, a сурет);
- тереңдік типті – жер бетінің негізгі деңгейінен біршама төмен орналасқан, бос жыныс қабатының қалындығы 40 м-ден 250 м-ге дейін (1.3, ə, b-сурет). Мұндай кенорындары экономикалық негізделіп ашиқ немесе жерасты тәсілдерімен игерілуі мүмкін;
- биіктік типті – жер бетінің негізгі деңгейінен жоғары орналасқан (1.3, ə, b-сурет), бұл кенорындары ашиқ немесе жерасты қазып алу объектілері болуы мүмкін;
- биіктік-тереңдік типті – жер бетінің негізгі деңгейінен жоғары және төмен орналасқан (1.3, d-сурет).

4. Құлау бұрышы бойынша сілемдер келесі түрлерге бөлінеді:

- жайтақ, сілемнің негізгі бөлігі аз көлбей ($10-12^\circ$ дейін) және ирек жатуымен сипатталады (1.3, a, в-сурет), олардың жеке түрлері жазық сілемдер;
- көлбей – құлау бұрыштары $10-12^\circ$ -тан $25-30^\circ$ -қа дейін (1.3, ə-сурет);
- күрткөлбей – құлау бұрыштары 30° -тан көп (1.3, d-сурет);
- күрт – құлау бұрышы $56-90^\circ$ (1.3, г-сурет).



1.3-сурет. Игерілетін кенорындары мен сілемдер сұлбалары

5. Сілем қалыңдығы бойынша өте жүқа, қалыңдығы шамалы, қалыңдығы орташа, қалың және аса қалың болып бөлінеді, ал құрылымы бойынша былай бөлінеді:

- қарапайым сілемдер (1.3, ә, б-сурет), елеулі қабатшалары мен қоспалары жоқ біртекті құрылымды, бұл жағдайда сілемнің барлық пайдалы қазбалары бірге қазылып алынады (жаппай қазып алу тәсілі);

- курделі сілемдер (1.3, а, в-сурет), құрамында кондициялық пайдалы қазбалармен қатар оның кондициялық емес сорттары да, сонымен қатар жанасу аймақтары анық бос жыныс қабатшалары да бар; бұл жағдайда кондициялық және кондициялық емес пайдалы қазбалар мен бос жыныстарды бөлек (сұрыптаپ) қазып алу қажет;

- шашыранды сілемдер (1.3, е-сурет), құрылымы курделі, кондициялық және кондициялық емес пайдалы қазбалар мен бос жыныстар жер қыртысында ретсіз орналасқан және олардың жанасу аймақтары анықталмаған.

6. Сілем құрамындағы пайдалы қазба сапасы келесідей таралуы мүмкін:

- бірқалыпты, яғни тұтынушы талаптарына сай пайдалы қазба сапасы сілемде бірқалыпты таралған; бұл жағдайда сілемнің әртүрлі участекелерінде қазып алу жұмыстары (жаппай немесе бөлек) тәуелсіз жүргізілуі мүмкін;

- бірқалыпты емес, яғни пайдалы қазба сапасы сілем қалыңдығы немесе табан ауданында бірдей таралмаған; мұндай жағдайда сілемнің әртүрлі бөліктерін біруақытта қазып алуды жоспарлап, бірнеше қазып алу участекелерін жасау арқылы оның сапасын тұрақтандыру керек.

7. Жыныстардың басым типтері бойынша кенорындары келесі түрлерге бөлінеді:

- бос жыныстары және пайдалы қазбалары жартасты;

- кенді жауып жатқан жыныстары әртекті және пайдалы қазбалары мен жанас жыныстары жартасты (жартылай жартасты);

- кенді жауып жатқан жыныстары жұмсақ, тығыз және пайдалы қазбалары мен жанас жыныстары жартасты немесе жартылай жартасты;

- бос жыныстары жартылай жартасты және пайдалы қазбалары жартылай жартасты немесе өте тығыз;

- бос жыныстары жұмсақ және пайдалы қазбалары әртекті.


Аталған факторлар техникалық құралдарды таңдауға, ашық кен жұмыстарын жүргізу тәртібі мен өнімділігіне зор әсер етеді.

1.3. Кенді ашық қазып алу түрлері

Кенді ашық қазып алудың негізгі түрлері сілемнің жер қабатында орналасуына байланысты сипатталады (1.4-сурет).

1. Кенді жер бетінен қазып алу. Оған шашыранды кенорындары, табиғи құрылыштық тау жыныстары, жазық және жайпақ жатысты көмір қазбаларының көп бөлігі және рудалы қазбалардың біраз бөлігі жатады. Бұл жағдайда карьерлер онша терен болмайды (40-60 м-ге дейін) және олардың терендігі салыстырмалы тұрақты болады. Бос жыныстары мен пайдалы қазбалары әртүрлі, жиі жағдайда жұмсақ және жартылай жартасты.

2. Кенді тереңнен қазып алу. Бұған көлбеу және күрт жатқан сілемдер кезіндегі кен қазбаларының және көмір қазбаларының



1.4-сурет. Кенді ашық қазып алу сұлбалары: а, ә, б, в және г – сәйкесінше, жер бетінен, тереңнен, таулы аймақтан, таулы-тереңнен және су астынан кен қазып алу түрлері

біраз бөлігі жатады. Бұл кезде карьерлер біртіндеп тереңдей береді, олардың ақтық тереңдігі 800 м-ге дейін жетеді. Мұндай карьерлерде жыныстардың барлық типтері қазып алынады.

3. *Кенді таулы аймақтан қазып алу.* Бұған әртүрлі кендерді, тау-кен химиялық шикізатты, құрылыштық тау жыныстарын және кей жағдайларда көмірді қазып алу жатады. Сілемдер жер бетінің негізгі деңгейінен жоғары орналасады; жұмыс кемерлерінің саны мен карьер өлшемдері табан ауданында әртүрлі болады. Пайдалы қазбалар мен бос жыныстары негізінен жартасты болады.

4. *Кенді таулы-тереңнен қазып алу.* Бұған карьер алабының беткі бедері күрделі болған кездегі әртүрлі кендерді, тау-кен химиялық шикізатты, құрылыштық тау жыныстарын және көмірді ашық қазып алу жатады. Пайдалы қазбалар мен бос жыныстары жартасты және жартылай жартасты, кейде әртекті болады.

5. *Кенді суастынан қазып алу.* Сілемдер су астында орналасқан, кенді жауып жатқан жыныстардың қалындығы онша көп емес. Бұл түрге өзен арнасынан, теніз бен көл түптерінен қазып алу жатады. Қазып альнатын жыныстар жұмсақ, тығыз, жартылай жартасты не месе әртекті.

Қарастырылған кенді ашық қазып алу түрлері бір-бірінен кеңорның пайдалануға дайындау, оны қазып алу тәртібі, жұмыс

денгейжиектерін ашу, үйінділердің орналасуы және кен жұмыстарын кешенді механикаландыру сипаты арқылы ерекшелінеді.

Кенді бірінші түрде қазып алу кезінде пайдалы қазбаның бар қалындығы толық қазып алынады және бос жыныстар кен алынған кеңістікке орналастырылады.

Кенді тереңнен қазып алу кезінде аршу жұмыстары мен пайдалы қазба сілемдерін қазып алу жоғарыдан төмен қарай қабаттармен жүргізіледі. Тау-кен қазындысын жер бетіне шығарады да бос жыныстарды сыртқы үйінділерге қоймалайды.

Кенді таулы аймақтардан қазып алу кезінде кенді жауып жатқан және жанас бос жыныстарды, өндірілген пайдалы қазбаны көлікпен төмен түсіріп, үйінділер мен өндеу кешені орналасқан жерге тасымалдайды.

Кенді таулы-тереңнен қазып алу түрі кенді екінші және үшінші түрде қазып алу сипаттамаларына сәйкес.

Бақылау сұрақтары:

1. «Пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану» жүйесінің элементтерін айтып беріңіз.
2. Кенорның пайдалануға дайындаудың мәні nedе?
3. «Кенорның ашу» дегенді қалай түсінесіз?
4. «Пайдалы қазбаларды қазып алу», «пайдалы қазбалар кенорындарын ашиқ игеру» түсініктерінің анықтамаларын беріңіз.
5. Ашиқ кен жұмыстарының негізгі технологиялық процестерін айтып беріңіз.
6. Кенорындары қандай белгілері бойынша тииттерге бөлінеді?
7. Сілем пішіні бойынша кенорындары қандай тииттерге бөлінеді?
8. Жер бетінің негізгі деңгейіне қатысты орналасуы және жату тереңдігіне байланысты кенорындары қалай бөлінеді?
9. Құлау бұрышы бойынша кенорындары қалай бөлінеді?
10. Сілем қалындығы және оның құрылымы бойынша кенорындары қалай бөлінеді?
11. Тау жыныстарының түрлері және пайдалы қазба сапасы бойынша кенорындары қандай тииттерге бөлінеді?
12. Кенді ашиқ қазып алудың қандай түрлері бар?

1.4. Карьер алаңдарының түрлөрі мен өлишемдері


Бір карьермен қазып алынатын кенорны немесе оның бір бөлігі карьер алаңы деп аталады. Табан ауданының өлшемдерімен, тереңдігімен және жағдауларының қиябет бұрышымен сипатталатын карьер алаңы көлемді геометриялық фигура болып табылады; ол карьердің жер иелігінің құрамына кіреді. Сонымен қатар жер иелігінде үйінділер, өндіріс алаңшалары және басқа да өндірістік қондырығылар орналасады.

Карьер алаңының өлшемдері кен жұмыстарының жалпы көлемін және карьердің болашақ өндірістік құатын анықтайды.

Кенді жер бетінен қазып алу кезінде қазбалардың ақтывқ тереңдігі (H_k) табиғи жағдайлармен анықталады және кен жұмыстарын жүргізу кезінде шамалы ғана өзгереді. Терең, таулы және аралас түрдегі қазбалар тереңдігі карьерді жобалау кезінде анықталады. Қазіргі заман карьерлерінің тереңдігі бірнеше метрден бастап 600 м-ге дейін жетеді. Жобалар бойынша ашық әдіспен қазып алу мүмкіндігі 800-1000 м-ге дейін қарастырылуда.

Карьер түбінің өлишемдері (l_d және b_d) сілемнің қазып алынатын бөлігіне сайн карьердің ақтывқ тереңдігіне байланысты нұсқалau арқылы анықталады (1.5-сурет). Оның ең аз өлшемдері төменгі кемердегі жыныстарды қауіпсіз қазып алу, тиесу жағдайларымен анықталады (еңі $b_d^3 \leq 30$ м, ұзындығы $l_d^3 \leq 100$ м).

Карьер жағдауларының қиябет бұрыштары (γ) жағдаулық масив жыныстарының орнықтылық жағдайымен, ал орнықты жыныстарда – көлік коммуникациялар – көлік бермалары мен көлбеу оржолдарды орналастыру жағдайларымен анықталады. Бұл бұрыштарды



1.5-сурет. Карьер алаңының өлишемдерін анықтау сұлбасы

аршу жұмыстарының жалпы көлемін азайту үшін мүмкіндігінше құрт жасауға тырысады.

Карьердің сілемнің жер бетіндегі созылымы мен созылымга көлденең өлшемдері (L_k и B_k , 1.5-сурет) сілем және карьер түбі өлшемдерімен, карьер терендігімен және жағдауларының қиябет бұрыштарымен, топографиялық және гидрогеологиялық жағдайларымен анықталады. Карьер өлшемдерін әдетте, графикалық жолмен, кейде қарапайым жағдайларда аналитикалық тәсілмен анықтайды. Аса ірі кенорындарында L_k мен B_k жұмыс деңгейжиектерін ашу және сілемдерді жеке карьер аландарына белу жағдайларымен анықталады.

Карьер параметрлері тау-кен және көлік жабдықтарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі керек.

Рельефтің жазық жағдайында карьердің бойлық V_n (m^3) және дұмдік (торцевых) V_t (m^3) бөліктеріндегі тау жыныстарының көлемі (1.5-сурет):

$$V_n = H_k^2 l_d \operatorname{ctg} \gamma_{cp}, \quad V_t = H_k^2 b_d \operatorname{ctg} \gamma_{cp} + \frac{\pi}{3} H_k^3 \operatorname{ctg}^2 \gamma_{cp}, \quad (1.1)$$

ал жалпы карьер бойынша:

$$V_k = H_k^2 (l_d + b_d) \operatorname{ctg} \gamma_{cp} + \frac{\pi}{3} H_k^3 \operatorname{ctg}^2 \gamma_{cp}, \quad (1.2)$$


мұндағы, γ_{cp} – карьер жағдауының орташаланған қиябет бұрышы, градус.

Карьер аландарының ұзындығы жүздеген метрден 8-10 км-ге дейін өзгереді, ал ені сілем типіне және ашық қазып алу түрлеріне байланысты 5 км-ге дейін жетеді. Карьер жағдауларының қиябет бұрышы геологиялық, гидрогеологиялық жағдайларға байланысты 32-40° болады.

Пішіні мен өлшемдері бойынша карьер аландары кенейтілген (обширные), созылған және дөңгелек болып бөлінеді (1.6-сурет).

Кенейтілген карьер аландары негізінен кенді жер бетінен қазып алу түріне тән, әдетте, олардың терендігі онша көп болмайды (H_k 100 м дейін), карьердің табан ауданы үлкен болғандықтан ($10-40 \text{ km}^2$ дейін), L_k мен B_k параметрлерінің айырмашылығы шамалы.

Созылған карьер аландарының созылым бойынша өлшемдері (L_k 3-5 км дейін) сілемнің созылымына көлденең өлшемдерінен (B_k)



1.6-сурет. Карьер алаңдарының пішіні мен өлшемдері бойынша сұлбалары: а – кеңейтілген; ә – созылған; б – дөңгелек; 1 – карьер түбі; 2 және 2' – сәйкесінше созылған және дөңгелек пішінді карьерлердің дұмдік болікттері

бірнеше есе үлкен. Мұндай карьерлер кенді тереннен қазып алу түрлеріне (H_k 150-200 м дейін) және жіңішке созылған сілемдерді жер бетінен қазып алу түрлеріне тән.

Дөңгелек карьер алаңдары шток тәрізді сілемдерді кез келген терендікте қазып алу және кез келген пішінді сілемдерді үлкен терендікте (200-800 м) қазып алу түрлеріне тән; мұндай терендікте карьерлер жағдауларын кеңейтуде карьер тубінің пішініне қарамастан оған дөңгелек немесе сопақ пішін береді. Сонымен терен карьер алаңдарының пішіні көп жағдайларда дөңгелек немесе сопақ болып шығады.

Карьер алаңдарының табан ауданындағы пішіні бойынша созылған және дөңгелек алаңдарға бөлу карьердің жалпы көлемінің V_k оның дұмдік бөліктерінің V_t көлеміне қатынасына байланысты; V_t шамасы $0,15 \div 0,20 V_k$, $L_k : B_k$ шамасы 4:1 асқан жағдайда карьер алаңы созылған болып саналады.

Кенді жер бетінен қазып алу процесі кезінде карьерлердің табан ауданының өлшемдері жиі өзгеріп отырады, ал терен карьерлерде олардың терендігі мен табан ауданы өлшемдері бірдей өзгереді. Бұл кезде карьер ені ұзындығына қарағанда тәзірек өседі, $L_k : B_k$ қатынасы азаяды және карьер алаңы қабат тәрізді сілемдерді қазып алу кезінде де бірте-бірте дөңгелектене береді.

Карьер алаңы өлшемдерінің өзара қатынасы және кенонының


кезекпен қазып алуға
қосылуына байланыс-
ты карьер алаңдарын
келесі түрлерге бөледі.

Карьер алаңы бүкіл кенорнын қамтиды (1,7, а-сурет); оның табан ауданындағы өлшемдері мен пішіні сілем өлшемдерімен, пішінімен, сонымен қатар жағдаулардың кеңейту жағдайларымен анықталады.

Карьер алаңы берілген кенорнының бірнеше боліктері бір уақытта пайдаланылатын алаңдар жүйесіне (тобына) к

Карьер алаңы кен жұмыстары бойынша бір-бірімен байланыссыз жеке участкердерден тұрады (1.7, в-сурет).

Табан ауданының өлшемдері, ақтық тереңдігі немесе жұмыс аймағының биіктігі (тау беткейінде) бойынша карьер аландарының түрлері 1.1-кестеде көлтірілген.



1.7-сүрөт. Карьер алаңдарының сұлбалары:

1 – сілем немесе жеке карьер алаңының нұсқасы; 2 – карьер алаңының (кенорны) шекасы; 3 – баланстар түс көрдәр

Карьер аландарының турлері

Карьер алаңда-рының	Ашық қазып алу түрлері	Карьердің табан ауданы, км ²	Карьер-дің терен-дігі, м	Тау-кен қа-зындысының жалпы көлемі, млн.м ³	Карьер-дің жұмыс істеге мерзімі, жыл
Өте аз	Жер бетінен	0,4-ке дейін	20-ға дейін	10 дейін	10-ға дейін
	Таулы аймақтан	0,3-ке дейін	40-қа дейін		
Шамалы	Жер бетінен	0,4-2,0	40-қа дейін	10-100	10-25
	Таулы аймақтан және тереннен	0,3-1,5	40-100		

	Жер бетінен	2,5-6,0	60-ка дейін	100-500	25-30
Орташа	Таулы аймақтан және тереңнен	1,5-5,0	100-200		
	Жер бетінен	4-20	80-ге дейін	500-2000	30-60
Үлкен	Таулы аймақтан және тереңнен	4-12	100-250		
Aса үлкен	Жер бетінен	10-40	120-ға дейін	2000-10000	60-100
	Тереңнен	10-30	200-800		

1.5. Карьер алаңын пайдалануга дайындау

Жаңа кенорындарын немесе карьер алаңының кезекті участексін игеру жер бетін дайындаудан басталады. Бұл кезде өзен арналарын бұры, кейде көл суларын ағызу, ормандарды кесу, карьер алаңдарын жер үсті суларынан дренаждық арықтар жүйесі арқылы шектеуге арналған арнайы, қымбат және күрделі инженерлік жұмыстар жүргізіледі. Жер бетін дайындау кезінде топырақ қабатын жинау және әрі қарай пайдалану мақсатында қоймалау, жер бетін тегістеу, тау-кен жабдығын жинау үшін арнайы алаңдар жасау, кен участеклеріне және үйінділерге алғашқы автокөлік және теміржол жолдарын жасақтау жұмыстары жүргізіледі.

Әлбетте, жер бетін дайындау мерзімінде карьер алаңы немесе оның жеке участеклеріндегі *таяу жынысы массивін судан құргату жұмыстары* қоса жүргізіледі.

Батпактар, көлдер мен өзендер суларын бірден тау-кен иелігі сыртына шығарады. Суларды ағызу үшін жер беті бедерінің төмен участеклеріне бағытталған арықтар жасалады, ал өзендер мен жылғалар сулары үшін тау-кен иелігі сыртынан канал жасалады. Қажетті тірек жасау үшін өзеннің ескі арнасын тоғанмен бөгейді, ол айналма сулы канал трассасының абсолюттік биіктігі әдетте, жоғары участеклерден өтуіне байланысты. Айналма каналдың көлденең қимасының ауданы тасқын мезгілінде судың толық өтуін камтамасыз етуі қажет. Суды карьерге жібермеу үшін айналма канал жағдаулары бетонмен немесе тастармен қапталады. Айналма

каналдың еңістігі өзеннің осы участкедегі табиғи еңістігіне сәйкес жасалады.

Кенорнының сулы болуы құмды, жұмсақ, тығыз және жарықшақты жартасты және жартылай жартасты жыныстарда тау-кен қазбалары жағдауларының орнықтылығын күрт төмендетеді, карьердегі көлік коммуникацияларының құрылышын және оларды қажетті жағдайларда пайдалануды қымбаттатады, сонымен қатар негізгі тау-кен және көлік жабдықтарының өнімділігін күрт төмендетеді.

Кенорның судан құргату жүйесі карьердегі күрделі және эксплуатациялық көн жұмыстарының қалыпты жүргізілуін қамтамасыз етуі керек. Кенорның құргату шаралары карьерді жер беті мен жерасты суларынан қорғау мақсатында қолданатын арнайы қазбаларды жүргізу мен сутекпені ұйымдастыру жұмыстарын қарастырады.

Карьерді судан құргату тәсілін тау жыныстарының сулы-физикалық қасиеттеріне, сулы деңгейжиектердің санына, олардың орналасуына, қалыңдығына және суланғандығына байланысты таңдайды. Судан құргату тәсілдері жер бетінде, жерастылық және құрамды болып бөлінеді.

Әртүрлі гидрогеологиялық жағдайларда карьерді жер бетіндегі сулардан қорғау үшін жер бедерінің төмен участкелерінде суларды су жинақтағышқа жинауға мүмкіндік беретін арықтар жүргізіледі. Тау беткейнідегі арықтардың көлденең кимасын су ағыны өлшемі бойынша есептеледі, ал арықтың бойлық кескінінің еңістігі $i=2-3\%$ шамасында болады.

Гидрогеологиялық жағдайлары онша күрделі емес кенорындарын игеру кезінде дренаждық оржолдар жүргізіліп, карьердің сутекпе жүйесі жасалады. Мұндай жер бетінде құргату тәсілі кезінде карьердің өзі де құргатқыш көзі болып табылады.

Гидрогеологиялық жағдайлары онша күрделі емес кенорындары төмендегідей сипатталады:

Жартасты және жартылай жартасты шамалы және орташа жарықшақты жыныстардан және қалыңдығы 10-15 м сулы жабынды жыныстар қабатынан тұратын, карьердегі жерасты суларының ағыны $300-500 \text{ m}^3/\text{saf}$ жететін кенорындары;

Жұмсақ және құмды тұрақсыз жыныстардан тұратын және жергілікті сұы мол, карьердегі жерасты суларының ағыны $100 \text{ m}^3/\text{saf}$ жететін кенорындары.

Қалған күрделі және аса күрделі гидрогеологиялық жағдай-лардағы кенорындарын судан құрғату карьер алаңында жерасты сулары деңгейін төмендетуге арналған арнаіры дренаждық қазбалар жүйесін жасау арқылы жүргізіледі.

Мұндай кенорындарын судан құрғатудың жер бетілік тәсілін кейбір жағдайда дренаждық оржолдар жүйесі немесе жазық дренаждық ұнғылармен қосылған дренаждық оржолдар жүйесі арқылы жасалады, бірақ көп жағдайда – құрғатылатын жыныстардың сұзгілік коэффициентіне байланысты бір-бірінен 30-50 м-ден 200-250 м-ге дейін жететін қашықтықта бір, екі немесе үш қатарда орналасқан диаметрі үлкен (250-500 мм) сутемендектіш тік ұнғылар жүйесі арқылы жасалады. Мұндай ұнғылардан су центрден тепкіш су сорғымен жоғарыға көтеріледі.

Кенорнын судан құрғатудың жерастылық тәсілі кезінде пайдалы қазба мен бос жыныс бойынша жүргізілген бірнеше жерасты қазбаларынан тұратын дренаждық ұнғылар жасақталады. Штректерді орнықты деформациялануға бейім карьер жағдауы бойымен жүргізеді. Су өткізгіш фильтрлер арқылы су жыныс қабатында әрбір 200-250 м сайын дренаждық қазбаларға жиналады. Қазбадағы су дренажды ұнғының су жинақтағышына келіп түседі де, одан сусорғымен жер бетіне айдалып шығарылады.

Кенорнын құрғатудың құрамды тәсілі кезінде жер бетінен және бұрғыланған ұнғылар жүйесі қажетті құралдармен жабдықтаған штректер қолданылады. Дренаждық жерасты қазбаларын жүргізу жұмыстарын карьер құрылышы кезеңінде арнаіры құрылыштық ұйымдар, ал эксплуатациялық кезеңде – арнаіры участкереге бөлінген карьер қызметі атқарады.

Карьерден шығарылған су карьерге қайта құйылмауы үшін жақын маңда орналасқан су жинақтағышқа жиналады. Бұл жинақтағыш судың кен массивінің жарықшақтары арқылы және басқа да жолдармен карьерге қайта құйылмауы үшін арнаіры әдістермен жасалады. Сонымен қатар карьер маңындағы аумақтық батпақтануын болдырмау керек. Жерасты сулары ресурстарын сактау, су қоймаларының ластандырмау, сумен қамтамасыз ету көздерін таза ұстая және оларды демалыс орындарына көркейту шаралары да алдын ала қарастырылады.

Кенорынын игеру кезеңінде карьерді судан құрғату жүйесі әлбette, өзгеріп отырады: су төмендеткіш ұнғылардың жана

нұсқалары, жерасты қазбалар, су жанақтағыштар, т.б. шаралар жатады. Судан қорғау жүйесінің өзгеріп отыруы кенорның игеруден бұрын тау жыныстарын алдын ала құрғатуға жол ашып, дер кезінде қымбат су төмендеткіш қондырғыларды жасақтаудан бас тартуға мүмкіндік береді.

1.6. Кен жұмыстарының түрлері мен кезеңдері

Кенорның толығынан немесе жартылай пайдалануға дайындау мен құрғату күрделі кен жұмыстарына кірісуге мүмкіндік туғызады. Оған кенді жауып жатқан жыныстарды қазып алу, күрделі кен қазбаларды, тілме оржолдар мен қазаншұңқырларды жүргізу, сонымен қатар қажетті үйінділер жасау жатады. Бұл шаралар аршу және кен өндіру жұмыстарын жобаға сәйкес жүйелі түрде мұлтіксіз жүргізуге мүмкіндік береді.

Карьерді салу кезеңінен бастап, оны тұтынуға қосқанға дейін жүргізілген күрделі кен жұмыстары тау-кен құрылыштық жұмыстары деп аталады. Оған сонымен қатар карьер құрылышы кезеңіндегі өндіру жұмыстары (жолай өндіру) мен көліктік коммуникацияларды жасақтау жұмыстары жатады.

Жобалық қуатына толық жетпеген карьерді пайдалануға берген-нен кейін карьердің кезекті участеклерінде күрделі кен жұмыстарын жүргізу жалғастырылады. Оларды пайдалануға қосқаннан кейін карьердің өндірістік қуаты жобалық деңгейге дейін кезеңдеп өсіріледі. Карьерді пайдалануға беруден оның жобалық қуатына жеткенге дейінгі кезеңді карьердің жобалық қуатын игеру кезеңі деп атайды.

Карьердің қуаты жобалық мезетке жеткеннен бастап оның азаю мезетіне дейінгі кезең эксплуатациялық кезең деп аталады. Бұл кезеңде бос жыныс және кен өндіру жұмыстары жобаға сәйкес жүйелі түрде орындалады.

Эксплуатациялық кен жұмыстары келесі түрлерге бөлінеді:

- ариу жұмыстары, яғни бос жыныстарды және кондициялық емес пайдалы қазбаларды қазып алу және үйіндіге тасымалдау;
- кен өндіру жұмыстары, яғни пайдалы қазбаны қазып алып, қоймаларға немесе тұтынушыға жеткізу.

Ашу және тілме тау-кен қазбаларын жасау жұмыстары тау-кен дайындық жұмыстары деп аталады. Карьердің жұмыс кезеңіне

(құрылыштық немесе эксплуатациялық) байланысты және қаржыландыру көзіне (күрделі қаражат бөлу немесе кәсіпорынның негізгі қызметі есебінен) байланысты тау-кен дайындық жұмыстары күрделі тау-кен немесе эксплуатациялық жұмыстарға жатады. Кейбір жағдайларда карьердің жобалық қуатын игергеннен кейінгі эксплуатациялық кезеңде жүргізілген тау-кен дайындық жұмыстары күрделі кен жұмыстарына жатады.

Күрделі кен жұмыстарына сонымен қатар эксплуатациялық кезеңдегі жүргізілетін кенорның құрғату, атап айтқанда, кезекті су төмөндектіш ұнғыларды бұрғылау, жерасты дренаждау қазбаларын жабдықтау жұмыстары жатады.

Кенорны туралы қосымша барлау мәліметтері түскенде және пайдалы қазба қорларын қайта бекітуде, әсіресе, жобалық графикке сәйкес кен жұмыстарының бір кезеңін екінші кезеңіне қошу кезінде тау-кен және көлік жабдықтарын ауыстыруға байланысты карьер шаруашылығын қайта жаңғырту мәселесі туады. Бұл жағдайда ашу қазбалары мен үйінділерді қайта жаңғыртып, карьердің өндірістік қуатын өзгерту қажет. Қайта жаңғырту жұмыстары күрделі кен жұмыстарына жатады және арнайы бекітілген жоба бойынша жүргізіледі.

Әдетте, қорлардың бітуімен немесе жерасты қазып алу тәсіліне қошу қажеттілігіне байланысты кенорның ашық тәсілмен қазып алудың соңғы сатысы кен жұмыстарының «бәсеңдеу» кезеңі деп аталады, ол кейде бірнеше жылға созылады.

Құрылыштық және эксплуатациялық кезеңдердегі бос жыныс пен кен өндіру жұмыстарының көлемі карьер аланында кен жұмыстарының басталу жерінен, олардың даму қарқындылығы мен бағытына байланысты болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Карьер алаңы дегеніміз не?
2. Пішіні мен өлишемдері бойынша карьер алаңдары қалай болінеді?
3. Карьердің негізгі өлишемдері қандай факторлармен анықталады?
4. Карьер алаңын пайдалануға дайындау қалай жүргізіледі?
5. Карьер алаңын құрғату жүйесі қандай элементтерге болінеді?

6. Кен жұмыстары кезеңдерін атаңыз.
7. Қурделі кен және эксплуатациялық жұмыстары түсінігі мен ерекшеліктерін сипаттаңыз.


1.7. Ашық кен жұмыстарының даму тәртібі

Ашық тау-кен жұмыстарының даму тәртібі өздігінен қабылдана алмайды. Ол көптеген факторларға: қазылатын кенорны типіне, жер беті бедеріне, сілем пішініне, сілемнің жер бетінің деңгейіне қарай орналасуына, оның құлау бұрышына, калыңдығына, құрылымына, пайдалы қазбалардың сапасы мен бос жыныстардың типі бойынша таралуына, терендігі, карьердің тұбі мен жер бетіндегі өлшемдеріне, оның жағдауларының ақтық киябет бұрышына, сонымен қатар карьер нұсқасындағы бос жыныс пен пайдалы қазбаның жалпы қорларына, пайдалы қазба тұтынушыларының, үйінділердің, қалдық қоймаларының орналасуына байланысты. Бұл факторлардың жиынтығы карьер жүктөрінің тиімді жылжу бағытын белгілеуге мүмкіндік береді.

1.8-суретте кен жұмыстарының табан аланында және көлденең кескіндегі даму сұлбалары келтірілген. Бағытшалармен жазық жағдайда орналасқан әртүрлі сілемдерді ашып алғандағы тау-кен жұмыстарының жылжу бағыттары көрсетілген.

Карьерді пайдалануға беруді тездету және құрделі қаражаттарды азайту үшін кен жұмыстарын пайдалы қазба сілемі жер бетіне жақын орналасқан жерден бастайды. Бұл сәтте кен құрылыштық жұмыстардың көлемі аз болады. Ол келесі кезеңдерде жұмыс деңгейжиектерін тез ашуға мүмкіндік беріп, кен жұмыстарын жоғары деңгейде кешенді механикаландыруды қамтамасыз ететін қазып алу жүйесіне жол ашады.

Эксплуатациялық кезеңде кен жұмыстарын бос жыныстарына мүмкіндігінше ең аз шығын шығара отырып, пайдалы қазбаны ең көп мөлшерде қазып алу үшін сілем бойымен жүргізуге тырысады. Осы кезеңдегі бос жыныс пен кен өндіру жұмыстарының ағымдағы көлемдерінің қатынасымен эксплуатациялық шығындар ғана емес, сонымен қатар ете маңызды көрсеткіш – карьердің тау-кен қазындысы бойынша өндірістік қуаты анықталады. Бос жыныс пен пайдалы қазба сілемі қалыңдықтарының өзгеріп отыруына, оның жату жағдайына, әртүрлі геологиялық бұзылуардың орын алуына,



1.8-сурет. Карьердің жұмыс аймағының табан алаңында және көлденең кескіндегі даму сұлбалары:

а, б, в – жұмыс шебі сәйкесінше карьердің ұзын осіне, қысқа осіне параллель, ортасына жинақталып және эллипс бойынша орналасқан

сілемде пайдалы компоненттердің біркелкі таралмауына байланысты карьер жұмысының жеке кезеңдерінде аршу жұмыстарының жылдық көлемдері өзгеріп отырады. Осының салдарынан карьердің пайдалы қазба бойынша өнімділігі де белгілі бір аралықта өзгеруі мүмкін.

Сонымен қатар өндірістік қуаты белгілі бір шамада есептеліп алынады, ал пайдалы қазбаны тұтынушы кәсіпорындары

белгілентген сапалы пайдалы қазбаны тұракты бір көлемде алып отыруы керек. Осыған байланысты жұмыс аймағының параметрлері мен оның даму қарқындылығының көрсеткіштері қабылданған игеру жүйесіне сәйкес болуы және белгілі заңдылықтар талаптарын қанағаттандыруы қажет. Олар іргелес кемерлердің біркелкі жылжуды, жұмыс аймағының табан алаңында дамуы мен терендеу жылдамдықтарының өзара дұрыс қатынаста болуы және т.б.

1.8. Бос жыныстар мен пайдалы қазба көлемдерінің арасындағы қатынас түрлері

Пайдалы қазбаны (руданы) ашық әдіспен өндіру кезінде кенді жауып жатқан және жанаң бос жыныстарды қазып алу қатар жүргізіледі. Осыған байланысты өндірістің актық экономикалық көрсеткіші – пайдалы қазбаның ашық әдіспен қазып алушадағы өзіндік құны (c_o), оның бір тоннасына келетін бос жыныс көлемімен тікелей байланысты. Ол:

$$c_o = c_d + k \cdot c_b \quad (1.3)$$

формуласымен анықталады. Мұндағы, c_d – бір тонна пайдалы қазбаны тікелей өндіруге кететін шығын, тг/т; c_b – бір текше метр бос жынысты қазып алушаға кететін шығын, тг/м³; k – өндірілген пайдалы қазбаның бір тоннасына келетін бос жыныс көлемі (м³).

К көрсеткіші *аршу коэффициентi* деп аталып, пайдалы қазбаның бірлік мөлшеріне келетін бос жыныстың көлемін көрсетеді және карьер жұмысының жалпы, сонымен қатар әр кезеңдегі тиімділігін сипаттайды. Ол кенорның ашық тәсілмен игеру мүмкіндігін бағалау үшін, ашық кен жұмыстарының экономикалық тиімді терендейдігін анықтау үшін, сонымен қатар кен жұмыстарын жоспарлау, карьерді пайдалану кезеңдегі қажетті кен көліктік жабдықтарының және санын, т.б. есептеу үшін қолданылады.

Егер бос жыныстар мен пайдалы қазба тоннамен (т/т) өлшенсе, аршу коэффициенті салмақтық, ал егер олар текше метрмен өлшенсе (м³/м³) көлемдік деп аталады. Аршу коэффициентін, сонымен қатар пайдалы қазбаның бір тоннасына келетін бос жыныстардың көлемімен де өлшейді (м³/т).

Өндірістік жағдайда, зерттеу, жобалау жұмыстары кезінде аршу коэффициентінің барлық үш түрі де қолданылады.


Аршу коэффициентінің: шектік, орташа, орташа эксплуатациялық, уақыттық, нұсқалық, қабаттық және жоспарлық (1.9-сурет) сиякты түрлерін атап көрсетуге болады.

Шектік ариу коэффициенті k_{rp} – пайдалы қазбаларды ашық әдіспен өндірудің экономикалық тиімділігін көрсететін жоғарғы аршу коэффициенті. Оның мәні ашық кен жұмыстары кезінде өндірілген пайдалы қазбаның бірлік мөлшеріне келетін массивтен үйіндіге тасымалданатын бос жыныстардың экономикалық тиімді колеміне сәйкес келеді. Шектік аршу коэффициентін, сонымен қатар актық, тиімді және кей жағдайларда критикалық, экономикалық, есептік деп атайды.

Ол:

$$k_{rp} = \frac{c_r - c_d}{c_b} \quad (1.4)$$

формуласымен анықталады. Мұндағы, c_r – 1 м³ пайдалы қазбаны өндірудің экономикалық тиімді шығындары, тн/м³.



1.9-сурет. Ариу коэффициентін есептеуге арналған сұлбалар:

а – орташа; ә – нұсқалық; б – уақыттық; в – қабаттық;
г – эксплуатациялық және бастапқы ариу коэффициенттері

Бұл көрсеткіш ретінде әдетте, 1 м³ пайдалы қазбаны жерасты тәсілімен өндіруге кететін шығындарды (c_n) қабылдайды.

Шектік аршу коэффициентінің k_{rp} мәні бойынша ашық кен жұмыстарының шекарасы белгіленеді. Әлемдік тәжірибеде

карьерлерді жобалау кезінде карьердің актық нұсқасын анықтау шектік және нұсқалық аршу коэффициенттерін өзара салыстыруға негізделген әдіс кеңінен тараған.

Орташа аршу коэффициенті $k_{\text{в.к}}$ – карьердің актық нұсқасындағы немесе оның участкесіндегі бос жыныстар көлемінің $V_{\text{в.к}}$ осы нұсқадағы немесе участкедегі пайдалы қазба көлеміне $V_{\text{и.к}}$ қатынасы (1.9, a-сурет):

$$k_{\text{в.к}} = V_{\text{в.к}} / V_{\text{и.к}} . \quad (1.5)$$

Егер $V_{\text{вк}}$ және $V_{\text{ик}}$ мәндері геологиялық барлау материалдары болынша алынса, онда $k_{\text{в.к}}$ геологиялық орташа аршу коэффициенті $k_{\text{ср}}$ деп аталады.

Жобалау тәжірибесінде $V_{\text{в.к}}$ нақты мәні карьердің актық нұсқасында есептеледі, ал $V_{\text{и.к}}$ мәнін тапқанда одан жоғалымдарды алып тастау керек. Бұл жағдайда $k_{\text{ср}}$ өндірістік аршу коэффициенті деп аталады.

Орташа эксплуатациялық аршу коэффициенті $k_{\text{ср.э}}$ – карьердің эксплуатациялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі орташа аршу коэффициенті. Ол карьерді салу кезінде алынған бос жыныстарының көлемін $V_{\text{в.с}}$ қоспағандағы жыныстардың жалпы көлемінің $V_{\text{в.к}}$ карьерді салу кезінде өндірілген пайдалы қазба көлемін $V_{\text{и.с}}$ қоспағандағы пайдалы қазбаның жалпы қорларына $V_{\text{и.к}}$ қатынасымен анықталады:

$$k_{\text{ср.э}} = (V_{\text{в.к}} - V_{\text{в.с}}) / (V_{\text{и.к}} - V_{\text{и.с}}) . \quad (1.6)$$

Бұл коэффициент эксплуатациялық кезеңде кен жұмыстарын жоспарлау мен тау-кен және көліктік жабдықтардың қажетті санын есептеу үшін қолданылады.

Уақыттық аршу коэффициенті k_t – қарастырылатын бір уақыт аралығында (ай, тоқсан, жыл) массивтен үйіндіге фактілі тасымалданатын бос жыныстар көлемінің $V_{\text{в.т}}$ сол уақытта өндірілген пайдалы қазба көлеміне $V_{\text{и.т}}$ қатынасына тең болады да (1.9, б-сурет):

$$k_t = V_{\text{в.т}} / V_{\text{и.т}} \quad (1.7)$$

өрнегімен анықталады.

Бұл коэффициент кәсіпорынның әр кезеңге арналған тау-кен жұмыстарының даму тәртібін сипаттайды.

Нұсқалық аршу коэффициентi k_k – жобалау кезінде карьер терендігінің бір қабатқа (кемер) терендеуі кезінде көлемінің ΔV_b осы қабаттағы (кемер) пайдалы қазба көлеміне ΔV_i қатынасына тең болып,

$$k_k = \Delta V_b / \Delta V_i \quad (1.8)$$

формуласы бойынша анықталады (1.9, ə-сүрет).

Жобалау немесе зерттеу жұмыстары кезінде карьер нұсқалары әдетте, кемер биіктігіне тең немесе одан біршама қалың қабаттармен кеңеяді. Осыған байланысты нұсқалық аршу коэффициенті жиі жағдайда денгейжиектік, кейде қабаттық, жазықтық деп аталады. Жобалау тәжірибесінде әрбір геологиялық кескінде анықталатын нұсқалық аршу коэффициентінің сыйықтық көрсеткіштерін пайдаланады. Бұл жағдайда нұсқалық аршу коэффициенті сыйықтық нұсқалық аршу коэффициенті деп аталады.

Көлбеу және құрт сілемдер кезінде карьер терендігі көбейген сайын оның нұсқаларының барлық жағдаулары бойынша кеңеі түседі (1.9, ə-сүрет); жазық және жайпақ сілемдер кезінде ΔV_b мен ΔV_i көлемдері карьердің табан ауданының өзгеруі немесе тек жеке жағдаулары бойынша ғана қосылады.

Қабаттық аршу коэффициентi k_{cl} – карьердің жазық қабатындағы барлық бос жыныстар көлемінің $V_{b,cl}$ осы қабаттағы пайдалы қазба көлеміне $V_{i,cl}$ қатынасы (1.9, в-сүрет), ол:

$$k_{cl} = V_{b,cl} / V_{i,cl} \quad (1.9)$$

формуласымен анықталады.

Бастапқы аршу коэффициентi $k_{n,c}$ – карьерді салу кезеңінде қазып алынған бос жыныстар көлемінің $V_{b,c}$ осы кезеңде қазып алынатын пайдалы қазбаның жалпы көлеміне $V_{i,c}$ қатынасы (1.9, г-сүрет), ол:

$$k_{n,c} = V_{b,c} / V_{i,c} \quad (1.10)$$

формуласымен анықталады.

Жоспарлық аршу коэффициентi k_{pl} аршу жұмыстарының

көлемін және пайдалы қазбаның өндірістің өзіндік құнын c_t ($\text{тг}/\text{м}^3$) күнделікті жоспарлауда пайдаланылады. Ол ашық кен жұмыстарын жүргізу процесі кезінде аршу жұмыстарының шығындары өтелгенін анықтайды:

$$c_t = c_{i.t} + k_{pl} c_{v.t}, \quad (1.11)$$

мұндағы, $c_{i.t}$ – пайдалы қазбаның бірлік мөлшерін өндірудің күнделікті өзіндік құны (аршу жұмыстарының шығындарын есептемегенде), $\text{тг}/\text{м}^3$; $c_{v.t}$ – аршу жұмыстарының бірлік мөлшерінің күнделікті өзіндік құны, $\text{тг}/\text{м}^3$.

Жоспарлық аршу коэффициентін кейде құндылықты коэффициент деп атайды. Кен жұмыстарының жоспарланған көлемін орындау кезінде жоспарлық аршу коэффициентінің мәні уақыттық аршу коэффициентінің мәнімен бірдей болып шығады.

1.9. Ашық кен жұмыстарының режимі


Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, жұмыс аймағының даму тәртібін тандау және кен жұмыстарын келешекте жоспарлау кезінде оның оңтайлылығын негіздеу үшін кез келген жағдайда карьер алаңының кен геометриялық талдау қажет. Оның нәтижелері карьердердегі кен жұмыстарының режимін таңдаудың негізі болып шығады.

Жағдаулары ақтық немесе аралық жағдайда болатын карьерді екі топографиялық бет арасында орналасқан көлемді дene ретінде қарастыруға болады (1.10-сурет). Бұл беттердің бірі карьер алаңына қатысты жер беті участкесінің шынайы топографиялық беті. Көлемнің басқа беті ашық кен жұмыстарын жүргізу барысында пайда болады да жердің жоғарғы қабат кеңістігінде ұдайы жылжып отырады. Бұл беттің өлшемдері және жағдайы кен жұмыстарын жүргізу барысында өзгеріп отырады.

Уақыт өткен сайын карьердің көлемі оның тереңдігінің үзіліссіз ұлғаюы (z осі бойынша) мен табан ауданындағы нұсқасының кеңеюіне (x және y багыттары бойынша) байланысты өзгеріп отырады. Қазып алынатын тау-кен қазындысының көлем функциясы үздіксіз, бос жыныстар мен пайдалы қазба көлемдерінің функциялары да үздіксіз, бірақ кейбір жағдайларда үзілмелі болуы да мүмкін.

Карьердің жұмыс аймағының нақты жағдайларда дамуы барысында көлемдер функцияларының өзгеру сипаты карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау нәтижесінде анықталады.

Көлемдердің өзгеру функциясының аналитикалық формуласын пайдалы қазба қарапайым жағдайларда орналасқанда ғана табуға болады. Пішіні әртүрлі сілемдер және жер бедері күрделі (жазықтықпен салыстырғанда) болған кезде пайдалы қазба мен бос жыныстардың көлемдерін тек графiktік тәсілмен анықтауға болады.



1.10-сурет. Екі топографиялық бет арасындағы карьер көлемінің сұлбалық көрінісі


Ол үшін карьер алаңындағы сілем мен бос жыныс көрсетілген сызбаларда жоғарыда айтылған факторларды ескере отырып, кен жұмыстарының аралық жағдайлары салынады да, қарастырып отырган әрбір түріне сай көлемдер функциясы анықталады. Зерттелетін карьер алаңының күрделілік дәрежесіне байланысты қарастырылатын кезеңдер саны көлем функциясының графигін нақты көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

Көлемдер функциясы бейнеленген графиктерде көлбеу сілемдерді қарастырғанда z осі бойында тәуелсіз айнымалы шама ретінде карьердің өспелі терендігі қабылданады, ал жазық және жайпақ

сілемдер жағдайында x және y осытерінде жұмыстар шебінің жылжу өлшемдері орналасады. Осылай салынған графиктерден қазып алынған бос жыныстар мен өндірілген пайдалы қазба көлемдерінің кезеңдік өзгеруі бойынша уақыттық аршу коэффициенті анықталады, сонымен қатар оның карьер кеңістігінің дамуы барысында өзгеру графигі түрғызылады.

Аталған функциялар графиктерінен бос жыныс пен пайдалы қазбаны өндіру жұмыстарының бірлік мөлшеріне кететін шығындарды есепке ала отырып, кенорнын пайдалануда жұмсалатын шығын мен табыс графиктерін салуға болады. Бұл мәліметтер кенорнын әрі қарай игеруде жұмыс алаңының дамуының әртүрлі нұсқаларын бағалауға, соның ішінде *кен жұмыстарының режимін белгілеуге* жол көрсетеді.

Кен жұмыстары режимі түсінігін ұйым мен білім саласына акад. В.В.Ржевский енгізген. *Кен жұмыстарының режимі дегеніміз – карьердің барлық жұмыс мерзімінде кенорның жоспарға сай, қауіпсіз және экономикалық тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жобамен бекітілген бос жыныс пен пайдалы қазбаны өндіру жұмыстарының берілген кеңістікте уақытылы ретімен орындалуы.* Кен жұмыстарының режимі карьердің бүкіл жұмыс мерзіміндегі бос жыныс пен пайдалы қазбаны өндіру жұмыстары көлемдерінің жылдар бойынша өзгеру графикімен бағланады (*1.11-сурет*).



1.11-сурет. Пайдалы қазба (1) мен бос жыныс (2) көлемдерінің (V) жылдар (T) бойынша өзгеру графиктері: а және б – сәйкесінше карьердің жұмыс мерзімдері 10 және 20 жыл болғанды

Кен жұмыстарының бастапқы жағдайы, олардың дамуының басты бағыты, аршу және өндіру жұмыстарының көлемдерін күнтізбелік бөлу, карьер қызметінің әрбір жылы үшін пайдалы қазба сапасы

белгілі болған жағдайда кен жұмыстарының режимі анықталған болып табылады.

Қажетті сапада пайдалы қазбаны өндіре отырып, кенорның игеруде ең жоғары пайданы қамтамасыз ететін кен жұмыстарының режимі экономикалық тиімді болып табылады.

Карьердің жұмыс істеу мерзімі 8-12 жыл (негізгі карьер жабдығының амортизациялық мерзіміне сәйкес келеді) болған кезде экономикалық тиімділікке жету үшін ұзақ уақыт кезеңінде аршу жұмыстарының жылдық көлемін тұрақты деңгейде ұстайды (*1.11, а-сурет*); ал карьердің жұмыс істеу мерзімі ұзақ болған кезде жалпы жағдайда жұмыс істеу мерзімін жеке кезеңдерге бөледі, оның әрқайсысы аршу жұмыстарының тұрақты жылдық көлемімен сипатталады; бұл жұмыстардың көлемдері келесі кезеңге қошкенде қобейеді немесе азаяды (*1.11, ә-сурет*).

Аршу жұмыстарының көлемдері біршама өзгешеленетін карьердің жұмыс периодтары қазып алу кезеңдері деп аталады. Карьердің жұмыс істеу мерзімі қысқа болғанда оны кезеңдерге бөлмей қазып алуға тырысады, жұмыс істеу мерзімі ұзақ болғанда бірнеше кезеңдерге бөлу керек.


Бірінші жағдайда жұмыстарды орташа-эксплуатациялыққа жуық тұрақты уақыттық аршу коэффициентімен жүргізген жөн. Екінші жағдайда кен жұмыстары режимінің графигі кезеңдер бойынша сатылы түрде өседі (*1.11, б-сурет*). Әрбір кезеңнің уақыт ұзақтығы негізгі жабдықтың амортизациялық мерзімдеріне байланысты (*1.12-сурет*); кезеңнен кезеңге көшу карьерді қайта жаңғырту немесе ескірген тау-кен және көліктік жабдықты ауыстыру қажеттігі пайда болған кезеңге сәйкес келтіріледі.

Әрбір кезеңдегі аршу жұмыстарының бірқалыпты көлемі кесіпорынның тұрақты экономикалық жұмыс істеуіне ықпал етеді. Кезең ішіндегі кен жұмыстарының әртүрлі режимі кейбір жылдары аршу жұмыстарының «шыңдық» (пиковых) көлемдерін орындауға алып келеді. Бұл кезде қазып алудың экономикалық көрсеткіштері нашарлайды, себебі қысқа кезеңде тау-кен және көліктары жабдық санын, энергия қуатын, жұмысшылар мен қызметкерлер штатын қөбайту, сонымен қатар қосымша қомекші цехтар мен тұрмыстық қондырығыларды салу қажеттігі туады.

Кен жұмыстары режимінің әртүрлі болуының кемшіліктері,

әсіресе, қызмет мерзімі қысқа карьерлерде және оларды еліміздің жеткілікісін игерілген аудандарында салу кезінде байқалады.

Карьердегі кен жұмыстарының тиімді режимін таңдау кәсіпорын тиімділігін арттыруда және құралдар айналымын жылдамдатуда маңызды рөл атқарады, табиғи жағдайлардың өзгеруінен аршу коэффициенті мен пайдалы қазбаның өзіндік құны өзгерген кезде алдын ала және аз тиімді шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.



1.12-сурет. Карьер дамуының кезеңдік нұсқаларының сұлбасы:
а және ә – сәйкесінше созылған және доңгелек пішінді карьерлерде

Күнтізбелік кезеңдерге карьер дамуының көлемдік кезеңдері, яғни карьердің терендігі мен табан ауданындағы белгілі бір аралық нұсқалары сәйкес келеді (1.12-сурет). Мұндай кезеңдік нұсқаларды, олардағы әрбір кемер бойынша жылдық нұсқаларды (кен жұмыстарының жағдайы) анықтау – кен жұмыстарының тиімді режимін анықтау болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ашиқ кен жұмыстарының даму тәртібін таңдауга әсер ететін факторларды айтыңыз.
2. Бос жыныстар мен пайдалы қазба көлемдерінің қатынасы қалай бағаланады?

3. Орташа аришу коэффициенті қалай анықталады және ол нені сипаттайды?
4. Орташа эксплуатациялық аришу коэффициенті қалай анықталады және ол нені сипаттайды?
5. Уақыттың аришу коэффициенті қалай анықталады және ол нені сипаттайды?
6. Шектік аришу коэффициенті қалай анықталады және ол нені сипаттайды?
7. Қабабтың аришу коэффициенті қалай анықталады және ол нені сипаттайды?
8. Кен жұмыстары режимі дегеніміз не?
9. Кен жұмыстары режимінің қандай графигін тиімді деп есептеге болады?

2. ЖУКАҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

2.1. Карьер жұкағындарының қалыптасу тәртібі

Карьерден тау-кен қазындысын тасымалдау шығындары пайдалы қазбаны өндіру шығындарының сметасында әдетте, ең үлкен орын алады. Тау-кен қазындысын тасымалдау процесінің тиімділігін көтеру үшін пайдалы қазба мен бос жыныстар жұкағындарын тұрақты түрде ұйымдастыру қажет. Карьер алаңының жұмыс деңгейжиектерін ашу, қолданылатын көлік құралдарының қуатын тандау, оларды бір-біріне сәйкестендіру де осыған байланысты шешіледі.

Бір жағынан сілемдердің әртүрлі пішіндері және олардың жер қойнауында жату жағдайлары, екінші жағынан, ашық қазып алушын негізгі принципі – бос жыныстарды да, пайдалы қазбаны да қабаттап (кемерлермен) қазып алу жұкағындарының қалыптасуының бастамасы. Жұкағындарын тау-кен қазындасын кенжарлардан үйінділер мен қоймаларға тасымалдаудың ең аз шығындарын қамтамасыз ететіндей ұйымдастыру және соның нәтижесінде ашық кен жұмыстарын жүргізуде ең жоғары үнемділікке жету – басты мақсат.

Карьердің жұкағындарының қалыптасуы нақты карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау және кен жұмыстары режимінің

графиктерінің мәліметтеріне негізделеді. Кен жұмыстары режимінің кезеңдік графиктерін тұрғызу кезінде пайдалы қазбаны өндіруді бастаудың ең аз мерзімін және бос жыныстардың негізгі көлемін кейінірек кезеңге қалдыру тиімділігі қарастырылуы керек. Кезеңдік график бойынша кен жұмыстары дамуының қабылданған нұсқасының экономикалық тиімділігін бағалау мүмкіндігі туады. Егер берілген кен жұмыстарының даму тәртібі қабылданса, онда жұкағындарын қалыптастыруға көшеді.

Кесте мәліметтері бойынша жұкағындарын қалыптастыруға болады. Бірақ карьердің қабылданған (кен бойынша) өнімділігі бойынша кен жұмыстарының күнтізбесін қарастыру үшін кезеңдік графиктер мен кестелерді ординат осі бойынша карьердің жұмыс істеу мерзімі келтірлген күнтізбелік графикке түрлендіру керек.

Графиктерді бұлай тұрғызу кен жұмыстарының кезеңдері бойынша да, карьердің жұмыс істеу мерзімінің жылдары бойынша да өндірістің жоспарлы дамуын қамтамасыз ететін карьерден жұмыс істеу тасымалдайтын қажетті тау жыныстарының көлемдерін анықтауга негіз болады. Нұсқалар әдісін пайдалана отырып, кенорнын ашық игерудің экономикалық нәтижелерін онтайлау мақсатында кезеңдік және күнтізбелік графиктерді жетілдіруге болады. Сонымен қатар осы әдіспен жүргізілген жұықтатылған есептеулер де кен жұмыстарының барлық кезеңдеріндегі карьер жұкағындарының қалыптасуын негіздеуге және қабылданған ашу тәсілінің экономикалық тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Жұкағындарының қалыптасуу графиктері кенорындарының жер бедерін ескере отырып, тұрғызуды қажет етеді. Қажет болған жағдайда тау-кен және көлік жабдықтар кешенін және әрбір жұкағының жұмыс істеу мерзімін дұрыс таңдау үшін бос жыныстар көлемін олардың тұрлери бойынша, ал пайдалы қазбаларды сорттары бойынша бөлу керек.

2.2. Модельді карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау

Карьердің жұмыс аймағының динамикасы шығын мен пайданың уақыт бойынша таралуына үлкен әсер етеді. Сондыктан жобалау кезінде карьердің жұмыс аймағын қалыптастырудың онтайлы нұсқасын және пайдалы қазба мен бос жыныстар көлемдерінің карьердің жұмыс істеу мерзімі бойынша таралуын анықтау


үшін карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау керек. Тау-кен геометриялық талдау нәтижелері кенорнын игерудің және карьердің жукағындарын қалыптастырудің күнтізбелі графиктерін түрғызу үшін негіз болады.

Төменде мысал ретінде модельді карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау келтірілген. Қазақстанда пайдаланып жатқан және есепке алынған түсті металдар кенорындарының әдетте, созылымы біршама, екі, үш және төрт кен сілемдерінен құралған. Сілемдер құлау бұрыштары әртүрлі айнымалы қалындықты болып келеді, кенді және бос жынысты участеклер және кен түрлері арасындағы жанасу аймақтары анық емес. Сілемдердің созылымы 1000-4000 м, ал олардың бос жыныс қабаттарын ескергендегі жазық қалындығы 500-700 м-ге жетеді. Түсті металдардың барлық кено-рындары жартасты жыныстардан тұрады.

Қарастырылған мәліметтер бойынша көпкомпонентті пайдалы қазба кенорнының моделі ретінде Қазақстанның түсті металдар кенорнының орташа үлгісін қабылдауға болады. Оның тау-кен геологиялық параметрлері келесідей: жер бедері аздап дөнді, кенорнының созылымы 2000 м, үш жеке кен сілемдерінен тұрады, олардың карьер нұсқасындағы орташа соммалық жазық қалындығы 70-90 м, сілемдердегі пайдалы компонент мөлшері әртүрлі. Физика-механикалық және физика-техникалық қасиеттері бойынша аралас жыныстар мен кен сілемдерінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ және орташа тығыздығы $2,7 \text{ т}/\text{м}^3$. М.М. Протодьяконов бойынша беріктік коэффициенті 10-18 аралығында.


Модельді кенорны аз суланған, ашық тәсілмен казылады. Карьердің шектік терендігі 240 м, карьер түбінің созылымы бойынша ұзындығы 2000 м, ені 80 м, кемер биіктігі 15 м, оның қиябет бұрышы 65° және карьер жағдауларының өшу бұрышы – 42° (2.1-сурет).

Тау-кен геометриялық талдау үшін бастапқы материал ретінде колденең геологиялық қима қабылданады, оған карьердегі кен қыртысының нұскалары және деңгейжиектер түзулері салынады. Кен жұмыстарының дамуы кемерлердің жылжу бағытымен сипатталады, ол тереңдейтін тілме оржол түбінің орта сызығының нұктелерімен анықталады. Бұл кезде жатпа және төнбе бүйірлері жағындағы карьердің жұмыс жағдауларының түзулерін әрбір деңгейжиекте тілме оржол центрінен сәйкес бұрыштармен жүргізеді.



2.1-сурет. Жұмыс алаңының ені 62 м ($\phi=13^0$) кезіндегі модельді карьер алаңының кескіні.

Әрбір кезеңдегі тау-кен қазындысы, бос жыныстары және пайдалы қазба аудандарын (m^2) есептеу, сонымен қатар кен жұмыстарының тиімді даму бағытын таңдау AutoCad автоматтандырылған жобалау жүйесінің көмегімен жүргізілген. Сілемнің төнбе және жатпа бүйірлері жағындағы жұмыс жағдаулары киябетінің түзулері жер бетіне дейін немесе карьердің актық нұсқасымен қылышысқанша жүргізілген. Осы кескіндегі пайдалы қазба мен бос жыныстардың аудандары есептелген. Карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышы 13, 16 және 21 градус кезіндегі есептеулер нәтижелері 2.1-кестеде, ал олардың графигі 2.2-суретте көлтірілген.



2.2-сурет. Жұмыс алаңының ені әртүрлі кезеңдерде пайдалы қазба мен бос жыныстардың қызып алу көлемдері

Жұмыс жағдауының әртүрлі φ бұрышы кезіндегі модельді карьер алдыны тау-кен геометриялық талдау мәліметтері

	$\varphi = 21^0 (B_{\text{pri}} = 34M)$				$\varphi = 16^0 (B_{\text{pri}} = 48M)$				$\varphi = 13^0 (B_{\text{pri}} = 62M)$			
	$V_{\text{им}}$	V_p	V_b	V_b/V_p	$V_{\text{им}}$	V_p	V_b	V_b/V_p	$V_{\text{им}}$	V_p	V_b	V_b/V_p
1	592,0	67,0	525,0	7,84	801,9	84,2	717,7	8,52	1011,9	97,7	914,2	9,36
2	1775,7	627,0	1148,7	1,83	2405,7	689,9	1715,8	2,49	3035,7	726,2	2309,5	3,18
3	2959,5	891,0	2068,5	2,32	4009,5	907,0	3102,5	3,42	5059,5	912,9	4146,6	4,54
4	4145,7	926,5	3219,2	3,47	5613,3	937,5	4675,8	4,99	7083,3	998,4	6084,9	6,09
5	5327,1	1022,7	4304,4	4,21	7217,1	1145,3	6071,8	5,30	8330,5	1176,0	7154,5	6,08
6	6510,9	1149,4	5361,5	4,66	8320,8	1185,1	7135,7	6,02	7827,3	1206,3	6621,0	5,49
7	7694,7	1185,1	6509,6	5,49	7837,4	1329,5	6507,9	4,89	7383,4	1474,4	5909,0	4,01
8	8306,5	1428,8	6877,7	4,81	7370,4	1586,3	5784,1	3,65	6769,6	1607,4	5122,2	3,19
9	7691,0	1618,3	6072,7	3,75	6660,5	1624,5	5036,0	3,10	6119,9	1605,1	4514,8	2,81
10	7105,0	1641,4	5463,6	3,33	6009,7	1586,2	4423,5	2,79	5668,6	1556,2	4112,4	2,64
11	6201,5	1594,9	4606,6	2,89	5552,5	1523,9	4028,6	2,64	5233,9	1485,8	3728,1	2,51
12	5647,0	1463,4	4183,6	2,86	5013,0	1426,1	3586,9	2,52	4514,1	1416,5	3097,6	2,19
13	5088,0	1400,0	3688,0	2,63	4238,0	1424,6	2813,4	1,97	3870,2	1445,3	2424,9	1,68
14	4158,2	1519,9	2638,3	1,74	3370,6	1537,5	1833,1	1,19	3181,0	1491,2	1689,8	1,13
15	3238,9	1534,7	1704,2	1,11	2903,5	1361,0	1542,5	1,13	2746,4	1279,7	1466,7	1,15
16	2682,0	1244,4	1437,6	1,16	2265,5	1145,2	1120,3	0,98	1962,9	1106,4	856,5	0,77
17	1033,7	583,2	450,5	0,77	596,0	401,1	194,9	0,49	445,5	306,7	138,8	0,45
Σ	80157,4	19897,7	60259,7	3,03	80185,4	19894,9	60290,5	3,03	80243,7	19892,2	60291,5	3,03

Есекерту: $V_{\text{им}}$ – тау-кен казындысының көлемі (м^3), V_p – кен көлемі (м^3), V_b – бос жыныстардың көлемі (м^3), V_b/V_p – кабаттық арши коэффициенті

2.1-кестеде келтірілген мәліметтерге көніл бөлсек, жұмыс алаңының ені 34 м ($\phi=21^0$) болған кезде бос жыныстардың ең көп көлемі (6877,7 м²) 8 кезенге (120 м денгейжиегі), ал кеннің үлкен мәні – 10 кезенге (150 м) сәйкес келеді екен. Жұмыс алаңының ені 48 м ($\phi=16^0$) болғанда көрсетілген көлемдер сәйкесінше, 6, 9 кезендерге сәйкес келеді. Жұмыс алаңының ені 62 м ($\phi=13^0$) болғанда олар сәйкесінше 5, 8 кезендерге тап болады. Бұл көрсеткіштердің графикалық көрінісі *2.2-суретте* көрсетілген.

Модельді карьердің тау-кен геометриялық талдау графигінің бір сипаты: әртүрлі жұмыс алаңдарында барлық игеру кезендерде кен көлемі 1000-1500 м² аралығында жатады. Бұл қасиет карьердің кен бойынша тұрақты өнімділігін белгілеуге сенімді негіз болалады.

Кен жұмыстарының күнтізбелік графигін жасау кезінде орта кезендердегі (5-10) бос жыныстардың артық көлемін карьердің жұмыс істеу мерзімінің бастапқы немесе соңғы жылдарына ауыстаруды қарастыру керек. Жұмыс алаңының ені үлкен болған сайын, бос жыныстардың көлемі де жылдамырақ көбейеді. Бұл жағдай – карьерді пайдаланудың бастапқы кезендерінде аршу коэффициенті мәнінің жоғары болып, бос жыныс жұкағындарының көлемінің көп болуының себепкери.

2.3. Жұкағындарының түрлері

Әрбір қазылатын қабат жалпы жағдайда:


- бос жыныстардан (жартасты, жартылай жартасты, тығыз немесе жұмсақ);
 - кондициялық емес және баланстан тыс пайдалы қазбалардан (олар келешекте пайдалану үшін жеке үйінділерге қоймаланады);
 - пайдалы қазбалардан (олар жоспарлық тапсырмаларға сәйкес жеке тасымалдау және пайдалану үшін типтерге және сорттарға бөлінеді) құралады.

Салыстырмалы тұрақты (уақыт бойынша) бағытпен және уақыт бірлігінде (ауысым немесе тәулік) белгілі көлемді тасымалданатын белгілі бір сапалы жұкағыны элементарлы жұкағыны деп аталаады.

Егер кенжардағы жыныстар біртекті (қарапайым кенжар) болса, онда одан бір элементарлы жұкағыны басталады; күрделі кенжардан (әртүрлі жыныстар және бөлек қазып алу кезінде) екі не-


месе үш элементарлы жұкағыны басталады. Сонымен, кемердегі элементарлы жұкағындарының саны кенжарлар саны мен оны қазып алу тәсілдеріне байланысты, әдетте, ол кенжар санынан көп болады.

Элементарлы жұкағындарының айырмашылықтары олардың бағыттары (2.3, *a* және *ә-сүрет*), сонымен қатар көлік түрі (2.3, *ә-сүрет*), көлік коммуникациялары (2.3, *б-сүрет*) немесе карьер көлігінің бір түрінің модельдері бойынша анықталады. Мысалы, автокөлікті және бір жолды пайдалану кезінде күрделі кенжардан шығатын элементарлы бос жыныс пен кен жұкағындарының айырмашылығы жиі жағдайда типөлшемдері бірдей бірақ әртүрлі автоөзітүсіргіштермен тасымалданумен анықталады (2.3, *в-сүрет*). Дәл осындай жағдайларда конвейерлік көлікті қолдану кезінде жеке конвейерлерді пайдалану қажеттігі туады, яғни элементарлы жұкағындар айырмашылығы көлік коммуникацияларымен және қуралдарымен анықталады (2.3, *б-сүрет*).



2.3-сүрет. Элементарлы жұкағындарының сұлбалары:
1 – бос жыныстар; 2 – пайдалы қазба; 3 – кезектескен бос жыныс және пайдалы қазба

Біртекті жыныстар кезінде кенжардың элементарлы жұкағындарының санын азайту үшін оларды **кемердің** бір жұкағынына біріктіруге тырысады. Кемер жұкағындарын *топтың* немесе *карьердің барлық кемерлерінің* біртекті жұкағындарына біріктіреді (2.4, *a* және *в-сүрет*).



2.4-сүрет. Карьер жұкағындарының сұлбалары:

1 – бос жыныстар, 2 – пайдалы қазба, 3 - кезектес бос жыныс және пайдалы қазба

Коммуникациялары ортақ элементарлы жұкағындарының тобы біріккен (сходящийся) жұкағының құрайды (2.4, a-сүрет). Жеке жұкағындарына бөлінетін карьердің немесе оның участкесінің жалпы жұкағыны бөлінетін (расходящийся) жұкағыны (2.4, ə-сүрет) деп аталады. Негізінен карьер жұкағындары бос жыныстар мен пайдалы қазба, сирек жағдайда – әртекті жыныстар, одан да сирек жағдайда – біртекті жыныстар жұкағындары болып бөлінеді.

Бастапқыда элементарлы жұкағындарының бірігуімен, кейін бөлінуімен (жиі жағдайда жер бетінде) құрылған жалпы жұкағыны құрделі жұкағыны деп аталады (2.4, б-сүрет). Егер жүктөрді тасымалдау жолында кайта тиеу немесе сорттау бекеттері болса, жұкағыны құрамды деп аталады. Кенді ашық қазып алу тәжірибесінде құрделі және құрамды жұкағындары көнінен тараған.

Егер жұкағындары әртекті жыныстардан құралса, оларды әртек-*ті* жүкагындары деп атайды.

Карьердің жалпы жұкағынын құрайтын жұкағындар карьерден бір көліктік коммуникациямен шықса, оларды жинақталған (2.4,а-сурет), ал әртүрлі коммуникациялармен шықса тармақталған (2.4,в-сурет) жұкағындары деп атайды.

Карьер жұкағындарының санын азайту жабдықтарды үнемді пайдалануға, жол сапасын жақсартуға, ашу қазбаларының санын және оларды жасақтау шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Карьердегі бірнеше жұкағындары келесі түрде болуы мүмкін:

- *бір-бірінен тәуелсіз*, егер берілген жұкағынына (басынан аяғына дейін) қызмет көрсетуші жабдықтар кешенінің жұмысы басқа жұкағынына қызмет көрсетуші жабдықтар жұмысынан тәуелсіз болып жабдықтар белгілі бір жұкағынына қатаң түрде бекітілген болс;

- *бір-біріне тәуелді*, егер оларға қызмет көрсетуші жабдықтар, яғни көлік құралдарын толық пайдалану мақсатында іргелес жұкағындарына периодты түрде қызмет көрсететін болса, мұндай көлік құралдарын қайта бөлуді диспетчерлік қызмет бөлімі атқарады;

- *қатаң тәуелді*, егер диспетчерлік қызмет бөлімі графикке сәйкес әрдайым көлік жабдықтарының пайдалануын өзгертсе, жабдықтарды қайта бөліп элементарлы жұкағындарының көлемін реттесе (мысалы, карьерден байыту фабрикасына келіп түсетін пайдалы қазбаның сапасын біркелкілеу үшін).

Кенорындарында тәуелді жұкағындары кең тараған. Жұкағындары ұйымдастыру түрғысынан барлық процестерді бір салаға біріктіреді: жыныстарды қазып алуға дайындау, оларды қазып алу және тиесу, тасымалдау, тау жыныстарының түрлеріне сәйкес үйіндісалу немесе қоймалау. Жұкағындарының нақтылай жұмыс істеуі кең жұмыстарын жүргізуінде экономикалық нәтижесін және тау-кен жабдықтарын пайдаланудың тиімділігін анықтайды.

2.4. Жүкагындарын қалыптастырудың алғышарлтары

Карьер жүктөрін тасымалдау, аршу және өндіру жұмыстарының жоспарлы көлемдерімен анықталады. Берілген уақыт бірлігінде (сағат, ауысым, тәулік, жыл және т.б.) тасымалданатын жүк көлемі (тонна немесе текше метр) карьердің жүк айналымын құрайды.

Карьердің жүк айналымының үлкен үлесі әдетте, бос жыныстарды үйіндіге тасымалдауға келеді.

Көп жағдайларда, әсіресе, әртүрлі жеке тасымалданатын жыныстар кезінде техникалық және экономикалық түрғыдан қарастырганда карьерде бірнеше жұкағындарын үйімдастырган тиімді. Ол әртүрлі қабылдау бекеттеріне баратын жүктерді бөлуді жеңілдетеді және тасымалдау қашықтығын қысқартады. Ең алдымен әртүрлі көлікпен тасымалданатын бос жыныс және пайдалы қазба жұкағындарын бөледі (2.5, *a-сурет*).

Тасымалданатын бос жыныстар келесі жағдайларда жеке жұкағындарына бөлінеді:

1. Аршу жұмыстарының көлемі аса көп болған кезде бос жыныстардың жұкағындарын екі-үшке бөледі және аршу қазбаларын соған сәйкес топтастырады. Бір жолды теміржолмен бір тәулік ішінде 20-30 мың м³, екі жолды теміржолмен – 50-60 мың м³, бір жолды автокөлік жолымен – 40-50 мың тонна тау-кен қазындысын тасымалдауға болады. Егер жүк айналымының көлемі берілген көлемдерден көп болса, онда оны екі-үш жұкағындарына бөледі (2.5, *a-сурет*).


2. Карьер алаңының өлшемдері үлкен болған кезде (2.5, *b, c-сурет*) аршу кемерлері тобынан екі-үш көліктік шығыс жасау қажет. Бұл жағдайларда бос жыныстардың жалпы жұкағындарын қалыптастыру бір деңгейжиекте орналастырылатын экскаваторлар санын азайту, көлік жабдықтарының артық журуін жолының қысқарту және карьер мен жер бетіндегі коммуникациялардың көбеюімен байланысты.

3. Бос жыныстарды жоғары деңгейжиектерден сыртқы не ішкі үйінділерге тасымалдау және бос жыныстардың бір бөлігін ішкі үйінділерге аударып төгу кезінде тасымалдау шығындарын азайту мақсатында (2.5, *e, g-сурет*).

4. Тармақталған үйінділер кезінде, олардың сиымдылығы мен қабылдау қабілетінің жеткіліксіз болған кезде және де таулы, таулытерен карьерлерде тасымалдау қашықтығын қысқарту жағдайында (2.5, *g және b-сурет*).

5. Бос жыныстарды ішкі үйінділерге тасымалдау және жыныстарды жеке ярустарға қоймалау кезінде (2.5, *d-сурет*).

6. Бос жыныстарды уақытша оржолдар жүйесі арқылы жақын орналасқан сыртқы үйінділерге тасымалдау үшін мобиЛЬДІ



2.5-сурет. Тармақталған жұқағындардың сұлбалары:

1 – пайдалы қазба; 2 – бос жыныс; 3 – кезектес бос жыныс және пайдалы қазба

көліктерді қолдану кезінде (автоөзітүсіргішдар, скреперлер, т.б.) (2.5, ж-сурет). Карьерді салу кезінде уақытша оржолдар мен съездерді жүргізу тиімді, олар тау-кен құрылыштарын қарқынды жүргізуге және олардың экономикалық көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді.

7. Жеке кемерлердің не кемерлер тобының жұқағындары бос жыныстарды тасымалдау үшін әртүрлі көлік түрлерін қолданған кезде әртүрлі жұқағындарына бөледі (2.5, з, и-сурет).

Пайдалы қазбаның типтері мен сорттарын бөлек қазып алып, тасымалдау қажет болған жағдайда оларды сәйкес жұқағындарына бөледі. Мысалы, пайдалы қазбаның әртүрлі типтері мен сорттарын

бірнеше ұсату-сорттау және байыту фабрикаларына тасымалдаған кезде олар әртүрлі жұкағындарына бөлінеді.

Жеке жұкағындары карьерді технологиялық аймақтарға бөледі, олардың әрқайсысы жұмыс аймағының өздеріне қызмет көрсететін бөлігінен және берілген жұкағынына қызмет көрсететін көлік коммуникациялары орналасқан карьердің жұмыс жүргізілмейтін бөлігінен тұрады. Мұндай аймақтардың әрқайсысында өзінің тиесінде тасымалдау кешендері жұмыс істейді. Әлбетте, бір технологиялық аймақта, тау-кен жыныстарының сапасы мен қасиеттерінің өзгеру диапозоны шектеулі болады. Мұндай жағдайда жабдықтар кешені осы жыныстар берілген жұкағының шенберінде болуына байланысты таңдалады.

Косылған жұкағындары кезінде оржолдар мен магистральді жолдардың карьердің бүкіл жүк айналымын өткізетін участекелері көбірек жүктеледі. Жоспары және жол кескіні күрделі (теміржол көлігі кезінде жолы ен ұзақ) участекелер шектеуші (ограничивающим) өткел деп аталады. Ол жұкағының қуатын шектейді. Тасымалдау процесі осы шектеуші участекелерге байланысты ұйымдастырылады, себебі трассамен шығарылатын жүк көлемі осы участекенің өткізу қаблетімен анықталады.

Бақылау сұрақтары:

1. Карьердегі жұкағындарды қалыптастырудың негізі нede?
2. Жұкағындарды қалыптастыру тәртібіне қандай талаптар қойылады?
3. Жұкағындарының турлерін атаңыз.
4. «Карьердің жүк айналымы» деген ne?
5. Жұкағындарды бөлуге қандай факторлар әсер етеді?


3. КАРЬЕРДІҢ ЖҰМЫС ДЕНГЕЙЖИЕКТЕРІН АШУ

3.1. Тау-кен ашу қазбалары

Жұмыс денгейжиектерін ашу арнайы қазбалармен жүргізіледі. Тау-кен қазындысын тасымалдау үшін әрбір денгейжиек көлбеу күрделі оржолмен ашылуы керек (3.1-сурет), ол ашылатын

денгейжиектің биіктік белгісін жұмыс жүргізіліп жатқан денгейжиек пен жер бетінің биіктік белгілерімен қосады.

Оржол жер бетінен қазылған ор тәрізді қазба, оның түбі топырақ қабатымен, бүйірлері көлбеу жазықтықтармен, оржол ұзындық бағытында – жағдауларымен, ені бойынша – оның бүйірімен шектеледі (3.1-суретті қара). Оржол жағдауының жазықтыққа көлбеу бұрышы оржол жағдауының қиябет бұрышы деп аталады. Ол бұрыштың мәні кемердің қиябет бұрышы сияқты оржол жүргізілетін жыныстардың не пайдалы қазбаның беріктігіне байланысты болады. Оржолдар көлбеу және жазық оржолдар болып бөлінеді.



3.1-сурет. Көлбеу оржол параметрлері

Көлбеу оржолдар карьердің бүкіл жұмыс мерзімінде бос жыныстар мен пайдалы қазбаны тасымалдау үшін қолданылады. Сондықтан олар *курделі оржолдар* деп аталады. Күрделі оржолдарда бос жыныстар мен пайдалы қазбаны тасымалдау күралдарының көлік коммуникациялары орналасады. Күрделі оржолдың көлбеу бұрышы көлік түріне байланысты қабылданған басты көтерме шамасымен – i_p анықталады. Әдетте, көлбеу оржолдардың басты көтермесі донғалақты көлік түріне (теміржол және автомобиль көлігі) байланысты, 10-80% шектеледі. Оржолдар көтермесі үлкен болған кезде олар *құрт оржолдар* деп аталады, мұндай оржолдарды науалық немесе гидравликалық көліктер, арқанды көтермелер кезінде қолданады.

Күрделі оржолдардың жіктелуі 3.1-кестеде көлтірілген. Тұрақты сыртқы және ішкі күрделі оржолдар ұзақ уақыт ішінде пайдаланылады. Олардың параметрлері (бастапқы және соңғы тереңдігі, бойлық еністігі, ұзындығы, жағдауларының қиябет бұрыштары) нақты жағдайларға, жыныстардың қасиеттеріне, көлік коммуникацияларын жобалаудың техникалық жағдайларына байланысты қатаң реттеледі.

Күрделі оржолдардың жіктелуі (Е.Ф. Шешко бойынша)

Жіктеу белгілері	Негізгі айырмашылығы	Оржолдар
Оржолдың карьер нұсқасына байланысты орналасуы	Карьер нұсқасынан тыс орналаскан Карьер нұсқасының ішінде орналаскан Бір кемер	Сыртқы Ішкі Жеке
Оржолдар жүйесі қызмет көрсететін кемерлер саны	Бірнеше кемерлер (тобы) Карьердің актық терендігіне дейінгі барлық кемерлер	Топталған Жалпы
Оржолдың негізгі міндеті	Жүк тиелген және бос поездардың жүруі үшін (көліктің маятникті қозғалысы) Тек жүк тиелген немесе тек қана бос поездардың жүруі үшін (көліктердің ағымды қозғалысы) Карьер нұсқасынан тыс немесе оның актық жағдайдағы нұсқасында тұрақты орналаскан	Біреулік Косарланған
Оржол тұрақтылығы	Карьердің актық нұсқасының ішінде кенейтілетін жағдауда орналаскан Карьердің актық нұсқасының үшінде жағдауда орналаскан	Тұракты Сыргымалы (уақытша)

Жеке күрделі оржолдың көлденең құмасы трапеция тәрізді не үшбұрышты болады. Көлік және сактандыру бермаларын орналастырған кезде оржол жағдаулары саты пішінді болады. Күрделі оржолдардың терендігі нөлден бір немесе бірнеше кемерлер биіктігіне тең шамаға дейін өзгереді. Күрделі оржолдардың көтермесі (еңістігі) қолданылатын көлік түріне байланысты (3.2-кесте) болады.

Күрделі оржолдар жағдауларының қиябет бұрыштары олардың жұмыс мерзімімен, тау жыныстары қасиеттерімен, олардың сулылығымен анықталады. Жұмыс мерзімі ұзақ оржол жағдауы ұзақ уақыт бойы орнықты болуы керек; оның қиябет бұрышы құмды, жұмсақ, тығыз және жартылай жартасты жыныстарда табиғи қиябет бұрыштан кіші, ал жартасты жыныстарда – 50-60°-ка дейін қабылданады. Сыртқы күрделі оржолдардың екі жағдауы да тұрақты болады, ал тұрақты ішкі күрделі оржолдардың бір

жағдауы ғана тұрақты болады. Күрделі оржолдар табанының ең аз ені қолданылатын көлік құралдары өлшемдері, олардың арасындағы қауіпсіз қашықтық, оржол табанында орналасқан аландар мен күоветтердің көлденең өлшемдерінің қосындысымен анықталады. Атапған элементтерді орналастыру шарты бойынша анықталған күрделі оржол табанының ені оржолды жүргізу мүмкіндігімен тексеріледі.

3.2-кесте

Күрделі оржолдарға тән көтермелер

Карьер көлігінің түрлері	Көлік құралдарының қозғалыс бағытындағы көтерме шамасы, %	
	жұк тиелген	Бос жүріс
Көлбей оржолдар		
Теміржол:		
бу тартқыш	0,02-0,03	0,025-0,035
жылулық және	0,025-0,04	0,025-0,06
электрлік тартқыш		
моторлы вагондар	0,04-0,05	0,06-0,08
Автокөлік	0,05-0,1	0,08-0,12
Күрт оржолдар		
Клетсіз тартқышты көтерме	0,12-0,25 0,25-0,33	— —
Таспалы конвейерлер	0,25-0,5	—
Клетті көтермелер	0,50-1,0	—
Скиптік көтерме		

Жерасты ашу қазбаларының көлденең қимасының ауданы көлік жабдықтарының өлшемдерімен, жол сұлбаларымен (қажетті қашықтықты (зазор) сақтай отырып) анықталады. Жұру жолы (ко-леи) кең теміржол көлігін (думпкарлар, гондолдар және өндірістік электровоздар) қолданған кезде ашу қазбасының (туннель) кимасы МЕСТ талаптарына сай реттеледі.

3.2. Карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу тәсілдері

Карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу карьерлік жүктерді жұмыс деңгейжиектерінен жер бетіне немесе аралық деңгейжиектерде-

гі қабылдау бекеттеріне тасымалдайтын кемерлерде қалыптасқан жүк ағындарын қолік коммуникацияларымен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Ашу қазбалары жер бетінен немесе ашылған аралық жұмыс деңгейжиегінен басталып, ашылатын деңгейжиектің жұмыс алаңында аяқталады.

Ашу тәсілі бірқатар белгілермен, ең алдымен, ашу қазбасының түрімен анықталады.

Жеке жағдайларда (мұнаралық экскаваторларды, арқанды крандарды қолданған кезде) ашу қазбаларын жүргізбей-ақ кенорның игеруге және карьер жүктөрін тасымалдауға болады. Мұндай жағдайды жеке ашу қазбаларының карьердің жеке жұмыс деңгейжиектеріне қоліктік кірісті қамтамасыз етуге болады: мысалы, таулы немесе таулы-терен карьерлерде бос жыныстарды деңгейжиектік үйінділерге тасымалдау үшін жұмыс жүргізілмейтін жағдауда орналасқан конвейерлерді қолданады, т.с.с. Мұндай ашу тәсілі *оржолсыз ашу* деп аталады.

Көп жағдайларда карьердің жұмыс деңгейжиектерін *курделі оржолдармен* немесе *жартылай оржолдармен* ашады. Сирек жағдайда жерасты қазбаларымен (қолбеу және тік оқпандармен, штолнялармен, туннельдермен) және *құрамды* тәсілмен ашады.

Донғалақты қоліктердің (теміржол және автомобиль қоліктері) жүруіне арналған оржолдар қолбеу, ал көтермелермен жабдықталған оржолдар күрт болуы керек.

Трассасы ортақ оржолдар қызмет көрсететін кемерлер санына (бір кемер, кемерлер тобы немесе карьердің барлық кемерлери) байланысты жеке, топталған және жалпы оржолдарға (*3.1-кестені қара*) бөлінеді.

Сыртқы оржолдар тұрақты және жартылай тұрақты болады. Ишкі оржолдар тұрақты (карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдаудында орналасқан), жартылай тұрақты, уақытша және сырғымалы болады. Карьердің жұмыс жағдаудында орналасқан уақытша және жартылай тұрақты ішкі оржолдарды тау-кен күрделі жұмыстар қолемін азайту үшін және аршу жұмыстары қолемін уақыт бойынша қайта бөлу кезінде пайдаланады.

Бір (біреулік) күрделі қазбамен ашылған жұмыс деңгейжиектерінде жиі жағдайда қолік құралдарының маятникті (қайтымды) қозғалысы қолданылады. Егер жұмыс деңгейжиегі екі қазбамен (жук тиелген және бос жүрісті) ашылса, онда кемерлерде қолік

құралдарының өтпелі қозғалысы қолданылады. Бұл жағдайда тау-кен жабдықтарын уақыт бойынша пайдалану тиімділігі артады. Со-ның нәтижесінде ашу қазбаларын жүргізу шығындарының көбеюі компенсацияланады. Мұндай қазбаларды қосарланған оржолдар деп атайды. Олар карьер нұсқасынан тыс не оның ішінен жүргізіледі және жеке, топталған, не жалпы оржолдар немесе жартылай оржол-дар сынарынан тұрады. Қосарланған оржолдарды негізінен жүк ай-налымы қарқынды терең емес карьерлерде қолданады.

3.3-кестеде күрделі оржолдарды жіктеудің басты белгілеріне сәйкес проф. Е.Ф.Шешко ұсынған сыныптама негізінде құрылған негізгі ашу тәсілдерінің сыныптамасы келтірілген.

3.3-кесте

Ашу тәсілдерінің сыныптамасы

Ашу тәсілінің белгісі	Ашу тәсілі		
	ашық қазбалармен (оржолдармен)	жерасты қазбалармен	ашық және жера- сты қазбаларының үйлесімімен
Ашу қазбаларының карьердің актық нұсқасынан қатысты орналасуы	Сыртқы, ішкі немесе аралас оржолдармен және жартылай ор- жолдармен	Сыртқы, ішкі немесе аралас	Сыртқы, ішкі немесе аралас
Қазбалардың тұрақтылығы	Тұрақты, жартылай тұрақты және уақытша (сырғымалы) оржол- дармен және жартылай оржолдармен	Тұрақты	Тұрақты не- месе тұрақты және жартылай тұрақты (уақытша) қазбалар үйлесімі
Казба көлбеулігі	Күрт немесе көлбей оржолдармен және жартылай оржолдармен	Тік, күрт, көлбей не- месе жазық	Тік, күрт, көлбей немесе жазық қазбалар үйлесімі
Қызмет көрсететін денгейжиектер саны	Жеке, топталған не- месе жалпы оржолдар- мен және жартылай оржолдармен	Жеке, топталған немесе жалпы	Жеке, топталған немесе жалпы
Көлік құралдарының кемерде жүру сипа- ты (ағымды немесе маятникті)	Біреулік немесе қосарланған оржол- дармен және жарты- лай оржолдармен	Біреулік немесе косарланған	Біреулік немесе косарланған

Жер бетінің негізгі деңгейінен төмен орналасқан деңгейжиек-терді ашу кезінде күрделі оржолдардың бойлық кескіні жүк тиелген

көлік құралдарының жүру бағытының көтермесімен, ал жер бетінің негізгі деңгейінен жоғары орналасқан деңгейжиектерді ашу кезінде – бос көлік құралдарының жүру бағытының көтермесімен сипатталады. Ашу қазбаларының карьер алаңында және кен сілеміне қатысты орналасуына байланысты қапталдық (*фланговыми*) және орталақ оржолдармен (немесе жерасты қазбаларымен) *ашу*, сілемнің төнбе немесе жатпа бүйірінен ашу, сонымен қатар карьердің бүйір жағынан ашу тәсілдеріне бөлінеді.

Бақылау сұрақтары:

1. *Денгейжиекте кен жұмыстарының бастапқы шебін жасау үшін қандай қазбалар жүргізіледі?*
2. *Карьер нұсқасына қатысты орналасуына, қызмет көрсететін кемерлер санына байланысты күрделі оржолдар қандай түрлерге бөлінеді?*
3. *Күрделі оржолдар атқаратын міндепті және тұрақтылығы бойынша қандай түрлерге бөлінеді?*
4. *Ашу тәсілдерінің сиыншамасының негізгі белгілерін атаңыз.*
5. *Қандай жағдайларда жартылай оржолдар жүргізіледі және оның ерекшеліктері?*

3.3. Ашу қазбаларының трассалары

Оржол не басқа да қазбаның трассасы – ол көлік жолын және басқа көлік коммуникацияларын орналастыруға арналған тау-кен казбасы түбінің беткі жолағы. Трассаның жазық проекциясы жол жоспарын, ал тік проекциясы жолдың бойлық кескінін көрсетеді. Трасса жоспарда түзусызықты және қисықсызықты участеклерден, ал кескінде жазық және көлбей участеклерден, олардың арасындағы қажетті біркелкі өткелді қамтамасыз ететін іргелес участеклерден тұрады.


Трассалau дегеніміз – тау-кен қазбасы табанының жоспардағы және кескіндегі жағдайын анықтау. Трасса өтетін бекеттер топографиялық, геологиялық, құрылыштық және басқа да факторлар жиынтығымен анықталады.

Карьер нұсқасына қатысты орналасуы бойынша трассалар жүргізілген қазбаларға сәйкес сыртқы, ішкі және аралас болып бөлінеді. Трассалар жұмыс мерзімі бойынша тұрақты, жартылай

тұрақты және сырғымалы (уақытша) трассалар болып бөлінеді; тұрақты трассалар карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдаудында, жартылай тұрақты – карьердің жұмыс жағдауларының уақытша консервацияланған участкелерінде, сырғымалы (уақытша) трассалар карьердің жұмыс жағдаудынның қазылып алынатын участкелерінде орналасады.

Күрделі оржолдарды трассалау табан ауданында биіктік белгілері кемер биіктігіне тең бірдей интервалдарда изосызықтармен көрсетілген карьер жағдаудынның аралық және актық жағдайы негізінде жасалады. Сыртқы оржолдар трассасы жер бетінен ашылатын кемер жағдайын анықтайтын түзуге дейін жүргізіледі, ал ішкі оржол трассасы жағдау арқылы өтіп, кемерлерді шектейтін жазық түзумен қылышады (3.2-сурет).

Әдетте, трассаны карьердің бүйірі бойынша жер бедерінің ойыстау жерінен жүргізеді, бұл карьер алаңында трассалау жұмыстарын



3.2-сурет. Күрделі оржолды трассалау сұлбасы: А, Θ, Б, В, Г – трассаның деңгейжисектермен түйісу бекеттері; F – трассаның басы

женілдетеді және тау-кен құрылыштық жұмыстарының көлемін азайтады. Трассаны жүргізу орнын таңдау кезінде күрделі оржол орналасақан участкелердің орнықты болуын, олардың жұмыс мерзімін арттыру мүмкіндігін, жер бетінде бекеттер мен үйінділердің ыңғайлы орналасуын және үйінділерге кіру жолдарын, жер бетіндегі,

сонымен қатар карьердегі оржолдар мен кенжарлық жолдарды қосу жолдарының созылымын, т.б. ескеру керек.

Трассаның негізгі параметрлері: басты көтерме шамасы, трассаның басы мен соңындағы биіктік белгілерінің айырымы, қисықсызықты участеклер радиусы, трассаның теориялық және нақты ұзындығы, жазық жолдардың көлбеу жолдарға түйісу бекеттерінің саны мен конструкциясы.

Трассаның теориялық ұзындығы L_t (м) – трассаның бастапкы және соңғы биіктік белгілерінің H_o және H_x айырымымен және трассаның деңгейжиекке көлбеу бұрышымен I (градус) анықталады:

$$L_t = (H_o - H_x) / \operatorname{tg} I = H / i_p, \quad (3.1)$$

мұндағы, i_p – трассаның басты көтермесі (еңістігі).

Трассаның нақты ұзындығы L_d (м) теориялық ұзындығынан ұзын болады, себебі қисықсызықты участеклерде және оржолдың деңгейжиектерге түйісу участеклерінде трассаның көлбеу бұрышын азайтуға тұра келеді. Сондықтан $L_d = k_y L_t$, мұндағы, k_y – трассаның ұзару коэффициенті.

Дөнғалақты қолданған кезде трассаның қисықсызықты участеклерінде қозғалыс кедергісі ω_k шамасына өседі және оржол көтермесін $i_d = i_p - \omega_k / g$, % шамасына дейін азайту керек. ω_k шамасы қисық участек радиусына R байланысты болады. Қисықтың ең аз радиусы R_{min} жылжымалы құрамның конструкторлық көрсеткіштеріне байланысты анықталады. R_{min} шамасы қисық участеклерді салу үшін карьер жағдауын көңітту жұмыстарының көлеміне әсер етеді, сондықтан қисықтың ең кіші радиусын қабылдауға мүмкіндік беретін жылжымалы құрамды қолданған тиімді.

Бір участкенің ұзындығы l_k (м), және көтерме шамасы i_p (%) козғалыстың косымша меншікті кедергісі ω_k (Н/т) болған кезде қисықсызықты участеклерде көтермені азайту салдарынан трассаның ұзаруы:

$$\Delta L_k = \omega_k \sum l_k / (i_p g). \quad (3.2)$$

формуласымен анықталады.

Теміржол қолданған кезде кескін элементінің (көтерме шамасы өзгермейтін жол бөлігінің) ұзындығы поездардың қауіпсіз қозғалуымен анықталады. Егер поезд кез келген уақыт аралығында жол кескінінің бір бөлігін ғана жүріп отсе, тұрақты қозғалыс

қамтамасыз етіледі. Сондықтан кескіннің бір элементінің ұзындығы поезд ұзындығынан аз болмауы керек.

3.4. Күрделі қазбалар трассаларының пішіні

Егер күрделі қазба трассасы карьердің бір жағдауында орналасса және бағыты өзгөрмесе, онда ол қарапайым пішінді болады. Егер трасса бағыттары әртүрлі өзара қосылған екі не бірнеше участкерден тұрса немесе ол карьердің барлық жағдауларынан өтсе, онда ол *күрделі пішінде трасса* болып табылады. Сыртқы оржолдардың трассалары әрдайым қарапайым, ал ішкі оржолдардың трассалары әдетте, күрделі болады.

Табан ауданындағы трассаның пішіні карьер алаңының өлшемдеріне, басты көтермеге және кескін элементтеріне сәйкес анықталады.

Егер ішкі оржолдар трассасының нақты ұзындығы сол деңгейжиектегі карьер созылымынан L_k кіші болса, онда қарапайым трасса толығымен карьердің бір жағдауында орналасады. Бірақ, $L_d = K_y H_p / i \leq L_k$ шарты басты көтермесі i_p және трассаның ұзару коэффициенті K_y белгілі болған карьер алаңының созылымы L_k мен терендігінің H_k катынасы қолайлы болғанда ғана орындалады.


Егер $L_d = K_y H_k / i_p \leq L_k$ болса, онда трассалаудың келесі екі жағдайы болуы мүмкін.

1. Трассаны карьердің бір жағдауында орналастырып және оның бағытын тұра бағыттан кері бағытқа қарай трасса орналасқанда дейін н рет өзгереді:

$$L_d = K_y H_k / i_p = n_1 \cdot L_k . \quad (3.3)$$

n_1 шамасы бүтін немесе бөлшек сан болуы мүмкін. Бұл жағдайда трассаның тұзу участкері тұйық немесе радиусы аз ілмек арқылы қосылады. Әдетте, ілмек арқылы қосу автокөлік кезінде, ал теміржол көлігі кезінде тұйыктар арқылы қосады (3.3-сурет).

Трассаны толығымен карьердің бір жағдауында орналастыру сілемді жатпа бүйірінен төнбे бүйіріне қарай қазып алу және жұмыс шебі параллель жылжығанда тиімді болады. Бірақ тұйыктарда поездар қозғалысының бағыты өзгеретіндіктен, оның тежелуі және тоқтауы қажет, ол трассаның өткізу қабілетін күрт төмендетіп,



3.3-сүрет. Трассалардың жоспардағы сұлбасы: ілмекті (а), тұйық (ә), спиральді (б), құрамды (в)

көзғалысты ұйымдастыруды да қыннатаады. Соңдықтан тұйық трассаларды карьердің жоғарғы деңгейжиектер тобында қолдануға болмайды.

2. Деңгейжиектер параметрлерінің орташа созылымы Р (м) болған кезде трассаны карьер жағдауының сәйкес деңгейжиектерінде орналастыру үшін оны бір жағдаудан екінші жағдауға қанша керек болса, соңша рет n_2 жүргізеді.

$$K_y H_k / i_p = n_2 \cdot P. \quad (3.4)$$

Бұл жағдайда трасса спираль түрінде (3.3, в-сүрет) орналасады. Спиральді трассаның карьердің дүмдік жағдауларында орналасқан радиусы үлкен қисықсызықты участкелері болады. Мұнда қисық участкелерді жасау оңай болады.

Көп жағдайларда ішкі трасса тұзу, спиральді және тұйық (ілмек) участкелерден тұрады (3.3, в-сүрет). Мұндай күрделі трассаларды орналастыру кезінде жеке деңгейжиектерді ашу жағдайлары, карьер көлігін қолдану тиімділігі және тиімді игеру жүйесін қолдану жағдайлары жақсарады.

Ішкі трасса сыртқының тікелей жалғасы болып табылады. Мұндай аралас трассаны терең карьерлерде ашу үшін қолданады: бірнеше жоғарғы деңгейжиектерді сыртқы трассамен ашады, ал карьердің төмен жатқан деңгейжиектеріне ішкі трасса жүргізіледі.

Қарапайым трассаны созылымы үлкен таяз карьерлерде, ал тұйық трассаны –созылымы үлкен емес күрт құлама кенорындарында

карьердің көлденең өлшемдері онша үлкен емес болғанда қолданады. Автокөлікті қолданып және теміржол көлігі кезінде мүмкін болған жағдайларда ішкі оржолдармен ашу кезінде ілмекті трасса жасалады немесе кен сілемінің жату жағдайлары, жағдауларды кеңейту, қажетті өткізу қабілеті, карьер көлігінің тиімді жұмыс істеу шарттары бойынша ілмекті не тұйық трассаны қолдану тиімсіз не мүмкін болмаған жағдайда спиральді трассаны қолданады. Спиральді трасса кезінде теміржолдарды қайта құру өте қыын, сондықтан бұл жағдайда ол тұрақты болуы керек. Автомобиль көлігін қолданғанда автожолдарды периодты тұрде қайта құруға болады.

3.5. Ашу қазбаларының жүйесі және сұлбалары

Ашу қазбаларының жүйесі – бұл берілген уақыт кезеңінде карьердің жұмысы деңгейжиектерімен карьердегі және жер бетіндегі тау-кен қазындысын қабылдау, қайта тиеу бекеттері арасындағы жүккөліктік байланысты қамтамасыз ететін барлық ашу қазбаларының жисивнігі.

Ашу қазбалары жүйесінің графикалық көрінісі карьер алаңын ашу сұлбасы болып табылады. Карьерді ашу сұлбасы кен жұмыстарының белгілі бір жағдайындағы немесе карьерді салу және пайдаланудың кез келген күнтізбелік кезеңінде кен жұмыстарының дамуы кезіндегі ашу қазбаларының түрімен, санымен және кеңістік жағдайымен сипатталады.

Жалпы жағдайда бір сұлба карьердің белгілі бір жұмыс мерзімінде жұмыс істейді. Ол кен жұмыстарының әрбір сатысында табиғи және ұйымдастыру жағдайларына байланысты карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашудың бір, екі тәсілімен немесе олардың үйлесімімен іске асады.

Жазық кенорындарын игеру кезінде ашу қазбаларының жүйесі карьерді пайдалануға берумен немесе жиі жағдайларда карьердің өндірістік қуатын игерумен аяқталады. Содан кейін бұл қазбалардың сұлбасы жұкағындары тұрақты болған кезде карьер жұмысының аяғына дейін немесе оны қайта жаңғырту кезеңіне дейін жұмыс істейді.


Жайпак, көлбеу және күртқұлама кенорындарын әсіресе, бірнеше жыл не айлармен өлшенетін салыстырмалы қысқа кезеңде таулы кенорындарын игеру кезінде карьердің жұмыс аймағының биіктігі және оның табан ауданындағы өлшемдері

өзгереді. Бұл жаңа қабаттарды қазып алуға, негізгі қазып алу-ти-еу жабдығының орналасуының өзгеруіне байланысты, ол жаңа жұкағындарды қалыптастырудың және жұмыс істеп жатқан элементарлық және кемерлік жұкағындарды қайта бөлудің, яғни ашу сұлбасын өзгерту мен дамытудың техникалық тиімділігін негіздейді.

Ашу қазбаларының сұлбасын өзгерту келесі түрде жүргізіледі: кезектегі төменгі деңгейжиекте көлбеу оржолды жүргізу (3.4, *a* және *ә-сурет*), жұмыс жүргізіліп жатқан деңгейжиекте ашу қазбаларының саны көбейту немесе азайту (3.4, *б-сурет*), ескі оржолдардың (сьездер) орнына жаңа оржолдарды (сьездер) жүргізу (3.4 *в-сурет*), көлік түрін ауыстырған кезде басқа типті ашу қазбаларын жасақтау, (3.4, *г-сурет*) т.б.

Ашу тәсілдерінің нұсқалары, ашу қазбаларының жүйесі мен сұлбалары жалпы жағдайда ашу қазбаларының түрлері, саны

және көлемдері, оларды жүргізу шығындары, карьерді салу және жеке деңгейжиекті дайындау мерзімі, тасымалдау қашықтығы, көлік шығындары, осы қазбаларды карьерді құрғату, сутекпе, желдету үшін, ал кейде кенорның барлау не оны же-расты тәсілімен қазып алуға дайындау үшін пайдалану мүмкіндіктерімен бағаланады.



3.4-сурет. Ашу трассаларының сұлбалары:

1, 2, 3 және 4 – деңгейжиектердегі бастапқы съездер I, II, III және IV; 1/, 2/ және 3/ – съезддердің кезекпен орын ауыстыруы 1, 2 және 3; 11, 22 және 22 – қосымша жүргізілетін съездер

Ашу тәсілін, ашу қазбаларының жүйесі мен сұлбасын таңдау ке-

зінде жер бедері, карьердің табан ауданындағы және терендейтін болынша өлшемдері, сілемді қазып алу тәртібі, карьердің жүк айналымы және оны жұкағындарына бөлу, кен қабаттарының жату элементтері, пайдалы қазба сорттарының кеңістіктікте таралуы маңызды рөл атқарады. Қабылданған шешімге байланысты кен күрделі жұмыстарының және карьерді пайдалану кезеңіндегі кен дайындау жұмыстарының көлемдері, әртүрлі деңгейжиектердегі сілемдерді дайындау мен игерудің құнтізбелік жоспары, тау-кен және көлік жабдықтарын пайдалану көрсеткіштері және кәсіпорынның ондірістік қуаты анықталады.

Ашу тәсілі және ашу қазбаларының жүйесі қабылданған кен игеру жүйесімен және оның параметрлерімен байланысты болады. Басқа сөзben айтқанда, белгілі бір игеру жүйесін қолдану ашу тәсіліне және ашу қазбалары жүйесінің техникалық мүмкін және экономикалық тиімді нұсқаларының шектеулі санына байланысты. Тиімді нұсқаны таңдауға игеру жүйесі ғана емес, оның параметрлері де әсер етеді: жұмыс кемерлерінің биіктігі мен саны, жұмыс шебінің ұзындығы, карьердің жұмыс аймағының жағдайы, кен жұмыстарын жүргізуіндегі қажетті қарқыны, т.б. және керісінше, нақты ашу тәсілін, ашу қазбаларының жүйесі мен сұлбасын қолдану игеру жүйесін, оның параметрлерін таңдау талаптарын анықтайды. Кенорнын ашу мен игеру жүйесінің өзара байланысы кен жұмыстарының құнтізбелік көлемдерін, олардың кеңістіктегі орнын, карьердің жұкағындарын және қолданылатын кен және көлік жабдықтары кешенін анықтайды және бұл мәселелер «Карьерлерді жобалау» пәнінде қарастырылады.

Күрделі жағдайларында, яғни деңгейжиектер саны көп, сілем нұсқасы бұрыс және күрделі пішінді, бір деңгейжиекте пайдалы қазба типтері мен сорттарының бос жыныс қабаттарымен араласып келуі және жыныстардың физика-техникалық сипаттамалары әртүрлі болған кезде карьер алаңын ашу тәсілдерінің және ашу қазбаларының көліктің бірнеше түрін пайдаланатын күрделі үйлесімі қолданылады. Ашу тәсілін, ашу қазбаларының жүйесі мен сұлбасын және карьер коммуникацияларын жалпы жолдармен жалғастыратын кіру жолдарын орналастыру кезінде карьердің жұмыс мерзімінде (кезеңдер бойынша) оның нұсқасының мүмкін не қажетті жылжуын ескеру керек.

3.6. Басты көтерменің технологиялық мәні

Бір-біріне тәуелсіз жұкағындары кезінде әрбір тәуелсіз трассаның басты көтермесі басқа трассалардан өзгеше болуы мүмкін. Бір-біріне тәуелді және қатаң тәуелді жұкағындары кезінде техникалық көлік құралдарын жұкағындарына периодты түрде не әрдайым қайта бөлу қажеттігі барлық трассалардың басты көтерме шамасын бірдей қабылдауды талап етеді.

Проф. Е. Ф. Шешко күрделі оржолдардың басты көтермесінің технологиялық мәнін және оны теміржол көлігіне есептеудің теориялық негіздерін жасаған.

Карьер жолдарының әрбір өткелі арқылы уақыт бірлігінде поездардың әртүрлі саны өтеді. Оржолдың және магистральді жолдардың ең көп жүк өтетін өткелдері шектеуші өткелдер деп аталады.

Кез келген өткелде бір уақытта тек қана бір локомотивті құрам болуы мүмкін. Бұл кезде екі жүк тиелген поездардың жүріп өтуі аралығындағы уақыт интервалындағы t_i (сағат) жүк айналымына W_q (т/сағат) сай келетін жүккөтергіштігі q (т) болатын n вагоннан құрылған бір поездың пайдалы салмағы:

$$W_q t_i = nq \quad (3.5)$$

Қарастырылатын қазбаның өткізгіш қабілеті M_q (т/сағат) екі жүк жолдарының әрқайсысының өткізгіш қабілетінен үлкен жұкағынына сәйкес болуы керек.

Өткелдің басты көтермесін i_p локомотивтің тартым күшімен F_k (Н), оның салмағымен P_p (т) және поездың тіркеме бөлігінің салмағымен nq/k_b (т) байланыстыратын тендеу:

$$i_p + \omega_o = k_{\omega} i_p = F_k / [(P_p + nqk_b)g] = F_k / [(P_p + W_q t_i k_b)g], \quad (3.6)$$

мұндағы, ω_o – поезд қоғалысының негізгі меншікті кедергісі (Н/т); k_{ω} – қозғалыстың негізгі кедергісін ескеретін коэффициент ($k_{\omega} \gg 1,1, -1,2$); k_b – шанақ салмағын ескеретін поездың жалпы салмақ коэффициенті ($k_b = 1 + k_r k_t$, k_r – вагон шанағының коэффициенті).

(3.6) тендеуі басты көтермені анықтаудың жалғыз критерий емес. Ол карьер жабдығы жұмысының технологиялық режимін сипаттай-

тын факторлардың өзара байланысын көрсетеді, сонымен қатар ол ашу қазбаларының негізгі параметрін i_p локомотив қуатымен және салмағымен, поезд салмағымен, вагон параметрлерімен және поездарды алмастыру шартымен байланыстырады. Жабдықтарды тиімді пайдалану үшін бұл факторлардың әрбір уақыт мезетіндегі үйлесімі жоғарыда аталған байланысты қанағаттандыруы керек.

(3.6) теңдеу құрамындағы факторлардың әрқайсысының мәнін қарастырайык.

1. Е. Ф. Шешко жүргізген техника-экономикалық талдау нәтижелері бойынша, i_p мәнін 20-40% аралығында (жабдықтарды дұрыс үйлестіру жағдайында) қабылдаған кезде олардың экономикалық нәтижелері ұксас болады. Соңдықтан көлік сұлбасын технологиялық бағалау кезінде басты көтерменің сандық мәнін анықтауға емес, карьер мен үйіндідегі жолдардың тиімді даму сұлбасын таңдауға, сонымен қатар тау-кен және көлік жабдықтарының қуатын, санын анықтауға және орналасуына көп көңіл бөлу керек. Ол кен жұмыстарының әрбір кезеңінде ұтымды техника-экономикалық көрсеткіштер алуға мүмкіндік береді.

2. Кен жұмыстары дамуының күнтізбелік жоспары бекітілген кезде белгілі бір жүк айналымымен W_q және жолдар санымен сипатталатын барлық кезеңдердегі әрбір жұкағыны үшін технологиялық режимді талдау керек.

3. Өндірісте электровоздар, тепловоздар мен тарту агрегаттары модельдерінің белгілі бір саны шығарылатындықтан тасымалдау технологиясын талдау кезінде локомотивтер қуаты мен салмағы нақты шамалармен P_p және F_k шектеледі.

4. Вагонның нақты жалпы салмақ коэффициенті k_b аттырылған жартасты жыныстар үшін 1,63-тен, ал қосыған жұмсақ жыныстар үшін 2,1-ге дейін өзгереді.

5. Әрбір жұкағынының есептік сағаттық жүк айналымы W_q кен жұмыстарының жоспары бойынша анықталады. Бірақ бір не екі жолды трассаның нақты өткізгіш қаблеті M_q ертүрлі болады. Жүк айналымы сағатына 2-3 мың тоннага дейін болғанда бір жолды өткелдер жеткілікті болады, ал жүк айналымы үлкен болғанда екі жолды трассалар қажет. Үш-төрт жолды ішкі трассаларды тиімді қолдану мүмкін емес.

3.7. Карьердегі теміржолдардың даму сұлбалары

Карьердегі теміржолдардың дамуы, жер бетіндегі сиякты күрделі құрылыш шығындарының көбеюімен байланысты. Теміржолдардың сұлбасы кен жұмыстарының даму жоспары мен өндіріс көлеміне сай дамиды. Әдетте, теміржол сұлбаларының даму кезеңдері (3.5-сурет) карапайым сұлбалардан басталады және оларды карьердегі кен жұмыстарының кезеңдерімен және ашу сұлбаларын қайта жаңғыртумен байланыстырады.

Карьердегі теміржолдардың даму сұлбалары келесідей болады:


3.5, а-суреттегі сұлба. Жолдарды қызылстыру және поездарды алмастыру алмасу бекеттерінде жүргізіледі; поездар станцияға шықпай кенжар-үйінді не кенжар-байыту фабрикасы (койма) учаскелерінде жүреді. Техникалық мақсатта жалғағыш жолдар разъезді станциямен байланыстырады. Бұл сұлбаны жеке элементарлы жұкағыны кезінде, яғни кемерде бір кенжар, құрамдар саны шектеулі (ушке дейін) және жергілікті үйінді болған жағдайда тиімді қолдануға болады. Ол бірпорталды көпшөмішті экскаваторларды қолданғанда, кемерлерді тау беткейлерінде қазып алу кезінде және бірігетін жұкағындарын жасауда күрделі сұлбаның құрамды бөлігі ретінде қолданылады.

3.5, а-суреттіндегі сұлба екі порталды көпшөмішті экскаваторларды қолданған кезде әрбір кенжарлық жолы тиесу, журу үшін арналған элементарлы жұағындарына тән. *3.5, а-суреттегі сұлбаға ұқсас* екі поезд жеткілікті болғандықтан станцияда поездар алмаспайды және разъезддер болмайды.

3.5, б-суреттіндегі сұлба күрделі орталықтандырылған әртекті жұкағындары бар ұлken емес карьерлер үшін тән. Жолдары бір колеялы, поездар С бекетінде алмасады. Бос жыныс үйіндіге, ал пайдалы қазба жалғағыш жолмен қабылдау бекетіне тасымалданады.

3.5, в-суреттегіндегі сұлба күрделі орталықтандырылған әртекті жұкағындары бар қуаты орташа және сыртқы үйінділері қашықта орналасқан карьерлерде қолданылады. Станция поездар алмасатын карьердегі және үйіндідегі алмасу бекеттеріне дейінгі өткелдердегі қозғалысты реттейді. Сұлбада бір разъезд болған жағдайда екінші разъезд міндеттін станция атқарады. Пайдалы қазба тиелген поездар станциядан жалғағыш жолдар арқылы жүреді.

3.5, г-суреттіндегі сұлба күрделі орталықтандырылған әртекті



3.5-сурет. Карьердегі теміржолдардың принциптік даму сұлбалары:
 С – карьер станциясы; СП – бос жыныс станциясы; СУ – көмір (кен)
 станциясы; ОП – алмастыру бекеті; 1, 2, 3 және 4 – сәйкесінше, басты,
 көнжарлық, үйінділік және жалғагыш жолдар

жұкағындар болған кезде басты жолы екі колеялы қуатты карьерлерде қолданылады. Поездар алмасатын разъездер (*ОП*) жұмыс кемерлерінің бермаларында орналасады және түйісу бекеттерінің рөлін атқарады. Қажет болған кезде оларды үйінділерде орналастырады. Бұл сұлба кең тараған, үлкен жук айналымын және жылжималы құрам мен экскаваторларды уақыт бойынша тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.5, ə-суретіндегі сұлба бірігетін және күрделі тармақталған біртекті жұкағындары бар карьерлерде қолданылады. Аршыма Бос жыныс (*СП*) станциясы арқылы, ал пайдалы қазба Көмір немесе Кен (*СУ*) станциясы арқылы шығарылады. Бұл сұлбаны терең және табан ауданындағы өлшемдері үлкен карьерлерде қолданған тиімді болады.

3.5, д-суретіндегі сұлбада күрделі орталықтандырылған әртекті жұкағыны жер бетіндегі «Развязка» бекетінде екі біртекті жұкағынға бөлінеді. Қалғаны *3.4, ж-*суретіндегі сұлбаға үқсас.


3.5, e-суретіндегі сұлба жұмыс кемерлерінің өтпелі шебі арқылы поездарды қыылыштырмай, олардың ағымды қозғалысын қамтамасыз етеді. Ол үшін разъездері жоқ бір колеялы жол салынады.

Карьердегі теміржолдардың жалпы даму сұлбасының елеулі құрамды бөлігін жұмыс кемерлеріндегі жолдардың дамуы құрайды. Ол біріншіден кемердегі экскаваторлар санына және типіне, жұмыс шебіндегі көліктік шығыстар санына байланысты болады.

3.8. Теміржол көлігін қолданған кездегі күрделі оржолдың жұмыс деңгейжиектеріне түйісу бекеттері

Теміржол көлігін қолданған кезде кескін элементінің ең аз ұзындығы (көтерме шамасы өзгермейтін жол бөлігі) поездардың қауіпсіз қозғалу шартынан анықталады. Егер поезд кез келген уақыт мезетінде жол кескінінің бір бөлігін ғана жүріп өтсе, тұрақты қозғалыс қамтамасыз етіледі. Сондықтан жол кескіннің бір элементінің ұзындығы поезд ұзындығынан аз болмауы керек.

Теміржол көлігін қолданған кезде *курделі оржолдар* карьердің жұмыс деңгейжиектеріне үш түрлі: басты көтермеде (*3.6, а-сурет*), азайтылған (смягченный) көтермеде (*3.6, ə-сурет*) және аландарда (*3.6, б-сурет*) түйіседі.



3.6-сурет. Құрделі оржолдың деңгейжиектерге түйісу бекеттерінің сұлбалары

Құрделі оржолдың деңгейжиекке басты көтермеде түйісуі трассалауды женілдетеді және трассаның ең аз нақты ұзындығын және сәйкес тау-кен дайындау жұмыстарының ең аз көлемін қамтамасыз етеді. Бұл кезде кескінді еністету тек бағытшаларды ауыстыру үшін кисық участкерлерде жасалады. Мұндай бойлық кескін кезінде локомотив қуатын 10-15%-ға көбейту керек, себебі басты көтермеде поездың жылжуы және жылдамдығын арттыруы кезінде қосымша кедергі орын алады. Бұл кедергі локомотив жүрісі кезіндегі негізгі кедергіден 3-4 есе көп болады.

Бойлық кескіннің екінші түрі жұмыс деңгейжиегіне тақаған кезде, құрделі оржолдың басты көтермесін 35%-ға азайтуды ($i_{\Pi} = 0,65 i_p$) қарастырады. Көтермені азайту қалыпты қуатты локомотивтің пайдалы салмағы көтермеде бірқалыпты жүру шартына сай есептелген поездың қозғалуын және жылдамдығын арттыруды қамтамасыз етеді. Оржолдың мұндай түйісуі кемер биіктігі 12-15 м және откелдер ұзын болған кезде тиімді болады. Азайтылған көтерме участкесінің ұзындығы l_{Π} түйісу бекетінің конструкциясына байланысты. Көтермені азайту есебінен трасса ұзындығының (м) ұзаруы:

$$\Delta L_{\Pi} = n l_{\Pi} \left(1 - i_{\Pi}/i_p\right), \quad (3.7)$$

Мұндағы, n – түйісу участекелерінің саны.

Қозғалыс қарқындылығына байланысты көтермесі азайтылған түйісу бекеттерін әрбір кемерде немесе одан да сирек орналастырады.

Оржолдың деңгейжиекке *алаңда түйісу* локомотивтердің қолайлы жұмыс режимін қамтамасыз етеді. Аландарда разъездер мен бекеттерді орналастырады. Бірақ мұндай кескінде трассаның ұзаруы ($\Delta L_n = n l_n$), тау-кен дайындау жұмыстарының көлемі көп болады, түйісу бекеттері көбейген сайын трасса құрделене түседі, бұл поездар жүрісінің көбеюіне және қосымша тоқтап тұруына алып келеді. Поездар оржолға екіжақты түскенде, сырғымалы съездер және жұмыс кемерлеріндегі жолдардың өтпелі (сквозной) сұлбасын қолданғанда оржолдарды міндетті түрде аландарда түйістіреді.

Құрделі оржолдардың жұмыс деңгейжиектеріне түйісу алаңдарының ұзындығы разъездер мен түйісу бекеттерінің конструкцияларына байланысты. Жұмыс деңгейжиектер жолдарының съездерге түйісу бекеттері жұмыс деңгейжиектерінен поездарды қабылдау және оларды жіберу, жук тиелген поездарды төмен жатқан деңгейжиектерден және бос поездарды жоғары деңгейжиектен өткізу жұмыстарын қалыпты және қауіпсіз жүргізуі қамтамасыз ету үшін жасалады. Бекеттердің жол сұлбаларын таңдаған кезде поездардың қауіпсіз қозғалысын және бекеттің қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз ету шарттары ескеріледі. Бекеттің сұлбасында жұмыс деңгейжиектерінде поездардың сағат тілі бойынша және кері карай ағымды қозғалысы қарастырылады.

Айтылған түзетулерді ескерсек, трассаның нақты ұзындығы (м) оның теориялық ұзындығы, көтермені азайту есебінен оның ұзаруы және қисық участекелер жиынтығына тең болуы керек:

$$L_d = L_t + \Delta L_n + \Delta L_k = H / 0,001 i_p + n l_n \left(1 - i_n / i_p \right) + \omega_k \sum l_k / (i_p g) \quad (3.8)$$

Трассаның ұзару не даму коэффициентінің жуық мәндері ($K_y = L_d / L_t$) трассаның нақты ұзындығының теориялық ұзындығына қатынасы ретінде сыртқы оржолдар үшін – 1,1-1,2, ішкі оржолдар үшін: азайтылған көтермede түйіскенде – 1,2-1,3; аландарда түйіскенде – 1,4-1,6.

3.9. Карьердегі автомобиль жолдарының сұлбалары және олардың негізгі параметрлері

Карьерлік автожолдар *негізгі* – карьердің жұмыс деңгейжиектері мен пайдалы қазбаны қабылдау бекеттері немесе үйінділер арасындағы және *жалғаушы* (*соединительные*) – жұмыс деңгейжиектері және үйінділік кемерлердегі жолдарға бөлінеді. Негізгі автожолдар оржолдар жүйесінде, жер бетінде және үйінді кіреберісінде орналасады.

Автожолдар карьер алаңының жеке аймақтарына тән еністігі, ені, бұрылу радиусы және жол төсемесінің типі бойынша ерекшеленетін участекелерден тұрады.

Автоколікті кен сілемінің пішіні күрделі кенонындарында қолданады, онда кен жұмыстары әркелкі дамиды, карьердің жұмыс аймағындағы ашу қазбаларының, автожолдардың және олардың участекелерінің саны мен жағдайы жиі өзгереді.

Бастапқыда деңгейжиектерді ашу үшін уақытша көлбесу оржолдар жұмсақ жыныстарды қазып алу кезінде кентірек бойынша, ал жартасты жыныстарды қазып алу кезінде – аттырылған тау-кен қазындысы бойынша жүргізіледі. Олар пайдалы қазбаға тезірек жетуге мүмкіндік береді. Бұл оржолдардың жұмыс мерзімі 2 айдан 12 айға дейін болады. Мұндай жолдардың еністігі 9-12 %, ал қисық участекелерінің радиусы 15-40 м құрайды.

Кемердің кен жұмыстары шебі дайындалғаннан кейін кенжар мен жер беті арасындағы жүккөліктік байланыс уақытша съездер арқылы жүргізіледі. Бұл съездердің карьердің орта аймағындағы еністігі 7-8 %, ал қисық радиусы – 20-60 м (сирек 15 м) құрайды. Куатты карьерлерде бір деңгейжиекке үш-жеті уақытша съездерден келеді. Деңгейжиектің табан ауданындағы өлшемдері және жұмыс шебінің ұзындығы оның жылжу жылдамдығының азаюына байланысты артады. Бұл кезде уақытша съездердің жұмыс мерзімі көбейеді (6 айдан асады), ол жетілдірілген не ауыспалы жол төсемесін пайдалануға мүмкіндік береді. Кен жұмыстары дамыған сайын съездерді жұмыс шебі бойымен 50-150 м қашықтыққа жылжытады.

Жоғарғы кемерлер карьердің актық не аралық (кезендік) нұсқасына жеткенде карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауына күрделі съездерді орналастырады және оларға төсемесі жетілдірілген типті, еністігі 5-7%, радиусы 20-120 м тұрақты автожолдар,

съездер салынады. Сонымен қатар жоғарғы деңгейжиектердегі жұкағындарының саны азайған сайын съездер саны да қысқарады. Автомобильді-теміржолды құрамды көлікті қолданған кезде жоғарғы деңгейжиектерде теміржолдар сақталады.


Карьер терендереген сайын жұмыс шебі қысқарады және деңгейжиектердегі кен жұмыстарының жалпы көлемі азаяды. Сондыктан карьердің жұмыс аймағының төменгі болігіндегі әрбір деңгейжиектегі съездер санын қысқартып, тұрақты жолдардың параметрлерін үақытша жолдарға сәйкес салады: еңістігі жоғары, жол тәсемесі ауыспалы немесе төмен типті, қисық радиустары аз, т.б.

Теміржолдарға ұксас автомобиль съездері де деңгейжиектерге басты көтермеде, азайтылған көтермеде (жайпақ орнатумен) және аландан (жазық орнату) түйіседі.

Автожолдардың деңгейжиектерге басты көтермеде *түйісуи* карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың жоғарғы деңгейжиектерде орналасқан және автомобиль қозғалысы ағымды съездерде қолданылады.

Жұмыс жүргізілмейтін кемерлердегі тұрақты съездердің жұмыс деңгейжиектеріндегі жалғауышы жолдарға түйісу бекеттерінің конструкциясы біріншіден, трасса пішініне байланысты болады.

Трасса пішіні қарапайым болғанда жалғаушы автожолдар ұзындығы 20-40 м жазық не жиі жағдайда жайпақ (еңістігі 2-4 %) орнатуда (вставка) түйіседі. Ілмек пішінді трассада съездің түйісуі серпантин түрінде болған кезде жазық орнату жасау керек (3.7, a-сурет).



3.7-сурет. Автомобиль съездерінің жұмыс деңгейжиектеріне түйісу бекеттерінің сұлбалары

Съездер түйісу бекеттерінде ғана емес, сонымен қатар автомо-
биль қозғалысының жалпы кедергісін азайту, сонымен қатар жұмыс
жүргізілмейтін жағдауда кідіре төмен түсү кезінде және жер бетінде
қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін радиусы 50 м-ден аз
қисық участкелерде де тегістеледі. Қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру
үшін әрбір 500-600 м сайын ұзындығы 50 м, еңістігі 2 %-дан көп
емес участкелер жасалады. Қисықсызықты участкелердің еңістігі (%)

$$i_k = i_p - 6 + 0,1R, \quad (3.9)$$

мұндағы, R – қисық радиусы, м.

Ең кіші бұрылу радиусы 20-30 м болған кезде трассаның қисықсызықты участкесінің еңістігі 4-5 %-дан аспауы керек.

Карьердің жұмыс жағдауында орналасқан съездердің кенжарлық автожолдарға түйісу бекеттерінде жазық алаңдар жасаслады (3.7, ə-сурет), олардың ең аз ұзындығы жуық шамамен жолдың бұрылу радиусы мен жұмыс алаңы енінің жиынтығына тең.

Трассаның ұзару коэффициенті:

денгейжиекте түйіспейтін өтпелі съездер кезінде:

қарапайым трассалар үшін (тура съездер) – 1,07-1,12;

күрделі трассалар үшін (ілмек съездер) – 1,04-1,16;

карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауында орналасқан съездер жалғаушы автожолдарға түйіскен кезде:

тура съездер үшін – 1,08-1,16;

біржақты түйісетін ілмекті съездер үшін – 1,1-1,25;

екіжақты түйісетін ілмекті съездер үшін – 1,4-1,7;

уақытша съездердің кенжарлық жолдарға түйісуі кезінде:


жұмыс алаңының ені аз болған кезде жұмыс шебі бойымен тұрақты орналасқан съездер үшін – 1,25-1,6;

жұмыс алаңдарының ені кең болған кезде жұмыс шебі бойымен жылжымалы съездер үшін – 1,4-2.

Күрделі трассалардың қарапайым және ілмекті участкелері үшін k_y мәні жеке-жеке анықталады. Карьер тереңдеген сайын жоғарғы денгейжиектердегі трассаның тұрақты болігінің меншікті үлесі көбейеді. Сондықтан карьер ішіндегі жолдар үшін k_y мәні 1,3-1,8-ден 1,1-1,2-ге дейін азаяды. Трассаның ең жоғары еңістігі, кемердегі алаң ені, жолдың ең кіші бұрылу радиусы, жұмыс аймағының білктігі артқан сайын және де карьердің табан ауданындағы өлшемдері азайған сайын ұзару коэффициентінің мәні артады.

3.10. Сыргымалы және жартылай тұрақты съездер

Кен жұмыстары карьер аланы центрінен оның шекараларына қарай дамыған кезде ішкі съезддердің барлығы немесе бір бөлігі карьердің жұмыс жағдауында орналасады. Карьер жағдауы жылжыған сайын бұл съездер периодты түрде жұмыс жағдауымен бірге карьердің актық нұсқасына дейін жылжиғы (сыргиды) (3.8-сурет).




3.8-сурет. Деңгейжиеектерді сырғымалы съездермен ашу кезіндегі кен жұмыстарының даму сұлбалары

Сырғымалы съездің ені жоғары аракемерді төменге тиесу арқылы қазып алу кезінде экскаваторды, аттырылған жыныс үйілімін, съезд жолын және қосымша тиесу жолын орналастыру үшін жеткілікті болуы керек. Жылжымалы теміржол құрамын пайдалану жағдайларының нашарлау салдарынан сырғымалы съездің көтерме шамасы тұрақты съезден аз болады. Поездарды съезде тиесу үшін тоқтату және жүк тиелгендегі құрамды қозғалту үшін көтермені ең көп шамаға азайту (тұрақты трасса шамасынан 30%-ға дейін) керек. Мұнда съездің көтермесі тұрақты болғанда поездың пайдалы салмағы орта есеппен, 15%-ға азаяды.

Сырғымалы трассаны қолданғанда тау-кен құрылыштары көлемінің азауы нәтижесінде карьерді пайдалануға беру мерзімі қысқарады, себебі съездер сілемдерге жақын не тікелей сілемде орналасады (3.8-сурет).

Карьер аландары созылған және сілем қалындығы салыстырмалы аз болған кезде терен деңгейжиектерді тұрақты трассалармен ашу киынға түседі, себебі жер бетінен біршама терендіктегі карьердің ені қисықтың ен кіші екі радиусынан аз болады. Бұл жағдайда кенжарлық және оржолдық жолдарды тұйықтар арқылы қосу кажет (3.9-сурет). Бұл бастапқыда жоғары кемерлерді қазып алу кезінде де қолданылады.



3.9-сурет. Сырғымалы съездермен ашилатын төменгі кемерлер санын анықтау сұлбасы

Мұндай жағдайларда жұмыс жағдауының, кенжарлық жолдарын бүйірлік жағдауда съездермен косу мүмкін емес және тұракты трассаны төменгі деңгейжиектерге жалғастыру тиімсіз болады. Тұйықтардың сілемде орналасуы төмен жатқан деңгейжиектерді ашуды қынданатады, ол пайдалы қазба жоғалымына алып келеді, ал тұйық сілемнен тыс орналасқан кезде, бүйірлік жағдауды кеңейту жұмыстарының қолемі көбейеді. Жоғары кемерлердегі аршу жұмыстары толық аяқталғандықтан, ал төменгі деңгейжиектердегі корлардың біраз қолемі баяу өндірілетіндіктен аршу жұмыстарының графигі бұзылады.


Кемер биіктігі H_y және сілем қалындығы m болғанда тұракты қарапайым не тұйық трассамен ашу мүмкін емес төменгі деңгейжиектер саны (*3.9-суреттi* қара) n_r келесі формууламен анықталады:

$$n_r = (2R_{min} - m) / [H_y(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_1)]. \quad (3.10)$$

Сонымен карьерді пайдаланудың әрбір кезеңінде жоғарғы деңгейжиектерде трассаның тұрақты участкесін, ал төменгі деңгейжиектерде (H_2 тереңдікте) - уақытша (сырғымалы) участкелерін пайдаланған тиімді болады.

Тұйық трассаны дамыту үшін жұмыс шебін сілемнің төнбе бүйірінен жасау кезінде де бірқатар қындықтар туындаиды. Бұл жағдайда тілме және қолбек оржолдар арасында қосымша жазық жалғаушы оржол жүргізілуі керек (*3.10, a-сурет*), бұл үнгілеу жұмыстарының қолемінің көбеюіне және кезекті деңгейжиектегі дайындау жоспарының бұзылуына алып келеді. Егер трассаның төменгі бөлігі (бір-екі кемер) сырғымалы (*3.10, a-сурет*) болса, онда деңгейжиекті ашу сілемнің төнбе бүйірі жағынан жүргізіледі және кен жұмыстарының тереңдеу қарқындылығы артады.

Сырғымалы съездерді тек төменгі ғана емес, жоғарғы деңгейжиектерді ашу үшін қолданған кезде карьердің жұмыс кезеңдеріндегі кен жұмыстарының графигі өзгермейді. Жоғарыға тиеу кезінде де, төменгі деңгейжиектен жоғарыға қайта аударып төгу кезінде де трассалау жағдайын жақсартуға болады. Төменгі кемерлердегі тау-кен қазындысының қолемі аз болғандықтан, оларды қайтара аударып тиеу шығындары (H_3 биіктігіне, *3.10-сурет*) жолдарды салу және съездерді орналастыру үшін карьер



3.10-сурет. Деңгейжиекті сілемнің төнбө бүйірі жағынан дайындау сұлбасы:

а және ә – сәйкесінше тұрақты және сырғымалы съездермен ашу кезінде: 1 – жалғазын оржол; 2 – тілме оржол; 3 – сырғымалы съезд

жағдауын кеңейту шығындарының азаюы есебінен қайтарылады.

Сырғымалы съездерді пайдалану сыртқы оржолдар мен тұрақты съездердерді журғизу кезеңінде карьерді қарқынды терендетуге мүмкіндік береді. Жұмыс деңгейжиектерінде тұрақты съездерді орналастырганнан кейін сырғымалы съездер жойылады. Карьер алаңының ұзындығы шектелген жағдайда ашылатын кемерлер салын азайтып, сырғымалы съездердің қарапайым трассасын қолдану керек.

Сырғымалы трассалармен ашудың елеулі кемшіліктері де бар. Олар: съезде жол еністігінің азаяды, жұмыс жағдаулары тегістеледі, жұмыс кемерлерінің биіктігі ауыспалы екі бөлікке бөлінеді, бұргылау және жол салу жұмыстарының көлемдері көбейеді, сонымен қатар

көлік жағдайлары нашарлайды. Осының салдарынан сырғымалы съездер шегіндегі аршу жұмыстарының шығындары 25-35 %-ға атады.

Съездер мен кенжарлық жолдарды қайта ауыстыру әртүрлі уақытта жүргізлген кезде экскаватордың қосымша тоқтап тұруы көбейеді. Оларды қысқарту үшін съездегі резервтік жолдар жоғарғы аракемер жылжығаннан кейін салынады. Жалпы көлік жағдайларының нашарлауы нәтижесінде сырғымалы трассаның еткізу қабілеті және жылдық жүк айналымы тұрақты трассамен салыстырғанда 12-15% және 15-20%-ға азаяды.

Автокөлікті қолданған кезде сырғымалы съездердің аталған кемшіліктерінің мәні болмайды, ал олардың артықшылықтарының тиімділігі артады. Қазіргі уақытта автокөлікті қолдану кезінде сырғымалы, уақытша және жартылай тұрақты съездер (трассалар) кеңінен пайдаланылады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Оржол трассасы» дегеніміз не және оның сипаттамасы?
2. Трассаның теориялық ұзындығы мен нақты ұзындығының ерекшелігі?
3. Трассаның жоспардағы сұлбалары қандай болады?
4. Теміржол көлігі кезінде курделі оржолдың деңгейжиектерге түйісу бекеттері қандай болады?
5. «Трассаның ұзару немесе даму коэффициентіне» сипаттама беріңіз.
6. Автомобиль жолдарының теміржолдардан қандай ерекшеліктері бар?
7. Сыргымалы және жартылай тұрақты съездердің технологиялық міндеті қандай?

3.11. Сыртқы көлбеу оржолдармен ашу

Сыртқы көлбеу оржолдармен ашу негізінен салыстырмалы таяз орналасқан (50-60 м-ге дейін) жазық немесе жайпақ кенорындарында қолданылады. Сыртқы оржолдар карьер нұсқасының сыртында орналасады. Ашылатын деңгейжиектер саны және атқаратын міндеті бойынша оржолдар жеке, жалпы, топталған және қосарланған бо-

лып бөлінеді. Карьер аланын көлбеу оржолдармен ашу кезінде тау-кен қазындысын тасымалдау үшін донғалақты көліктер (теміржолды не автомобильді) колданылады.


Жеке оржолдармен (3.11, *a-сурет*) ашқан кезде төменгі деңгейжиек (кемер) карьер нұсқасынан тыс оның қапталынан жүргізілген өзіндік жеке оржолмен ашылады. Бұл тәсіл әртүрлі пайдалы қазбалар қалындықтары аз және орташа жазық және жайпақ кенорындарын ашуда қолданылады. Жазық жерде сыртқы жеке оржолдармен карьердің екі кемерін (30-40 м терендейдікке дейін) ашуға болады.

Сыртқы жалпы оржолдармен ашу кезінде бір қазбамен бірнеше кемерлер ашылады (3.11, *ә-сурет*). Бұл кезде жеке оржолдармен салыстырғанда, тау-кен күрделі жұмыстарының жалпы көлемі азаяды, сондықтан ашылатын деңгейжиектер (кемерлер) санын 4-5-ке дейін (яғни, 50-60 м терендейдікке дейін) қөбейтуге болады. Бұл жағдайда деңгейжиектердегі жұкағындардың жолдары тәуелсіз, ал олардың жалпы бағыты тәуелді болады.

Сыртқы топталған оржолдармен ашу кезінде кемерлердің (деңгейжиектер) жеке топтарына жекелеген жалпы оржолдар жүргізіледі (3.11, *б-сурет*). Мұнда бір жалпы оржол 2-3 өндіру кемерлері тобын ашады. Аршу және өндіру жұкағындарын дәл осылай бөлу арқылы көлік жұмыстарын ұйымдастыру оңайға туследі және карьердің тау-кен қазындысы бойынша өнімділігі артады.

Топталған оржолдар осін карьер алаңының ені бойынша бағыттап, карьер алаңының қапталынан жүргізеді. Ашылатын кемерлер санағына, яғни кенорнын игеру терендейдігіне байланысты топталған сыртқы оржолдармен ашу тәсілі жеке жалпы оржолдармен ашу тәсілдерінің аралық жағдайында болады.

Сыртқы қосарланған оржолдармен ашу жалпы оржолдардың қарастырылған жағдайларында қуатты карьерлерде кен жұмыстарының көлемдері көп болғанда қолданылады. Бұл жағдайда бір жалпы оржолға қосымша карьер алаңының қарама-қарсы жағынан, екінші дәл сондай жалпы оржол жүргізіледі. Мұнда қосарланған оржолдың әрқайсысы бір жолды болады және бірі бос жүрісті, екіншісі жүк тиелген көліктердің жүруіне арналған және бірінші оржолдың еністігі басты көтермeden үлкен болуы мүмкін. Сонымен бір екіжолды біреулік оржолдың орнына жүргізілетін екі қосарланған біржолды оржолдардың көлемдері шамалы ғана болады.



3.11-сурет. Сыртқы көлбеу оржолдар жүйесінің конструкциясы:
а – жеке; ә – жалпы; б – топталған; в – қосарланған

Қосарланған оржолдармен ашу тәсілі, әсіресе, автомобиль көлігін қолданғанда тиімді болады. Қосарланған оржолдардың айтарлықтай артықшылығы, кемердің жұмыс шебінің созылымы үлкен болғанда экскаваторды бос көлікпен дер кезінде қамтамасыз етуге болады.

3.12. Ішкі жеке және жалпы оржолдармен ашу

Ішкі көлбеу оржолдармен ашу тәсілі карьер алаңының шекарасы анық терең жатқан көлбеу және күртқұлама кенорындарында не қалың штоктәрізді сілемдерді қазып алу кезінде қолданылады (3.12-сурет). Бұл оржолдар карьер алаңының ішінде оның ақтық жағдауларында жүргізіледі. Сыртқы оржолдармен ашудағы сияқты олар ашылатын деңгейжиектер санына, ашу қазбаларының міндетіне байланысты ішкі жеке, жалпы, топталған және қосарланған оржолдармен ашу тәсілдеріне бөлінеді.


Ішкі жеке оржолдармен ашу кезінде әрбір деңгейжиекке өзіндік ішкі оржол жүргізіледі. Ишкі оржолдардың ерекшеліктері:

олар карьер алаңының нұсқасында орналасып, тек үңгілеу кезінде ғана толық кескінді болады. Келесі кезекте, кенорның игеру барысында бір жағдауын көңеиту нәтижесінде ішкі оржолдар жартылай оржолға айналады. Ішкі жеке оржолдармен ашу кезінде ең терең деңгейжиекті ашатын оржол толық кескінді болады. Барлық жоғары орналасқан жеке оржолдар карьердің ашылған жағдаудында орналасқандықтан, оларды үңгілеу процесінің өзінде-ақ жартылай оржолға айналады.


Ішкі жеке оржолдармен ашу кезінде барлық жұмыс деңгейжиектерінің жұкағындары бір-біріне тәуелсіз жер бетіне шығады да карьердің тармақталған жұкағының құрайды. Оржолдың тәуелсіздігі кен жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бірақ кемерлер саны көп болғанда күрделі оржолды жүргізу жұмыстарының қолемі көбейіп, ашу тәсілі қынға түседі. Сондықтан оны салыстырмалы таяз кенорындарында қолданады.

Ішкі жалпы оржолдармен ашу кезінде берілген деңгейжиекті ашатын ішкі оржол барлық жоғарғы және төменгі деңгейжиектерді ашатын оржолдың бір бөлігі болып табылады. Бұл тәсіл кен тараған және кен сілемінің пішіні мен құлау бұрыштары әртүрлі терең ка-


a




b



ә



в



3.12-сурет. *Ішкі қолбеу оржолдар жүйесінің конструкциясы:*
а – жеке; ә – жалпы; б – топталған; в – қосарланған

ръерлерде қолданылады. Кенорнының жату жағдайларына байланысты ішкі жалпы оржолдардың трассасы қарапайым, тұйық, ілмек және спираль пішінді болады.


Трассасы қарапайым пішінді ішкі оржол өз бағытын өзгертпей карьердің бір жағдауында орналасады (3.12, ə-сурет).

Трасса пішіні тұйық ішкі жалпы оржолдармен ашу тәсілі көлбеу және күрткүлама сілемдердің терең кенорындарын теміржол көлігін пайдаланып игеру кезінде қолданылады (3.13-сурет) және трасса карьер жағдауында бір бағытта орналаспайды.

Бұл тәсілде жеке деңгейжиектер карьердің бір жағдауының ақтық жағдайында өзара қайтымды бағыттарда жүргізіліп, сәйкес деңгейжиектерде тұйық аландармен аяқталатын көлбеу оржолдармен ашылады. Әрбір тұйық алан бос және жук тиелген құрамдардың жүруі үшін маневрлік жолдармен жабдықталады.

Трассасы ілмек пішінді ішкі жалпы оржолдармен ашу кезінде трассаның бұрылу бекеттеріндегі тар тұйық аландардың орнына кең аландар жасалады, олар көлік құралдарының құрделі маневрлік операцияларсыз өтпелі қозғалуы үшін ілмекті съездермен жабдықталады (3.14-сурет).

Ілмекті съезд алаңының ені қолданылатын көліктің бұрылуы



3.13-сурет. Трасса пішіні тұйық ішкі оржолмен ашу сұлбасы:


1 – сілем нұсқасы; 2 – тұйықтар; 3 – көлбеу оржолдар; 4 – трассаның басы

үшін қажетті қисық радиусынан кем болмауы керек. Алаңның ені теміржол көлігін қолданған кезде 180-360 м, ал автомобиль көлігін қолданған кезде 40-60 м кұрайды.

Трассасы ілмек пішінді ішкі оржолдармен ашу тәсілін құлау бұрышы 30° -ка дейінгі терең кенорындарын игеру кезінде тиімді қолдануға болады.


Трассасы спиральді ішкі жалпы оржолдармен ашу кезінде құрделі оржолдарды карьер жағдауларында кеңістіктік спираль түрінде орналастырады (3.15-сурет). Мұндай тәсілмен ашу кезінде жер бетінен бастап карьердің актық нұсқасы бойынша біріншілік көлбеу оржол жүргізіледі.

Ашылған денгейжиекте кен жұмыстары дамығаннан кейін келесі денгейжиектерді ашу дәл сол сиякты жүргізіледі. Мұнда келесі көлбеу оржол алдыңғы көлбеу оржол соңынан басталады да, оның жалғасы болып, карьер жағдауының актық нұсқасымен өтеді.



3.14-сурет. Трассасы ілмек пішінді ішкі жалпы оржолмен ашу сұлбасы

Бұл тәсілмен ашу кезінде деңгейжиектегі кен жұмыстары тілме оржолдан басталып, бұрылу бекеті осы оржолдың сәйкес көлбеу оржолға түйісу учаскесінде орналасқан веер бойынша дамиды. 3.15-суретте трассасы спираль пішінді ішкі жалпы оржолдармен ашу кезінде бір уақытта кемерлердің көп санын игеруге мүмкіндік жоқ. Себебі, мұнда әрбір деңгейжиектегі тау-кен жұмыстары карьер периметрінің әртүрлі учаскелерінен веер бойынша дамитын болғандықтан, келесі деңгейжиекті ашу үшін алдыңғы деңгейжиекті толық қазып алу керек.



3.15-сурет. Трассасы спираль пішінді жалпы ішкі оржолдармен ашу сұлбасы

Тәжірибеде спираль трассалы оржолдармен ашу тәсілі теміржол көлігін қолданған кезде бір мезетте үш-төрт жұмыс кемерін игеруге болады, бірақ бұл ірі карьерлер үшін жеткіліксіз. Ал автомобиль көлігін қолданған кезде теміржол көлігіне қарағанда бір мезетте игерілетін кемерлер саны екі есе көп болады.

Спиральді оржолдармен ашудың негізгі артықшылығы: көлік құралдарының кенжардан жер бетіне дейін үздіксіз қозғалысы, осыған байланысты жылжымалы құрамның жоғары өнімділігіне жетуге болады және күрделі оржолдың өткізу қабілетін арттыруға болады.

Спиральді трассалы оржолдарды карьердің табан ауданындағы өлшемдері жеткілікті болған кезде қолданады. Мұндай ашу тәсілі

негізінен пішіні дөңгелек, мысалы, штоктәрізді немесе өте қуатты кенорындары үшін тиімді болады. Бұл кезде карьер жағдауларының актық жағдайын дұрыс анықтау үшін кенорны туралы нақты геологиялық мәліметтер қажет.

3.13. Ішкі топталған және қосарланған оржолдармен ашу

Топталған ішкі оржолдармен ашу кезінде кемерлер тобы үшін бір-біріне тәуелсіз жалпы оржолдар (қарапайым пішінді) жүргізіледі (3.12, б сурет). Бұл жағдайда бос жыныс пен пайдалы қазба жүкағындары жер бетіне шығуы тәуелсіз екі тармаққа бөлінеді. Мұнда пайдалы қазба мен бос жыныстарды тасымалдау үшін әртүрлі көліктерді жиі қолданады.

Ішкі топталған оржолдармен ашу кезіндегі жеке оржолдармен салыстырғанда тау-кен жұмыстарының көлемі аз, ал жалпы оржолдармен салыстырғанда көп болады.

Бұл тәсіл жазық және жайпақ қуатты кенорындарын ашуда қолданылады.

Ішкі қосарланған оржолдармен ашу кезінде карьердің барлық кемерлері үшін ішкі оржолдардың екі тобы жүргізіледі. Мұнда оржолдардың бір тобы жүк тасымалдауға, ал екінші тобы бос жүрісті көліктеге арналған. Көп жағдайларда қосарланған оржолдар трассасының пішіні қарапайым тұйық, ілмекті немесе спиральді екі жалпы оржол түрінде болады (3.12, в-сурет). Трассасы ілмек және спираль пішінді ішкі қосарланған оржолдармен ашу терең карьерлерде автомобиль көлігін қолданған кезде өте колайлы болады.


Сыртқы оржолдарға ұқсас бос жүрісті ішкі оржолдардың еңістігі жүк тасымалдайтын оржол көтермесінен үлкен болуы мүмкін. Мұнда теміржол көлігін қолданған кезінде кенорнын ашу үшін екі жолды жалпы оржол жүргізу қажет болған жағдайда оны бір жолды қосарланған оржолмен алмастыруға болады.

Сонымен, ішкі қосарланған оржолдарды жүргізу кезінде жалпы оржолдармен салыстырғанда тау-кен күрделі жұмыстарының көлемі шамалы ғана көбейеді, ол көліктегі ағымды қозғалысының және экскаваторлар көлік құралдары өнімділігінің артуымен компенсацияланады.

3.14. Сыртқы көлбеу жартылай оржолдармен және күрт оржолдармен ашу

Сыртқы көлбеу жартылай оржолдармен ашу жер бедері таулы биіктік және биіктік-тереңдік типті кенорындарында қолданылады.

Бұл жағдайда ашу қазбалары (оржолдар) карьер алаңынан тыс тау беткейінде орналасады. Мұнда оржолдар үнгілеу процесінің өзінде-ақ жартылай оржол түрінде болады, ал олардың конструкторлық сұлбалары терең кенорындарындағы сыртқы оржолдарға ұқсас және олар жеке (3.16, *a*-сурет), жалпы түйік (3.16, *ә*-сурет) және ілмекті (3.16, *б*-сурет) трассалы болады.



3.16-сурет. Таулы кенорындарын сыртқы көлбеу жартылай оржолдармен ашу сұлбалары:

а – жеке; *ә* – трассасы түйік пішінді жалты; *б* – трассасы ілмек пішінді жалты

Сыртқы жартылай оржолдармен (жеке, жалпы немесе топталған) ашылған бос жыныс кемерлері немесе екі-үш кемерден құрылған топ үшін жеке жергілікті үйінділер жасауға болады, олар тау беткейінде бос жыныс кемерлеріне жақын манда орналастырылады. Бос жыныстар қысқа қашықтыққа қолайлы жолдар арқылы тасымалданады.

Күрт оржолдармен ашу кезінде карьердегі бос жыныстар мен пайдалы қазбаларды тасымалдау үшін оржол трассасын үлкен бұрышпен көтеруге болатын конвейерлік және арқанды көтермелерді ($18\text{--}40^\circ$ және одан да жоғары) қолданады.


Қолданылатын көтерме түріне байланысты карьердің актық жағдайдағы жұмыс жүргізілмейтін жағдауы бойынша қажетті қүрт оржолдар жүргізіледі. Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышына және көтерменің көтеру бұрышына байланысты оржолдарды жағдауға диагональ не тік бұрышпен жүргізеді.

Егер карьер жағдауының қиябет бұрышы көтерменің ең көп бұрышынан кіші не оған тең болса, қүрт оржолдарды карьер жағдауын кеңейте отырып, оның нұсқасына тік бұрышпен жүргізеді.


Конвейерлік көтермелерді қолданған кезде оржолдар карьер жағдауына перпендикуляр немесе бұрышпен жүргізіледі (3.17-сурет).

Скиптік көтермелерді қолданған кезде оржолдар карьер жағдауына тек перпендикуляр жүргізіледі.

Кен жұмыстарының терендеген сайын көтермелердің жұмыс мерзімін арттыру және оларды ауыстыру санын азайту үшін карьерді терендігі бойынша I-IV кезендерге бөледі. Келесі кезенде біріктірілген жағдау көтермені орнату аймағында болуы керек (3.18-сурет).



3.17-сурет. Күрт оржолдарды карьер жағдауында орналастыру сұлбасы



3.18-сүрет. Аралық кезеңдерде көтермені біріктірілген жасадауда орналас-
тыру арқылы құрт сілемді қазып алу сұлбасы: I, II, III, IV – қазып алу
кезеңдері

Құрт оржолдарды көтермелермен жабдықтау үшін қабылдау аландарында екі қайта тиесінек жасау керек: төменгі – карьерде және жоғары – жер бетінде. Бұл кезде тау-кен қазындысын тасымалдау үшін кенжарлардан көтермеге дейін тасымалдау; жер бетіне көтеру және көтермеден тұтынушыға дейін тасымалдау сияқты үш зерттеу күргүй көрсеткіштерінде көрсетіледі.

Карьер алаңдарын құрт оржолдармен ашу тәсілінің негізгі артықшылығы: тау-кен қазындысын бірталай терендіктен қысқа жолмен көтеру мүмкіндігі; тау-кен құрделі жұмыстарының көлемі аз және карьерді қысқа мерзімде пайдалануға дайындау болады.

Бұл ашу тәсілінің кемшіліктеріне келесілер жатады:

- бірнеше кемерді бір мезетте игерген кезде бір оржол мен жаңа деңгейжиектерді дайындау және карьер жүктөрін қабылдау қынға тусаді;
- көлік ағымын бөлөтін жоғарғы және төменгі қабылдау аландарын (станция) жасау қажет.

3.15. Кенқұдықтармен ашу

Жерасты ашу қазбалары өткізгіш (пропускные) (кенқұдықтар, бос жыныс құдықтары) және көліктік (туннельдер, штолнялар, көлбеу және тік окпандар, квершлагтар, т.б.) болып бөлінеді.

Туннельдер – донғалақты көліктің жүруіне арналған жазық


не көлбейу қазбалар. Көлбейу және тік оқпандар көтермелермен (конвейерлік, скрептік, т.б.) жабдықталады.

Жерасты өткізу қазбаларын (кенқұдықтар) жерасты көлік қазбаларымен үйлестіре отырып ашу тәсілі биіктік және тереңдік түрдегі карьерлерде қолданылады.

Мұндай ашу тәсілін *таулы карьерлерде* өндіру деңгейжиектері мен жер бетінің аралық белгілерінің айырмашылығы бірталай болғанда және тау беткейлері күрт (20° жоғары) болған кезде карьерді пайдаланудың бірінші кезеңінен бастап қолданады.

Кенқұдықтар көлбейу бұрышы b бойынша тік ($b=90^\circ$) және көлбейу ($b=65,80^\circ$) болып бөлінеді, ал карьер нұсқасында орналасуы бойынша сыртқы және ішкі деп бөлінеді, соңғысы кемерлерді игерген сайын периодты түрде жойылады. Сыртқы кенқұдықтар карьердегі жыныстар орнықсыз болғанда, сонымен қатар карьер өлшемдері аз болғанда қолданылады. Кенқұдықтың көлденең қимасы әдетте, дөңгелек; оның ауданы $4-30\text{ m}^2$, ал кейде одан да үлкен болады.

Таулы карьерлерде кенқұдықтан келіп түскен кенді жер бетіне шығару үшін көліктік жерасты қазбалары ретінде туннельдер қолданылады. Қазіргі уақытта кең табанды теміржол көліктегі үшін жазық және көлбейу туннельді қолданады (3.19, a-сурет). Көп жағдайларда кенқұдықтың мүмкін өнімділігі поездың пайдалы салмағымен және туннельдің жазық уаскесінде орналасқан тиуеу станциясындағы жолдардың даму сұлбасымен шектеледі.



3.19-сурет. Кенқұдықтармен және жерасты көліктік қазбалармен ашу сұлбалары:

a – биіктік типтегі кенорындары; ә – құрамды тәсілмен қазылатын тереңдік типтегі кенорындары; 1 – туннель; 2 – карьер нұсқасы; 3 – кенқұдық; 4 – оқпандар; 5 – квершилагтар


Кенкүдықтардың орналасуы, саны және диаметрі карьердің өндірістік қуатына, терендігіне және қазып алғынатын сілем өлшемдеріне байланысты болады. Кенкүдықтардың ең аз арақашықтығы 90-100 м-ден қабылданады. Кенкүдықтарды тармақтап орналастырыған кезде оларды жасақтау және туннельдерді ұзарту шығындары артады, бірақ автоөзітүсіргіштердің карьердегі жүру жолы қысқарады және кенкүдықтардың жұмыс мерзімі артады. Қоғағдастырылғанда кенкүдықтардың бірін жою, тұрып қалған кен-нен тазарту, т.б. кезінде жұкағындарды қамтамасыз ету үшін резервті кенкүдық жасалады. Карьердегі кенкүдықтардың нақты саны 2÷5 аралығында өзгереді.

Таулы карьерлерде кенкүдықтардың терендігі мен жұмыс мерзімі, туннельдер созылымы, көлік түрі және жер бетіндегі коммуникациялардың дамуы, карьерді салу мерзімі өзара байланысты болады және кенді тасымалдаудың әртүрлі сұлбаларын салыстыру нәтижесінде анықталады. Карьердегі кенкүдықтардың терендігі 40-600 м және одан да терен болады.

Ашудың қарастырылған тәсілі карьердің кен бойынша өнімділігін жылына 15-20 млн.т қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ірі биік таулы кенорындарын (БАМ аудандарында және т.б.) игеруде кеңінен қолданылады.

Биік және терен карьерлердің төменгі деңгейжиектерін кенкүдықтармен және кеніштік күрделі қазбалармен ашу тәсілі кенорның құрамды қазып алу кезінде қолданады (үйлескен немесе жерасты тәсілі озық, 3.19, б-сурет), ол ашық қазып алушың күрделі, қоғағдаста эксплуатациялық шығындарын да азайтуға мүмкіндік береді.

Терен карьерлерде ортағы және төменгі деңгейжиектер тобын кенкүдықтармен және көлбеу теміржолды туннельдермен ашу (3.20-сурет): терен карьерлерде теміржол көлігін пайдалану мүмкіндігін арттыруға, еңістігі 55° $_{\circ}$ қарапайым не ілмек пішінді трассаны және локомотивті құрамның жоғарғы өнімділігін қамтамасыз етуге; карьердегі автокөлікпен тасымалдау қашықтығын азайтуға, карьер жағдауларын қосымша кеңейтудің қажетігін жоюға; тау-кен қазындысын жер бетінде тасымалдау қашықтығын қысқартуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің кемшілігі – жерасты қазбаларын жақсарту жұмыстарының көлемі көп болады.




3.20-сурет. Сарыбай карьерінің терең деңгейжиектерін ашу сұлбасы:

1 және 2 – бос және жук тасымалдайтын тармақ; 3 – кен және бос жыныс құдықтары; 4 – туннель сағасы; 5 – жерасты тиесу жолдары; 6 – карьер жағадаудыңдағы теміржолдар

3.16. Жұмыс деңгейжиектерін туннельдермен ашу мүмкіндігі

Көлбеу және құрт сілемдерді игеру тереңдігі артқан сайын терең деңгейжиектерді ашу жағдайлары, әсіресе, теміржол көлігін қолдану кезінде киындаиды.

Көлбеу теміржол туннельдерімен терең карьерлердің жұмыс деңгейжиектерін ашу туннельдің тікелей жұмыс аймағына шығуымен (3.21-сурет) сипатталады. Туннель жер бетінен немесе аралық деңгейжиектен жүргізіледі.



3.21-сурет. Терең деңгейжиектерді туннельдермен ашу және оржолдың туннельге ауысу шекарасын есептейу сұлбасы.

Терең деңгейжиектерді жер бетінен жүргізілген теміржол туннельдерімен ашудың артықшылықтары:

- көлік бермалары мен тұйықтар орналасқан аландар санының қысқаруы нәтижесінде карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауын кеңейту жұмыстарының көлемдері азаяды;
- туннельдер карьер жүктөрін тікелей жер бетінде қабылдау бекеттеріне шығатындықтан тау-кен қазындысын тасымалдау қашықтығы қысқарады;
- трассаның қарапайым пішінін қолданған кезде оның өткізу қабілеті артады және көліктің жұмыс жағдайы жақсарады;
- жоғарғы кемерлердегі тау-кен жұмыстарына тәуелсіз, яғни кәсіпорынның жұмыс режимін бұзбай жана деңгейжиектерді ашу және бос жыныс пен кениң қажетті жұкағындарын қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Туннельдерді қолданудың артықшылықтары теміржол трассаларын терендетуге мүмкіндік береді. Туннельдерді негізінен жүк айналымы жылына 40-50 млн.т карьерлерде терең деңгейжиектерді (200-250 м және одан да терең) ашу кезінде және жол еңістігі 50-80% теміржол немесе күрамды автомобиль-теміржол көлігін қолданған кезде пайдаланылады. Туннельдер, сонымен қатар тау-кен қазындысының киылышатын жұкағындарын бөлу үшін де қолданылады. 80-100 м терендіктен бастап туннельдерді қолдану көпірлерге карағанда тиімді болады.

Жер бетінен алдымен туннельге жалғасатын сыртқы оржол жүргізу қажет (3.21-сурет), себебі белгілі бір терендікке дейін ор-


жолды жүргізу шығындары туннельді жүргізу шығындарынан аз болады. Күрделі оржолдың туннельге ауысу шекарасында екі қазбаны жүргізу шығындары ($\text{тг}/\text{м}$) тең болуы керек:

$$S_{tp} c_{tp} = S_t c_t$$

немесе

$$H(b + H \operatorname{ctg} \alpha) c_{tp} = S_t c_t, \quad (3.11)$$

мұндағы, S_{tp} және S_t — күрделі оржол мен туннельдің көлденең қималарының ауданы, м^2 ; c_{tp} және c_t — күрделі оржол мен туннельді жүргізуудің меншікті шығындары, $\text{тг}/\text{м}^3$; b — оржол ені, м.



3.22-сурет. Туннельмен ашу сұлбасы:

a – туннельдің жер бетінен жүргізгенде; *о* – туннельдің кен алынған кеңістікten жүргізгенде; *б* – жақын орналасқан карьерлердің терең деңгейліктерін ашу кезінде; 1 – теміржолдарының осі; 2 және 3 – портадар мен теміржолдар осі

Туннельге өтуге тиімді күрделі оржол тереңдігі H (м):

$$H = \sqrt{S_t \frac{c_t}{c_{ct}} \operatorname{tg} \alpha + \left(\frac{b}{2} \operatorname{tg} \alpha \right)^2} - \frac{b}{2} \operatorname{tg} \alpha. \quad (3.12)$$

Көп жағдайларда туннель сағасын салу тереңдігі жолдар санына байланысты 40–50 м болады.

Созылымы шектеулі карьерлерде теміржолдың тұракты трассасын сақтау және оны тереңдету үшін туннельді жұмыс жүргізілмейтін жағдаудан жүргізеді. Терен деңгейжиектерді ашудың мұндай нұсқасы, мысалы, Сарыбай темір көнді карьерін қайта жаңғырту жобасында қабылданған.

Созылымы үлкен кенорындарын жақын орналасқан карьерлермен игеру кезінде бірынғай көліктік сұлба жасау үшін ашу қазбалары ретінде туннельдерді қолданған (3.22-сурет), мысалы, Баженов асбест кенорнын, Екібастұз көмір кенорнын және т.б. игеруде туннельдер тиімді пайдаланылған.

3.17. Құрамды тәсілмен ашу

Карьер алаңдарын құрамды тәсілмен ашу кезінде оржолдармен, жерасты қазбаларымен ашу және қазбасыз ашу тәсілдерінің әртүрлі үйлесімі қолданылады. Оларды үйлестіру сипаты бойынша құрамды ашу тәсілдерінің төрт тобын бөліп көрсетуге болады.

1. *Оржолдармен ашу тәсілдерінің үйлесімі* кенорындарын ашық игеруде кен тараған, себебі олардың жату жағдайлары құрделі терең кенорындарын игеру талаптарына сай болады.

Көп жағдайларда карьердің жоғары деңгейжиектерін ашатын сыртқы оржолдарды төменгі деңгейжиектерді ашатын ішкі жалпы оржолдармен үйлестіреді. Мұнда ішкі оржолдар трассасының пішінін: спиральді және тұйық немесе керісінше, тұйық және спиральді етіп әртүрлі үйлестіруге болады. Ол карьердің терең деңгейжиектерін ашуда қолданылады. Көп жағдайда сыртқы оржолдарды уақытша ішкі оржолдармен – сырғымалы съездермен үйлестіреді.

2. *Оржолмен ашу тәсілдерінің жерасты қазбаларымен ашу тәсілдерімен үйлесімі* бос жыныс кемерлерін құрделі көлбеу оржолдармен, ал пайдалы қазбалар кемерлерін – кеништік оқпандармен (әдетте, көлбеу) ашу кезінде қолданылады.

Бұл тәсіл қуатты көлбеу немесе күрт көмір қабаттарын, кен сілемдерін ашуда қолданылады. Мұндай ашу тәсілі Оңтүстік Уралдағы Коркинский қоңыр көмір кенорнын қайта жаңғырту жобасында қолданылған. Онда бос жыныс кемерлері ілмек трассалы ішкі оржолдармен, ал көмір кемерлері – конвейерлік көтермелермен жабдықталған екі кеништік оқпанмен ашылған.

3. Оржолмен ашу тәсілінің қазбасыз ашу тәсілімен үйлесімі екі нұсқада берілген:

а) өндіру кемерлерін оржолдармен ашу тәсілінің бос жыныс кемерлерін қазбасыз ашу тәсілімен үйлесімі. Бұл тәсіл жазық және жайпақ кенорындарында бос жұмыстары толық дамыған кезеңге тән, мұнда бос жыныстар толығымен экскаваторлық-үйінділік немесе қазып алу-үйінділік кешендерімен (аршу экскаваторлары, кенжарлық үйіндісалғыштар немесе көліктік-үйінділік көпірлер) кен алынған кеңістікке тасымалданады. Төменгі деңгейжиектердегі пайдалы қазбалар сыртқы көлбеу оржолдармен жер бетіне шығарылады.

б) бос жыныс кемерлерін оржолмен ашу, ал өндіру кемерлерін қазбасыз ашу тәсілдерінің үйлесімі жайпақ қуатты (50 м-ден аса) қоңыр көмір қабаттарын қазып алуда қолданылады. Мұнда бос жыныс кемерлері уақытша оржолдармен (сырғымалы съездермен), ал көмір кемерлері жер бетімен таспалы конвейермен байланысқан. Бұл кезде бос жыныстар сырғымалы съездермен тасымалданады.

4. Бірнеше ашу тәсілдерінің үйлесімі. Аралас типті (терендік-биіктік) кенорындарын, сонымен қатар терең күрт және көлбеу сілемдерді ашқан кезде үш-төрт ашу тәсілдерін үйлестіруге болады.

Мысалы, терендік-биіктік типті кенорындарын игеру кезінде оның таулы болігін көлбеу жартылай оржолдармен, жоғарғы деңгейжиектерін ішкі көлбеу оржолдармен және сілемнің терең болігінің төменгі деңгейжиектерін жерасты қазбалармен (көлбеу немесе тік окпандармен) ашуға болады.

3.18. Аса қуатты және терең карьерлерді ашу

Мұндай кәсіпорындардың қуатын игеру және оны пайдаланау ондаған жылдарға созылады, оларды кезеңдеп қайта жаңғырту экономикалық тимділікті қамтамасыз етеді.

Көптеген қуатты карьерлердің жобалық терендігі 500-700 м құрайды, жер беті бойынша ұзындығы 2,5-6 км және ені 1,5-4 км құрайды. Көптеген жұмыс жасап жатқан карьерлерде тау-кен жұмыстары 250-450 м терендікте жүргізіліп жатыр. Бұл жағдайлардагы ашық кен жұмыстарының ерекшеліктері келесі негізгі факторлармен анықталады:

1. Актық нұсқалардағы тау-кен қазындысының көлемдері (1-20 млрд. м³) бірталай болады. Бұкіл тау-кен қазындысының 50 %-ға

жуығы қалыңдығы 150-200 м-ден жоғарғы аймакта және 90-95 %-ға жуығы жер бетінен 400-500 м тереңдікке дейін шоғырланған. Мұндай карьерлердің тау-кен қазындысы бойынша қуаты жылына 60-500 млн. тоннаға жетеді.

2. Карьер тереңдігі 200-500 м болғанда қазып алынатын және тасымалданатын тау-кен қазындысының 30-70%-ын бос жыныстар құрайды.

3. Карьер көлігінің кез келген түрін қолданған кезде тасымалдау қашықтығы әдетте, 5-8 км-ден аз, ал бос жыныстарды үйіндіге тасымалдау қашықтығы 7-20 км және одан да көп болады.

4. Кен жұмыстары 200-250 метрге дейін тереңдеген кезде жер бетіндегі карьердің актық нұсқасы бүкіл периметрі бойынша әлі түрғызылып бітпегендіктен, кен жұмыстарын карьердің төменгі бөлігінде де, жоғарғы бөлігінде де жүргізу қажет.

5. 220-250 м тереңдік жоспарындағы деңгейжиектің актық нұсқалары карьердің жоғарғы деңгейжиегінің өлшемдерінен 2-2,5 есе кіші болады. Деңгейжиектер нұсқалары қарқынды қысқарған кезде ашу қазбаларын трассалау және карьердегі көліктерді қолдану киынға түседі.

6. Терен деңгейжиектердегі бос жыныстар – жартасты, қын қазылатын болады. Кенді жауып жатқан жыныстардың қалыңдығы аз болған кезде карьердің жоғары аймағы негізінен қазылу қындығы орташа жыныстардан, сирек жағдайда – оңай қазылатын жыныстардан, ал терен жатқан кенорындарда – жұмсақ және тығыз жыныстардың қалың (120-150 м-ге дейін) қабатынан, теренірек – жартасты жыныстардан құрылған.

Аталған жағдайларда жұкағындарды қалыптастыру жабдықтар кешені типімен, сонымен қатар жұмыс деңгейжиектерін ашу тәсілімен анықталады. Кен жұмыстарының тереңдеу аймағының үш негізгі кезеңін: жер бетінен 250-300 метрге дейін; 250-300-ден 400-500 метрге дейін және 400-500 м-ден карьердің актық тереңдігіне дейінгі (3.23-суретті қара) кезең деп бөлек көрсетуге болады.


Бірінші кезеңде кен жұмыстары тек жоғары аймакта, екінші кезеңде бірінші және екінші аймактарда, ал үшінші кезеңде – барлық аймактарда немесе екінші және төменгі аймактарда жүргізіледі. Үшінші аймак және сәйкес кезеңнің болмауы да мүмкін.

Карьердің бірінші және екінші аймактарында тәуелсіз жұкағындарын қалыптастыру кезінде, топталған ашу қазбаларын

жүргізу және жаңа кезеңге көшу үшін ашу трассаларын тұбекейлі өзгерту кезінде теміржол көлікті кешенді тиімді пайдалануға болады. (3.23-сурет).

Бірінші кезеңде жұмыс деңгейжиектерін ашудың негізгі міндеті – бос жыныс жұкағындарын қалыптастыру, яғни экскаватордың ең жоғары өнімділігін қамтамасыз ету. Сондықтан жоғарғы деңгейжиектерді карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауындағы тұрақты съезддермен немесе еңстігі 30% сыртқы және ішкі оржолдармен ашқан тиімді болады. Бұл жағдайда поездың пайдалы салмағы 1500-1700т құрайды. Сыртқы оржолдарды жауып жатқан жыныстары қалың (80-160 м) карьерлерді терендейді 40-60 м салу кезінде, ал жауып жатқан жыныстарының қалындығы аз карьерлерді пайдаланудың бірінші кезеңде жүргізу қажет. Сыртқы оржолдарда және карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауында орналасқан алмасу бекеттері 5-7 жұмыс деңгейжиектеріне қызмет көрсетеді. Олар кенжарлық жолдардан 800-1000 м қашықтықта орналасады.

Ені 1524 мм колеяны және арнайы теміржол құрамын қолданып карьердің жоғарғы аймағындағы жұкағындарының көлемін арттыруға болады. Бұл шөміш сиымдылығы 20-30 м³ экскаваторлы кешендерді қолдануға мүмкіндік береді.




3.23-сурет. Терең карьерлердегі ашу трассалары сұлбасының нұсқалары:
а – қазып алуудың бірінші кезеңінде; ә – екінші; I, II және III – карьер тереңдігі бойынша бірінші, екінші және үшінші аймақтар; 1 – еңстігі 50-60 % терең күрделі оржол; 2 – тұйық бекет; 3 және 5 – бірінші аймақтағы сәйкес тұйық және тұра съезддер; 4 – еңстігі 20-30 % қосымша күрделі оржол; 6 және 7 – екінші аймақтағы сәйкес тұйық және тұра съезддер; 8 – нұсқадан тыс тұйық туннель

Екінші кезеңде ашу трассаларының сұлбасы сақталады. Олар жоғарғы деңгейжиектердегі жұкағындарды қамтамасыз етеді және жаңа кезеңді ашудың құрамды бөлігі болып табылады. Ол үшін карьер терендейтін 400-500 м болған кезде теміржол көлігін жер бетінен (жоғарғы аймак) жұмыс деңгейжиектеріне кіргізу және екінші аймақта жұкағындарды (3.23, б-сурет) қалыптастыру үшін еңстігі 50-60% ашу қазбаларын жүргізеді. Карьердің жоғары аймағында ашу қазбасы ретінде терең сыртқы оржол, туннель немесе олардың үйлесімі қолданылады. Карьер ішіндегі бекеттерді салу үшін екінші аймақтың жоғарғы жұмыс деңгейжиектері ішкі съездермен немесе туннельдермен ашылады. Екінші аймақтың төменгі жұмыс деңгейжиектерін ашу кезінде теміржол көлігі карьерге ең көп терендейтікке кіргізіледі. Бұл жағдайда Сарыбай карьеріндегі сияқты терең деңгейжиектерді туннельмен ашу қажеттігі туады (3.20-сурает).

Жоба бойынша теміржол көлігін 170 м терендейтікке дейін кіргізу көзделген *Қашар карьерінде* деңгейжиектерді 240 м терендейтікке дейін шығыс жағдаудың нұсқасынан тыс кеңістіктегі жүргізілетін ұзындығы 1,3 км тұйық туннельдермен ашу қарастырылған (3.24, а-сурет). Бұл жартасты жыныстарда бес деңгейжиекті ігеру кезінде өнімділігі жылына 17-20 млн. т жұкағының қалыптастыруға, автоөзітсіргіштер паркін қысқартуға, бос жыныстарды механикалық ұсақтаудан және оны карьеरде қайта тиеден бас тартуға мүмкіндік береді.


Созылымы 5,2 км жұмыс жүргізілмейтін жағдауды 240 м терендейтікке дейін тұрғызу кезінде ұзындығы 9,2 км спиральді трассаны салуға болады. Оған карьердің жоғарғы аймағының тұрақты ішкі съездері және карьердің – 75 м деңгейжиегінен шығатын ұзындығы 4,1 км айналма туннель кіреді (3.24, б - сурет). Спиральді трассаның бірінші кезеңінде теміржол көлігін 305 м терендейтікке дейін қолдануға болады. Оны ары қарай дамыту кезінде теміржол көлігін 440-460 м терендейтікке дейін кіргізу мүмкіндігі туады.

Тұйық туннельдермен жұмыс деңгейжиектерін 250-300 м терендейтікке дейін, ал спиральді трассалы туннельдермен 400-500 м терендейтікке дейін ашуға болады. Бұл терең қуатты карьерлерде көлік мәселеін шешуге мүмкіндік береді. Көп жағдайларда карьер 25-30 жыл жұмыс жасағаннан кейін спиральді трассаның оржолды бөлігін жоғарғы деңгейжиектердегі съездерде орналастыруға болады.



3.24-сүрет. Қашар карьерінің терең деңгейжиектерін ашу сұлбалары:
а және б – карьер тереңдігі 300 және 400 м болған кезде; 1 және 2 – терең деңгейжиектерді I және II ашу кезеңіндегі басты жолдар; 3 – бірінші кезектегі тұйық туннель; 4 – екінші кезектегі спиральді туннель; 5 – карьердің ақтың нұсқасы

Сонымен қатар карьерлер тобының терең деңгейжиектерін ашуға тоқталып өтейік (3.25-сүрет). Бір немесе жақын орналасқан кенорындарды тереңдігі 150-300 м карьерлар тобымен игеру кезінде жоғарғы деңгейжиектерде созылымы 8-15 км жалпы жағдау қалыптасады, әрбір карьердің жұмыс деңгейжиектерін міндетті түрде жағдау болынша ұзындығы 2-3 км трассамен жеке ашу керек.



3.25-сүрет. «Ураласбест» комбинаты карьерінің терең деңгейжиектерін ашу:

I және II – Южный және Центральный карьерлері; III – Северный карьері және № 1-2; 1 – кентректер арасындағы теміржол туннельдері; 2 – негізгі жол; 3 – конвейерлік котерме

Ашу қазбалары кешенінде аралық звено ретінде карьер аралық туннельдерді қолданған кезде 300-450 м тереңдікке дейін түзу трассалы бірынғай ашу жүйесін жасауға болады. Ал спиральді трассаны әрі қарай дамыту кезінде (негізінен туннельдерді қолданған кезде) теміржол көлігін 500-600 м тереңдікке дейін кіргізуге мүмкіндік туады. Карьердің терең деңгейжиектерін ашудың мұндай сұлбасы «Ураласбест» комбинатында қарастырылған (3.25-сурет). Центральный карьерінің жұмыс деңгейжиектерін Южный карьерінен жүргізілген ұзындығы 2,8 км еністігі 60 % туннельмен ашуға болады, ал Южный және Северный карьерлерінің терең деңгейжиектерін Центральный карьереңе жүргізілген еністігі 50-55 %, ұзындығы 3,1 м және 1,6 км туннельдермен ашуға болады.

3.19. Терең жатқан күртқұлама сілемдерді ашу

Мұның алдында айтылғандай, аса терең карьерлерді игеру кезінде автомобильді және теміржол көліктерін, таспалы және күрткөлбеку конвойерлерді, көлбеу және тік скрептік көтермелерді өздігінен немесе үйлесімде қолдану қарастырылады. Кен жұмыстары тереңдеген сайын жұмыс деңгейжиектерімен жүккөліктік байланысты қамтамасыз ету үшін ашу қазбалары жүргізіледі. Барлық жағдайларда карьер ішіндегі байланыстыруши звено ретінде автокөлік қолданылады, себебі оның мобиЛЬДІЛІГІ, жоғары өнімділігі карьердің төменгі деңгейжиектерінде қазып алу-тиеу жабдықтарының сенімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Тау-кен қазындысын магистральді көлік түріне беру үшін қайта тиу бекеттері карьердің жұмыс жағдауында да, жұмыс жүргізілмейтін жағдауында да орналасады. Автоөзітүсіргіштермен жүктөрді тасымалдау қашықтығын қысқарту үшін оларды әртүрлі типті тау жыныстары қазбасында орналастырып, экскаватор кенжарлары жылжығаннан кейін орын ауыстырады. Қайта тиу бекеттерінің міндесі, олардың саны және өнімділігі жұкағындарының түрлеріне және қарқындылығына сай келуі керек, олардың сенімді жұмысын қамтамасыз етуі керек.

Күрткөлбеу және тік көтермелерді орналастырған кезде тау-кен қазындысын байыту фабрикасына және үйіндіге тасымалдаудың ең қысқа қашықтығын, сонымен қатар кен алынған кеңістікке ішкі

үйіндіні орналастыру мүмкіндігін де ескеру керек. Көтермелер әсер ететін тау жыныстарының массиві орнықты болуы керек.


Күртқұлама сілемдерді игеру кезінде терең деңгейжиектерді әртүрлі көлік түрлерін қолданып ашу сұлбаларын А.П. Дриженко жинақтаған, 3.26-суретте көлтірлген. Берілген индекстеуде бірінші сан сұлбаның реттік нөмірін, екінші сан – қолданылатын магистральді көлік түрін (1 – автомобиЛЬДІ; 2 және 3 – еңістігі $i_p = 40\text{-}60\%$ және $i_p = 160\%$ теміржол көлігі; 4 және 5 – көтерме бұрышы $16\text{-}18^\circ$ және $36\text{-}42^\circ$ конвейерлік көлік; 6 – скіптер); үшінші сан – көтерменің орналасу орны (7 – оржолда; 8 – жерасты қазбасында), төртінші сан - көлік жүйесінде кенқұдықтар және кен түсіргіштердің бар (9) немесе жоқ (0) болуын көрсетеді.

Сонымен, 1-1-7-0 сұлбасында терең деңгейжиектерді карьердің жұмыс жүргізілмейтін немесе уақытша жұмыс жүргізілмейтін жағдаудында жүргізілген автосъездер жүйесімен ашу қарастырылған. Тау-кен қазындысы экскаватор кенжарынан жер бетіне автоөзітүсіргіштермен тасымалданады. Жер бетінде тау-кен қазындысын қажетіне қарай тасымалдау үшін басқа көлік түріне (теміржол, конвейер) қайта тиеу жабдықтарын орналастырады.

2-2-7-0 сұлбасында еңістігі $i_p = 40 - 60\%$ теміржол съездері жүйесі өлшемі шектелген карьердің ақтық мүмкін тереңдігіне дейін жүргізу арқылы кенорнын ашу қарастырылған. Теміржол трассасы тұйық, спиральді ілмекті немесе құрамды болуы мүмкін. Трассаның даму коэффициенті 1,4-1,6 және одан да көп болады. Кенжарлардан тау-кен қазындысын тікелей думпкарларға немесе автоөзітүсіргіштерге тиеуге болады.

3-3-7-0 сұлбасы магистральді көлік ретінде карьерлік электропоездарды қолданған кезде кенорнын еңістігі 160% топталған ішкі оржолдармен ашуды қарастырады. Кемерлер топтарын жер бетімен жүккөліктік байланыстыру үшін карьерден үш тәуелсіз шығыс жабдықтайды. Теміржолдар әртүрлі деңгейлерде арнайы жол айрықтары арқылы қызылсысады.

2-2-7-0 сұлбасына ұқсас кенжарларда тау-кен қазындысын тікелей электропоезд думпкарларына тиеуге болады. Құрамды автомобиЛЬДІ-теміржол көлігін қолданған кезде автоөзітүсіргіштерді жинақтау звеносы ретінде қолданады. 4-6-7-0 сұлбасында карьердің терең деңгейжиектерін күрт оржолдарда орналасқан скіптік көтермелерді қолданып ашу қарастырылады. Мұндай оржолдар ка-



3.26-сурет. Құралдың көлікті қолданып ашу үзебаларының жоспарлары (сол жағдайда) және көлемен қимады (оң жағдайда) сұлбасы

ръер жағдауының жұмыс жүргізілмейтін немесе уақытша жұмыс жүргізілмейтін участекелерінде жағдау бұрышына жақын бұрышпен жүргізіледі. Скиптік көтермелердің орналасуы тау-кен қазындысын жинақтау звеносында автокөліктердің ең аз тасымалдау қашықтығын қамтамасыз етуі, сонымен қатар кен жұмыстарының қажет бағытта дамуын тежемеуі керек.

5-5-7-0 сұлбасы тау-кен қазындысын жер бетіне тасымалдау үшін құрткөлбеу конвейерді қолданып, кенорнын 36 - 42° бұрышпен жүргізілген құрт оржолмен ашуды қарастырады. 4-6-7-0 сұлбаға ұқсас әртилті жұкағындарын карьер периметрі бойынша бөлу үшін осындай бірнеше көтерме орнатуға болады.

6-4-7-0 сұлбасында кенорнын оржолда орналасқан көлбеу конвейерлік көтермемен ашу қарастырылған. Оржол карьердің жұмыс жүргізілмейтін немесе ұзақ мерзімге (15-20 жыл) консервацияланған участекесінде жүргізіледі, оның жоспардағы пішіні тұзу немесе зигзаг тәрізді болады. Тау-кен қазындысы жинақтаушы денгейжиекте орналасқан ұсақтау-қайта тиеге бекетінде ұсақталады, ол карьер тереңдеген сайын 60 - 100 м қадаммен төменгі кемерлерге жылжып отырады.

7-4-8-0 сұлбасы кенорнын оқпандар мен квершлагтар кешенімен ашу қарастырылған. Мұнда көлбеу конвейерлік оқпандар карьер жағдауының нормалі бойынша жүргізіледі, ал квершлагтар оқпанды жинақтаушы денгейжиектермен байланыстырады. Тау-кен қазындысы тұрақты немесе жартылай тұрақты ұсақтау-сорттау бекетінде ұсақталады.

8-4-8-9 сұлбасында кенорнын жазық жерасты қазбаларымен және кенқұдықтармен үйлестірілген көлбеу оқпандармен ашу қарастырылған. Олар кен жұмыстарының тереңдеуі кезінде жойылады. Конвейерлік оқпан карьер жағдауының нормалі бойынша орналасады. Кенқұдықтың шығыс камерасы мен көлбеу оқпан арасындағы жүккөліктік байланыс жазық жерасты қазбасы арқылы жүргізіледі. Кенқұдықтар карьердің жұмыс аймағы бойынша бөлінеді. Олар тау-кен қазындысын автоөзітүсіргіштермен қысқа қашықтықта 0,7-1,2 км тасымалдауды қамтамасыз етеді. Тау-кен қазындысы кенқұдықтардың қабылдау сағасында орналасқан жылжымалы ұсату қондырығыларында ұсақталады. Олардың орнына кентүсіргіштерді және кенқұдықтар мен кентүсіргіштердің үйлесімін қолдануға болады.

9-4-8-0 және 10-4-8-9 сұлбалары 7-4-8-0 және 8-4-8-9 сұлбаларына ұқсас, бірақ олардан ерекшелігі, мұнда көлбеу конвейерлік оқпан карьердің қапталдық жағдауынан бұрышпен жүргізіледі. Оқпандарды бұлай орналастыру квершлагтар ұзындығын ең қысқа өлшемдерге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

11-6-8-0 және 12-5-8-9 сұлбаларында терең деңгейжиектерді скіптік көтермелермен және квершлагтармен жабдықталған тік оқпандармен ашу қарастырылған. Олар тікелей жұмыс аймағына шығады немесе онымен тік кенқұдықтар арқылы байланысады. Карьер тереңдеген сайын оқпанды тереңдету және жаңа квершлагтарды жүргізу қадамы 60 -100 м құрайды.

13-5-8-0 және 14-5-8-9 сұлбалары терең деңгейжиектерді күрткөлбеу оқпандармен ашуды қарастырады, олар скіптік көтермелермен немесе арнайы конвейерлермен жабдықталады. Оқпандар мен жұмыс аймағы жазық жерасты қазбаларымен немесе кентүсіргіштермен байланысады.


Ашу қазбаларының параметрлері қолданылатын көлік жабдықтарының габариттік өлшемдеріне және жол еістігіне, сонымен қатар қазып алу-тиеу машинасының типіне, олардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты анықталады. Қазбаларды жүргізу жылдамдығы жоғары және тау-кен жұмыстарының жылжу және тереңдеу қарқындылығына сай болуы керек. Кейде ашу қазбаларын карьердің қалыптасқан деңгейжиектеріне шығатын бірнеше кенжарлармен жүргізуге болады.

3.20. Деңгейжиекте бастапқы жұмыс шебін жасау

Карьердің жұмыс деңгейжиегінде бастапқы жұмыс шебін жасау үшін тілме оржол немесе тілме қазаншұңқыр жүргізіледі. Жер бедері жазық болған кезде тілме оржолдың көлденең кескіні трапеция пішінді болады. Ал тау беткейінде жүргізілген оржолдың кескіні толық болмағандықтан, ол жартылай оржол деп аталады (3.27, ә - сурет).

Бұл қазбалар ашатын көлбеу оржолдардың жалғасы болып табылады. Яғни, олардың орналасу орны кезектегі жұмыс деңгейжиегін ашу сұлбасымен анықталады. Олар горизонтальді немесе кемердегі суларды ағызы үшін аздап еңіс (3-5%) болады. Деңгейжиекті игеру үшін тілме оржолдың бір немесе екі жағдауын

денгейжиек шекарасына қарай кеңейтеді. Қазаншұнқырдың екі, үш, кейде төрт жағдауы да кеңейтіледі. Кемерде кен жұмыстары дамыған сайын тілме оржол (қазаншұнқыр) казба ретінде жойылып, ол жұмыс кемеріне айналады.



3.27-сурет. Тілме оржол (а), жартылай оржол (б) параметрлері, тілме оржол енін анықтау сұлбасы (в)

Денгейжиекті тілме қазаншұнқырлармен дайындау кезінде экскаваторды мобиЛЬДІ көлікпен және автокөлікпен үйлесімінде қолданады. Мұндай денгейжиектегі кен жұмыстары әртүрлі бағыттарда дамиды.

Тілме оржол табанының ені көлік коммуникацияларын және қазып алу-тиеу жабдықтарын орналастыру шартынан анықталады. Бұл кезде ол көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын, экскаваторлық жабдықтардың орналасуын және оржолды дұмдік кенжарлармен жүргізгеннен кейін бірінші енбені экскаватормен қазып алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.


Оржол жағдауларының қиябет бұрыштары тау жыныстарының орнықтылығына байланысты анықталады. Жұмсақ жыныстарда ол 60-70°, берік жыныстарда – 70-80° құрайды.

Тілме оржолдың терендігі ашылатын денгейжиек биіктігіне

сәйкес, ал ұзындығы деңгейжиектегі жұмыс шебінің созылымына сай келеді.

Жанасу аймағында пайдалы казбаның жоғалымы мен құнарсыздандуын азайту үшін тілме оржолды қабаттармен жүргізеді. Қазып алынатын қабат биіктігі сілемнің көлбеу бұрышына β байланысты болады.

Көлбеу және құрт қабат тәрізді кенорындарында жұмыс деңгейжиектерін панельді технологиялармен қазып алу кезінде тілме оржолдардың орналасуы 3.28-суретте көрсетілген.



3.28-сурет. Деңгейжиектерді параллельді технологиямен игеру кезінде тілме оржолдарды орналастыру

Жазық кенорындарында тілме оржолдарды карьерді салу кезеңінде жүргізеді.

Көлбеу және құрт сілемді кенорындарды карьердің бұкіл жұмыс мерзімі ішінде тілме оржолдарды әрбір ашылатын деңгейжиекте жүргізеді.

Карьердегі кен жұмыстарының терендеуі, яғни карьердің пайдалы қазба бойынша өнімділігі тілме оржолды жүргізу жылдамдығына байланысты болады.

Тілме оржолдың карьер нұсқасында орналасуы, оның ұзындығы, табан ауданындағы және кескіндегі пішіні мен парметрлері сонымен қатар кенорның карьер алаңдарына бөлуге, оның тау-кен геологиялық және топографиялық жағдайларына, қазып алу жүйесіне байланысты болады. Кен жұмыстарының даму нұсқаларын талдау нәтижесінде тілме оржолды жүргізу туралы шешім қабылданады. Тілме оржолдың карьер нұсқасындағы орналасуын және кен жұмыстарының даму бағытын бағалаудың негізгі критерилері ретінде уақыттық аршу коэффициентінің ең кіші мәні, кенорның пайдалану кезеңінде рудадағы пайдалы компонент мөлшерінің ауыткуы және кен күрделі жұмыстарының аз көлемдері қабылданады.

Жазық және жайпақ кенорындарын игеру кезінде тілме оржолдарды сілемнің созылымы бойынша жүргізеді. Ол жоғары өнімділікті, машиналар үшін қажетті жұмыс шебін қамтамасыз етеді.

Қалындығы аз және орташа сілемдерде пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздануын азайту үшін технологиялық шараларды қарастыра отырып, тілме оржолдарды сілемнің төнбе бүйірінен, ал қалың қуатты сілемдерде жатпа бүйірінен жүргізген тиімді болады.

Жайпақ қабаттар шоғырын және құрылымы күрделі сілемдерді игерген кезде бастапқы жұмыс шебі пайдалы қазба мен жанас жыныстарды бөлек қазып алуға мүмкіндік беруі керек.

Спиральді трассаны қолданған кезде тілме оржол әрбір деңгейжиектің актық нұсқасында орналасады. Тілме оржолдың көлік бермасына түйісуі трассаның даму бағытына сай жылжиды.

Бақылау сұрақтары:

1. Карьер алаңын жерасты қазбаларымен ашу қандай жағдайларда қолданылады?
2. Көліктік және өткізгіш жерасты қазбаларының түрлерін атаңыз.

3. Карьердің терең деңгейжисектерін туннельмен ашу қандай жағдайларда қолданылады?
4. Карьердің терең деңгейжисектерін туннельдермен ашудың артықшылығы неде?
5. Туннельге көшу тімді болатын курделі оржол тереңдігін анықтауга қандай факторлар әсер етеді?
6. Карьер алаңын ашу тәсілі түсінігінің тау-кен курделі жұмыстарын жүргізу процесінен айырмашылығы неде?
7. Карьер алаңын ашу тәсілінің анықтамасы және оның сыйнип-тамасы.
8. Карьер алаңын сыртқы көлбеу оржолдармен ашудың мәні неде?
9. Карьер алаңын ішкі көлбеу оржолдармен ашудың мәні неде?
10. Жеке, топталған және жалты сыртқы оржолдармен ашудың сол сияқты ішкі оржолдармен ашудан айырмашылығы неде?
11. Биіктік және биіктік-тереңдік тииті кенорындарын ашу тәсілдері қандай?
12. Карьер алаңдарын күрт оржолдармен және жерасты қазбалармен ашудың мәні неде?
13. Карьер алаңын ешқандай тау-кен қазбасын жүргізбей ашуға бола ма, оның мәні және қолданылу жағдайлары.
14. Құрамды ашудың тәсілдерінің қандай нұсқалары бар, олар қандай жағдайларда қолданылады?
15. Құрамды көлікті қолданған кездегі ашу қазбаларын трассалау сұлбаларын көлтіріңіз.
16. Терең карьерлерді ашудың алғышарттарын айтып беріңіз.
17. Терең карьерлерді ашу сұлбаларының қандай нұсқалары кеңінен қолданылады?
18. Карьерлер тобын ашудың қандай сұлбаларын білесіз?
19. Терең жатқан сілемдерді ашудың қандай сұлбалары бар?
20. Тілме оржолдар мен қазаниұңқырларды жүргізуің мақсаты неде?
21. Көлбеу сілемдерді қазып алу кезінде тілме оржолдарды орналастыру принциpleri.


4. ОРЖОЛДАРДЫ ҮҢГЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

4.1. Күрделі оржолдар мен жартылай оржолдардың көлемдері

Жер беті жазық және ақтық терендіктегі Н, табанының ені b және жағдауының қиябет бұрышы α жеке көлбеу оржолдың көлемі V_t , оржолдың құраушы дұрыс геометриялық фигурандардың көлемдерінің жиынтығымен анықталады (4.1, a-сурет):

- көлбеу оржолдың ортаңғы бөлігі болып табылатын A фигурасының көлемі;
- жағдаулардың кеңейтуден пайдасы болған $2B$ фигурандардың көлемі;
- оржолдың дұмдік (кенжарлық) бөлігі болып табылатын D және $2F$ көлемдері.

4.1, a-суреттегі A – табан болып табылатын қабырғалары b және



4.2-сурет. Көлбеу жартылай оржол көлемін есептейу сұлбасы

4.1-сурет. Көлбеу оржол көлемін есептейу сұлбасы

Н тіктөртбұрышты тұра қыық призма. Оның биіктігі $H/\tan i$ немесе H/i ; көлемі (m^3)

$$A = bH^2 / (2i), \quad (4.1)$$

Мұндағы, I – оржол табанының, градус, i – оржол еңістігі.

B фигурасы – табан ауданы $H^2/(2tg\alpha)$ тік бұрышты үшбұрыш, биіктігі H/i пирамида, оның көлемі (m^3)

$$2B = H^3 \operatorname{ctg} \alpha / (3i). \quad (4.2)$$

D фигурасы – табан ауданы bH , биіктігі $H/tg\alpha$ тұра қыық призма; оның көлемі (m^3)

$$D = bH^2 \operatorname{ctg}^2 \alpha / 2. \quad (4.3)$$

F фигурасы – табан радиусы $H/tg\alpha$ дөнгелектің төрттен бірі болып табылатын, биіктігі H конустың бөлігі, оның көлемі (m^3)

$$2F = \pi H^3 \operatorname{ctg}^2 \alpha / 6. \quad (4.4)$$

Сонымен, жеке көлбеу оржолдың көлемі (m^3):

$$V_t = A + 2B + D + 2F. \quad (4.5)$$

Аздап еңіс көлбеу оржолдарда D және 2F шамаларының мәні үлкен емес және оларды ескермеуге болады. Сонда:

$$V'_t = A + 2B = \frac{H^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{H \operatorname{ctg} \alpha}{3} \right). \quad (4.6)$$

Егер оржолдың көлемі оның дүмдік бөлігін кеңейту (еңістігі 40 %-ден жоғары болса) арқылы анықталса, онда $A+2B+D+2F$ көлемдерін жиынтықтау керек.

$$V'_t = \frac{H^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{H \operatorname{ctg} \alpha}{3} \right) + H^2 \operatorname{ctg} \alpha \left(\frac{b}{2} + \frac{\pi H \operatorname{ctg} \alpha}{6} \right). \quad (4.7)$$

Терендігі (биіктігі) H , еңістігі i , тау беткейінің көлбеу бұрышы γ және жартылай оржол жағдауының қиябет бұрышы α болған кезде жеке көлбеу жартылай оржолдың құрылыштық көлемі $V_{n.t}$ (m^3), табаны ΔABC және биіктігі h көлбеу призма көлеміне тең (4.2-сурет):

$$V'_t = \frac{H^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{H \operatorname{ctg} \alpha}{3} \right) + H^2 \operatorname{ctg} \alpha \left(\frac{b}{2} + \frac{\pi H \operatorname{ctg} \alpha}{6} \right). \quad (4.8)$$

$\gamma \geq 10^\circ$ болған кезде жартылай оржолдың көлемі (m^3) қарапайым формуламен анықталады:

$$V'_{\text{п.т}} = \frac{Hb^2 \sin \alpha \sin \gamma}{2 \sin(\alpha - \gamma)}. \quad (4.9)$$

Көлбей жартылай оржолдар әдетте, тау беткейлерінде және карьердің қазылған жағдауларында жүргізіледі. Соңғысы *көлбей съездер немесе жай гана съездер* деп аталады.


Кенорнының жер бедері күрделі және сыртқы оржолдардың табан ауданындағы пішінің қысықсызықты болған кезде олардың көлемін анықтау үшін оржолдың бойлық қескіні бойынша бірнеше параллель көлденең тік қималар тұрғызады (4.3-сурет). Осы қималардың аудандары және оржолдың көлемі (m^3) жеке блоктар көлемдерінің суммасы ретінде есептеледі:

$$V = \frac{1}{2} [(S_1 + S_2) l_1 + (S_2 + S_3) l_2 + \dots + (S_{n-1} + S_n) l_{n-1}], \quad (4.10)$$

Мұндағы, S_1, S_2, \dots, S_n – оржолдың көлденең қималарының аудандары, m^2 ; l_1, l_2, \dots, l_n – оржолдың жеке блоктарының ұзындықтары, м.

Көлденең қималар арақашықтығы аз болған сайын бұл әдіспен көлемдерді есептеу дәлдігі жоғары болады. Оржолдың пішіні күрделі және жер бетінің бедері күрт өзгермелі болған кезде қоғарек көлденең қималар алу керек.

Ішкі жалты және топталған оржолдардың құрылыш көлемдері жеке оржолдар мен жартылай оржолдар көлемдерінің соммасы-



4.3-сурет. Жер бедері күрделі оржолдың көлемін анықтау сұлбасы

на тен. *Сыртқы топталған* және *жалты сыртқы оржолдардың құрылыш көлемдері* олардың көлденең қималарының пішініне, түйісу бекеттерінің конструкциясына, ашылатын кемерлер санына және оржолдан көліктік шығыс санына байланысты.

Топталған немесе жалпы оржолды жүргізудің екі нұсқасы бар. Бірінші нұсқада (*4.4, а-сүрет*) оржолдан шығу – барлық деңгейжиектер үшін жалпы, ал екінші нұсқада (*4.4, ə-сүрет*) әр кемерден жер бетіне шығу жеке-жеке жүргізіледі.

Ашылатын кемерлер саны екеу болғанда сыртқы оржолдың көлемі (m^3) келесі формуламен анықталады:

жолдардың жұмыс деңгейжиектеріне бір жақты түйісуі кезінде

$$V_t = \frac{4H_y^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{2H_y}{3\tg\alpha} \right) + \frac{(b_t + b_n)H_y^2}{i}; \quad (4.11)$$

екі жақты түйісуі кезінде

$$V_t = \frac{4H_y^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{2H_y}{3\tg\alpha} \right) + \frac{2b_t H_y^2}{i}, \quad (4.12)$$

мұндағы, b_t және b_n – сәйкесінше, көлік және сактандыру бермаларының ені, м.

Әр кемерден жер бетіне шығатын сыртқы оржолдың көлемі аз болады және ол жолдар бір жақты түйіскен кезде:

$$V_t = \frac{4H_y^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{2H_y}{3\tg\alpha} \right) + \frac{(b_t + b_n)H_y^2}{2i} \quad (4.13)$$

формуласымен анықталады.

Конвейер көлігін қолданған кезде сыртқы оржолдың құрылыш көлемі (m^3) карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының жобалық киябет бұрышымен шектеледі және:

$$V_t = \frac{H^2}{i} \left(\frac{b}{2} + \frac{H}{3\tg\alpha} \right) - \frac{H^2}{\tg\alpha} \left(\frac{b}{2} + \frac{H}{2\tg\alpha} \right) \quad (4.14)$$


формуласымен анықталады.

Қазіргі уақытта тәжірибеде және жобаларда көліктік шығысы жалпы терең сыртқы оржолдарды жиі қолданады. Мұндай оржолдар сулы жұмсақ және сусымалы жыныстарда жүргізіледі. Оржолды жүргізуінде бірінші нұсқасында жазық қабаттарды құрғату жеңілдейді, сонымен қоса теміржолдардың созылымы және байланыс торлары қысқарады. Сонымен қатар жер бетіне шығуы тәуелсіз оржолдарды жүргізу тау-кен құрылыштық жұмыстарының көлемдерін қысқартып,


карьерді салуды қарқындағады. Оларды терен кенорындарын ашу кезінде тиімді қолдануға болады.

Теміржол көлігін қолданған кезде сыртқы оржолдың жалпы тау-кен күрылыштың көлемін анықтағанда түйісу қисықтарын міндетті түрде есепке алу керек (4.5, *a*-сурет). Түйісу қисығын бір кемерді ашатын оржол жағдауында орналасырған кездегі қосымша жұмыс көлемі K_k (m^3), әрқайсысының биіктігі H_y (4.5, *ə*-сурет), табаны ОВДБ және

ОГД'А төрт қырлы фигура көлемі мен табаны ОВБ және ОГА қызық конустың бір бөлігінің көлемінің айырымымен анықталады.



4.4-сурет. Сыртқы оржолдардың сұлбасы табаны ОВДБ және



4.5-сурет. Теміржол көлігін қолданған кездегі сыртқы оржолдардың түйісу көлемін анықтау сұлбасы

Жалпы жағдайда сыртқы оржолмен п кемерді ашу кезінде

$$V_k = k \sum_{k=1}^n H_{yk} (R_k^2 - R_k H_{yk} \operatorname{ctg}\alpha), \quad (4.15)$$


мұндағы, K – түйісулер санына байланысты коэффициент, (түйісу қисығы бір және екі жағдауда да болған кезде $K=0,215$ және $K=0,43$); R_k – k кемердегі түйісу қисығының радиусы, м ($R_{\min}=250$ м).

Сыртқы оржолдың жалпы көлемі $V_{\text{в.т}} = V_t + V_k$.


Терен карьерлерде *күрт оржолдар* әдетте, карьер нұсқасының ішінен жүргізіледі. Карьер жағдауында орналасуы бойынша олар көлденең және диагональді болып бөлінеді (4.6-сурет).

Көлденең күрт оржолдарды (4.6, *a-сурет*) карьер жағдауының қиябет бұрышы көлік құралдары көтермесінің шектік бұрышынан кіші болған жағдайда қолданады, ол скрептік және клеттік көтермелерге тән. Диагональді күрт оржолдар (4.6, *б-сурет*) конвейерлік немесе автомобилді көтермелерді орналастыру үшін қолданылады. Бұл оржолдар жұмыс жүргізілмейтін жағдауда ені $b_t > 12,15$ м көлік бермаларын (съездер) жасау үшін қажет. Егер жағдауда тек тар сақтандыру бермалары немесе қосарланған (үшеулік) кемерлер болса, онда конвейерлік көтермені орналастыру үшін күрт жартылай оржол немесе күрт оржолдар мен жартылай оржолдар үйлесімінен құралған ашу қазбасы жүргізіледі.

a



б



4.6-сурет. Күрт оржолдар сұлбасы

Ішкі күрт оржолдың тау-кен құрылыштық көлемі (m^3):

$$V_t = H^2 (\operatorname{ctg} I - \operatorname{ctg} \gamma_h) \left[\frac{b}{2} + \frac{H}{3} (\operatorname{ctg} I - \operatorname{ctg} \gamma_h) \frac{\operatorname{ctg} \alpha}{\operatorname{ctg} I} \right] \quad (4.16)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, H – оржол терендігі, м; I – оржолдың көлбеу бұрышы, градус; γ_n – карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышы, градус; b – күрт оржол табанының ені, м; a – оржол жағдауларының қиябет бұрышы, градус.

Күрт жартылай оржол көлемі көлбеу жартылай оржол көлеміне ұқсас анықталады.

4.2. Оржолдарды үңгілеу тәсілдерінің сыйыптамасы

Тау жыныстарының сипатына байланысты оржолдарды бұрғылау-аттыру жұмыстарын жүргізу арқылы немесе бұрғылау-аттыру жұмыстарының үнгілейді. Жартас жыныстарда қуатты механикалық күректер қолданылады, әртүрлі жыныстар болған кезде біршемішті және көпшемішті экскаваторлар, тракторлы скреперлер, гидромониторлар, т.б. тау-кен машиналарын қолдануға болады.

Оржолды үнгілеуде экскаваторлардың барлық типтері жеке немесе көлік құралдары үйлесімде қолданылады. Тракторлы скреперлер, гидромониторлар сирек қолданылады.

Жаңа денгейжиектерді ашу және дайындау, бос жыныс пен кенді өндіру жұмыстары шебінің жеткілікті болуы оржолды үнгілеу жылдамдығына байланысты болады. Сондықтан карьерлерде оржолды жоғары жылдамдықпен үнгілеуге мүмкіндік беретін тәсілдерді қолдану керек. Кейбір жағдайларда карьерді тезірек пайдалануға бериү үшін оржолды жүргізу жұмыстарының құнын арттыруға болады, себебі уақытты ұтымды пайдалану оржолды үнгілеу шығындарын толық жабады.

Оржолдарды үнгілеудің барлық тәсілдерін көлік құралдарын қолданатын және көлік құралдарын қолданбайтын деп бөлуге болады.

Үнгіленетін қабаттар санына байланысты:

- оржолды кемердің бүкіл биіктігіне үнгілеу;
- оржолды биіктігі бойынша бірнеше қабаттарға бөліп үнгілеу.

Оржолдарды үнгілеген кезде кенжарлар дұмдік және бүйірлік боялып бөлінеді.

Жыныстарды тасымалдау түріне байланысты оржолдарды үнгілеу тәсілдері:

- теміржол көлігіне тиесін арқылы үнгілеу;
- автомобиль көлігіне тиесін арқылы үнгілеу;

- жынысты құрамды тасымалдау сияқты негізгі топтарға бөлінеді.


Тиеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша экскаваторлармен төменге тиеу, жоғарыға тиеу, кезекпен төменге және жоғарыға тиеу арқылы оржолдарды үнгілеуге болады.

4.3. Жартылай оржолды механикалық күрекпен үнгілеу

Ашық кен жұмыстары тәжірибесінде оржолдарды (жартылай оржолдарды) тау беткейлерінде үнгілеу кезінде механикалық күректер жиі қолданылады. Экскаватор қазып алған жынысты тау беткейіне үйеді. Бұл кезде келесі шарттар орындалуы керек (4.7, a-сурет):

$$R_p \geq b - R_q + H_1 \operatorname{ctg} \beta, \quad H_p \geq H_1, \quad (4.17)$$

Мұндағы, R_p – экскаватордың түсіру радиусы, м; H_p – экскаватордың түсіру биіктігі, м; β - үйіндінің қиябет бұрышы, градус; R_q – экскаватордың тұру деңгейіндегі көсу радиусы, м; b – оржол табанының ені, м; H_1 – үйінді үймесінің экскаватордың тұру деңгейінен жоғары биіктігі, м.



4.7-сурет. Жартылай оржолды үнгілеу сұлбасы

Геометриялық сызбадан H шамасын табуға болады, қосу коэффициентін ескеріп үйінді қимасының ауданын оржол қимасының ауданына теңестіріп, келесі формууланы аламыз:

$$H_1 = b \sqrt{k_p C_2}, \quad (4.18)$$

мұндағы,

$$C_2 = \frac{\operatorname{ctg} \gamma - \operatorname{ctg} \beta}{2 \operatorname{ctg} \beta (\operatorname{ctg} \gamma + \operatorname{ctg} \alpha) (\operatorname{ctg} \gamma + \operatorname{ctg} \beta)}, \quad (4.19)$$

мұндағы, K_p – жыныстың қосыу коэффициенті; α – оржол жағдауының қиябет бұрышы; γ – тау беткейінің қиябет бұрышы.

Жайпақ беткейлерде қазып алғынған жыныстарды оржол табанын кеңейту үшін қолдануға болады және мұнда жұмыс көлемі де азаяды. Тек оржол табанының борпылдақ бөлігінің орнықтылығын тексеру керек. Бұл жағдайда массивте жүргізілетін оржол ені (1.24, ə-сурет) келесі формуламен анықталады:

$$x = \frac{b}{1 + C_3}, \quad (4.20)$$

мұндағы, $C_3 = \sqrt{\frac{K'_p \sin \alpha \sin(\beta - \gamma)}{\sin \beta \sin(\alpha - \gamma)}}.$ (4.21)

4.4. Оржолдарды драглайндармен үңгілеу

Бұл тәсіл жартасты және жартасты емес жыныстарда қолданылады және қолданылатын жабдыққа байланысты бірнеше нұсқада болады.

Тәсілдің жалпы сипаты: оржол бірден барлық жобалық қимасына үңгіленеді; жыныстарды экскаватормен кемердің жоғары алаңына оржол бойымен бір жағына немесе екі жағына қоймалайды.

Бұл тәсілде оржолды үңгілеу үшін драглайндарды қолданады (4.8-сурет). Драглайн кемердің жоғары алаңында орналасады және оржол осімен жылжып, тұру деңгейінен төмен жатқан жыныстарды қазып, оржол бүйіріне қоймалайды. Үңгілеу параметрлерін есептей үшін жыныстарды үйіндіге орналастыру мүмкіндігін анықтаудың жазық есебін шешу негізінде экскаватор мен оржол өлшемдерінің сәйкестігі тексеріледі:

$$S_o = k_p S_T, \quad (4.22)$$

мұндағы, S_o – үйіндінің көлденең қимасының ауданы, m^2 ; K_p – жыныстың қосыу коэффициенті; S_T – оржолдың көлденең қимасының ауданы, m^2 .

Графиктер түрғызу арқылы геометриялық талдау жасалып, экскаватордың қажетті өлшемдері анықталады. Бұл есеп аналитикалық тәсілмен де шығарылады.

Егер драглайн немесе механикалық күрек трапеция пішінді оржол осімен орналасып, жыныстарды оржолдың екі жағына қоймалаған жағдайда, келесі шарт сақталуы керек.


$$R_p \geq \frac{b}{2} + c + h \operatorname{ctg}\alpha + H_o \operatorname{ctg}\beta, \quad (4.23)$$

$$H_p \geq H_o.$$

Үйінді биіктігі

$$H_o = \sqrt{\frac{k_p h}{2 \operatorname{ctg}\beta} (b + h \operatorname{ctg}\alpha)}, \quad (4.24)$$

мұндағы, h – оржол терендігі, м; b – оржолдың табанының ені, м; c – оржолдың жоғарғы жиегінен үйіндінің төменгі жиегіне дейінгі қашықтық, м; a – оржол жағдауының қиябет бұрышы, градус; β –



4.8-сурет. Оржолды драглайнмен үзгілеу

үйіндінің қиябет бұрышы, градус; H_o – үйінді биіктігі, м.

Егер драглайн оржол осімен жүрмеген кезде және жыныстарды бір жаққа қоймалаған жағдайда (4.8-сурет):

$$R_p \geq m + H_o \operatorname{ctg}\beta, \quad (4.25)$$

$$H_o = \sqrt{\frac{k_p}{\operatorname{ctg}\beta} S_t}, \quad (4.26)$$

мұндағы, m – экскаватор осінен үйіндінің төменгі жиегіне дейінгі қашықтық, м.

Бұл тәсілде үйінділерді оржол жиегінен алыс орналастыру кепрек. Оржолды бүйірлік кенжарлармен үнгілеген кезде драглайндары не көшімшіті экскаваторларды қолданады. Драглайн оржол нұсқасынан тыс кемер төбесімен жылжиды және қазып алған жыныстарды өзінің артына үйеді. Экскаватордың жұмыс өлшемдері мен оржол өлшемдерінің сәйкестігін графиктер салу арқылы салыстырады. Бұл кезде келесі шарт сақталуы керек:

$$R_q \geq b_0 + m \quad (4.27) \quad R \geq \frac{K_p S_T}{H_0} - (m - c); \quad (4.28) \quad H_p > H_0, \quad (4.28)$$


мұндағы, R_q – экскаватордың ен үлкен көсу радиусы, м; m – экскаватор осінен оржолдың жоғарғы жиегіне дейінгі қашықтық, м; c – үйіндінің төменгі жиегінен оржолдың жоғарғы жиегіне дейінгі қашықтық, м; b – оржолдың төбесі бойынша ені, м.

Көрсетілген шарттар оржолды көшімшіті экскаваторлармен үнгілеуде де қолданылады.

Егер қазып алынған жыныстарды бірден үйіндіге үймелуе мүмкін болмаса, онда оржол бірнеше енбелермен қазылады. Үйіндідегі жыныстарды оржолдан алысырақ жерге қайта аударып үйеді. Мұнда тау-кен техникалық жағдайларға байланысты әртүрлі экскавациялау сұлбалары қолданылады. Қайта экскавацияланатын жыныс көлемі үнгілеу сұлбаларының графиктерін түрғызу және қажетті есептеулер арқылы анықталады.

Мысал ретінде 4.9-суретте келтірілген драглайнды қолданып оржолды үш енбемен үнгілеу сұлбасын қарастырамыз. Драглайн бірінші жүрісінде бірінші енбедегі жыныстарды қазып 1, оны оржолдың бүйір жағына 1' қоймалайды.

Драглайн кері жүрісінде үйінді төбесімен қозғалып, үйінділенген жыныстарды оржолдан алысырақ 1₀ жерге қайта аударып үйеді. Тек 1''» үшбұрышындағы жыныстар қайта аударылмайды (4.9, а - сурет). Екінші жүрісінде 2 енбедегі жыныстарды қазып алады және жыныстарды 2' участкеге қоймалайды. Кері жүрісінде екінші енбе жыныстарын 2 участкеге қайта аударып үйеді (4.9, ә-сурет). Ушінші жүрісінде 3 енбедегі жыныстарды қазып алғып, оларды 3₀ участке-ге үйеді. Бұл жыныстар сол участкеде қалады (4.9, б - сурет). Егер



4.9-сурет. Жыныстарды қайта экскавациялау арқылы оржолды үңгілеу

үйінділердің аудандары S_1 , S_2 , S_3 , ал 1" үшбұрышының ауданы S'' тең болса, онда оржолды үңгілеу кезіндегі қайта экскавациялау коэффициенті:

$$n = \frac{(S_1 - S'_0) + S_2}{K_p S_T}. \quad (4.30)$$

Оржолды бір экскаватормен үңгілеудің орташа жылдамдығы:

$$v_t = \frac{\Pi_3}{S_t(1 + \mu n)}, \quad (4.31)$$

мұндағы, S_t – оржолдың көлденең қимасының ауданы, m^2 ; Π_3 – жыныстарды массивтен қазып алатын экскаватордың өнімділігі, $m^3/\text{ай}$; n – қайта экскавациялау коэффициенті; μ – коэффициент:

$$\mu = \frac{\Pi_3}{\Pi_{3,n}}; \quad (4.32)$$

$\Pi_{3,n}$ – экскаватордың қайта аударып төгу кезіндегі өнімділігі, $m^3/\text{ай}$.

Кейбір жағдайларда, жұмысқ җыныстарда кірме оржолдарды үңгілеу кезінде үйінділерді оржолдың екі жағдауына да үймелеге болады. Үйінді параметрлерін есептеу үйіндіні біржақты орналастыру кезіндегідей болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Механикалық күректерді қолданып тау беткейлерінде оржолды көліксіз сұлбамен үңгілеудің ерекшеліктері қандай?
2. Драглайндармен жыныстарды оржол жағдаяуна үйінділеу арқылы оржолды көліксіз сұлбамен үңгілеудің ерекшеліктері қандай?
3. Драглайндармен жыныстарды қайта экскавациялау арқылы оржолдарды көліксіз сұлбамен үңгілеудің ерекшеліктері және олар қандай жағдайларда қолданылады?
4. Оржолды үңгілеу сұлбасын геометриялық талдау нәтижесінде экскаватор мен оржол кенжарының параметрлерін анықтау, олардың өзара байланысын талдау тәсілдерін сипаттаңыз.
5. Оржолды үңгілеу кезіндегі экскаватор және оржол кенжарының параметрлерін аналитикалық тәсілмен анықтау, олардың өзара байланысы неге негізделген?

4.5. Оржолды толық тереңдігі бойыниша дүмдік кенжармен үңгілеу

Көп жағдайларда оржолдарды үңгілеу кезінде жыныстарды кемер төбесінде оржол жиегіне орналастыру мүмкін емес, оларды алшақта орналасқан үйінділерге шығаруға тұра келеді. Сондықтан тәжірибеде экономикалық тиімділігі төмен болса да оржолдарды үңгілеудің көліктік тәсілдері қолданылады.

Оржолдарды механикалық күректермен теміржол не автомобиль көлігін қолданып, дүмдік кенжарлармен үңгілеу кең тараған. Оның екі нұсқасы қолданылады:

- төменге тиеу, оржол табанында тұрған экскаватор қазып алған жыныстарды оржол табанында орналасқан көлікке тиейді;
- жоғарыға тиеу, оржол табанында тұрған экскаватор қазып алған жыныстарды кемер төбесінде орналасқан көлікке тиейді.

Егер теміржол көлігін қолданып, оржолды жартасты жыныстарда үңгілесек, онда оржолды үңгілеу циклі: ұнғыны бұрғылау, ұнғыны оқтау және аттыру, экскавациялау, теміржол салу, екінші рет бұрғылап, ірі кесектерді аттыру сияқты операциялардан тұрады.

Оржолды үңгілеген кезде думпкарларға төменге тиеу үшін (4.10 - сурет) кенжардан 100-300 м қашықтықта арнайы тұйық салына-


ды. Ол тұйықтың ұзындығы составтағы думпкарлар санымен, ұзындығымен анықталады. Думпкарларға тиесі келесі ретпен жүргізіледі. Бос құрамды бірден кенжарға беріп, шеткі думпкарды тиейді. Содан соң, локомотив жыныс тиелген думпкарды шығарып бос тұйыққа кіргізіп, сонда қалдырады. Қалған бос думпкарларды кенжарға қайта береді және тағы да шеткі думпкар тиеледі. Құрам толық тиелгенше осы әрекеттер қайталаңады. Жұқ тиелген құрам оржолдан ауыстыру бекетіне (разъезд) шығарылады және кенжарға жаңа бос құрам беріледі.

Тұйықты жаңа жерге ауыстырған кезде онда бастапқыда думпкарлардың жартысы орналасуы керек. Бұл жағдайда құрамның бірінші бөлігіндегі вагондарды тиесі және шығару жұмыстары қалыпты тәртіппен жүргізіледі. Құрамның екінші бөлігінің бірінші вагонын (алты думпкарлы құрамда – тәртінші думпкар) тиесуге беру үшін локомотив барлық бос думпкарларды (үш думпкар) кенжарда қалдырады және қосымша тұйықтан тиелген үш думпкарды алып, құрам басына, ал бос думпкарларды соңына қояды. Бұл кезде экскаватор тәртінші думпкарды тиейді. Оны локомотив қосымша тұйыққа қояды да, өзінде үш тиелген және екі бос думпкарларды қалдырады. Қалған екі вагонды тиесі және шығару қалыпты тәртіппен жүргізіледі.

Бұл жағдайда жұмыс толығымен поезд бригадасына және кенжардан тұйыққа дейінгі қашықтыққа байланысты. Тиелген құрам ауыстыру бекетіне жылжиды, ал оның орнына бос құрам беріледі. Жұмысты дәл осылай ұйымдастыру кезінде бір құрамды тиесі кезіндегі ең аз тоқтап тұру уақыты:

$$t_0 = nt_{\pi} + \frac{2n}{v_1} (l_1 + l_T - l_c) + \frac{l_2}{v_2} + \frac{l_1 + l_2 - l_c}{v_3} + \tau, \quad (4.33)$$

мұндағы, n – құрамдағы думпкарлар саны; t_{π} – бір думпкарды



4.10-сурет. Оржолды теміржол колігіне төмениге тиесі арқылы үзгілеу

жалғау және босату уақыты, мин, (әдетте, $t_n = 1,0 \div 1,5$ мин); l_1 – қосымша тұйықтан кенжарға дейінгі жол ұзындығы, м (карьерлерде $l_1 = 150 \div 200$ м); l_t – қосымша тұйық ұзындығы, м; l_c – құрам ұзындығы, м; v_1 – думпкарларды ауыстыру кезіндегі құрамның жүру жылдамдығы, м/мин; l_2 – қосымша тұйықтан поездар ауысатын бекетке дейінгі қашықтық, м; v_3 – бос құрамның жүру жылдамдығы, м/мин; t – теміржол байланысына кететін уақыт, мин; v_2 – жүк тиелген поездың жүру жылдамдығы, м/мин.

Бір құрамды тиеу кезіндегі экскаватордың жұмыс уақыты:

$$t_p = nt_3, \quad (4.34)$$

мұндағы, t_3 – бір думпкарды тиеу уақыты, мин.

Экскаваторды уақыт бойынша пайдаланудың жалпы коэффициенті:

$$\eta = \frac{\eta_3}{1 - \frac{Q_{T,K} t_0}{nq}}, \quad (4.35)$$

мұндағы, h_3 – экскаваторды уақыт бойынша пайдалану коэффициенті (ауысымды тапсыру және қабылдау, тексеру, т.б. кезіндегі тоқтап тұруды ескергенде) $h_3 = 0,9$; $Q_{T,K}$ – экскаватордың техникалық өнімділігі, т/сағат; n – құрамдағы вагон саны; q – бір вагонның жүккөтергіштігі, т.

Бос құрам келгенше экскаватор кенжардан қашықтау жерде бос жыныс үйілмін жасайды. Маневрлер уақытын азайту үшін кейде екі думпкарды бірден тиейді: біріншісін тікелей кенжардан тиейді, ал екіншісін тиеу үшін экскаватор кенжардан 5-6м-ге жылжиды және дайындалған конустан тиейді. Бұл сұлбада құрамды тиеу уақыты азаяды, бірақ экскаватордың жұмысы қынрайдайды. Себебі 50% жынысты аударып төгу қажет, ал экскаватордың екі қайтара ауысуы оның жүріс бөлшектерінің тез тозуына алып келеді.

Оржолдық кенжарда екі экскаваторды бірге қолданған кезде жақсы нәтижелерге жетуге болады. Оржолды екі экскаватормен үнгілеу тәсілін алғаш рет Баженов асбест карьеерлерінде қолданған.

НКГОК карьеерлерінде +20 м деңгейжеңінде тілме оржол екі экскаватормен жүргізілген (4.11-сурет).

Бос құраммен жеткілікті қамтамасыз етілген кезде бұл

сұлбаның оржолдарды үнгілеу жылдамдығын арттыру резервтері көп. Маневрлік операциялардың екі есе қысқаруы экскаваторлар өнімділігін арттырады.

Екі экскаватор бірге жұмыс істеген кезде (*4.11-сурет*) тиесу түйігінің ең үлкен пайдалы ұзындығы:

$$L = A + R_{q.m} + R_{p.m} + b, \quad (4.36)$$

мұндағы,

$$A = \sqrt{R_{p.m}^2 - (R_q - a)^2}, \quad (4.37) \quad b = \sqrt{R_q^2 - (R_q - a)^2}, \quad (4.38)$$

$R_{q.m}$ – экскаватордың ең жоғары көсу радиусы, м; $R_{p.m}$ – экскаватордың ең жоғары түсіру радиусы, м; R_q – экскаватордың көсу радиусы (әдетте, $R_q = 0,8R_{q.m}$); b – оржол ені, м; a – теміржол осінен оржолдың төменгі жиегіне дейінгі қашықтық, м.

Бір мезетте тиелетін думпкарлар саны:

$$n_0 = \frac{L}{l_d}, \quad (4.39)$$

мұндағы, l_d – думпкар ұзындығы, м.

ЭКГ-4 экскаваторларын қолданған кезде бір мезетте үш думпкарды тиесуге болады.


Экскаватордың бос думпкарды құту уақыты:

$$t_0 = \frac{n}{n_0} t_n + \frac{2n}{n_0 v_1} (l_1 + l_T - l_c) + \frac{l_2}{v_2} + \frac{l_1 + l_2 - l_c}{v_3} + \tau_1, \quad (4.40)$$


Осы тәсілмен оржолды үнгілеу жылдамдығымен кемер биіктігінің байланысы *4.12-суретте* көрсетілген. Қос экскаватормен үнгілеу жылдамдығы бір экскаватормен салыстырғанда 1,5-1,6 есе артады.

Кейбір карьерлерде экскаваторлар өнімділігін арттыру үшін екі тиесу жолын салады, ол бір думпкарды ауыстыру кезінде екінші жолдағы басқа думпкарды тиесуге мүмкіндік берді. Мұндан тәсілде кенжар тарлық қылады, ал ірі кесектер көп болғанда бұл тәсілді қолдану мүмкін емес.

Оржолды үнгілеу процесінде төменге тиесу кезінде экскаватор өнімділігі фронттан тиесуге қарағанда төмен. Көптеген тәжірибелік мәліметтер өнімділіктің 25-35% төмендеуін көрсетеді, яғни теміржол көлігін қолданған кездегі есептеулер үшін:



4.11-сүрет. Оржолды еki экскаватормен үңгілеу



4.12-сүрет. Оржолды eki экскаватормен үңгілеу жылдамдығымен кемер биіктігінің байланысы

$$Q_T = 0,7Q \quad (4.41)$$

мұндағы, Q_T – оржолдық экскаватор өнімділігі, $\text{m}^3/\text{ауысым}$; Q – фронттық кенжардағы экскаватор өнімділігі, $\text{m}^3/\text{ауысым}$.

Автокөлікті қолданған кезде оржолдық экскаватордың өнімділігі 10-15% азаяды. Оржолды төменге тиейтін механикалық күрекпен тұтас кенжармен үңгілеу тәсілінің негізгі артықшылықтары:

- оржолдың үңгіленген участкесінде тазарту жұмыстарын жүргізуге болады;
 - жұмыс параметрлері қалыпты механикалық күректер қолданылады;
 - оржолдар алаңдарын дайындалған жағдайда, жоғарғы деңгейжиекті игере отырып, оржолды участкелермен үңгілеуге болады.
- Бұл тәсілдің кемшіліктері:
- экскаватор өнімділігі төмен және оны уақыт бойынша қолдану коэффициенті аз;
 - тиев кезінде құрамды қайта тарату қажет.

4.5.1. Оржолды жоғарыга тиев арқылы үңгілеу

Жоғарғы деңгейжиектерде орналасқан вагондарды тиейтін жұмыс құралы ұзартылған экскаваторларды қолданып, оржолды жоғарыға тиев арқылы үңгілеуге болады.

Бұл тәсілде күрамды тиесінде уақыты азаяды, себебі күрамды үздіксіз бірден тиесінде болады. Экскаватордың және күрамның әртүрлі биектікте орналасуы тиесінде жағдайын нашарлатады. Машинист шөмішінен жынысты думпкарға түсіру процесін бақылай алмайды. Бұл кезде шөміштің түсіру операциясын басқаратын жұмысшы – бақылаушы қажет. Сондықтан оржолды үнгілеудің үлкен тәсілін көп қолданбайды.

Жоғарыға тиесінде арқылы үнгіленетін оржол тереңдігі:

$$h = H_p - (l + d), \quad (4.42)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, H_p – экскаватордың ең жоғары түсіру биектігі, м; l – думпкар шанағының жоғары жиегінің жерден биектігі, м; d – думпкар шанағының жоғары жиегі мен шөміштің ашық түбі арасындағы қашықтық ($d = 0,3 \div 0,5$ м).

Жартасты жыныстарда оржол табанының экскаваторға қажет ең аз ені:

$$b_{\min} = 2(R_k + m), \quad (4.43)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, R_k – шанақтың айналу радиусы, м; m – шанақ пен оржол жағдауының арасындағы қашықтық, м ($m = 0,4 \div 0,5$ м).

Жоғарыға тиесінде арқылы оржолды үнгілейтін экскаватордың түсіру радиусы:

$$R_p \geq a + h \operatorname{ctg} \alpha + r, \quad (4.44)$$

шартын қанағаттандыруы керек.

Мұндағы, a – кемердің қиябет бұрышы, градус; r – жол осінен қондырғының жоғарғы жиегіне дейінгі қашықтық ($r = 1,5 \div 2$ м).

4.5.2. Бос жыныстарды автокөліктеге тиесінде арқылы оржолдарды үнгілеу

Қажетті көлік құралдары болған кезде тілме оржолдарды үнгілеуде автокөліктеге қолданылады. Бұл кезде экскаваторды пайдалану жағдайлары жақсарады, жұмысты ұйымдастыру жеңілдейді.


Тілме оржолдарды үнгілеуде автоказалардың қолданған кезде: жол жұмыстарының көлемі азаяды; бос думпкардың жоқтығынан тоқтап тұру уақыты қысқарады; автоөзітүсіргіштердің колайлары орналастыру нәтижесінде экскаваторды пайдалану параметрлері артады.

Автоөзітүсіргіштердің сақиналы сұлба (4.13, ə-сурет) бойынша қозғалысы кезінде оржол ені:


$$b_{min} = 2(R_c + 0.5b_c + m), \quad (4.45)$$

формуласымен анықталады

Мұндағы, R_c – автоөзітүсіргіштің ең аз бұрылу радиусы, м; b_c – автоөзітүсіргіш шанағының ені, м.



4.13-сурет. Автоөзітүсіргіштерге төменге тиесінде арқылы оржолды үнгілеу: a – тұйық; ə – сақиналы



4.14-сурет. Оржолды үнгілеу жылдамдығы мен (автоөзітүсіргіштердің тұйық сұлбамен бұрылуы кезінде) кемер бишкітігінің байланысы

Автоөзітүсіргіштердің тұйық сұлбамен (4.13, a-сурет) бұрылуы кезіндегі оржолдың ең аз ені:

$$b_{min} = R_c + 0.5b_c + m + l_c, \quad (4.46)$$

мұндағы, l_c – автоөзітүсіргіштің алдыңғы донғалағынан шанақ жиегіне дейінгі ұзындығы, м.

Кенжарға автоөзітүсіргіштердің жіберудің қажетті жиілігін

қамтамасыз ететін белгілі бір интервалмен алаңдар жасау арқылы оржол енін қысқартуға болады.


Оржолды үнгілеу жылдамдығы мен кемер биіктігінің байланысы 4.14-суретте көлтірілген.

4.6. Оржолды дұмдік (торцевым) кенжарлармен қабаттап үнгілеу

Оржолды үнгілеу жылдамдығын арттыру үшін біраз карьерлерде аттырылған жыныстарды қабаттап қазып алады (4.15-сурет). Бұл тәсіл алғаш рет Магнитогорск карьерінде, кейінірек Уралдың асбест карьерлерінде қолданылған.

Оржол қимасы терендігі бойынша қабаттарға бөлінеді. Қабат қалыңдығы экскаватордың түсіру биіктігіне және көлік құралдарына байланысты. Әрбір қабат оржолдың аттырылған участкесінің бүкіл ұзындығына экскаватордың бір жүрісімен қазылып алынады.

Оржол қимасын бөлетін қабаттар саны:



4.15-сурет. Оржолды қабаттап үнгілеу сұлбасы

$$n \geq \frac{h}{H_p - h_D - g} \quad (4.47)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, H – экскаватордың ең жоғары түсіру биіктігі, м; h_D – думпкар биіктігі, м.

Сонымен қатар, қабаттар саны жол еністігі мен аттырылған участке ұзындығына байланысты:

$$n \geq \frac{L_{B,3} i}{H_p - h_D - g} \quad (4.48)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, $L_{B,3}$ – оржолдың аттырылған участкесінің ұзындығы, м; i – теміржол көлігін қолданған кездегі оржол еністігі ($i = 0,030$).

Тілме оржолды бүкіл тереңдігі бойынша қабаттап ұнгілеу тәсілі сирек кездеседі. Мұның себебі оржолдың аттырылған участкесінің ұзындығы жеткіліксіз болады. Жоғарғы деңгейжиектердегі аландардың өлшемдері шектеулі болғандықтан ұзындығы 500-700 м блоктарды аттыруға мүмкіндік жоқ. Ал ұзындығы 100-150 м блоктарды аттыру кезінде қабаттап ұнгілеу үшін келесі жарылыстарды күту керек.

Көп жағдайларда аттырылған қабаттың жоғарғы бөлігін қабаттап (2-3 қабат), ал төменгі бөлігін түйық кенжармен ұнгілейді.

Оржолдарды құрамды тәсілмен ұнгілеудің екі нұсқасы қолданылады:


- аттырылған қазындының жоғарғы бөлігін қабаттап, ал қалған қазындыны түйық кенжармен ұнгілеп, думпкарларға тиейді;
- жоғарғы бөлігін қабаттап ұнгілеп думпкарларға тиейді, ал төменгі бөлігін-түйық кенжармен ұнгілеп автоөзітүсіргіштерге тиейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жыныстарды төменге теміржол көлігіне тиесінде арқылы оржолды ұнгілеу тәсілінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
2. Жыныстарды жогарыға теміржол көлігіне тиесінде арқылы оржолды ұнгілеу тәсілінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
3. Жыныстарды автомобиль көлігіне тиесінде арқылы оржолды ұнгілеу тәсілінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.
4. Оржолды қабаттап ұнгілеу тәсілін қай кезде қолданады және оның ерекшеліктері қандай?
5. Оржолдарды кең жолмен ұнгілеу тәсілін қай кезде қолданады және оның ерекшеліктері қандай?

4.7. Үздіксіз қозғалысты кешендерді қолданып, оржолдарды үңгілеу

Үздіксіз қозғалысты техниканы қолдануға жобаланған карьерді салу кезінде құрделі және тілме оржолдарды жүргізу үшін тау-кен құрделі жұмыстарының біршама көлемі (20-50 млн. м³) және одан да көп орындалады. Бұл жұмыстар циклді немесе үздіксіз қозғалысты машиналармен атқарылады.



4.16-сурет. Құрделі оржолды роторлы экскаватормен үңгілеу сұлбасы:

а – таспалы конвейерге тиегарылыш; 1 – роторлы экскаватор; 2 – өткізгіш конвейер; 3 – жинақталатын кенжарлық конвейер; 4 – жинақталған кенжарлық конвейер; 5 – рельстің жолы; ә – теміржол көлігіне тиегарылыш

Оржолды роторлы экскаватормен үңгілеу, бос жыныстарын үйіндіге таспалы конвейерлермен немесе теміржол көлігімен тасымалдау сұлбасының мысалы 4.16, б-суретте келтірілген.

Экскаваторды тиімді пайдалану үшін рельстік жүрісті өткізгіш конвейерді кенжарлық конвейерге параллель орнастырады және кенжар жылжыған сайын рельстік жолмен жылжытып отырады. Бос жыныс өткізгіш конвейерден кенжарлық кривейерге көлбек наударылыш беріледі. Рельстік жол кенжар жылжыған сайын бөлшектеліп, кенжар жағынан ұзартылады.

Роторлы экскава-


тор және үйіндісалғыштан құрылған кешенді қолданып оржолды үнгілеу кезіндегі күрделі оржолдың ені:

$$B_{KT} = b_{PK} + B_o + b_{OK} \quad (4.49)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, b_{PK} – оржол жағдауының төменгі жиегі мен жұру кондырығысының сыртқы жағына дейінгі қашықтық; b_{OK} – дәл сол сияқты, үйінділік консоль жағынан; B_o – үйіндісалғыштың қадам ені.

ЭРГ-1600 роторлы экскаваторымен үнгілеу және бос жыныстарды таспалы конвейерге тиесінде күрделі оржолдың ені аз ені 51 м-ге тең.



4.17-сурет. Күрдегі оржолдың табаны бойынша енін анықтау сұлбасы:


1 – үйіндісалғыш осі; 2 – үйінділік консоль; 3 – қабылдау консолі, δ' – үйіндісалғыштың айналу осі мен қабылдау консолінің айналу осі арасындағы арақашықтық; G – қабылдау консолінің ұзындығы, м; γ' – қабылдау консолінің бұрылу бұрышы, град; ϵ' – үйіндісалғыштың қабылдау консолі мен оржол жағдауының арасындағы қауіпсіз арақашықтық; h' – үйіндісалғыштың қабылдау консолі мен оның түрү деңгейіне дейінгі ең үлкен қашықтық, м; α – оржол жағдауының қиябет бұрышы, град; r – үйіндісалғыштың айналу осі мен оның үйінділік консолінің айналу осі арасындағы арақашықтық; d – үйінділік консоль осі мен оржол жағдауының жоғары жиегіне дейінгі қашықтық, м; H – оржол тереңдігі, м; h'' – үйіндісалғыштың үйінділік консолін бекіту буйкілігі, м.

Үздіксіз қозғалысты жабдықтармен оржолдарды үңгілеудің келесі технологиялық тәсілдері бар: көліктік-үйінділік; құрделіленген көліктік-үйінділік; көліктік; құрамды. Әрбір тәсілде тау-кен көліктік жабдықтардың орналасуымен, жұмысты жүргізу тәсілімен (көлденең немесе бойлық енбелермен), т.б. ерекшелінетін оржолды үңгілеудің бірнеше технологиялық сұлбасын көрсетуге болады.

Күрделі оржолды көліктік-үйінділік тәсілмен үңгілеген кезде қазылған жыныстар тікелей үйіндісалғыштармен оржол жағдауына орналастырылады. Негізгі қолданылу жағдайлары – жыныстарды оржол жағдауында орналастыру мүмкіндігі туады. Жұмыс процесінде үйіндісалғыштың үйінділік консолі оржол осіне қатысты қалыпты әрі бұрышпен де орналасады. Бұл тәсілдің ерекшелігі: үйіндісалғышты экскаватор соңынан жылжытып отыру керек, мұнда олардың айналу остері арасындағы арақашықтық қарсы салмақ (противовес) өлшемдерімен және қауіпсіз қашықтықпен шектеледі (4.18-сурет).

$$L_{\pi} = r_o + \delta + r_s \quad (4.50)$$

Мұндағы, r_o – үйіндісалғыштың қарсы салмағының айналу радиусы, м; r_s – экскаватордың айналу радиусы, м; d – қарсы салмақтар арасындағы қауіпсіз қашықтық, м.



4.18-сурет. Күрделі оржолды көліктік-үйінділік тәсілмен роторлы экскаваторды және үйіндісалғышты қолданып үңгілеу


Тілме оржолдарды күрделіленген көліктік-үйінділік тәсілмен үңгілеу сұлбасында қарапайым көліктік-үйінділік сұлбаға қарағанда қосымша жабдықты (үйіндісалғыштар, қайта тиегіштер) қолдану қарастырылған, ол оржолдың қазып алынатын көлемін арттыруға мүмкіндік береді (4.19-сурет).

Тілме оржолдың ақтық терендігі:

$$H_p = \frac{B_t + \sqrt{B_t^2 + \frac{4H_o}{k_p} \operatorname{ctg}\alpha \left[l - \frac{H}{2} (\operatorname{ctg}\beta - \operatorname{ctg}\gamma) \right]}}{2\operatorname{ctg}\alpha}, \quad (4.51)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, B_t – оржол табанының ені, м; H_o – үйінді биіктігі, м; а-оржолдың жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышы, град; k_p – үйіндідегі жыныстың қоспұ коэффициенті; l – үйінді қиябетінің



4.19-сурет. Тілме оржолдарды күрделіленген көліктік-үйінділік тәсілмен үңгілеу тәсілінің технологиялық сұлбасы:

1 – роторлы экскаватор; 2 – үйіндісалғыш; 3 – бункер-қайта тиегіш

салынуы, м; g – үйіндінің табиғи киябет бұрышы, град; b – үйінді киябетінің тұрақты бұрышы, град.

Тілме оржолды құрамды тәсілмен қабаттап үнгілеген кезде оржолдың жоғары қабатында көліктік-үйінділік тәсіл қолданылады. Бос жыныстар оржол жағдауына орналастырылады. Жыныстарды тасымалдау үшін конвейер, ал үйінділеу үшін ОШР-5000/95 үйіндісалғышын қолданады. Мұнда үнгіленетін оржолдың ең үлкен терендігі 40м құрайды.

Тілме оржолды екі кемермен үнгілеу кезінде жоғары кемерде ЭРГ-1600 $\frac{40}{10}$ 30 роторлы экскаваторын және ОШР-4500/180 үйіндісалғышын қолданады, оның көмегімен бос жыныстар оржол жағдауында орналасқан магистральді конвейерге тиеледі. Екінші кемерде ЭРГ-1600 $\frac{40}{10}$ 30 роторлы экскаватор және таспалы конвейерлер жүйесі қолданылады.

4.8. Оржолдарды үнгілеудің арнайы тәсілдері

Оржолдарды үнгілеудің арнайы тәсілдеріне бұрғылап-аттыру жұмыстарын қолданып (оржолдарды таулы аймақтарда үнгілеу кезінде жыныстарды лақтыру үшін аттыру), доңғалақты скреперлермен және гидромеханизация көмегімен үнгілеу тәсілдері жатады.

Оржолдарды доңғалақты скреперлермен үнгілеген кезде жұмсақ құрғатылған жыныстарда оржол тереңдігі 10-15 м болады және жыныстарды тасымалдау қашықтығы 300-500 м құрайды. Тартқыш агрегат ретінде тракторлар қолданылады. Тасымалдау қашықтығы 1000-1500 м болғанда жылдам пневмодоңғалақты тартқыштарды пайдаланады.

Аттыру арқылы оржолдарды үнгілеу тәсілдерін тау-кен құрылыштық жұмыстарын қарқыннату үшін қолданады. Бұл тәсілдің артықшылығы: тау-кен күрделі жұмыстарын жүргізу уақытының елеулі қысқаруы (экскаваторлық жұмыстармен салыстыранда оржолды үнгілеу уақыты 3-4 есе қысқарады); тау-кен жұмысшыларының жұмыс өнімділігі жоғары; аттыру жұмыстарын (шурфтар мен камералар бұрғылау) кез келген климаттық жағдайларда жүргізу мүмкіндігі. Кемшилігі: аттырылған 1м³ тау-кен қызындысының өзіндік құны жоғары; қажетті кескінді алу киындығы; аттырылған бүкіл жынысты оржолдың жұмыс жүргізілмейтін жағдауына

орналастыруға мүмкіндік жок; қауіпті аймақтарда үйлер мен ғимараттар орналасқан кезде аттыру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі жоқ.

Гидромеханизация көмегімен оржолдарды үңгілеу жақсы шайылатын жыныстар болғанда, су көлемі жеткілікті және электр энергиясы арзан болғанда тиімді. Бұл тәсіл бірқатар көмір кенорындағында оржолдарды үңгілеу кезінде ұтымды қолданылған. Біраз жағдайларда гидромеханизация көмегімен оржолдарды үңгілеу басқа тәсілдерге қарағанда, тиімді болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Үздіксіз қозғалысты кешендерді қолданып, оржолдарды қалай үңгілейді?*
- 2. Оржолдарды үңгілеудің қандай арнаіры тәсілдерін білесіз?*

2-ТАРАУ. КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРИ

5. КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СЫНЫПТАМАЛАРЫ

5.1. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесін туралы түсінік

«Кенорындарын ашық игеру жүйесі» түсінігінің көптеген анықтамалары бар. Соның ішінде көбірек белгілілеріне тоқтайық.

Мысалы, акад. Л. Д. Шевяков шахты алаңының қандай да бір жерінде қазып алу жұмыстарын бастау үшін сол орындарға кенорнын ашу мақсатында жүргізілген күрделі қазбалардан дайындық қазбаларын жүргізу керек екенін айқындайды. «Дайындық жұмыстары қазып алу жұмыстарының алдында жүргізілуі қажет және олармен тікелей байланыста болуы керек. Дайындық және қазып алу қазбаларын бір кеңістікте берілген мерзімде өзара байланысты жүргізу тәртібі кенорнын (немесе оның бір бөлігін) игеру жүйесі деп аталады».

Проф. Е. Ф. Шешко «кенорнын игеру жүйесі деп карьер алаңын жоспарлы түрде игеруді қамтамасыз ететін аршу, оржолдық және өндіру жұмыстар кешенін жүргізуің қауіпсіз және экономикалық ұтымды тәсілдерін түсінеді».

Акад. В. В. Ржевский «кенорнын игеру жүйесі деп карьер алаңы немесе оның учаскесінде ашық кен жұмыстарын жүргізу тәртібі мен кезегін түсінеді. Жалпы айтқанда кен жұмыстарына өндіру, аршу және тау-кен дайындық жұмыстары кіреді».

Акад. Н. В. Мельников: «игеру жүйесі дайындық және қазып алу жұмыстарын жүргізу кезегімен немесе бос жыныстарды үйіндіге тасымалдау тәсілімен және қолданылатын тау-кен көлік жабдықтар типімен анықталады» – деп көрсеткен.

«Игеру жүйесі» түсінігінің көлтірілген анықтамалары олардың мағыналары әртүрлі екенін және жалпы қабылданған «жүйе» деген түсінікке сәйкес келмейтінін көрсетеді. «Жүйе (грек тілінен *systema* – бөлшектерден құралған бүтін; косынды) – белгілі бір бүтіндікті, бірлестікті құрайтын өзара қарым-қатынаста, байланыста болатын элементтер жиынтығы. Жүйе түсінігінің қолданылу аймағы өте кең (кез келген объект жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін)

болғандықтан, оны толық түсіну мазмұн мен формальді түрі бір-біріне сәйкес анықтамалар тобын құруды қажет етеді. Тек осындай анықтамалар тобы шеңберінде ғана негізгі жүйелік принциптерді бөліп көрсетуге болады: олар бүтінділік, құрылымдылық, жүйе мен органның өзара байланыстылығы, иерархиялық, әрбір жүйені сипаттаудың көптігі және т.б.

Игеру жүйесінің анықтамасын көрсетілген жалпы талаптарға сәйкес келтіру үшін пайдалы қазбаларды қазып алууды «пайдалы қазба кенорындарын пайдалану» жүйесінің келесі төменгі деңгейдегі өзіндік жүйесі ретінде қарастыруға болады (5.1-сурет-ке қара). Аталған жүйелік принциптерді назарға ала отырып, және жоғарыда берілген пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен қазып алу анықтамасына сүйене отырып (1.1-тарау) ашық игеру жүйесінің келесі анықтамасын қалыптастыруға болады.

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі – бұл Жер қойнауын-дагы пайдалы қазбаларды қазып алуға арналған карьер алаңындағы жүргізілген дайындық, аршу және өндіру қазбаларының өзара байланысты және өзара тәуелді жиынтығы (5.1-сурет).



5.1-сурет. «Пайдалы қазбаларды игеру» жүйесінің құрылымы

Игеру жүйесінің элементтері: тілме оржолдар (қазаншұңқырлар), аршу және өндіру кемерлері кенорнын игеру жобасында қарастырылған ақтық (немесе орташа) жағдайына жеткенше әрдайым қозғалыстағы болады. Сондықтан игеру жүйесі де карьердің қозғалмалы, динамикалық объектісі болып табылады.

Игеру жүйесі түсінігінде тау-кен қазбаларының кеңістікте уақыт өткен сайын жүргізу кезегі мен тәртібін көрсетудің ешқандай қажеті жок, себебі олар автоматты түрде жүйе элементтерінің бір-біріне өзара тәуелділігімен қарастырылады.

Әдетте, кен жұмыстарының орындалу тәртібі мен кезегі де-ген ұфым кен жұмыстарының технологиясымен сыйайлас келеді.

Сондықтан осы ұғымды игеру жүйесі анықтамасынан алғып тастаса «игеру жүйесі» және «кен жұмыстарының технологиясы» түсініктерін ажыратуға өте жеңіл болады. Дайындық, аршу және өндіру қазбалары кен жұмыстары болғандықтан және кен жұмыстары тау-кен технологиясымен жүргізілетіндіктен, игеру жүйесі мен кен жұмыстарының технологиясы арасындағы айырмашылық айдан анық болып шығады.

Игеру жүйесіне жалпы кез келген жүйеге сай ұйымдастыру, құрылым, байланыс және іс атқару қасиеттері тән.

Ұйымдастыру жүйедегі элементтердің реттілігін және олардың өзара қатынасын сипаттайтын қасиеттер кешенін білдіреді. Мысалы, дайындық және қазып алу қазбалары карьер алаңында ретсіз орналаса алмайды. Олар жүйенің қалыпты түрде жұмыс атқаруын қамтамасыз ету үшін белгілі бір норматив бойынша орналасады. Әр ұйымдастыруға деңгейлер иерархиясы тән. Қарастырылып отырған жағдайда жүйе – бұл «пайдалы қазбаларды игеру жүйесі», ал оның элементтері: дайындық және қазып алу қазбалары, яғни тілме оржолдар (қазаншұңқырлар) мен жұмыс кемерлері.

Құрылым деп элементтер мен оларды бір бүтінге біріктіру тәсілдерінің жиынтығын айтады (бұл элементтер арасындағы механикалық байланыс). Пайдалы қазбаларды игеру жүйесінде бір жұмыс кемерлері мен жұмыс аландары қарастырылады. Барлық жұмыс және тұрақты кемерлердегі жұмыс аландары мен әртүрлі бермалардың өлшемдері жүйенің қалыпты түрде жұмыс атқаруы үшін белгіленген ен аз мәнінен кем болмауы керек.


Жалпы алғанда *байланыс* термині жеке элементтерді жүйеге біріктіру дегенді білдіреді. Байланыстар пішіні, мәні, мағынасы бойынша әр алуан. Әдетте, энергетикалық, ақпараттық және заттық байланыстарды атап көрсетеді. Біздің жағдайда жеке элементтерді (жұмыс кемерлері) – тау-кен қазбаларын игеру жүйесіне заттық байланыс, яғни әрбір жұмыс деңгейжиегінен (кемерден) қазып алынатын тау-кен қазындысының қолемі біріктіреді. Бұл байланыста тау жыныстарының ашылған, игеруге дайын қорлары жүйе қызметі процесінде өзгеріп отырады.

Кез келген жүйе белгілі бір іс атқарады – өзімен-өзі болады; басқа жүйенің қолдау аймағы болып табылады; жоғарғы деңгейдегі басқа жүйеге қызмет етеді және т.б. Пайдалы қазбаларды игеру жүйесі жер қойнауынан қажетті сападағы тау жыныстарының белгілі бір

көлем бір уақыт мерзімінде тұрақты қазып алуды қамтамасыз етуге арналған. Ол жоғары деңгейдегі жүйе «пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалануға» қызмет етеді және басқа жүйе кен жұмыстарының технологиясының қолданылу аймағы болып табылады.

Пайдалы қазбаларды игеру жүйесін басқа белгілі жүйелер сияқты жүйе құрылышы мен құрамын көрсететін құрылымды модель ретінде қарастыруға болады. Кен игеру жүйесінің құрылымды моделі 5.2-суретте көлтірілген. Мұнда 1, 2,..., N элементтер (жұмыс кемерлері) S игеру жүйесін құрайды, ол Q қоршаған ортаның (карьер аланы) құрамды бөлігі болып табылады. S жүйесінің ішінде 1, 2,..., T элементтері бар «тау-кен жұмыстарының технологиясы» жүйесі қызметтін атқарады.

Сонымен, жаңадан тұжырымдалған пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі ашық кен жұмыстары түсінігінің мәнін толық ашады, мұнда барлық жүйелік принциптер: бүтінділік, иерархиялық, құрылымдылық, жүйе мен ортаның өзара тәуелділігі сақталады. Ол жер қойнауынан пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен қазып алу кезіндегі дайындық, аршу және өндіру қазбаларының өзара байланысы мен өзара тәуелді жиынтығын сипаттайды. Яғни, берілген анықтама жалпыға бірдей қабылданған «жүйе» түсінігімен толық сәйкес келеді.



5.2-сурет. «Пайдалы қазбаларды игеру жүйесінің құрылымдық модель


5.2. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесін сыныптау принциптері

Ашық игеру жүйесінің сыныптамасы карьер алаңындағы дайындық, аршу және өндіру қазбаларының өзара байланысын сипаттайтын жүйенің жоғарыда көлтірілген қасиеттеріне негізделуі керек. Дайындық, аршу және өндіру қазбаларының карьер алаңының табан ауданы мен терендігіне сай өзгеріп отыру сипаты пайдалы қазба жатуының тау-кен геологиялық жағдайларымен және тұтынушыға қажетті сападағы пайдалы қазбаның қажетті көлемін жеткізу мәселелерімен анықталады. Бұл қазбаларда тау-

кен дайындық, аршу және өндіру жұмыстарын жүргізу тау-кен технологиясы арқылы іске асады. Егер игеру жүйесі өзара байланысты және өзара тәуелді тау-кен қазбаларының жиынтығы болса, онда технология – осы қазбалардың ішінде кен жұмыстарын жүргізу тәсілдерінің жиынтығы. Сонымен, тау-кен қазбалары игеру жүйесінің объектісі, ал кен жұмыстары – технология объектісі болып табылады. Бұл ерекшелік белгілер пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі мен ашық кен жұмыстарының технологиясы арасына нақты шектеу қояды. Жоғарыда келтірілген мәліметке сүйенсек, пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің сыныптамалық белгісі ретінде пайдалы қазбалардың тау-кен геологиялық жағдайларымен, кенорны типімен және өндіріс мұдделерімен анықталатын дайындық және қазып алу қазбаларының карьер алаңындағы орнының өзгеру сипатын қабылдауға болады.

Кездесетін тау-кен геологиялық және басқа жағдайларға байланысты аталған қазбалардың карьер алаңындағы орын ауыстыру сипаты әралуан болады. Мысалы, акад. В.В. Ржевский қалындығы 50 м-ге дейінгі жазық және жайпақ сілемдерді игеру кезінде тау-кен дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін аршу және өндіру жұмыстарының алғашқы шебі жасалғанын атап көрсетеді. Сонымен, барлық дайындық қазбалары іске қосылған соң кенорнын пайдалану кезеңінде биіктігі тұрақты жұмыс кемерлерінің қиябеті жайпақ параллельді немесе веерлі жылжып отырады (5.3, *a-сурет*).

Көлбеу, күрт және қуатты жайпақ сілемдерді игеру кезінде дайындық қазбалары карьерді салу кезінде де, сонымен қатар карьерді пайдалу кезінде де жүргізіледі. Жаңа денгейжиектерді ашу және дайындық қазбаларын жүргізу нәтижесінде жұмыс аймағында жаңа кемерлер пайда болады. Мұндай жағдайда дайындық қазбалары карьер терендігіне қарай тік түседі де, барлық жұмыс кемерлерінің қиябеттері жазық бағытта жылжиды (5.3, *ә-сурет*). Тау-кен қазбаларының нақты жылжымалы элементтері – дайындық қазбаларының түбі, қазып алу қазбаларының қиябеті. Жалпы берілген жағдайда тау-кен қазбаларының жиынтығы аралас (тік, жазық) жылжуда болады.



5.3-сурет. Тау-кен қазбаларының жылжусу сұлбалары:

a – терең емес жазық кенорындарында; ә – қалың көлбеу кенорындарында;
б және в – қалың жазық және көлбеу кенорындарында

Топографиялық және тау-кен геологиялық жағдайлары күрделі кенорындарын игеру кезінде бір карьер шегіндегі жеке кенорындарын пайдаланудың әртүрлі кезеңдерінде тау-кен қазбаларының қарастырылған екі түрі де қолданылуы мүмкін. Мысалы, аршыма жыныстары мен пайдалы қазбалардың жоғарғы бөлігі қазбалардың әрдайым тік, соナン соң жазық бағытта, ал төменгі бөлігі жазық бағытта (5.3, *б-сурет*); немесе кенорнының жоғарғы бөлігі қазбалардың жазық бағытта, ал төменгі бөлігі тік, соナン соң жазық бағытта жылжуы арқылы қазып алынады (5.3, *в-сурет*). Жалпы кенорнын бүл жағдайда пайдалану тау-кен қазбаларының тік және жазық бағыттарда жылжу үйлесімімен жүргізіледі.

Пайдалы қазбалардың тау-кен геологиялық жату жағдайлары бойынша карьер алаңындағы дайындық қазбалары тек тік бағытта, ал аршу және өндіру қазбалары тек жазық бағытта жылжып отырады. Аталған қазбалардың карьер аланындағы жиынтығы осы бағыттардың үйлесімі бойынша жылжып отырады.

Сонымен, қарастырылған дайындық, аршу және өндіру қазбаларының карьер алаңында жылжу түрлері олардың өзара байланысын, бірлігін сипаттайтын болғандықтан, олар пайдалы қазбалар кенорындарын ашық игеру жүйесінің сыныптамасының негізі ретінде қабылдануы әбден орынды.

Бақылау сұрақтары:

1. Жалпы жағдайда жүйе түсінігі қалай қалыптасады?
2. “Пайдалы қазбалар кенорындарын пайдалану” жүйесінің құрылымы.
3. “Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі” түсінігі қалай қалыптасады?
4. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесі сыныптамасының негізі ретінде қандай белгілер қабылданады?
5. Тау-кен қазбаларының карьер алаңындағы жылжыс сұлбалары қандай?

5.3. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің сыныптамасы

Ашық игеру жүйесінің көптеген сыныптамалары ұсынылған. Олардың ішінде әртүрлі негізге сүйенген келесі сыныптамалар көпкі белгілі. Кенжардың жылжу бағыты мен жұмыс шебінің конфигурациясына (пішініне) негізделген (А. П. Зотов, С. М. Шорохов, В. В. Ржевский, Г. В. Секисов, А. И. Арсентьев, және т.б.); аршу жұмыстарын жүргізу тәсіліне және жыныстарды қазып алу және тасымалдауды механикаландыруға негізделген (Е. Ф. Шешко, Н. В. Мельников, П. Э. Зурков және т.б.).

Олардың ішінде кеңінен тарағандары: проф. Е.Ф. Шешко, акад. Н.В. Мельников, акад. В. В. Ржевский және проф. А. И. Арсентьев сыныптамалары.

Проф. Е. Ф. Шешко игеру жүйесінің аршыма жыныстарды үйіндіге тасымалдауда бағытына негізделген сыныптамасын ұсынған. Бұл белгі бойынша игеру жүйесі келесі түрлерге бөлінеді (5.1-кесте):

A. Арияма жыныстарды үйіндіге көліксіз көлденең тасымалдайтын игеру жүйелері; бұлар көліксіз жүйелері деп те аталады.

B. Арияма жыныстарды үйіндіге көлік құралдармен бойлық тасымалдайтың игеру жүйелері; бұлар көлікті жүйелер деп те аталады.

C. Арияма жыныстарды үйіндіге көлденең және бойлық тасымалдайтын құрамды игеру жүйелері; бұл жүйелерде бір мезгілде көлікті және көліксіз жүйелердің белгілері болуы мүмкін.

**Ашық игеру жүйелерінің
сыныптамасы Е.Ф. Шешко бойынша**

А жүйелер тобы аршыма жыныстарды үйіндіге көліксіз көлденен тасымалдау	Ә жүйелер тобы аршыма жыныстарды үйіндіге көлік құралдарымен бойлық тасымалдау	Б жүйелер тобы құрамды
А-1 – аршыма жыныстарды тікелей аударып төгу А-2 – аршыма жыныстарды экскаватормен қайтара аударып төгу А-3 – кенжарлық үйінді-салғыштармен А-0 – аршу жұмыстарының көлемі аз, аршыма жыныстарды үйіндіге тасымалдау тәсілінің елеулі мәні жоқ	Ә-4 – аршыма жыныстарды кескіні қолайлы жолдар арқылы ішкі үйінділерге қыска қашықтыққа тасымалдау Ә-5 – аршыма жыныстарды кескіні қолайсыз жолдар арқылы сыртқы үйінділерге ұзақ қашықтыққа тасымалдау Ә-6 – аршыма жыныстарды жартылай ішкі және жартылай сыртқы үйінділерге тасымалдау	Б-7 – аршыма жыныстарды жартылай ішкі және жартылай сыртқы үйінділерге тасымалдау Б-8 – аршыма жыныстарды жартылай ішкі үйіндіге көліксіз тасымалдау

Акад. Н. В. Мельников аршу жұмыстарын жүргізу тәсіліне негізделген сыныптама ұсынған. Бұл сыныптама бойынша игеру жүйелері (5.2-кесте): көліксіз, көлікті-үйінділік, көлікті, арнайы және құрамды сияқты бес топқа бөлінген.

Көліксіз игеру жүйесі кезінде бос жыныстар кенжардан ішкі үйіндіге аршу экскаваторларымен тасымалданады.

Көлікті-үйінділік тобына бос жыныстар ішкі үйінділерге көлікті-үйінділік көпірлер және консольді үйіндісалғыштармен арқылы тасымалданатын игеру жүйелері кіреді.

Көлікті топқа бос жыныстар үйіндіге көлік құралдарымен тасымалданатын игеру жүйелері кіреді. Бұл жүйелер көліксіз жүйелерге қараганда қурделі әрі қымбат, бірақ кенорнының әртүрлі жату жағдайларында қолдануға болады, сондықтан олар кең тараған.

Ашық игеру жүйелерінің сыйыптамасы
Н. В. Мельников бойынша

Игеру жүйесі	Аршыма бойынша негізгі технологиялық процесс	Үйінді салу	Жұмыстар шебінің табан ауданда даму бағыты	Жұмыс	Жұмыс шебі
Көліксіз	Қопсыту Қазып алу Үйіндісалу	Ішкі	Созылым бойынша біржакты Сондай, созылымға көлденен Сондай, аралас Созылым бойынша екіжакты Сондай, созылымға көлденен Сондай, аралас	Тұракты Айны-малы	Bіреулік
Көлікті-	Ұсату Қазып алу Үйіндісалу	Ішкі	Созылым бойынша біржакты Сондай, созылымға көлденен Созылым бойынша екіжакты Сондай, созылымға көлденен Веерлі Аралас	Тұракты	
Көлікті	Қопсыту Тиесу Ұсату Тасымалдау Үйіндісалу		Созылым бойынша біржакты Сондай, созылымға көлденен Созылым бойынша екіжакты Сондай, созылымға көлденен Веерлі Аралас	Айны-малы	Өтпелі
Арнайы			Сондай	Tұракты Айны-малы	
	Игеру жүйесінің кез келген үйлесімі				

Арнаілы топқа бос жыныстар мұнаралық экскаваторлармен, донғалақты скреперлермен, бульдозерлермен, гидромеханизациялық тәсілмен немесе арқанды крандармен тасымалданатын игеру жүйелері кіреді.













Құрамды игеру жүйелері жабынды жыныстары қалың жазық және жайпақ сілемдерді қазып алу кезінде қолданылады.

Акад. В. В. Ржевскийдің сыныптамасы кен жұмыстарының карьер алаңында жүргізу тәртібі мен кезегіне негізделген (5.3-кесте, 5.4-сурет). Жазық және жайпақ сілемдерді қазып алу кезінде тау-кен дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін аршу және өндіру жұмыстарының бастапқы шебі жасалады; тау-кен дайындық жұмыстары карьерді қайта жаңғырту кезінде қайта басталады. Сонымен, жазық және жайпақ сілемдерді игеру жүйелері карьерді пайдалану кезеңінде тек аршу және өндіру жұмыстарын жүргізу тәртібімен және кезегімен, жұмыс шебінің ұзындығының немесе жеке кемерлер биіктігінің және жұмыс алаңдары өлшемдерінің өзгеруімен сипатталады. Мұндай игеру жүйелері *тұмас жүйелер* деп аталады.

a

		Үйіндінің орналасуы	
Топша индексі	Казбаның табан аудандағы бағыты	Ішкі	Сыртқы
СД	О		
	Д		

	О		
	Д		
	Ц		
	Р		
	Ц		
	П		<p>■ карьердің жұмыс аймағы —а→ аршыма жыныстарды тасымалдау бағыты —пк→ пайдалы қазбаны тасымалдау бағыты ■■■ аршыма жыныстар үйіндісі</p>

		Табан ауданында	Кескінде
УД	О		
	Д		
УП	О		
	Д		
УВ	Р		
	Ц		

☒ Пайдалы қазба

→ Жұмыс шебінің кескінде жылжу бағыты, жұмыс аймағының жылжу бағыты

5.4-сурет. Кенорындарын ашуық игеру жүйелерінің сұлбалары:
 а – тұтас; ә – тереңдейтін; о, д, ү, п және р – қазбаның табан ауданындағы бағыты сәйкесінше, біржасадаулы, екіжасадаулы, орталақ, шеңтік және бытыраган

Ашық игеру жүйелерінің сыныптамасы В.В.Ржевский бойынша

Топ	Жүйе тобы	Топша индексі	Топша	Жүйе	Игеру жүйесі
С	Тұтас	СД	Тұтас бойлық	СДО СДД	Тұтас бойлық біржағдаулы Сондай, екіжағдаулы
		СП	Тұтас көлденен	СПО СПД	Тұтас көлденен біржағдаулы Сондай, екіжағдаулы
		СВ	Тұтас веерлі	СВЦ СВР	Тұтас веерлі орталық Сондай, бытыраған
		СК	Тұтас сақиналды	СКЦ СКП	Тұтас сақиналды орталық Сондай, шеттік
У	Терен-дейтін	УД	Терендейтін бойлық	УДО УДД	Терендейтін бойлық біржағдаулы Сондай, екіжағдаулы
		УП	Терендейтін көлденен	УПО УПД	Терендейтін көлденен біржағдаулы Сондай, екіжағдаулы
		УВ	Терендейтін веерлі	УВР	Терендейтін веерлі бытыраған
		УК	Терендейтін сақиналды	УКЦ	Терендейтін сақиналды орталық
УС	Аралас (терен- дейтін- тұтас)	-	Сондай, әртүрлі үйлесімде		

Ескерту. Жүйе атауына «ішкі немесе сыртқы үйінділі» деген үғым қосылады.

Көлбеу және күрт сілемдерді қазып алу кезінде тау-кен дайындық жұмыстары карьерді салу кезеңінде және оны пайдалану кезеңінде аршу және өндіру жұмыстары шебін дайындау үшін жүргізіледі. Карьерді пайдалану кезеңінде тау-кен дайындық жұмыстарының құрамына жаңа жұмыс деңгейжиектерін ашу мен қазып алу жұмыстары кіреді.

Сонымен, көлбеу және құрт сілемдер кезіндегі игеру жүйесі аршу, өндіру және тау-кен дайындық жұмыстарын жүргізу тәртібімен сипатталады. Мұндай жүйелер *терендейтін жүйелер* деп аталады.

Таулы кенорындарын игеру кезінде бірінші топ жүйелері қолданылады. Тау беткейлері құрт және сілемнің құлау бұрышы құрт болғанда екінші топ жүйелері қолданылады. Топографиялық және тау-кен геологиялық жағдайлары құрделі кенорындарын игеру кезінде бір карьер шегінде бір мезгілде екі топтың да жүйелері қолданылуы мүмкін.

Тау-кен жұмыстары шебінің табан ауданда даму бағыты бойынша игеру жүйелері келесі түрлерге бөлінеді:

бойлық, мұнда аршу және өндіру жұмыстарының біржагдаулы немесе екі жағдаулы жұмыс шебі карьер алаңының ұзын осіне параллель жылжиды;

көлденең, мұнда аршу және өндіру жұмыстарының біржагдаулы немесе екі жағдаулы жұмыс шебі карьер алаңының қыска осіне параллель жылжиды;

веерлі, мұнда аршу және өндіру жұмыстарының шебі веер бойынша жылжиды, оның бұрылу бекеті орталықтандырылған немесе бытыраған болады;

сақиналы, мұнда жұмыс аймағы карьерді периметрі бойынша толық қамтиды және қазып алу жұмыстары карьер центрінен оның шекараасына қарай немесе керісінше жүргізіледі.

Сонымен, акад. В. В. Ржевский жүйенің 3 тобын: тұтас, терендейтін және аралас және 12 топшасын: тұтас бойлық, тұтас көлденең, тұтас веерлі, тұтас сақиналы, терендейтін бойлық, терендейтін көлденең, терендейтін веерлі, терендейтін сақиналы, аралас бойлық, аралас көлденең, аралас веерлі, аралас сақиналы және 18 игеру жүйесін: тұтас бойлық біржагдаулы, тұтас бойлық екіжағдаулы, тұтас көлденең біржагдаулы, тұтас көлденең екіжағдаулы, тұтас веерлі орталықтандырылған, тұтас веерлі тармақталған, тұтас сақиналы орталық, тұтас сақиналы шеттік, терендейтін бойлық біржагдаулы, терендейтін бойлық екіжағдаулы, терендейтін көлденең біржагдаулы, терендейтін көлденең екіжағдаулы, терендейтін веерлі тармақталған, терендейтін сақиналы орталық және с.с. (5.3-кесте) түрлерін бөліп көрсеткен.

Проф. А.И.Арсентьевтің кенорындарын ашық игеру жүйелерінің сыныптамасында сыныптамалық белгі ретінде-кен жұмыстарының

терендеу сипаты қаастырылған. Осы белгісі бойынша (*5.4-кесте*) екі игеру жүйесі көрсетілген: карьер терендейді және карьер теренdemейді, бірақ олар жүйе ретінде нақты белгіленбекен. Сонымен қатар, жүйенің келтірілген атаулары акад. В. В. Ржевскийдің тұтас және терендейтін игеру жүйелерінің атының синонимдері.

5.4-кесте

Ашық игеру жүйелерінің сыныптамасы

А. И. Арсентьев бойынша

Кемерлерді қазып алу	Тау-кен жұмыстары шебінің жылжу бағыты	Үйіндісалу орны мен сипаты	Кемерлер	Кенжарлар жайы
Карьер терендейді				
Енбелермен: бойлық көлденең диагональді сақиналы радиальді құрамды	Біржақты: параллельді веерлі Екіжақты: параллельді веерлі Көпжақты	Сыртқы үйінділер Ішкі үйінділер	Жазық Көлбеу	Құргак Су басқан
Карьер теренdemейді				
Енбелермен: бойлық көлденең диагональді сақиналы радиальді құрамды	Біржақты: параллельді веерлі Екіжақты: параллельді Көпжақты: көтермесі бойныша құлауы бойынша	Сыртқы үйінділер Ішкі үйінділер: Жыныстарды бір рет аударып төгу арқылы Жыныстарды көп рет аударып төгіп бойлық тасу	Жазық Көлбеу	Құргак Су басқан

Тау-кен ғылымы саласындағы ғұлама ғалымдардың пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің сыныптамаларын сараптап келе, жоғарыда келтірілген пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің жаңа анықтамасы (*5.1-болімде*) мен тау-кен қазбаларының карьер алаңында жылжу сұлбаларына (*5.3-сурет*) сүйене отырып, акад. Б. Р. Ракышев игеру жүйелерінің сыныптамасы дайындық, аршу және өндіру қазбаларының карьер алаңындағы жалпы жыл-

жу сипатына негізделген жөн дейді. Мұнда дайындық қазбалары жаңа деңгейжиектерді ашуға байланысты тек тік бағытта, ал аршыма және өндіру қазбалары тек жазық бағытта жылжитыны еске алынған. Жалпы жағдайда тау-кен қазбаларының жиынтығы жылжу бағыттарында әртүрлі үйлесімде жүргізілу мүмкін.

Осы қарастырылған дайындық, аршу және өндіру қазбаларының карьер алаңында жылжу сұлбалары бойынша жаңа сыйыптамада акад. Б. Р. Рақышев пайдалы қазбаларды ашық игерудің тек 3 жүйесін: тұтас, терендейтін және құрамды және 12 ішкі жүйесін бөліп көрсеткен (5.5-кесте).

5.5-кесте

Ашық игеру жүйелерінің сыйыптамасы Б.Р. Рақышев бойынша

Игеру жүйелері	Ішкі игеру жүйелері
Тұтас	Тұтас бойлық біржағдаулы немесе екіжағдаулы Тұтас көлденең біржағдаулы немесе екіжағдаулы Тұтас веерлі орталық немесе бытыраған Тұтас сақиналы орталық немесе шеттік
Терендейтін	Терендейтін бойлық біржағдаулы немесе екіжағдаулы Терендейтін көлденең біржағдаулы немесе екіжағдаулы Терендейтін веерлі бытыраған Терендейтін сақиналы орталық
Құрамды	Сондай, әртүрлі үйлесімде

Кенорның тұтас жүйемен игерген кезде дайындық қазбалары карьер пайдалануға берілген сәтте аршу және өндіру қазбаларына айналады. Сондықтан олар карьер алаңында тек жазық бағытта жылжиды.

Кенорның терендейтін жүйемен игерген уақытта карьер алаңында кезектегі жаңа деңгейжиек ашылғаннан кейін дайындық қазбалары тік бағытта, ал аршу және өндіру қазбалары жазық бағытта жылжиды.

Кенорның құрамды жүйемен игерген уақытта тау-кен қазбаларының жиынтығы карьер алаңында әртүрлі бағытта үйлесімді түрде жылжып отырады.

Тау-кен қазбаларының карьер нұсқасына және осіне қатысты жылжу сипаты бойынша акад. В. В. Ржевскийдің сыныптамасына сәйкес ашық игеру жүйелерін Б. Р. Рақышев (5.5-кестеге кара): тұтас бойлық біржағдаулы немесе екіжағдаулы, тұтас көлденен біржағдаулы немесе екіжағдаулы, тұтас веерлі орталықтандырылған немесе тармақталған, тұтас сақиналы орталық немесе шеттік, терендейтін бойлық біржағдаулы немесе екіжағдаулы, терендейтін көлденен біржағдаулы немесе екіжағдаулы, терендейтін веерлі тармақталған, терендейтін сақиналы орталық сияқты ішкі жүйелерге бөлген.

Сонымен дайындық және қазып алу қазбалар жиынтығының карьер алаңында жылжуын сипаттайтын белгілерге негізделген акад. Б. Р. Рақышевтің сыныптамасы пішіні және құрылымы бойынша басқа қарастырылған сыныптамалардан әлдеқайда ұтымды. Олардан бұл сыныптаманың ерекшелігі: ол нақты, анық және жинақы.

Бақылау сұрақтары:

1. *E. Ф. Шешко бойынша ашық игеру жүйесінің сыныптамасы неге негізделген?*
2. *H. В. Мельников бойынша ашық игеру жүйесінің сыныптамасы неге негізделген?*
3. *B. В. Ржевский бойынша ашық игеру жүйесінің сыныптамасы неге негізделген?*
4. *A.И. Арсентьев бойынша ашық игеру жүйесінің сыныптамасы неге негізделген?*
5. *B. Р. Рақышев бойынша ашық игеру жүйесінің сыныптамасы неге негізделген?*
6. *Б.Р. Рақышевтің ұсынған ашық игеру жүйесі сыныптамасының басқа сыныптамалардан артықшылығы неде?*

6. ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

6.1. Тұтас игеру жүйесінің қолданылу жағдайлары

Жыныстардың негізгі типтері. Жазық жатысты көптеген кеңорындары жұмсақ (негізінен сазды) және кей жағдайларда тығыз

бос жыныстардан және жұмсақ немесе тығыз пайдалы қазбалардан құралған (6.1, а және ә-суреттері). Көп жағдайда жұмсақ жапқыш жыныстардың ішінде қалыңдығы аз жартасты немесе жартылай жартасты жыныстардың қабатшалары кездеседі.

Жұмсақ немесе әртекті бос жыныстар және әртекті пайдалы қазбалар құмды-құмтасты және бірқатар бокситті кенорындары на тән.

Құмды-құмтасты кенорындарының қабат тәрізді сілемдері құм, құмтас (гравий) және валундардың қоспасынан тұрады (6.1, б-сурет); ірі опырылатын материал бүкіл қалыңдық бойынша немесе қабат түрінде орналасады. Саз аралас бос жыныстардың ішінде қебінесе, ірі опырылатын материал кездеседі.


Шашыранды жыныстардың құрамында торф, құм және плотик бар (6.1, в-сурет). Торф (аршыма жыныстар) – бұл әдетте, өндірістік кондициядағы пайдалы минералдары жоқ сазды, құмды-сазды немесе жұқа тасты жыныстар. Құмдар – бұл пайдалы қазба сілемі әдетте, құрамында өндірістік кондициядағы пайдалы минералдары бар, кейде арасында қыыштықтар, валундар, сазды-құмды-жұқа тасты жыныстар кездеседі. Торфттар және құмдар өздерінің литологиялық құрамы бойынша бір-бірінен барлық жағдайда анық ерекшелінбайді. Плотик – бұл шашыранды жыныстардың астындағы түпкі жыныстар. Олар компоненттің таралуына үлкен әсер етеді.

Жұмсақ, тығыз немесе әртекті жыныстар мен аса тығыз жартылай жартасты немесе жартасты пайдалы қазбалар карбонатты, сланецті және фосфоритті, сонымен қатар табиғи тас кенорындарына тән (6.1, г, ә, д-суреттері).


Жартылай жартасты және жартасты бос жыныстардан және жартылай жартасты немесе аса тығыз пайдалы қазбалардан бірқатар көмір, карбонатты кенорындары қалыптасқан. Мұндай жағдайда тұтас игеру жүйесі қолданылатыны айдан да анық (6.1, з-сурет).

Жыныс қалыңдығы. Көмір және марганец кенорындарында жұмсақ бос жыныстардың қалыңдығы 10-15 м-ден 80-100 м-ге дейін, Украина және мәскеулік кенорындарында 2-4 м-ден 40-50 м-ге дейін жетеді, ал Канск-Ачинск кенорындарында одан да асып түседі. Осылайша, көмір қабаттарының қалыңдығы да өзгереді. Марганец кендерінің қат тәрізді сілемдерінің қалыңдығы 3-4 м-ден аспайды. Мұндай көмір кенорындарында қазіргі таңда және келешекте оларды ашық тәсілмен пайдаланғанда орташа аршу коэффициенті 2-3-


a




ə




б




в




г




д



ә



е



6.1-сурет. Кенорындардың өзіне тән геологиялық кескіндері:

а – марганц кенди; *ə* – Канс-Ачинск бассейнінде қоңыр көмірлі; *б* – құмдық құмтасты; *в* – шашыранды; *г* – карбонатты жынысты; *ә* – сланцті; *д* – гранитті; *е* – Черемховск бассейнінде тас көмірлі кенорындары

тен 8-10 м³/т дейін, ал марганец кенорындарын игергенде 7-10-нан 35-40 м³/т-ға дейін өзгереді.

Құмды және құмды-құмтасты кенорындарында аршыма жыныстардың орташа қалындығы 3 м болады да, сирек жағдайда 10 м-ден асады, ал пайдалы қазба қалындығы 10 м шамасында, сирек жағдайда 25-30 м-ден асады. Аршу коэффициенті көптеген итеріліп

жатқан кенорындарында $0,5 \text{ м}^3/\text{м}^3$ -ге жетпейді де, әдетте, $1\text{м}^3/\text{м}^3$ -ден аспайды.

Шашыранды жыныстардың ішінде торфтың қалындығы көп болмайды (5-10м дейін), бірақ кейбір жағдайларда ондаған мертлерге жетуі мүмкін. Жату терендігі бойынша шашыранды жыныстар: майда (терендігі 3 м аз), саяз (3-6 м), терең емес (6-12 м), орташа терең (12-20 м), терең (20-30 м) және өте терең (50 м көп) болып бөлінеді.

Шөгінді карбонатты жыныстар кенорындарында аршыма жыныстарының қалындығы көп жағдайларда 3-6 м-ден аспайды, ал пайдалы қазба қалындығы 3-5 м-ден ондаған метрге дейін өзгереді. Аршу коэффициенті көп жағдайда $0,2\text{м}^3/\text{м}^3$ аспайды, сирек жағдайда $0,5\text{м}^3/\text{м}^3$ болады.

Табиғи тас кенорындарында жұмсақ және жартылай жартасты (жартасты) бос жыныстардың қалындығы сәйкесінше 0,2-6 және 0,5-4 м, ал пайдалы қазбаның қалындығы 6-20 м құрайды.

Көмір, сланец және фосфорит кенорындарында жартылай жартасты және жартасты аршыма жыныстарының қалындығы 10-40 м шегінде өзгереді. Қат тәрізді сланецті және фосфоритті сілемдерді қазып алу кезінде ол сәйкесінше 2-4 м және 2-6 м болады, ал көмір қабаттарының қалындығы 10-15 м-ден аспайды.

Сілем құрылышы. Көмір мен сланец қабаттары көп жағдайларда біртекті болады. Сондықтан оларды бөлек қазып алғып, сапасын тұрактандырудың қажеті жоқ.

Марганецті, фосфоритті және басқа да кендер көп жағдайда пайдалы және зиянды компоненттерінің мөлшері бойынша бір қалыпта болмайды, байыту мүмкіншілігі және басқа қасиеттеріне байланысты бір карьер аланы әртүрлі участкереге бөлінеді. Оларды жаппай қазып алу кезінде, кен жұмыстарының дамуына сәйкес кеннің қажетті сапасын қамтамасыз ету мақсатында өндіру жұмыстары кезінде оның сапасын тұрактандыру шараларын қарастыру керек.

Шөгінді карбонатты жыныстар кенорындары күрделі құрылымымен, әртүрлі жату жағдайларымен, жыныс құрамдарымен, көп тараған жарықшактарымен, қалындығы мен беріктілігі әртүрлі қабаттардың кезектесуімен көзге түседі. Осы айырмашылықтар бұл кенорындарын пайдалануда және берік қырышық тас алуда қиындықтар туғызады.

Әртүрлі литологиялық құрамы мен әр үақытта пайда болған жыныстардан құралған құмтас пен құмның қабат тәрізді сілемдерінің

құрамында өлшемдері әртүрлі саз линзалары мен валундар бар, олардың мөлшері 20-30%-ға дейін жетіп, кейде одан да асады.

Шашыранды кенорындары құрылымы бойынша қарапайым және құрделі болып бөлінеді. Қарапайым шашыранды кенорындарындағы құмдар төмен бөлігінде жатады, әдетте, олар борпылдақ жыныстардан тұрады, ал жоғары бөлігінде элювий мен түпкі жыныстар кейде құм қабаты толығымен борпылдақ шөгінділерде немесе негізгі жарықшақ жыныстарда орналасады. Құрделі шашыранды кенорындары бірнеше құм деңгейжиектерінен тұрады, жоғарыда жатқан құмдар сазды қабаттарда орналасады (6.1, в-сурет).

Қабыргалық тас кенорындарының (әктастар, туфтар, травертинер және т.б.) қысуға беріктігі $\sigma_{\text{сж}} = 40 \div 4000 \text{ Н/см}^2$ арасында жатады. Тастың шығуы 40-70%, блоктың ең үлкен өлшемі – 1-1,5 м³ - ді құрайды.

Қаптайтын тастар (кварцит, гранит, габбро, лабрадорит, диорит, базальт, мәрмәр, т.б.) кенорындары дамыған және ретімен орналасқан жарықшактар жүйесімен сипатталады. Мұндай жүйе қажетті блоктарды алу мақсатында кенорның игерудің бағыты мен мұмкіндіктерін анықтайды. Блоктардың (өлшемдері 0,2-ден 0,6 м³-ге дейін) массивтен шығу деңгейі 10-30% -ға дейін болады.

Сұлылығы және температуралық режимі. Қөмір және рудалы кенорындары әдетте, сулы болады, яғни жерасты суларының деңгейі пайдалы қазба сілемінің табанынан жоғары орналасады. Су деңгейін төмендете көп жағдайларда дренаждық оржолдар, ашық карьерлік сутекпе кешендерін пайдалану арқылы жүргізіледі. Карьер алаңында су жиналған деңгейжиектерде су ағыны жоғары болған жағдайда су төмендете ұнғыларын қолдану арқылы, кейде жерастылық қазбалар жүргізу арқылы орындалады.

Құмды-құмтасты кенорындары су жиылуды бойынша құрғақ және жартылай суланған (жерасты суларының деңгейі сәйкесінше сілем табанынан төмен, сілем табаны мен төбесінің аралығында орналасқан) толық суланған және су астында жататын болып бөлінеді.

Кенорындарының көпшілігі жартылай немесе толық су жиналған объектілер. Оларды игеру көп жағдайда су төмендете әдістерін қолдану арқылы жүргізіледі. Игеріліп жатқан кенорындары жыныстарының температуралық режимі жазғы кезеңде жайлы, қыскы кезеңде беті ашық массивтер 0,3-0,5-тен 2-3м терендікке дейін қатып қалады. Шашыранды кенорындары су режиміне және

температурастың байланысты сулы, сусыз және мұздак шөгінділерге бөлінеді.

Сілем мен карьер алаңдарының табан ауданындағы пішіні мен өлшемдері. Көмір, сланец, марганец, фосфорит кендерінің плита тәрізді сілемдерін және өте кең (500м-ден аса) шашыранды кенорындарын қазып алуға үлкен карьер алаңдары тән. Мұндай сілемдердің табан ауданындағы өлшемдері 1-2-ден 6 км-ге дейін өзгереді. Мұндай кенорындарын бір карьер алаңымен немесе бірнеше алаңдарымен игеруге болады. Бұл жағдайда карьердің жұмыс істеге мерзімі көпке созылған 8-12 жылдан кем болмау керек.

Алаңы үлкен шашыранды кенорындары полигондарға бөлінеді. Эр полигонда оған күнделікті қызмет көрсететін байыту (шаю) жабдығы оның толық пайдаланатын мерзіміне сай тұрақты жерде орналасуы керек.

Жартылай тұрақты ұсату-сорттау қондырғысының карьерде орналасуына байланысты үлкен құмды-құмтасты және карбонатты кенорындарын пайдалану кезінде бірнеше жеке участкерге бөлінуі мүмкін.

Табан ауданында созылған және дөңгелек карьер алаңдары құмды-құмтасты және карбонатты, сонымен қатар табиғи тас кенорындарына тән, олар өте тар (20 м аз), тар (20-50 м), орташа (50-150 м) және кең (150-500 м) шашыранды кенорындарын игерген кезде де кездеседі. Мұндай карьер алаңдарының ең үлкен ұзындығы сирек жағдайда 1 км-ден асады.

Жазық және жайпақ кенорындарының әртүрлі орналасу жағдайлары тұтас игеру жүйесінің кен жұмыстарының даму бағыты мен қолданылатын жабдықтар кешенінің ерекшелігіне сәйкес түрлерін қолдануды талап етеді.

6.2. Бойлық және қолденең ішкі игеру жүйелері

Табан ауданындағы пішіні тіктөртбұрышқа немесе дөңгелекке жақын созылған кенорындарын пайдалану кезінде бойлық және қолденең ішкі игеру жүйелерін қолданған жөн.

Бойлық біржасауды ішкі игеру жүйесі созылған пішінді үлкен карьер алаңдарында жазық қабаттармен қазып алуша кең тараған. Ол төменде көрсетілген кешендерді қолдануға мүмкіндік береді:

- бос жыныстарды ішкі үйінділерге көлік құралдарын пайдаланбай ең қысқа жолмен тікелей қазып алу жабдығымен тасымалдайтын қазу-үйінділеу (ҚҮ – үздіксіз жұмыс істейтін техниканы қолданып) және экскаваторлық-үйінділеу (ӘҮ – циклді жұмыс істейтін техникианы қолданып) кешендері;

- бос жыныстары жұмыс шебі бойымен көлік құралдарымен тасымалдайтын қазу-көліктік-үйінділеу (ҚҚҮ) және экскаваторлық-көліктік-үйінділеу (ӘҚҮ) кешендері;

- бір уақытта төменгі кемер жыныстарын ішкі үйіндіге аударып төгетін және жоғары кемер жыныстарын көлік құралдармен ішкі немесе сыртқы үйінділерге тасымалдайтын жоғарыда аталған кешендер.


Бұл жағдайда өндіру жұмыстарын тәуелсіз қазу-тиеу және тасымалдау жабдықтарын қолданып жүргізеді.

Бойлық біржадаулы ішкі игеру жүйесіне кемерлер шебінің параллель жылжуы сәйкес келеді. Мұндай жағдайда қазып алынатын панельдер немесе енбелер ені бүкіл шеп ұзындығы бойында бірдей болады.

Көлік коммуникациялары кенжарлық жолдардан, бермалардағы қосқыш жолдардан М және құрделі оржол жолдарынан К (6.2, *a-сурет*) тұрады. Жылжымалы жолдардың (кенжарлық) тұрақты жолдарға түйісу бекеттерін шеп жылжыған сайын ауыстырып отырады, түйістіру карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауындағы қосқыш бермаларда жүргізіледі, ал қосқыш жолдар кезегі келген уақытта ұзартылады. Түйісу бекеттерін ауыстыру кезінде көлік құралдардың жұру сұлбасы өзгермейді.

ӘҚҮ кешенін қолдану кезінде бойлық параллельді экскаваторлық енбелер (сілем созылымы бойынша) кемерде бір-бірінен алысырақ орналасқан екі-үш экскаваторға жеткілікті жұмыс шебін жасауға мүмкіндік береді. Теміржол көлігін пайдаланған кезде жолдың қисықсызықты бөлігін әрдайым уақытында ауыстырып отыру керек (6.2, *a-сурет*).

Кемерлер шебінің параллельді жылжып отыруы біршемішті және роторлы экскаваторлардың дөңгелекті және конвейерлі көліктермен үйлесімде қолдануына тән. Ол шынжырылған экскаваторлар мен көліктік-үйінділік көпірлер кезінде сирек қолданылады; бұл кезде жұмыс және басқа аландарда көп жолдар орналастырылады, оларды қисықсызықты участкерде ауыстыру өте ауыр және қынға түседі.



6.2-сурет. Кемер шептерінің жылжу сұлбалары:

I–IV – кемер шептерінің орналасу кезегі; A, B, C және A', B', C' – сәйкесінше
 β бұрышына бұрылғанга дейінгі және бұрылғаннан кейінгі кенжарлық
 жолдардың жағдайы; O' – үйінділік жол

Бойлық екіжагдаулы ішкі игеру жүйесі кенорның жазық қабаттармен қазып алғанда кейбір сәтте аса үлкен және пайдалы қазбаның қоры мол болғанда карьер аландастырылады. Мұндай игеру жүйесі кезінде өндірістік қуаты үлкен кәсіпорындар салынады, олардың бос жыныстарды аз өндіретін кезі карьер алаңының орта шегіне дәл келеді.

Көлденең біржагдаулы ішкі игеру жүйелері салыстырмалы түрде тар және созылған немесе шашыранды сілемдер кезінде; кен жұмыстарының шебі күрделі ұзын осіне параллель орналастырған кезде, кен жұмыстарының көлемі үлкен және пайдалану кезеңі қысқа болғандықтан осы ішкі игеру жүйесі

қолданылады; ұзындығы мен ені үлкен әрі бір-біріне шамалас карьер аландарында, кемерлер шебі карьердің қысқа осіне паралель орналасқан кезде аршу жабдығының қуатты кешенін орналастыруға мүмкіндік туған кезде қолданылады.

6.3. Веерлі және сақиналы ішкі игеру жүйелері


Веерлі орталықтандырылған ішкі игеру жүйесін тұрақты бұрылу бекетін ыңғайлы орналастыруға мүмкіндік беретін дөнгелек және ұшбұрышқа жақын пішінді карьер алаңында қолдану тиімді. Сирек жағдайда екіжағдаулы веерлі ішкі игеру жүйесі қолданылады.

Кемерлер шебінің веерлі дамуы олардың карьер алаңында жылжымен байланысты. Бұл кезде оның басы тұрақты түрде бұрылу бекетінде О орналасады, ал соны кемер биіктігіне тең радиус-пен шеңбер бөлігін сымады (6.2, ә-сурет). Бұл кезде шептің жеке бөліктерінің жылжу жылдамдығы бұрылу бекетінде нөлден, кемер дүмінде ең үлкен мәнге жетеді.

Кемерлерді енбелермен қазып алғанда, олардың табан аудандарының пішіні ұшбұрыш немесе трапецияға ұқсайды. Егер енбелердің ені тұрақты болса, ені ауыспалы жұмыс шебінің жеке участкерінде олардың саны әртүрлі болады және бұл жағдайда әрдайым енбелерді ерекше жылжытып отыру керек.

Веерлі ішкі игеру жүйесі әдетте, жұмсақ жыныстарды шынжырлы экскаваторлар мен теміржол көлігі кешендерімен қазып тасымалдау кезінде қолданады. Бұл жағдайда теміржолдар үзіліссіз жұмыс істейтін жол аударғыштармен жаңа орынға қондырылады. Аусымдардың белгілі саны аралығында экскаваторлар берілген пикеттерді (1-10) қазып алу жұмыстарын жүргізеді. Сол уақытта бастапқы пикеттерге (0-1) шептің жылжуының бір бірлігі келеді де, соңғы пикеттерге (9-10) шеп жылжуының тоғыз бірлігі келеді.

Карьер алаңын қазып алу кезінде бұрылу бекетінің орны өзгеріссіз қалады, тек карьердің бір дүмін қаза отырып, бұрылу бекетінің кисығы “реттеледі”. Кемер шебінің созылымы өзгеріссіз қалады. Кемерлер шебі веерлі жылжуған кезде кемерлерге тек бір жақтық көліктік кіріс және теміржол көлігі кезінде деңгейжиектегі поездар қозғалысының түйық сұлбасы қамтамасыз етіледі. Тұрақты бұрылу бекетінің арқасында күрделі оржолдардың жұмыс деңгейжиектері жолдарына түйісуі



6.3-сүрет. Тұмас сақиналды игеру жүйелері

жөнілдейді және қысықсызықты участеклерді көшіргенде туатын ауыр, күрделі жұмыстар жүйелі түрде азаяды. Сонымен қатар тау-кен қазындысын тасымалдау қашықтығы, кей жағдайларда тау-кен дайындау жұмыстарының көлемі қысқарады. Жолдардың түйісу бекеттерінде өндіріс қондырығыларын (тартқыш станциялар, депо, шеберхана, т.б.) және тұрақты сутекпе қондырығыларын орналастырған тиімді. Бұл жағдайда жебелік аудартқыш саны аз болғандықтан теміржолды жаңа орынға үздіксіз жұмыс істейтін арнайы машиналармен қондыруға болады.

Шынжырлы экскаваторлы кешендерді колдану кезінде аршыма жұмыстары мерзімді, ал өндіру жұмыстары жыл бойы жүргізіледі. Сондықтан қысқы мерзімге келетін ашылған және игеруге дайын корлардың көлемі жеткілікті болуы керек. Оны көбейту үшін бұрылу бекетінің центрі карьер нұсқасынан тыс шығарылады (6.2, б-сүрет) немесе аралас веерлі және шептің параллель жылжуы қолданылады (6.2, в-сүрет). Бұл жағдайда ашылған корлардың табан ауданындағы кентірегі трапеция пішінін қабылдайды, ал оның салыстырмалы көлемі көбейеді.

Карьердің жұмыс кезеңінде қарастырып отырған ішкі игеру жүйесі өзгеруі мүмкін: карьер алаңының бір бөлігін бойлық ішкі игеру жүйесімен, ал екінші бөлігін – веерлі ішкі игеру жүйесімен пайдалануға болады (6.2, г-сүрет). Шептің веерлі жылжуы кезінде бұрылу бекетін веердің бұрылу бағытына сай басқа жерге ауыстырып отырады (6.2, ғ-сүрет).

Бұрылу бекетінің конструкциясы карьер алаңындағы каз-

баларды толық игеру, карьердің барлық жұмыс мерзімінде көлік аспаптарының сенімді жұмыс істеуі және құрделі кен жұмыстарының ең аз көлемін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес таңдалады.

Бұрылу орталығы карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауды жағынан (6.2, ә-сурет) және оның жұмыс жағдауды жағынан (6.2, е-сурет) орналасуы мүмкін. Бірінші жағдайда бұрылған сайын жұмыс шебінің ұзындығы және бұрылу бекетінің бір орнынан игерілетін карьер алаңы участкесінің ауданы үлкейеді. Бірақ бұл кезде оны жасақтау жұмыстарының көлемі көбейеді.

Кемерлер шебінің жылжуына байланысты рельстік жолдарды да жаңа жерге ауыстырып отырады, бірақ олар әрдайым бұрылу бекетінің сәйкес қисықтарына жанама түрде орналасады. Кемерлер шебінің жылжуы және кенжар жолдарының b (6.2, ж-сурет) бұрышына бұрылуы кезінде бұрылу бекеті қисығының бір бөлігі түзуленеді және шеп ұзындығы ұзарады. Веердің бұрылу бұрышының шамасы тұрақты жолдарды жаңа жерге ауыстырмай карьер алаңының мүмкіндігінше болғанша үлкен ауданын игеру шартынан таңдалады, $b > 180^{\circ}$ болғанда белгілі бір қындықтар туады.

Сақиналы орталық ішкі игеру жүйесін кей жағдайларда, бос жыныстар қалындығы аз немесе пайдалы қазба сапасы жоғары болған участкелер карьер алаңының ортасында орналасқанда, сонымен қатар карьер алаңының пішіні қолайлы болған уақытта қолданады (6.3, a және ә-сурет). Бос жыныстарды ішкі және сыртқы үйінділерге тасымалдайды. Екінші жағдайда ішкі үйінділер сиымдылығы бос жыныстардың барлық көлемін орналастыру үшін жеткіліксіз. Мұндай ішкі игеру жүйесін қолданған кезде бос жыныстар мен пайдалы қазбаны автокөліктермен тасымалдау өте ыңғайлы (6.3, a-сурет).

Егер пайдалы қазба сілемінің табан ауданындағы пішіні дөңгелек және бос жыныстардың қалындығы карьердің кейбір участкелерінде өте жұқа болып, оның ортасында қалың болған жағдайда сақиналы шеттік игеру жүйесін қолдану экономикалық түрғыдан өте тиімді болып табылады (6.3, б-сурет).

Бақылау сұрақтары:

1. Бойлық бір және екіжасағдаулы тұмас ішкі игеру жүйелері қандай жағдайларда қолданылады?


2. Көлденең бір және екіжасағдаулы тұмас ішкі игеру жүйелері қандай жасағдайларда қолданылады?
3. Веерлі тұмас ішкі игеру жүйелері қандай жасағдайларда қолданылады?
4. Сақиналы орталық және шеттік тұмас ішкі игеру жүйелері қандай жасағдайларда қолданылады?
5. Құрамды тұмас ішкі игеру жүйелері қандай жасағдайларда қолданылады?

6.4. Ишкі үйінді салу мүмкіндіктері

Жазық және жайпақ сілемдерді қазып алу кезінде үйінділерді кен алынған кеңістікке орналастырады. Бұл жағдайда пайдалы қазба сілемдерін қалыңдығымен толық қазып алу қажет. Кен алынған кеңістіктің белгілі бір көлемін жасау үшін бірінші кезеңде бос жыныстарды сыртқы үйіндіге тасымалдайды, сонынан оларды ішкі үйіндіге тасиды. Құрделі тау-кен жұмыстары бір шөмішті карьерлік экскаваторлармен орындалып, тау-кен жыныстары автомобиль немесе теміржол көлігімен тасымалданады. Сонымен қатар, ірі карьерлерді салып жатқан уақытта жобамен қарастырылған кенді пайдалану кезінде қолданылатын жабдықтар кешенін пайдаланған дұрыс.

Тұрақсыз жыныстарды қазып алу кезінде кемердің ұзақ уақыт құламай тұратын шектік білдірілген және оған сәйкес келетін қиябет бұрышын анықтау қажет. Бұл үшін (6.4-сурет) орнықтылық шартты бойынша кемер киябетінің ең үлкен бұрышының a_y және экскаватордың конструктивті параметрлеріне сай ең кіші мүмкін қиябет бұрышының a_k кемер білдірілген H_y тәуелділік графиктері тұрғызылады. Кисықтардың киылысу нүктесі арқылы кемер білдірілген және оның қиябет бұрышының іздеңстірліп отырган мәндері анықталады.

a_y, a_k , градус м



6.4-сурет. Орнықтылық шартты бойынша кемердің қиябет бұрышының a_y (1) және минимальды мүмкін бұрышының a_k (2) кемер білдірілген H_y тәуелділік графигі

Қуатты тау-кен жабдықтарын қолдану кезінде кемерлер мен қолданатын жабдықтар орналасқан үйінділердің орнықтылығы үлken рөл атқарады. Көп жағдайларда кемерлер мен құмды жерге орналасқан суланған саз қабаты болғанда үйінділер опырыла бастайды. Бұл кезде жабдықтар мен үйінді жыныстарынан түсетін сыртқы жүктеменің үлken бөлігін сазды жыныстардағы су қабылдайды. Соған байланысты сазды жыныстардың бекемділігі төмендейді, өйткені сүзу жылдамдығы аз болған кезде артық қысымның суда таралуы және жыныстардың нығыздануы ұзақ уақыт жүреді. Сүзу жылдамдығы жоғары суланған құмды жыныстардың нығыздалуы тез жүреді.

Биік үйінділердің опырылуына жол бермес үшін абзецер, көліктік-үйінділік өткелдер, бұрылмалы консольді үйіндісалғыштармен жұмыс істеген кезде үйінді де алдынғы үймелер жасалады. Осындаі алдыңғы үймелер үйіндінің қиябет бұрышын азайтады, оның төменгі бөлігіндегі жыныстардың тығыздығын арттырады, сонымен қатар аршыма жыныстардың негізгі көлемін төгу кезінде үйінді табанындағы жыныстардың ішкі қысымы азаяды.

Үйінді салудың тиімді технологиялық параметрлерін анықтау (үйіндінің және жеке ярустардың биіктігі мен қиябет бұрыштары, үйінді шебінің қисықтығы, оның жылжу жылдамдығы, т.б.) үйінді қиябеттерінің орнықтылығын басқару жолындағы маңызды құрал болып табылады.

6.5. Тереңдейтін игеру жүйесінің қолдану жағдайлары

Сілемнің пішіні мен құрылымы. Қаттар, қат тәрізді сілемдер және қаттар қабаттары көмір (Кузбасс, Урал, Екібастұз, Приморский край), темір кенді (Кривбасс, Сарыбай, Качарск, Коршуновск), апатитті және фосфоритті (Хибин, Карагатай), мыс кенді (Удокан, Жезқазған) және басқа кенорындарына тән.

Негізінен массивті және шток типті изометриялық сілемдер түсті металдардың, темірлі кварцитті МА басейнінің, хризотил-асбестті тағы сондай көптеген кенорындарына тән. Құбыр тәрізді сілемдер алмаз кенорындарына тән. Сонымен қатар пішіні ауыспалы сілемдер де игеріледі жатады.

Қат тәрізді сілемдердің көбісінің жанасу аймақтары анық, бірақ олардың сапасы бөлек сілемдер аясында немесе бір сілемнің

терендігі мен табан ауданында біркелкі болмайды. Көп кенорындары, біріншіден, шток типті (түсті металдар, хризотил-асбест, химиялық шикізат кендері, т.б.) кенорындары күрделі құрылымды болып келеді. Олардың жанасу аймақтары анық болмайды, бос әртүрлі пішінді бос жыныстардың қоспалары көп, күрделі пішінді бірнеше кен қыртыстары бар, арақашықтығы бірнеше метр участекерде кен сапасы біркелкі болмайды, т.б. Жалпы алғанда көлбеу және құрт орналасқан кенорындарына сілемнің пішіні мен өлшемдері әртүрлі болуына себеп болған көптеген геологиялық бұзылыстар тән. Сонымен қатар олар пайдалы қазбаның сапасына да көп әсерін тигізген.

Жыныстардың негізгі типтері және қалыңдығы. Барлық көлбеу және құрт кенорындарындағы бос жыныстар – бос, біріншіден, сілемді жауып жатқан жыныстар, олармен арасында жыныстар және қабатшалар, көмір кенорындарында арасында жыныстар жартылай жартасты және жартасты (қазып алу қындығы бойынша бірінші және екінші класс) жыныстар, ал көмір тығыз немесе жартылай жартасты жыныс болып кездеседі. Көптеген кенорындарында метаморфты, шөгінді және ағып шыққан жартасты арасында жыныстар мен пайдалы қазбалар кең тараған. Оларды қазып алудың қындығы көрсеткіші үлкен диапозонда өзгереді (Π_{tp} 4-5-тен 20-ға дейін және одан да жоғары). Мұз боп қатқан жартылай жартасты және жартасты (көп жылдық мұздалған) арасында жыныстар және пайдалы қазбалар солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарының кенорындарында тән.

Көмір қаттарының қалыңдықтары әдетте, бірнеше метрден ондаған метрге дейін өзгереді; мұндай диапозон түсті металардың, минералды-химиялық шикізаттың, хризотил-асбест, т.б. кендердің қат тәрізді сілемдеріне де тән. Темір кендері сілемдер қалыңдығы ондаған метрден жүзденеген метрге дейін өзгереді.

Олардың өзіндік сипаттараты:

- Π_{tp} көрсеткіштері әртүрлі, 3-5 категорияға дейін өзгеретін жыныстардың бір мерзімде қазып алу;

- карьер тереңдеген сайын минералдық құрамы бірдей болса да жыныстардың бекемділігі көбейіп, жарықшақтығы азаяды. Соған байланысты олардың қазып алу қындығы арта түседі.

Кендері жауып жатқан жыныстар қалыңдығы негізінде төртіншілік

шөгінді әдетте, көп емес (бірнеше метрден 30-40 м-ге дейін). Сонымен қатар кенді жауып жатқан жыныстар қалындығы 100-150 м болатын кенорындары үлкен масштабта ашық тәсілмен игерілуде. Мұндай кенорындарының жабынды жыныстары жұмсақ, тығыз, әртекті және жартылай жартасты.

Сулануы және температуралық режимі. Терен және биіктіктерен типті кенорындары әдетте, суланған (сұлы деңгейжиектер саны бірден алтыға дейін) болып келеді. Көпжыл бойы мұздандыған жұмсақ, тығыз және жартылай саз араласқан жартас жыныстардың көрі температуралық режимі технологиялық процестерді орындауға және жазғы кезеңдерде жеке кемерлердің орнықтылығын қамтамасыз етуге теріс әсерін тигізеді.

Жер бетінің бедері. Технологиялық шешімдер қабылдауға (негізінен ашу, негізгі жоспарды орналастыру) төбелі бедер, әсіресе, биік таулы кенорындары бетінің күрделі бедері үлкен әсер етеді. Олар сен жүргуге, жер бетінде қуатты үдіріс болып қалуына, үйінділердің орнықтылығына да әсер етеді. Үйінділер мен байыту фабрикаларын орналастыруға, соған байланысты пайдалы қазба мен бос жыныстарды тасымалдау қашықтығын анықтауға да жер беті бедерінің әсері зор.

Жер бедері таулы кенорындарын қазып алу тәртібін, аршу және өндіру жабдықтары кешенін, тау-кен қазындысын қабылдау бекеттерінің орналасу орындарын таңдауда да басты фактор болып табылады.


Таулы карьерлерде кен жұмыстарының дамуы кезінде жер беті бедері де өзгеріп отырады, ол бірката жағдайларда аршу және өндіру технологиялық кешендерін өзгертудің тиімділігін анықтайды.

Карьерлердің пішіні мен өлшемдері. Терендік типті карьердің табан ауданындағы ақтық пішіні мен өлшемдері оның терендігімен H_k , жұмыс жүргізілмейтін жағдауларының көлбеу бұрышымен g_h және карьер түбі деңгейіндегі сілем өлшемдерімен анықталады. Карьер алаңының өлшемдері былайша шектеледі: сілем қалындығы өте аз немесе пайдалы компонент құрамы өндірістік мәнге жетпейтін участкердің болуы; табиги және жасанды бөгеттердің болуы; кенорнының жеке сілемдерінің арақашықтығының үлкен болуы.

Терен карьерлердің беттік нұсқасының пішіні сілемнің табан

ауданындағы пішініне қарамастан, дөңгелек болып келеді. Сонымен қатар әрбір деңгейжиектің және жалпы карьер нұсқасының пішіні мен өлшемдері кенорның игерудің алғашкы кезеңінде сілем пішіні мен өлшемімен және қолданылатын игеру жүйесімен анықталады (6.5-сурет). Бұдан бөлек деңгейжиектер мен карьер алаңының жалпы өлшемдері мен пішінінің әсері шамалы ғана болады.

Кен жұмыстарының жүргізілу жағдайлары және көлемдері. Кен жұмыстарының белгілі бір жылдамдықпен терендеуі үшін барлық ашылған кемерлердегі жұмыс шептері осы талапқа сәйкес жылдамдықпен жылжып отыруы қажет. Сондықтан жоғарғы деңгейжиектерде аршу жұмыстарының көлемі көп болып, олардың қазып алу мерзімі төменгі деңгейжиекке қарағанда ұзак болады. Осы жағдайда бір уақытта жаңа кемерлер дайындалады,



жұмыс кемерлерінің жалпы саны ұзак уақыт бойы көп болады. Осыған байланысты аршу жұмыстарының көлемдері де көбейе түседі.

Карьер тереңдеген сайын жыныстарды қазып алу қындағы түседі, тау-кен қазындысын көтеру биіктігі және аршыма жыныстарды тасымалдау қашықтығы артады. Төменгі деңгейжиектер өлшемдері кішірейген сайын жабдықтар кешенінің, әсіресе, көлік жабдықтарының жұмыс аландары тарыла береді. Сонымен қатар өндірілген пайдалы қазба сапасын басқару да қындаиды, су ағымы да көбейе түседі. Кен жұмыстарын жүргізу әсіресе, карьер тереңдігі 150-200 м-ге жетіп, одан асқанда тым қындаиды.

Пайдалы қазбаны өндірудің жоспарлық көлемдерін орындау:

- әрбір қазып алу кезеңінің табиги және үйымдастыру жағдайларына сәйкес келетін және аралық кезеңдер мен карьердің қайта жаңғыру уақытында кешендердің өзара байланысын қамтамасыз етуге лайық аршу және өндіру кешендерін таңдаумен;

- әрбір қазып алу кезеңінде, сонымен қатар бір кезеңнің шенберінде қабылданған ашу трассаларының жүйесін сақтай отырып, ашу трассасы сұлбасы мен ашу тәсілін өзгертумен;

- аршу жұмыстарының күнделікті көлемдерін әрбір кезеңде және қазып алу кезеңінің шенберінде басқару мақсатында игеру жүйесінің параметрлерін реттеумен қамтамасыз етіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Көлбеу және күрткүлама кенорындарына тән сілемдердің пішінін, өлшемдерін және құрылышын сипаттаңыз.
2. Жер беті бедері технологиялық шешімдерге қалай әсер етеді?
3. Карьердің табан ауданындағы пішіні мен өлшемдеріне қандай факторлар әсер етеді?
4. Тау-кен жұмыстары тереңдеген сайын оны жүргізу жағдайлары және көлемдері қалай өзгереді?


6.6. Терендейтін игеру жұйелер кезіндегі кен жұмыстарының даму нұсқалары

Көлбеу және күрткүлама кенорындардың күрделі жату жағдайлары, игеру барысында карьерлердің үлкен терендейтірі, жұмыс аймағын табан ауданында да, терендейтікте де бірдей дамыту қажеттігі ең алдымен, кен жұмыстарының бастапқы жағдайын және даму бағытын таңдау мәселесін тиімді шешуді талап етеді.

Жалпы жағдайда көлбеу немесе күрт орналасқан кенорындағын игеру кезінде карьерде жұмыс шебі параллель жылжығанда кен жұмыстарының бастапқы жағдайы мен даму бағытының жеті нұсқасы болуы мүмкін (6.6-сурет): 1 және 2-нұсқалары біржағдаулы көлденең ішкі игеру жүйесімен сипатталады, 3- және 4- екіжағдаулы бойлық, 5- және 6- біржағдаулы бойлық, 7- екіжағдаулы көлденең ішкі игеру жүйесімен сипатталады. Әрбір нұсқаға белгілі бір ашу тәсілі және кен жұмыстарының режимі тән.

Кен орнын қарапайым игерген жағдайларда аршу жұмыстарының көлемдері мен ашу тәсілі бойынша 1 мен 2 нұсқалардың маңызы бірдей. Екі жағдайда да ашу қазбалары мен көліктік коммуникациялары тұрақты орналасады.

3- және 4-нұсқаларды қолданғанда күрделі тау-кен жұмыстарының көлемдері көп емес, бірақ көлікті пайдалану жағдайлары күрделі, өйткені төмен жатқан жұмыс деңгейжиектерін игеру үшін жүргізілген ашу қазбалары тұрақты түрде орналаса алмайды. Тілме оржолды сілемнің төнбе немесе жатпа бүйірінен немесе сілем бойынша жүргізуге болады. Бірінші жағдайда пайдалы қазбаларды бөлек қазып алу жеңілдейді. Олардың жоғалымы мен құнарсыздануы азаяды; мұндай оржолдар қалындығы аз (30-40 м-ге дейін) сілемдерді бойлық игеру жүйесімен қазып алғанда міндетті түрде жүргізіледі. Қалын сілемдерді (200 м және одан да жоғары) қазып алу кезінде аршу жұмыстарының бірқалыпты режимінде және уақытша съездерді тұрақты орынға жылдамырақ ауысты-



6.6-сурет. Кен жұмыстарының бастапқы жағдайы мен даму нұсқалары

ру мақсатында тілме оржолдарды сілем бойымен оның жатпа бүйіріне жақындастып жүргізеді.

5-нұсқа бойынша кен жұмыстарының дамуы карьер нұсқасының сілемнің төнбе бүйірі жағында тау-кен құрылыштық жұмыстардың көп көлемін жүргізумен, яғни көп күрделі шығындармен және карьер құрылышының ұзақ мерзімге созылуымен байланысты.

Сілемнің құлау бұрышы β 30-35° болғанда 6-нұсқаны қолданған кезде кен жұмыстары сілемнің жатпа бүйірінен дамиды, тұрақты съездер карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдаудында (бұрышы g_n) оны кеңейтпей-ак орналастырылады ($\gamma_n \leq \beta$).

Көлбеке созылмалы сілемдерді бойлық біржағдаулы ішкі игеру жүйесімен қазып алу кезінде кен жұмыстары көп жағдайда 6-нұсқа бойынша оның жатпа бүйірінен дамиды.


Сілемнің құлау бұрышы үлкейген сайын ($\beta > \gamma_n$) аршу (тау-кен күрделі) жұмыстарының көлемдері алғашқы кезеңінде 6-нұсқа бойынша көбейеді (6.6 - сурет). Сондықтан күрт кенонындарда кен жұмыстары карьер алаңының ортасынан сілемнің төнбе және жатпа бүйірлеріне қарай 3- және 4- нұсқалар бойынша екіжағдаулы бойлық ішкі игеру жүйесімен дамиды.

Сілемнің төнбе бүйірі жағынан аршыма жыныстарды экскаваторлардың аз санымен бірқалыпты қазып алуға немесе тұрақты ашу қазбаларын іске қосуды тездетуге пайдаланады.

Аса созылмалы карьер аландары кезінде және автокөліктерді, скриптик көтермелерді қолдану кезінде күрделікен жұмыстары көлемі көп және көліктік коммуникациялар созылымы ұзын болған кезде кен жұмыстары шебінің ұзын болуы тиімсіз. Мұндай жағдайда көлденең ішкі жүйелер қолданылуы мүмкін. Жұмыс шептерінің көлденең орналасуы және екі жақты дамуы (7-нұсқа) кезінде бойлық бір жағдаулы ішкі игеру жүйесіне қарағанда күрделі кен жұмыстарының көлемдері көп болмайды және тасымалдау қашықтықтары деңгейжиектер бойынша сәйкесінше, 20-40 және 30-40%-ға азаяды. Бірақ көлденең екіжағдаулы ішкі игеру жүйесін қолданған кезде кен жұмыстарының дамуы мен терендеуінің жоғары жылдамдықтарын қамтамасыз ету қажет, карьер ішіндегі жолдардың еңістігін көтеру керек және кей жағдайларда көлбеке көтермелермен жабдықталған күрт оржолдарды жүргізу қажет. Автокөлікті пайдаланған кезде көлденең бойлық ішкі игеру жүйесін қолдануға болады.

Мульдо тәрізді сілемдерді қазып алу көп жағдайларда сілем қанатынан басталған жұмыс шебін созылымына көлденең жылжытумен (6.7, *a*-сурет) жүргізіледі, ол алғашқы кезендерде аршу жұмыстарының көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ішкі игеру жүйесі – бойлық екіжағдаулы. Мульдоларды игеру кезінде жұмыс шебі созылым бойынша да жылжуы мүмкін (6.7, *б*-сурет). Мұндай жағдайда жағдау орнықтылығы нығаяды және кейде аршыма жыныстарын жартылай ішкі үйіндіге орналастыруға мүмкіндік ашылады (мысалы, Нерюнгринск көмір кениші жобасы).

Салыстырмалы тұрғыдан қарағанда қысқа кен қыртыстарын қазып алу кезінде карьердің табан ауданындағы пішіні басынан-ақ



6.7-сурет. Мульдо тәрізді сілемдерді бойлық екіжағдаулы (а) және көлденең біржасағдаулы (б) ішкі игеру жүйелерімен қазып алу

дөңгелек болып келеді және құрылыш тау жыныстарының көптеген кенорындарында тау-кен жұмыстары әрбір деңгейжиекте карьер ортасынан шетіне қарай радиальді-дөңгелек болып дамуы мүмкін; деңгейжиектердің дайындау қазаншұңқырларымен жүргізіледі. Деңгейжиектерде кен жұмыстарының дөңгелек болып дамуы күмбез тәрізді төбелерде орналасқан сілемдерді қазып алу кезінде тиімді қолданылады, мұндай жағдайда кен жұмыстарының дамуы карьер аланының шекарасынан ортасына бағытталады. Сакиналы

орталық және көлденең-бойлық ішкі жүйелерді қолдану кезінде қысқа мерзімде кен жұмыстарының қарқынды дамуын жоғары деңгейге жеткізуге болады. Құрделі кен жұмыстарын минимальді көлемде жүргізіп сілемге тез жетіп, алғашқы пайдалану кезеңінде аршу жұмыстарының көлемін азайтып, өндіру жұмыстарын бастауға мүмкіндік береді. Кен жұмыстары толық дамыған кезде ぶл жүйелерді әрі қарай қолдану әр үақытта қолайлы техникалық-экономикалық нәтижелер бере қоймайды.

Күрт және табан ауданындағы өлшемдері қысқа сілемдерді қазып алу кезінде жұмыс деңгейжиектеріндегі кен жұмыстары веерлі дамып, веерлі-бытыраған ішкі игеру жүйесін пайдалануға мүмкіндік туғызады. Бұл кезде ашу қазбаларының трассасы тұрақты немесе жартылай тұрақты және спираль пішінді болады. Әрбір деңгейжиекте веер осі трассаның жазық участексінің ашу оржолына түйісу бекетінде орналасады. Веерлі бытыраған ішкі игеру жүйесі өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады.

Көп жағдайда қурделі кенорындарын тиімді игеру үшін кен геологиялық жағдайларына және кен жұмыстары масштабының өзгеруіне байланысты әртүрлі участеклерде әртүрлі ішкі игеру жүйелерін немесе олардың керекті нұсқаларын қолдану қажетігі туады. Қебіне, карьердегі кен жұмыстарының дамуына байланысты әртүрлі ішкі игеру жүйелерді кезекпен сирек жағдайда біруақытта қолдану тиімді болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Терең орналасқан кенорындарын игеру кезінде *тау-кен жұмыстарының даму нұсқаларының сұлбаларын көрсетіңіз.*
2. *Көлбеу және күртқұлама кенорындарын игеру кезінде тау-кен жұмыстарының бастапқы жағдайын және даму бағытын анықтауда қандай негізгі факторлар ескеріледі?*
3. *Көлденең бір және екіжағдаулы ішкі игеру жүйелерін қандай жағдайларда қолдану тиімді?*
4. *Бойлық бір және екіжағдаулы ішкі игеру жүйелерін қандай жағдайларда қолдану тиімді?*
5. *Мульдо тәрізді сілемдердің игеру кезінде тау-кен жұмыстары дамуының қандай сұлбалары тиімді болып табылады?*

7. АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРИ

7.1. Ашық игеру жүйесінің сипаттамалары


Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйелері элементтерімен, параметрлерімен және көрсеткіштерімен сипатталады (7.1-сурет). Жоғарыда көрсетілгендей, (5.1-бөлім), игеру жүйесінің элементтері: тілме оржолдар (қазаншұңқырлар), аршу және өндіру кемерлері (7.2-сурет).



7.1-сурет. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің сипаттамасы

Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің негізгі параметрлеріне жататындар: кемер биіктігі, тілме оржол ені (қазаншұңқыр өлшемдері), жұмыс кемерлерінің қиябет бұрышы, енбе ені, жұмыс алаңының ені, экскаватор блогының ұзындығы, кемердегі аршу және өндіру жұмыстары шептерінің ұзындығы, жұмыс кемерлерінің саны, олардың ұзындығы жұмыс аймағының биіктігі мен ені, карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышы, жұмыс аймағындағы пайдалы қазба түрлері бойынша жұмыс шебінің ұзындығы, ашылған және игеруге дайын қорлар көлемдері, көліктік және сақтандыру бермаларының ені жатады.

Карьердің кезекті деңгейжиегін көлденең ашатын (күрделі) оржолмен ашқаннан кейін оны қазып алуға алғы шарттар орындалады. Кен жұмыстарының алғашқы шебін ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай дайындық қазбасы – тілме оржол немесе тілме қазаншұңқыр – игеру жүйесінің бастапқы элементі жургізіледі. Тілме оржол ені қолданылатын қазу-тиеу жабдығының жұмыс параметрлерін тиімді пайдалану және оржолды тиімді қазып өтуді қамтамасыз ету жағдаймен анықталады. Тілме оржол биіктігі кемер биіктігіне тең, ал оның созылымы осы деңгейжиек деңгейіндегі карьер алаңының ұзындығына немесе еніне жуық болады. Оған



7.2-сурет. Игеру жүйесінің элементтері:

1 – тілме оржол; 2 – өндіру кемерлері; 3 – аришыма кемерлері;

4 – жұмыс алаңдары;

5 – көлік бермалар; 6 – сақтандыру бермалары; 7 – жер беті

күрделі оржол немесе оның осы деңгейжиек шегіндегі бөлігінің ұзындығы қосылмайды.

Тілме оржолдың бір немесе екі жағдауы кеңейтілгеннен кейін ол жұмыс кемеріне айналады. Дайындық қазбасы қазып алынатын жыныс түріне байланысты өндіру немесе аршу қазбасына – игеру жүйесінің келесі элементіне айналады. Жоғары кемер қажетті жерге жеткеннен кейін төмен жатқан деңгейжиекті көлденең оржолмен ашып, яғни онда сәйкес дайындық қазбаларын жүргізу мүмкіндігі туады. Барлық жағдайларда тілме оржол ашу қазбасының жалғасы болып табылады. Жаңа деңгейжиектерді ашу және оларды кесу процесі карьердің ең төменгі деңгейжиегі қазып алуға қосылғанға дейін жүргізіледі.

Жұмыс кемерлері өзара жұмыс аландарымен қосылады. Эрбір деңгейжиектегі жұмыс аланы жұмыс кемерінің қажетті құрамды бөлігі болып табылады, себебі онсыз жұмыс кемері жұмыс істей алмайды. Жобамен орнына қойылған Жұмыс жүргізілмейтін кемерлер өзара көлік немесе сақтандыру бермаларымен қосылады (7.2-сурет).

Игеру жүйесінің негізгі көрсеткіштеріне кемер кенжарының жылжу жылдамдығы, кемер шебінің жылжу жылдамдығы, кен жұмыстарының тереңдеу қарқындылығы, кенорның пайдалану процесінде пайдалы қазбаның жоғалымы мен құнарсыздандыру жатады.

7.2. Кемер биіктігін анықтаудың жалпы амалдары

Кемер – кенорындарын ашық игеру жүйесінің ең басты элементтерінің бірі. Берілген жағдайларда кен жұмыстарының қауіпсіздігін, жабдықтардың жоғары өнімділігін, көмекші жұмыстардың минимальді қолемін, аршу және өндіру жұмыстарының белгіленген жылдық қолемдерін минимальді шығындармен орындауды қамтамасыз ететін кемер биіктігі тиімді болып табылады.

Кемер биіктігі бірқатар: карьердің құрылыш мерзімі, құрделі тау-кен жұмыстарының қолемі, жұмыс шебінің, карьер ішіндегі жолдардың жалпы созылымы, өндірілетін пайдалы қазба сапасы, карьердің өндірістік қуаты, игеру жүйесінің көрсеткіштері, карьердің жұмыс және жұмыс жүргізілмейтін жағдауларының қиябет бұрыштары сияқты жалпы карьерлік көрсеткіштерге тікелей әсер етеді.

Мысалы, кемер биіктігі карьердегі деңгейжиектер санын қысқартуға мүмкіндік береді, соның есебінен жолдардың жынытық ұзындығы қысқарады, яғни оларды салу және қызмет көрсету шығындары азайды; экскаваторлардың кенжарда жылжу санын азайту арқылы олардың өнімділігін арттыруға, қуатты әрі жоғары өнімділікті қазып алу, тиуе, тасымалдағыш жабдықтарды қолдануға мүмкіндік береді; ұнғы бұрғылаудың таза уақытын көбейту және ұнғының жалпы ұзындығындағы асыра бұрғылау шамасын қысқарту арқылы бұрғылау жұмыстарының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға, бұрғылау жұмыстарының жалпы қолемін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кемердің үлкен биіктігі қопарылған кен қазындысы үйілім енінің көп болуынан жұмыс алаңы енінің ұлғаюына; кемердің жоғарғы бөлігінің опырылуына және кен жұмыстарын жүргізудені қауіпті жағдайлардың артуына алып келеді.

Кенді жаппай қазып алу кезінде кемер биіктігін тиу жабдығының параметрлерін толық пайдаланып және техникалық пайдалану


ережелерін бұзбай жүргізуге болатын шамада қабылдауға болады. Сұрыптаң қазып алу кезінде кеннің сапасын жақсарту мақсатында кемер биіктігін азайту және тау жыныстарының сапасы әртүрлі деңгейжиектерді әртүрге болу қажеті туады. Мұндай әрекет пайдалы қазбаның жоғалымы мен құнарсыздануын азайтуға мүмкіндік береді.

Кемердің тиімді биіктігін қандай да бір факторға байланысты анықтау мүмкін емес; ол берілген табиғи жағдайларда жоғарыда аталған барлық факторлардың жыныстық әсерін есептей отырып, жұмыс деңгейжиектерді дер кезінде ашу мүмкіндіктерін ескерумен анықталады. Кемер биіктігін анықтауда аналитикалық әдістер аталған факторлардың кешенді әсерін ескеруге мүмкіндік бермейді. Бұл кезде тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Жазық және жайпақ сілемдерді қазып алу кезінде сілемнің m_p және жауып жатқан жыныстар немесе аралас жыныстардың m_n қалындығы (7.3-сурет) әдетте, кемер биіктігін h_y анықтайады. Бұл шамалар экскаватордың көсу биіктігінен аз және экскаватордың тірек білігінің орналасу биіктігінен $2/3$ көп болғанда, кемер биіктігі:

$$h_y \approx m_p, \quad h_y \approx m_n. \quad (7.1)$$

Кемердің мұндай биіктігі пайдалы қазбаның жоғалымы мен құнарсыздануын болдырмауға мүмкіндік туғызады.




7.3-сурет. Жазық кенорындарындағы іргелес кемерлер биіктігін анықтау сұлбасы

Әртекті жыныстардың қалындығы экскаваторың тірек білігінің орналасу биіктігінен 2/3 аз болғанда олар бір кемеге біріктіріледі. Жалпы кемердегі пайдалы қазба мен аршыма жыныстары бөлек қазылып алынады.

Жұмсақ және борпылдақ жыныстарда Қауіпсіздік ережелеріне сәйкес кемер биіктігі экскаватордың көсу биіктігінен аспауы керек, кері жағдайда кемердің жоғары жағында «төнбе» жыныстар қалып койып, опырылуға алып келеді (7.4, a-сурет). Сондықтан

$$h_y \leq H_{u.m}, \quad (5.2)$$

мұндағы, $H_{u.m}$ – экскаватордың ең үлкен көсу биіктігі.



7.4-сурет. Жұмсақ, борпылдақ (а) және жартасты (б) жыныстарда кемер биіктігін анықтау үлгебасы

Жартасты және жартылай жартасты көлбеу және күртқұлама жыныстарды қазып алу кезінде кемер биіктігі негізінен технологиялық процестер көрсеткіштерімен, пайдалы қазбаның жоғалымы мен құнарсыздануын азайтумен, карьердің қажетті өндірістік қуатымен және жұмыс деңгейжиектерін дер кезінде ашу жағдайларымен анықталады. Жартас жыныстарды қазып алуға дайындау және қопарылған жыныстарды тасымалдауға кететін шығындар кемер биіктігі үлкейген сайын азаяды.

Сонымен қатар, Техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес жартасты және жартылай жартасты жыныстарда кемер биіктігі экскаватордың көсу биіктігінен 1,5 еседен аспауы керек (7.4, б-сурет), яғни

$$h_y \leq 1,5 H_{u.m}. \quad (7.3)$$

$H_{u.m}$ мәні 7.1-кестеде көлтірілген.

Карьерлік экскаваторлардың негізгі сипаттамалары

Көрсеткіштері	ЭКГ-4Ус	ЭКГ-5А	ЭКГ-5У	ЭКГ-8И	ЭКГ-8У	ЭКГ-8Ус	ЭКГ-10	ЭКГ-12	ЭКГ-12У	ЭКГ-12Ус	ЭКГ-20А
Шеміш сиымдылығы, м ³	4	5,2	5	8	8	8	10	12	12	12,5	20
Тұру деңгейіндегі ең үлкен кесу радиусы, R _{u,y} , м	10,5	9,04	14,5	12,2	20,2	13,5	12,6	14,3	18	17,5	14,2
Ең үлкен кесу радиусы, R _u ^{max} , м	15,5	14,5	23,7	18,2	34	19,8	18,4	21	28,6	28	23,4
Ең үлкен түсіру радиусы, R _p ^{max} , м	13,7	12,65	22,1	16,3	32	17,9	16,3	18,5	26,8	26	20,9
Ең үлкен кесу биіктігі, H _u ^{max} , м	13,25	10,3	22,2	12,5	30,0	17,6	13,5	15	22,6	22,0	17

Тау жыныстарын қазып алуға аттыру арқылы дайындағанда үйілімнің биіктігі төмендегідей болу керек: бір немесе екі қатарлы аттыру кезінде – экскаватордың максимальді көсу биіктігімен бірдей, ал көп қатарлы аттыру кезінде – экскаватордың максимальді көсу биіктігінен бір жарым есе артық болуы керек. Мұндай үйілімдерден аттырылған жыныстарды қазып алу кезінде «төнбе» жыныстардың тізілуін болдырмау үшін қосымша шаралар қолдану керек.

Кенорындарының құрделі құрылымды участеклерін қазып алу кезінде пайдалы қазба жоғалымдары мен құнарсыздануы өндіру кемерінің биіктігі өсken сайын арта түседі. Үйілімнің (кемердің) ең жоғарғы бөлігінде орналасқан пайдалы қазба мен бос жыныс қабаттарын сұрыптап қазып алу максатында кемер биіктігін экскаватордың көсу биіктігіне тең немесе одан аз қабылдау керек, яғни:

$$h_y \leq H_{\text{ч.м.}} . \quad (7.4)$$

Ашық кен жұмыстарын жүргізу тәжірибесін қарасак, ашық тау-


кен қарапайым құрылымды көлбей және құрт сілемдерді ашық тәсілмен қазып алуда: $E=4-5 \text{ м}^3$ шөмішті экскаваторларды қолдану кезінде кемердің онтайлы биіктігі 12-15 және 17-20 м, ал шөмішті $E=8-12,5 \text{ м}^3$ экскаваторларды пайдаланғанда сәйкесінше 20-24 м болады.

Қазақстанның қара және түсті металлургия, химиялық және көмір өндірісі карьерлерінің тәжірибелеріне қарасақ кең тараған ЭКГ-5, ЭКГ-8, ЭКГ-12 маркалы экскаваторын қолдану кезінде жартас жыныстарда кемер биіктігі сәйкесінше 10-15 м және 18-22 м құрайды екен. Құрделі құрылымды кенорындарын игеру кезінде кемер биіктігінің төменгі шегі 10 м құрайды.

7.3. Бос жыныстарды кен алынған кеңістікке аударып төгу кезіндегі кемер биіктігі

Пайдалы қазба сілемі жазық орналасқан кезде аршу кемерінің биіктігі кентіректен қазып алынатын бос жыныс көлемінің қосындағы коэффициентіне көбейткен мәні үйіндіге орналастырылатын жыныс көлеміне теңдігімен анықталады.

Сілемнің жазық жатысы кезіндегі бос жыныстары кемерінің биіктігін анықтау сұлбасы 7.5-7.7-суреттерде, ал есептік формула-лары 7.2-кестеде келтірілген.



7.5-сурет. Бос жыныстарды механикалық күректермен аударып төгу кезіндегі аршу кемерінің биіктігін анықтау сұлбалары

Екі ярусты үйіндісалу кезіндегі аршу кемерінің биіктігі h (м) (7.5-сурет):

$$h = \frac{h_a + h_B}{k_p}, \quad (7.5)$$


мұндағы, h_a және h_B – сәйкесінше, төменгі және жоғарғы ярустардың биіктігі, м; k_p – жыныстардың қосыу коэффициенті.

Төменгі және жоғарғы кемерлер биіктігі қайта аударып төгудегі драглайн параметрлерімен анықталады:


$$h_a = [R_q - (c/2 + b + B + h \cot \alpha_0)] \tan \alpha_0 \leq H_{qm}; \quad (7.6)$$

$$h_B = [R_p - (c/2 + 1)] \tan \alpha_0 \leq H_p, \quad (7.7)$$

мұндағы, c – экскаватор жүрісінің ені, м; b – сақтандыру бермасы, м; l – драглайнның қозғатқыш бөлігінен үйіндінің жоғарғы кемерінің төменгі жиегіне дейінгі қашықтық, м; H_q және H_p – сәйкесінше, қайта аударып төгудегі драглайнның көсу тереңдігі және түсіру биіктігі, м.



7.6-сурет. Драглайнмен аударып төгу кезіндегі аракемерлерге болінбеген аршу кемерінің биіктігін анықтау сұлбасы



7.7-сүрет. Бос жынысты драглайнмен аударып төккенде аршу кемерінің биіктігін кемерді аракемерлерге болғендеге анықтау сұлбасы


7.2-кестеде келесі белгілеулер қабылданған: h – жұмыс шебінің түзу участкесіндегі аршу кемерінің биіктігі, м; h' – біріншілік үйінді биіктігі, м; h – көмір қабатының қалындығы, м; h_p – ен үлкен түсіру радиусы кезіндегі экскаватордың түсіру биіктігі, м; A – енбе ені, м; l – экскаватор осінен көмір кемерінің опырылу түзуіне дейінгі қашықтық, м; B – драглайн осінен аршу кемерінің опырылу түзуіне дейінгі қашықтық, м; L – қабат төбесіндегі көліктік алаң ені, м; B – қабат табанындағы алаң ені, м; k_p – үйіндідегі жыныстардың қосы коэффициенті; α және α_b – сәйкесінше, көмір және аршу кемерлерінің қиябет бұрышы, градус; α_0 – үйіндінің қиябет бұрышы, градус; $\eta = 0,7 \div 0,8$ – экскаватордың түсіру биіктігіне байланысты жоғарғы аракемердің биіктігін анықтайдын коэффициент.

Жайпақ сілемдерде бос жыныстарды аударып төгу кезіндегі аршу кемерінің биіктігін анықтау кезінде мына жайларды ескеру керек: жұмыс шебі сілемнің құлау бойымен жылжыған кезде ішкі үйінді көлемі (7.9, a-сүрет) азаяды, ал көтерілуі бойымен жылжығанда үйінді көлемі (7.9, a-сүрет) көбейеді. Сілемнің құлауы бойындағы жыныстарды еселеп аударып төккен кезінде аршу кемерінің биіктігі:

**Бос жыныстарды үйндіге аударып төгү кезіндегі әртүрлі
екскавациялау сұлбалары бойынша аршу кемерлерінің шектік биқтілі**

Аударып төгү сұлбасы	Механикалық курек (7.4-сурет)	Аршу кемерінің шектік биқтігі	
		аракемерте белмей (7.5-сурет)	драгтайн аракемерте белліп (7.6-сурет)
Карарайым аршу экскаваторларымен жыныстарды тікелей үйндіге аударып төгү (7.5 а -7.7, ә-суреттер)	$R_p - (B + L + h \operatorname{ctg} \alpha + 0.25A) \\ h = \frac{k_p \operatorname{ctg} \alpha_0 + \operatorname{ctg} \alpha_B}{k_p \operatorname{ctg} \alpha_0 + \operatorname{ctg} \alpha_B}$	$R_p - (B + L + h \operatorname{ctg} \alpha + \\ + B + 0.25A) + \eta h \frac{\operatorname{ctg} \alpha_B}{k_p \operatorname{ctg} \alpha_0 + \operatorname{ctg} \alpha_B}$	$R_p - (B + L + h \operatorname{ctg} \alpha + \\ + B + 0.25A) + \eta h \frac{\operatorname{ctg} \alpha_B}{k_p \operatorname{ctg} \alpha_0 + \operatorname{ctg} \alpha_B}$
Курделіленген комір кабаттарын жаптай - жыныстарды аршу экскаваторларымен үйндіге аударып төгү және арнайы немесе соң экскаваторлармен кайта экскавациялау (7.6, ә- 7.7, ә-суреттер)	$h = \frac{h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0}{k_p A}, \\ \text{мұндағы,} \\ h' = (R_p - B - L - \\ - h \operatorname{ctg} \alpha) \operatorname{tg} \alpha_0; \\ F = A + B$	$h = \frac{h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0}{k_p A + F \operatorname{ctg} \alpha_B \operatorname{tg} \alpha_0}; \\ \text{мұндағы,} \\ h' = (R_p - B - L - h \operatorname{ctg} \alpha + \\ + \eta h \frac{\operatorname{ctg} \alpha_B}{k_p \operatorname{ctg} \alpha_0}) \operatorname{tg} \alpha_0; \\ F = A + B$	$h = \frac{h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0}{k_p A + F \operatorname{ctg} \alpha_B \operatorname{tg} \alpha_0}; \\ \text{мұндағы,}$
Көмір кабатын жартылай жабымен курделіленген (7.6, ә -7.7, ә-суреттер)	$h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0 - \\ - 0.5h_{II}^2 (\operatorname{ctg} \alpha + \operatorname{ctg} \alpha_0), \\ \text{мұндағы,} \\ h' = \frac{k_p A + F \operatorname{ctg} \alpha_B \operatorname{tg} \alpha_0}{k_p A + F \operatorname{ctg} \alpha_B \operatorname{tg} \alpha_0}$	$h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0 - \\ - 0.5h_{II}^2 (\operatorname{ctg} \alpha + \operatorname{ctg} \alpha_0), \\ \text{мұндағы,}$	$h' F - 0.25F^2 \operatorname{tg} \alpha_0 - \\ - 0.5h_{II}^2 (\operatorname{ctg} \alpha + \operatorname{ctg} \alpha_0), \\ \text{мұндағы,}$

<p>Курделілгенен көмір қабатын толық жабумен ($7.5, \epsilon = 7.7, \epsilon$-сүреттегі)</p> $h'F - 0.25F^2 \operatorname{tg}\alpha_0 -$ $h = \frac{-0.5h_{II}^2(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0)}{k_p A + F \operatorname{ctg}\alpha_B \operatorname{tg}\alpha_0};$ <p>Мұндайғы,</p> $h' = /R_p - B - L - h \operatorname{ctg}\alpha +$ $+ h_{II}(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0) +$ $+ \eta H_p \operatorname{ctg}\alpha_B \operatorname{tg}\alpha_0;$ $F = A + B + h_{II}(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0)$	$h'F - 0.25F^2 \operatorname{tg}\alpha_0 -$ $h = \frac{-0.25h_{II}^2(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0)}{k_p A + F \operatorname{ctg}\alpha_B \operatorname{tg}\alpha_0};$ <p>Мұндайғы,</p> $h' = /R_p - B - L - h \operatorname{ctg}\alpha +$ $+ h_{II}(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0) +$ $+ \eta H_p \operatorname{ctg}\alpha_B \operatorname{tg}\alpha_0;$ $F = A + B + h_{II}(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_0)$
--	---



7.8-сурет. Бос жыныстарды аударып төгу және екі ярусты үйіндіні қалыптастыру кезіндегі аршу кемерінің биіктігін анықтау сұлбасы

$$h = \frac{2hF - F^2}{2k_p A} \frac{\sin(\alpha + \varphi) \sin(\alpha_0 + \varphi)}{\sin 2\alpha_0} - \frac{h_n^2 [\operatorname{ctg}(\alpha + \varphi) + \operatorname{ctg}(\alpha_0 - \varphi)]}{2k_p A} \\ h = \frac{\left[R_p - 1 - \frac{h + h_n}{\sin(\alpha + \varphi)} \cos \alpha \right] \sin(\alpha_0 - \varphi) + h_n}{\cos \alpha_0} \quad (7.8)$$

мұндағы, $F = \frac{A + B}{\cos \varphi} + h_n [\operatorname{ctg}(\alpha + \varphi) + \operatorname{ctg}(\alpha_0 - \varphi)]$; φ – сілемнің құлау бұрышы; h_n – көмір қабаты жабуының биіктігі, м.

Көлбеу сілемдерді көтерілу бойымен қазып алған кезде φ шамасының алдындағы белгілер өзгереді.

АКЖФЗИ мәліметтері бойынша күрделі технологиялық сұлбаларды қолданғанда жайпақ сілемдердегі аршу кемерлерінің биіктігін жуықтаған формула арқылы анықтау ұсынылған:

$$h_n = h / (1 + \omega \varphi), \quad (7.9)$$

мұндағы, φ – түзету коэффициенті.

Қисық сызықты жұмыс шебінде жыныстарды аударып төгу кезіндегі аршу кемерінің биіктігін анықтауда аршу кемері шебінің ұзындығы үйінді шебінің ұзындығына тең болмайтыны ескеріледі. Сәйкесінше, үйінді шебінің ұзындығының өзгеруімен үйінді көлемі де өзгереді. Егер түзусызықты участкадегі үйінді көлемі $V = k_p h A L$ болса, онда қисық сызықты участкадегі үйінді көлемі (m^3):

$$V_k = h k_p A (L + \Delta L), \quad (7.10)$$

мұндағы, ΔL – аршу жұмыстары шебіне қарағанда, үйінді шебі ұзындығының ұзаруы.


Қазып алынатын бос жыныстардың қалындығының өзгеруі келесі формуламен анықталады:
дөнес жұмыс шебі үшін

$$\frac{h_k}{h} = \frac{R + R_p \pm 1 + 0,5A \pm x}{R - 0,5h \operatorname{ctg} \alpha_b}; \quad (7.11)$$

оыйс жұмыс шебі үшін

$$\frac{h_k}{h} = \frac{R - R_p \pm 1 - 0,5A \pm x}{R + 0,5h \operatorname{ctg} \alpha_b}, \quad (7.12)$$

мұндағы, R – жұмыс шебінің қисық радиусы, м; x – үйінді төбесі мен үйінді қимасының ауырлық орталығынан өтетін осытер арақашыктығы, м.



7.9-сурет. Көлбеу сілемдерде жыныстарды аударып төгу кезіндеңі ариш кемерінің биіктігін есептейу сұлбалары

Бос жыныстарды қарапайым көліксіз аударып төгу сұлбалары үшін:

$$x = \frac{(h' - 0,5A \operatorname{tg}\alpha_o)^2}{2(h' - 0,25A \operatorname{tg}\alpha_o)} \operatorname{ctg}\alpha_o . \quad (7.13)$$

Пайдалы қазба қабатын жаппаған жағдайда күрделіленген көліксіз сұлбалар үшін

$$x = \frac{[h' - 0,5(A + B) \operatorname{tg}\alpha_o]^2}{2h' - 0,5(A + B) \operatorname{tg}\alpha_o} \operatorname{ctg}\alpha_o . \quad (7.14)$$

Пайдалы қазба қабатын жапқан жағдайда күрделіленген көліксіз сұлбалар үшін

$$x = \frac{0,25(2h' \operatorname{ctg}\alpha_o - F)^2 \operatorname{ctg}\alpha_o - h_d D \left[\left(H' - \frac{2}{3} h_d \right) \operatorname{ctg}\alpha_o - \frac{1}{3} h_d \operatorname{ctg}\alpha_o \right]}{2Fh' - h_d D - 0,5F^2 \operatorname{tg}\alpha_o}, \quad (7.15)$$

мұндағы, $F = F + B + h(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_o)$; $D = h(\operatorname{ctg}\alpha + \operatorname{ctg}\alpha_o)$.

Қазіргі жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардағы аршу кемерінің биіктігі және аршу енбесінің ені 7.3, 7.4-кестелерде көлтірілген.

7.3-кесте

Көмір карьерлерінде бос жыныстарды кен алынған кеңістікке аударып төгу кезіндегі аршу кемерінің фактілі биіктігі

Карьер	Кемер биіктігі, м	Карьер	Кемер биіктігі, м
Кузнецк бассейні		Қызыр Шығыс кенорындары	
Сибиргин	40	Павлов-2	30-40
Междуреченск	35	Ерхонецк	40
Томусин	32		
Иркутск бассейні		Мәскеу тубіндегі	
Черемхов	20-25	Грызлов	32
Тугнуй	30	Днепровск бассейні	
Канско-Ачинск бассейні		Коростышев	23,6
Бородин	20	Морозов	36

**Үйінді сыйымдылығын тиімді пайдалану және өндіру
жұмыстарын жақсы үйімдастыру түрғысынан
қарағандағы аршу енбесінің ені**

Экскаватор	Ең үлкен көсү радиусы $R_{\text{ч,max}}$, м	Енбе ені A, м	$A/R_{\text{ч,max}}$
ЭВГ-35.65	65	30-40	0,48-0,65
ЭШ10.70	66,5	30-40	0,45-0,60
ЭШ15.90	83	40-50	0,42-0,60
ЭШ20.100	95	40-50	0,42-0,60
ЭШ40.85	82	40-50	0,49-0,61
ЭШ100.100	95	40-50	0,42-0,52

Бақылау сұрақтары:

1. Кен игеру жүйесін элементтерінің орналасу сұлбасын көлтіріңіз.
2. Қабатталған жазық кенорындарында кемер биіктігі қалай анықталады?
3. Жұмсақ және борпылдақ жыныстарда кемер биіктігі қалай анықталады?
4. Жартасты тау жыныстарында кемер биіктігі қалай анықталады?
5. Құрделі құрылымды блоктарда кемер биіктігі қалай анықталады?
6. Бос жыныстарды кен алынған кеңістікке аударып төгу кезінде аришыма кемерінің биіктігі қалай анықталады?

7.4. Кемерлер қиябеттерінің орнықтылығы

Жұмыс кемерінің қиябет бұрыши оны құрайтын жыныстардың физикалық-техникалық қасиеттерімен және қолданылатын қазу тиесу жабдығының типтерімен анықталады.

Пайдалы қабалар кенорындарын ашық игеру кезінде кемерлер орнықтылығын қамтамасыз ету және карьерді салу мен оны пайдалану кезеңдерінде олардың деформациясын болдырмау өте маңызды мәселе.

Киябет орнықтылығына әсер ететін көп факторлардың ішінде геологиялық факторлар (тау жыныстарының құрамы, жағдайы,

құрылымы және қасиеттері) тобы анықтаушы болып табылады. Олар массивтің деформациялану жағдайларын және қиябеттер орнықтылығының есептік сұлбаларын, деформацияға қарсы шараларды және есептік көрсеткіштердің шамасын анықтайды.

Гидрогеологиялық факторлар тобының ішінде массив қасиеттерінің (жарықшақ карбонатты жыныстардың сілтіленуі, сазды жыныстардың ісінуі, т.б.) және оның кернеулік жағдайының өзгеруіне зор әсерін тигізетін жерасты сулар; гидростатикалық және гидродинамикалық күштердің әсерінен қиябеттердің сұзгілік бұзылуы мүмкін. Жанасу аймақтарының сулануы және құрылымдық бұзыулар қиябеттердің деформациялануы мен жерасты суларының кенеттен ағып шығуына, жыныстардың түйіскен бетіндегі беріктігінің төмендеуіне алып келеді.

Үшінші топты технологиялық факторлар құрайды.

Ашу қазбаларының параметрлері, олардың карьер нұсқасына қатысты орналасуы және қызмет мерзімі массивтегі реологиялық процестерінің дамуы мен жыныстардың жел әсерінен босауын, массивте деформациялық процестердің (қабаттардың түйіскен бетінде әлсіреуі) дамуын анықтайды. Кен жұмыстары шебінің жылжу жылдамдығы жоғары болған кезде массивте деформациялық және реалогиялық процестер жылдам дамып ұлгермейді, ол жұмыс кемерлерінің қиябет бұрыштарын құрт жасауға мүмкіндік туғызады. Кен алынған кеңістікте үйінділерді орналастырган жағдаулық массив жыныстарының жылжу күшіне кедергі жасайды.

Карьер жағдаулары табан ауданында ойыс, дөңес пішінді және түзусызықты болып келеді. Барлық жағдайларда табан ауданындағы ойыс пішінді қиябеттер тұтас қиябетке қарағанда орнықты болатыны анықталған.

Аттыру жұмыстары сейсмикалық әсерге, кемердің қиябет массивінде жарықшақтардың пайда болуы мен таралуына және беріктігі төмен аймақтардың пайда болуына алып келеді. Жарылыштың теріс әсерін азайту үшін кемердің ақтық жағдайға қою кезінде жүргізілетін қажет шаралар: нақты жергілікті жағдайға байланысты бұрғылап-аттыру жұмыстарының параметрлерін өзгерту; ұнғылардың диаметрін азайту; ұнғылық зарядтарды қысқа мезеттік аттыру және инерпті өзекті зарядтарды нұсқалық аттыру керек; ұнғылар қатарын жағдау нұсқасына $60\text{--}80^\circ$ бұрышпен орналастыру; арнайы орналасқан ұнғылар қатарын негізгі зарядтардан бұрын ат-

тыру; кемерлердің беріктігін жасанды арттыру; нақтылы есептеулерде орнықтылықтың қоспалы коэффициентінің мәнін көтеру. Олар сәйкесінше жұмыстағы және жұмыс жүргізілмейтін кемерлерге тән.

Киябеттердің орнықтылығы қысқа мерзімді және ұзак мерзімді болады. Жұмыс кемерлерінің орнықтылығының қоспалы коэффициенті $h_y = 1,15 \div 1,2$ тең болса, ал жұмыс жүргізілмейтін сазды және жарықшақ жартасты және жартылай жартасты жыныстарда оның мәні $h_y = 1,5 \div 2$ құрады.

Жұмыстағы және жұмыс жүргізілмейтін кемерлердің қиябет бұрышын таңдауда 7.5-кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалануға болады. Әсіресе, орнықсыз жыныстарда немесе босау бетінің қолайсыз орналасу жағдайларында кемердің қиябет бұрышын нақты анықтау үшін арнайы зерттеулер жүргізуде олардың тұрақтылығын мүқият есептеу қажет.

Кемердің опырылуы мүмкін призмасының ені z (7.10-сурет) оның құрамында беріктігі төмендемеген болмағанда қиябет бұрыш пен жыныстардың беріктігіне байланысты келесі формула мен анықталады:

$$z = \frac{2h_y \left[1 - \operatorname{ctg} \alpha \operatorname{tg} \left(\frac{\alpha + \rho}{2} \right) \right] - 2h_{90}}{\operatorname{ctg} \left(45^\circ - \frac{\rho}{2} \right) + \operatorname{tg} \left(\frac{\alpha + \rho}{2} \right)}, \quad (7.16)$$

мұндағы, α – кемердің қиябет бұрышы, градус; r – жыныстың ішкі үйкеліс бұрышы, градус; h_{90} – тік опырылатын жарықшақтың биіктігі, м.


$$h_{90} = \frac{2k}{\gamma g} \operatorname{tg}(45^\circ) + \frac{\rho}{2}, \quad (7.17)$$

мұндағы, K – жыныс ілінісуі, Па; g – жыныс тығыздығы, kg/m^3 .

Кемерлердің киябет бұрыштары (ВНИМИ бойынша)

Жыныстар тобы	Жыныс массивінің сипаты	Біреулік кемер биіктігі, м	Кемердің киябет бұрыши, градус		
			жұмыс жыныс-шы	жұмыс жүргізілмейтін біреу-лік	жекеулік не ушеулік
Жартасты жыныстар $\sigma_{сж} > 8 \times 10^7$ Па	Аса берік шөгінді, метаморфталған және жарып шыққан жыныстар Берік аз жарықшакты, шөгінді, беттері шамалы ұсақталған метаморфталған және жарып шыққан жыныстар Берік жарықшакты, бетте аз ұсақталған шөгінді, метаморфталған және жарып шыққан жыныстар Ұсақталған аймақтағы шөгінді, метаморфталған және жарып шыққан жыныстар, киябеттерде салыстырмалы орныкты әктас, құмтас, алевролит, т.б. кремнийлі цементті шөгінді жыныстар, конгломераттар, гнейстер, порфириттер, граниттер, туфтар Беттері біршама ұсақталған шөгінді, метаморфталған және жарып шыққан жыныстар. Киябеттерде жылдам көп ұсақталған жыныстар (аргиллит, алевролит, сланц, т.б.)	15-20	90-га дейін	70-75	65-70
		15-20	80-ге дейін	60-75	55-60
		15-20	75-ке дейін	55-60	50-55
Беріктігі аз жартасты және жартылай жартасты жыныстар $\sigma_{сж} = 8 \times 10^6 - 8 \times 10^7$ Па	10-15	70-75	50-55	45-50	
		10-15	60-70	35-45	35-40
Жұмсақ және сусымалы жыныстары $\sigma_{сж} < 8 \times 10^6$ Па	Сазды жыныстар, толық өзара бөлінген барлық жыныстардың бөлшектері Кұмды-сазды жыныстар Кұмды-құмтасты жыныстар	10-15	50-60	40-45	35-40
		10-15 10-15	40-50 40-ка дейін	35-45 30-40	30-40 25-35

Г. Л. Фисенконың ойы бойынша опырылуы мүмкін призма ені: сілемнің төнбес бүйіріндегі босау беттерінің көлбеу үйлесімсіз жатуы кезінде ($0,10-1,20$) h_y , жатпа бүйіріндегі босау беттерінің көлбеу үйлесімде жатуы кезінде ($0,25-0,30$) h_y , жазық жатқан кезінде ($0,30-0,40$) h тең болады.



7.10-сурет. Кемер жыныстарының опырылуы мүмкін призмасының енін анықтау сұлбасы


7.5-кестеде сланецтеген қабаттардың, тектоникалық жарықшашқтар мен басқа да босау беттерінің карьердің ішіне қарай $30-65^\circ$ бұрышпен (егер жарықшақ сазбен толтырылса, онда 25° -тан аса бұрышпен) құлауы кезінде кемердің қиябет бұрышы осы бостау беттерінің құлау бұрышына сәйкес болуы керек, бірақ – кестеде көрсетілген шамалардан аспауы керек.

7.5. Тереңдеме игеру жүйесі кезіндеңі бермалардың конструкциясы мен параметрлері

Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың кемерлер бірінен бірі алаңшамен (бермалармен) бөлінеді. Оларды көліктік және жыныстардың құлаудан сақтайтын бермалар деп аталады.

Көліктік қосқыш бермалар курделі оржолды сәйкес кемерлерде жұмысшы денгейжиектермен қосады. Бұл бермалар карьер алаңын жазық қабаттармен игеру кезінде әрдайым жазық болады. Көліктік берманың ең төменгі ені B_t (7.11-сурет) K ($K=0,5-0,7$ м) кювет енінен, тоқ жүйесі енінен, көлік жолы енінен және қауіпсіздік белдеу (опырылуға мүмкін призма ені) енінен Z құралады. Оңай ұсақталатын

жыныстарда кен алынған кеңістік жағындағы қауіпсіздік белдеу ені 2-4 м-ден кем болмауы керек, сонымен қатар ені 4-6 м опырылатын жыныстар жиналатын алаң қалдыру қажет.



7.11-сурет. Қосқыш бермалардың элементтері:

а және ә - сәйкесінше теміржол және автомобил көліктегін қолдану кезінде

Теміржол көлігін пайдаланған кезде – бір жол болғанда $T=3$ м, екі жол болғанда $T=7,5$ м. Автокөлікті қолданған кезде жолдың жүріп жатқан бөлігі мен оның жиегінің ені екі қатармен жүрген кезде жүк көтергіштігі 10-12, 27-30, 40-45, 65-75, 100-120 және 160-180 т автоөзітұсіргіштер үшін 11, 13, 15, 18, 22 және 30 м тең болады. Жартылай прицепті тартқыштарды қолданған кезде T шамасы 1-2 м-ге өседі. Автожол жиегінде көп жағдайда биіктігі 0,7-1,2 м болатын бос жыныс бөгеті жасалады, ал көліктің жүккөтергіштігі 75 т кезінде бөгеттің биіктігін 3,5 м-ге дейін көтереді.

Бір жолды теміржол кезінде көліктік берманың жалпы ені 6,5 м-ден, ал екі жол кезінде 10,6 м-ден кем болмауы керек; тәжірибе жүзінде берманың ені 8 және 12-14 м-ден кем қабылданбайды. Жүккөтергіштігі 27 және 40 т автоөзітұсіргіштер кезінде көліктік берма ені 16-18 м, ал одан да қуатты автоөзітұсіргіштерді пайдаланғанда 30 м-ге дейін жетеді.

Терең емес карьерлерде жазық қосқыш бермаларды жасау үшін жұмыс жүргізілмейтін жағдауларды кеңейту кен орын алған. Терең карьерлерде жағдауларды қосымша кеңейтуге талап қойылмаған уақытта қосу бермаларын тек жайпак жағдауларда қалдырады; орнықтылығын қамтамасыз ететін күрт жағдаулар болған кезде қосқыш бермаларды қосу бермаларын жасау қарастырылмайды.


Жұмыс жүргізілмейтін жағдауларда жүргізілетін съездер (жар-

тылай оржолдар) шын мәнінде, көлбеу көліктік бермалар болып шығады, сондықтан олардың ені қосқыш бермалардың ені сияқты анықталады.

Сақтайтын бермалар карьер жағдауын салу бұрышын азайту және оның орнықтылығын көтеру мақсатында жүргізіледі. Сақтайтын бермалардың ені мен орналасуы (әрбір кемерде немесе екі-үш кемерден кейін) жұмыс жүргізілмейтін жағдау мен кемерлердің қиябет бұрышына байланысты анықталады.

Нұсқалық аймақтағы жартас жыныстарды тік ұңғылық оқтамалармен жаппай қопарған кезде аттырылатын блоктың сыртында орналасқан жыныстар да бұзылады; үлкен жарықшақтар кемердің үстіндегі бетінен массивтің 5-10 м терендігіне дейін тарайды, ұнғы осінен жарықшақтардың таралу аймағы – 20-30 м-ге, сілкіну және деформациялану аймағы 40-60 м-ге дейін тарайды (7.12-сурет). Осы себептен және бермалар бетінің ұсақталу нәтижесінде олардың біраз қабаты 3-4 жылдан кейін биіктігі үлкен тұтас қиябетке айналады. Мұндай сәттер жағдаудың қиябет бұрышы 30° -тан кіші болса да қауіпті, өйткені ірі кесек тастар жұмыс кемерлерін жауып қалады. Мұндай жағдайларда сақтайтын бермаларының ені 8-12 м дейін, тіпті, одан да көп үлкейтіледі.

Жағдауларды жобаға сай актық орнына қою кезінде арнайы аттыру әдістерін қолданған жөн. Егер жыныс қабаттарының құлау бұрышы $26-30^{\circ}$ көп болса, актық орнына қойылатын кемерлердің киябеттері олардың жанасу беттеріне сәйкес келуі керек.




7.12-сурет. Тік (а) және көлбеу (ә) ұңғылық зарядтарды аттыру кезіндегі кемердің бұзылу аймақтары: 1 – жарықшақтар аймагы; 2 – сілкіну аймагы

Жартасты жыныстарда қосарланған және үш кемерден тұратын жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың биіктігі 30-45 м болған кезде

Киябетін жайпақ және сақтандыру бермаларының ені 10-15 м болуы керек.

Жұмсақ суға қаныққан жыныстарда әр кемерде кең сақтандыру бермалары ($h_y \geq b \geq 0,5h_y$) жасалады, ал жартасты жыныстарда қарьер жағдауының актық тереңдігі толық анықталмаған жағдайдаған жасалады.

Карьер жағдауларында тұрақты съездерді орналастыру оларды тегістеуге (7.13, a-сүрет) және карьер нұсқасындағы бос жыныстар көлемінің көбеюіне алып келеді. Жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың киябет бұрышын көбейту үшін көлбеу сақтандыру бермаларының еңістігін съездер еңістігіне тең етіп тұрғызу қажет (7.13, ə-сүрет).



7.13-сүрет. Сақтандыру бермалары жазық және көлбеу жағдаулардың сұлбалары: 1 – жер беті, 2 – сақтандыру бермалары, 3 – съезддер


Мұндай конструкциялардың негізгі кемшілігі – жазық бермалармен салыстырғанда тау-кен жұмыстарының (20-25%) қымбаттылығы. Мұндай жұмыс жүргізілмейтін жағдауларды пішіні дөңгелек табан ауданының өлшемдері шамалы терең карьерлерде тұрақты съездердің трассалары спиаральді болған кезде қолданады (7.13, б-сүрет). Көлбеу сақтандыру бермаларын тау-кен жабдықтарын кемерлер арасында жылжыту үшін, ал карьерді қысқа мерзімді пайдалану кезінде – тау-кен қазындысын тасымалдау үшін де пайдаланады.

7.6. Кемер биіктігінің карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышына әсері және оның орнықтылығын қамтамасыз ету

Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауы деп ұзак уақыт бойы тау жыныстары қазылып алынбайтын кемерлер жиынтығынан құрылған карьер жағдауын айтамыз. Эрбір төмен жатқан жұмыс жүргізілмейтін кемер жоғарғыдан сақтандыру не көлік бермалармен бөлінеді (7.14-сурет). Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышы ϕ_h жағдау конструкциясына (әртүрлі міндет атқаратын бермалар кезегі мен ені), кемер биіктігі мен қиябет бұрышына байланысты анықталады (7.14-сурет), яғни:

$$\operatorname{tg} \phi_h = \sum h_\mu / (\sum b_{t\mu} + \sum b_{n\mu} + \sum h_\mu \operatorname{ctg} \alpha), \quad (7.18)$$

мұндағы, h_μ – μ -ші кемер биіктігі; $b_{t\mu}$ – μ -ші кемердегі көлік бермасының ені; $b_{n\mu}$ – μ -ші кемердегі сақтандыру бермасының ені; α_μ – μ -ші жұмыс жүргізілмейтін кемердің қиябет бұрышы; ϕ_h – карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышы.



7.14-сурет. Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының сұлбасы

Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қиябет бұрышы кемер биіктігі артқанда көбейеді және де карьер жағдауында көліктік бермалар мен съездерді орналастырғанда, сонымен қатар күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда жұмыс жүргізілмейтін кемерлердің қиябет бұрыштары азайтылғанда және сақтандыру бермаларының ені кеңейтілгенде азаяды. Терен ка-

ръерлерде жағдаулардың жалпы қиябет бұрышының 3-5° азасы аршу жұмыстары көлемінің ондаған миллион текше метрге көбеюіне алып келеді. Мысалы, карьер тереңдігі 500 м карьер жағдауының қиябет бұрышын 45°-тан 40°-қа азайтқан кезде, карьердегі жыныстар көлемі жағдау ұзындығының әрбір 1000 м-не 24 млн.м³-қа көбейеді.

Жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың орнықтылық шарты бойынша қиябет бұрыштары жыныс бекемділігіне, жыныс массивінің жағдайы мен құрылымына байланысты (7.6-кесте) болады. 7.6-кесте мәліметтерін тек алдын ала есептеулер үшін қолдануға болады. Дәлірек мәліметтер нақты инженерлік-геологиялық жағдайларда жүргізілген арнайы бақылаулар, зерттеулер, өлшеулер мен есептеулер нәтижесінде алынады.

Жобалау кезінде карьер жағдауларының орнықты көлбен бұрышын анықтаумен қатар жоғары экономикалық көрсеткіштерге жету және жер қойнауы мен жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін тау жыныстары массивінің жай-күйін басқару керек.

Tau жыныстары массивінің жай-күйін басқару дегеніміз – тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу және жоғары экономикалық тиімділікке жету үшін карьер жағдаулары қиябетінің оңтайлы параметрлерін анықтаудың гылыми және техникалық шаралар кешені. Бұл шаралар кешені кенорның игерудің табиғи және тау-кен техникалық жағдайларымен анықталады.

Мұнда оңтайлылық критеріи ретінде карьердің барлық мүмкін нұсқаларын көлбен бұрыштары әртүрлі орнықты жағдауын қалыптастырудың және оларды жасанды нығайтудың әртүрлі тәсілдері кезінде есептелген шығындарды азайту немесе пайданы көбейту қабылданады.

Тау жыныстары массивінің жай-күйін басқарудың бастапқы принциптері.

1. Карьер жағдауының қиябет бұрыштары кен жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін (адамдар мен жабдықтар үшін) және кенорның игерудің жоғары үнемділігін қамтамасыз етуі керек.

2. Карьер жағдауы орнықтылық коэффициентін кезеңдермен анықтау керек:

- жобалау кезінде (барлау мәліметтері бойынша);

- карьердің жұмыс және аралық жағдауларының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін карьерді салу және оны пайдаланудың бірінші

кезеңінде (тау-кен құрылыштық және эксплуатациялық жұмыстар мәліметтері бойынша);

- карьердің ақтық нұсқаларын анықтау үшін кен жұмыстарының ақтық нұсқаға жақындауы кезінде (ұзак мерзімді пайдалану мәліметтері бойынша).

3. Күрделі жағдайларда, әсіресе, терең карьерлерде жағдаулардағы тау жыныстарының жай-күйін басқару үшін арнайы шаралар және жағдаулардың орнықтылығын бақылау, жүргізілген инженерлік шараларды қадағалау үшін арнайы қызметтер қажет.

Карьер жағдауындағы тау жыныстарының жай-күйін технологиялық басқарудың кешенді әдістемесіне келесілер кіреді:

- карьер жағдауының оңтайлы даму бағытын таңдау;

- жағдаулардың конструкторлық параметрлерін өзгерту арқылы тау жыныстары жағдайын басқару;

- жағдауларды ақтық жағдайға қою.

Карьер жағдауларындағы жыныстардың жай-күйін басқарудың арнайы технологиясы орнықсыз участкерді нығайту және тау жыныстарын бекіту жұмыстарынан тұрады.

Қазіргі уақытта карьерлерде, гидротехникалық және арнайы құрылыштарда қолданылатын нығайту тәсілдерінің барлығы тау жыныстары массивіне әсер ету принципі бойынша негізгі төрт топқа бөлінеді (7.6-кесте).

Механикалық тәсілдермен нығайту тау жынысы массивіндегі кернеуді қайта бөлуге негізделген. Нығайту конструкциялары мен кондырығылары опырылу призмасының қысымын өзіне қабылдан, оны жылжу аймағынан тыс орналасқан массивтің орнықты бөлігіне береді. Сондықтан бұл тәсілдерді қолдану шарты бойынша жылжу аймағынан тыс не қиябет табанында орнықты массив болуы керек.

Нығайту тәсілдерінің екінші тобы жыныстардағы бұзылған құрылымдық байланысты қалпына келтіру үшін қолданылады. Тау жыныстарының беріктігін арттыру құрылышта кен тараған. Оны ашиқ кен жұмыстарында қолдану әзірше шектелген. Жарықшақты жартасты жыныстарды цементтеу тәсілі көп қолданылады, бірақ ол да қадалармен, анкерлермен үйлесімде қолданылады.

Жағдау қиябеттерін жасанды нығайту тәсілдері

Тәсілдер тобы	Нығайту құралдары	Тәсілдердің колдану жағдайлары
	Темірбетондың кадалар	Аз жарықшактың кен алынған кеңістікке қарай құлау бұрышы 20-50° босау беттерімен бөлшектенген массивтер
	Анкерлер, шпондар және иілгіш арқанды тартпалар	Iрі блоктың аз желденген массивтер, қазбаға қарай құлау бұрышы 40-60° слансці, қабатталған қатты жыныстар
Механикалық нығайту	Тірек және қорғаныс қабырғалары, контрфорстар	Қатты жарықшактанған, аздаған желденген жартасты және жартылай жартасты жыныстар
	Темірбетондың тірек қабырғалары және контрфорстар	Күрделі құрылымды бос жыныс қабаттар бар бұзылған массивтер
Жыныстардың бекемділігін арттыру	Цементтеу, полимерлі материалдардан жасалған бекіткіш ерітінділерді айдау, шайырлау	Сазды материалдардан таза жарықшакты жартасты жыныстар
Оқшаулағыш қорғаныс жабындылары	Металл торларға бетон бұрку, шайырлау, битумдау	Қарқынды желденуге немесе сілтіленуге бейім қатты жарықшакты жыныстар
Жыныстардың құрамды тәсілмен бекіту	Механикалық нығайту, жыныстарды бекіту немесе оқшаулау тәсілдерінің үйлесімі	Күрделі және инженерлік-геологиялық жағдайлар

Киябет бетін оқшаулаушы материалдармен жабу тау жыныстары қарқынды желденген кезде қолданылады. Жабынды конструкциясы жүктемелерге есептелмеген, оның басты міндеті – тау жыныстарын сыртқы орта әсерінен қорғау.

Күрделі инженерлік-геологиялық жағдайларда, нығайтудың бір тәсілі жыныс массивінің орнықтылығын ұзақ уақыт қамтамасыз ете алмаған кезде, құрамды тәсіл қолданылады.

Тау жынысы массивіне арнайы әсер етудің кешенді әдістемесіне келесілер кіреді:

- жыныс массивтерін нығайтудың әртүрлі тәсілдерін техникалық қолдану және олардың нұскаларын негіздеу (7.6-кестені қара);

- карьер алаңдарын инженерлік-геологиялық аудандарға бөлу, қиябет орнықтылығын және тірек конструкцияларына түсетін қысым шамасын бағалау әдістері негізінде жасанды нығайтудың қажет ететін участеклер мен аймақтарды анықтау;

- болат және темірбетонды конструкцияларды есептеу әдістері және тау қысымы теориясы негізінде нығайту шаралары мен бекіту құралдарының қажетті колемін есептеу.

Карьер жағдауларын жасанды нығайту (әсіресе, жартасты және жартылай жартасты жыныстарда) көп жағдайларда жағдауларды кенейтуге қарағанда тиімді болады. Арнайы технологиялармен карьерлер жағдауларын ақтық жағдайға дейін қазу 10-20 м терендіктен бастап, экономикалық тиімді болып табылады, яғни жер бетінен екінші кемерден басталады.

Карьер жұмысының әртүрлі кезеңдеріндегі көліктік бермалар мен съездердің (курт оржолдар) саны, орналасуы және өлшемдері қолданылатын көлік түрлері мен тип өлшемдеріне, игеру жүйесіне және ашу сұлбасына байланысты болады. Әдетте, көлік коммуникациялары орналасатын жұмыс жүргізілмейтін жағдау участекерінің қиябет бұрыштары орнықтылығын қамтамасыз ететін бұрыштардан біршама аз болады. Бұл бұрыштар графиктер салу және аналитикалық есептеулер арқылы анықталады.

Бірқатар жағдайларда карьердің терендігі және табан ауданындағы жеке участекерінде кен жұмыстарын бірнеше кемерлерде кеzekпен тоқтату арқылы уақытша жұмыс жүргізілмейтін жағдау жасайды. Мұндай кемерлердегі алаң $B_{в.н.}$ ені $b_t \leq B_{в.н.} < B_{р.п.}$ аралығында болады. Бұл кезде уақытша жұмыс жүргізілмейтін жағдаудың қиябет бұрышы $\gamma_{в.н.} = 20-35^\circ$ құрайды.

Уақытша жұмыс жүргізілмейтін жағдау аршу жұмыстарының көлемдерін азайту үшін жасалады, сонымен қатар басқа да себептер болуы мүмкін: көлбейу конвойерлік немесе скрептік көтермелерді орналастыру, жартылай тұрақты теміржол трассаларын орналасты-

ру, карьер ішіндегі тасымалдау қашықтығын қыскарту үшін, жер бетінде жасанды қондырылардың болуы, т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Кемер қиябетінің орнықтылығына қандай факторлар әсер етеді?
2. Кемердегі жыныстардың опырылуы мүмкін призмасының енін анықтау үшін алған көмектердің көмекшілігін анықтаңыз.
3. Көлік және сақтандыру бермаларының өлишемдері қалай анықталады?
4. Кемер биіктігі карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдайдауының қиябет бұрышына қалай әсер етеді?
5. Карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдайдауының орнықтылығы қандай тәсілдермен қамтамасыз етіледі?

7.7. Панель блогының және жұмыс алаңының ені

Кемерлер көлбеу жолақтармен – панельдермен (енбелермен) қазып алынады. Сондықтан панель (енбе) игеру жүйесінің кемер элементі болып табылады.

Теміржол көлігін пайдаланған кезде панель блоктары кемердің жұмыс шебі бойымен орналасады (7.15-сурет). Жұмсақ және борпылдақ жыныстарды қазып алу кезінде панельдер мен блоктар енбе қызметін де атқарады (7.15, a-сурет). Бұл жағдайда жолдарды қайта ауыстырып салу көлемін азайту үшін экскаватор параметрлеріне байланысты панель блогының енін $B_{\delta,n}$ үлкен мәнде қабылдау керек, яғни:


$$B_{\delta,n} = (1,5 - 1,7) R_{q,y}, \quad (7.19)$$

мұндағы, $R_{q,y}$ – экскаватордың тұру деңгейіндегі көсу радиусы.

Жартасты және жартылай жартасты жыныстарды қазып алу кезінде панель ені (7.15, a-сурет) аттырылатын блок еніне тең, ол бұрғылап-аттыру, қазу тиесу және жол жұмыстарымен байланыста болады. Аттырылатын блок ені:

$$B_{\delta,6} = W + a_p (n_p - 1), \quad (7.20)$$

мұндағы, W – кемер табаны бойынша кедергі түзуі; a_p – ұңғылар қатарының арақашықтығы; n_p – блоктағы ұңғылар қатарының саны.



7.15-сурет. Жұмсақ, борпылдақ (а) және жартасты (б) жыныстарда панель енін анықтау сұлбалары

Аттырылған тау-кен қазындысы бойынша енбе ені (7.19) қатынасынан анықталады.

Енбенің шеткі шекарасынан теміржол осіне дейінгі ең үлкен қашықтық (L) механикалық күректермен тиесінде экскаватордың көсү ($R_{u,y}$) және түсіру (R_p) радиустарының сомасымен анықталады, яғни:

$$L = R_{u,y} + R_p. \quad (7.21)$$


Жұмыс алаңының ені – жұмыс кемерінің құрамды бөлігі – қарастырылатын кемердің төменгі жиегінен төмен жатқан кемердің жоғарғы жиегіне дейінгі қашықтық. Ол негізгі машиналар мен көліктік коммуникацияларды, күш пен жарық желілерін, қосымша көлік пен жабдықтарды қауіпсіз орналастыру кезіндегі жабдықтардың өндірістік жұмысын қамтамасыз етуі керек. Бұл кезде іргелес кемерлердің бір-бірінен тәуелсіз жылжуы үшін резервті жол қажет (7.16-сурет). Карьерді салу кезеңінде тау-кен күрделі жұмыстарының көлемін азайту үшін жұмыс алаңының ең кіші енін қабылдайды.

Жартасты және жартылай жартасты жыныстарды механикалық күректермен қазып алған кезде жұмыс алаңының ең аз ені аттырылған

$B_{p,n}^{min}$ жыныстар үйілімі енінен B_o , үйілімнің төменгі жиегінен l_T көлік жолына дейінгі қашықтықтан, көлік жолының T енінен, ЭБЖ (ЛЭП) орналастыру жолынан, автожолдар B_L , бұрғылау жабдығын орналастыру жолынан B_z және опырылу призмасының енінен z құралады, яғни:

$$B_{p,n}^{min} = B_o + l_T + T + B_L + B_z + z. \quad (7.22)$$

B_o , l_T , T , B_L , B_z және z мәндері қарастырылатын карьердің нақты тау-кен геологиялық жағдайларында есептік мәліметтер және нормативтік материалдар бойынша қабылданады.



7.16-сурет. Жұмыс алаңының енін анықтау сұлбасы

Үйілімнің лақтырылған бөлігінің ені $(1,3-1,6) h_y$ құрайды, ЭБЖ және көліктік жол арасындағы қашықтық $2-3$ м, көмекші автожол ені $3-4$ м, бұрғыланатын блок ені $(1,0-1,5)h_y$.

Көлік жолының ені T поездардың кемерде жүру жағдайымен анықталады. Бір кенжарлық жол кезінде (жұмыс шебі қысқа, кемерде бір экскаватор) $T = 3$ м, екі жол кезінде жолдар арасындағы қашықтыққа байланысты $T = 7,5,8$ м. Жолдар арасындағы ең аз қашықтық $4,5$ м.

Опырылу призмасының ені:

$$z = h(\operatorname{ctg}\gamma - \operatorname{ctg}\alpha) \quad (7.23)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, γ – массивтегі кемердің орнықты қиябет бұрышы, $\gamma = 40-60^\circ$, α – жұмыс кемерінің қиябет бұрышы, $\alpha = 60-75^\circ$.

Үйілімнің төменгі жиегінен көлік жолына дейінгі қашықтық l_t , әдетте, $l_t = 1,5, 2$ м деп қабылданады.

Қазақстан карьерлерінде автомобиль және теміржол көлігін қолданған кезде жартасты жыныстардан құралған 10, 15 және 20 м кемерлерде жұмыс алаңының нақты ең аз ені 30-60 м құрайды.

7.8. Жұмыс шебінің және экскаватор блогының созылымы

Карьердің жеке кемерлер шебінің созылымынан тұратын тау-кен жұмыстары шебінің ұзындығы пайдалы қазба және тау-кен қазындысы бойынша өндірістік қуатты қамтамасыз етуі, сонымен катарап жаңа деңгейжиектерді дайындау үшін жеткілікті болуы керек.

Кемердің алғашқы шебі карьер алаңының ұзындығына L_k немесе еніне B_k тең болуы мүмкін. Жиі жағдайда ол L_k (B_k)-дан кіші болады. Бұл шеп кен жұмыстары дамыған сайын ұлкейеді, сондықтан оның ұзындығы $L_{\phi,y}$ тұрақсыз — ол берілген деңгейжиекті игеру кезеңінің басында және аяғында кіші болады. Карьер алаңының ортасында орналасқан тілме оржолды екі жақты қазып алу кезінде бір кемердің жұмыс шебінің ұзындығына 2 $L_{\phi,y}$ болады. Кен жұмыстары терендердеген сайын кемер шебінің ұзындығы азаяды, карьердің ең төменгі деңгейжиегінде өзінің ең аз мәнінде жетеді.

Тұтас игеру жүйесі кезінде қуатты қазу тиесінде жабдықын қолданып созылымы үлкен тұйық не өтпелі жұмыс шебін жасауға болады. Экскаватор өнімділігі деңгейжиектегі жұмыстың жоспарлы көлеміне сәйкес келуі керек. Бұл жұмысты ұйымдастыруды және жабдықты тиімді пайдалануды арттырады.


Терендерде игеру жүйесінде карьер алаңы өлшемдерінің азаюына байланысты әрбір кемердің жұмыс шебінің ұзындығы аз болады. Бұл жағдайда карьердің өндірістік қуатына жету үшін жұмыс кемерлерінің санын арттырады.

Кемер шебінің нақты созылымын, оның жылжу жылдамдағын арттыру үшін және жоғары техникалық-экономикалық нәтижелер алу үшін экскаватордың тек қана бір моделін таңдау керек.

Жұмыс шебінің созылымы үлкен (2-3 км және одан да үлкен) болған кезде ғана бірнеше экскаваторларды қолдану тиімді болады. Мұның қажеттілігі кен жұмыстарының қарқындылығы жоғары, кемер биіктігі үлкен және қуатты экскаватордың жоқтығынан (немесе көліктік жағдайлары бойынша қолдану мүмкіндігі болмаған кез-

де) туады. Бұл жағдайда панельді жұмыс шебі бойынша блоктарға белінеді.

Панель блоктарының ұзындығы (7.7-сурет) іргелес блоктар кенжарындағы жұмыстардың үздіксіздігін және өзара байланысын қамтамасыз етуі керек. Егер тау-кен қазындысы әртекті болса, онда блоктарды бос жыныс және пайдалы қазба түрлері мен сорттары бойынша бөледі. Бұл жағдайда панельдің жеке блоктарының ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін. Иргелес блоктар ұзындығы шамалы болғанда оларды бір экскаватормен қазып алады.



7.17-сурет. Теміржол көлігі кезіндегі экскаваторлық блок сұлбасы

Жартасты жыныстардан құрылған блоктарды қазып алушың тәуелсіздігі жеткілікті қолемдермен, яғни жұмыс блоктарының ұзындығымен – аттырылған, аттыруға дайындалған (бұрғыланған) және бұрғыланатын блоктар ұзындығымен қамтамасыз етіледі. Иргелес блоктар кенжарларының жылжу бағыты бірдей және бір-бірінен алшақ болуы керек.

Теміржол көлігін қолданған кезде біреулік жұмыс шебінде көлікті айырбастау операциясының құрделі болуына байланысты экскаваторлық блоктар саны үштен көп болмауы керек, ал автокөлікті қолданған кезде – алты блокқа дейін болады. Конвейерлік көлікті қолданған кезде блок саны қолданылатын экскаваторлар мен конвейерлер қуатымен шектеледі.

Созылымы үлкен карьерлерде теміржол көлігін қолданған кезде жоғарғы деңгейжиектерді игеру қарқындылығын арттыру үшін қосарланған жұмыс шебін жасайды, ол кемерде төрт-бес экскаваторға дейін орналастыруға мүмкіндік береді. Автокөлікті қолданған кезде кемерден бірнеше көліктік шығысты жасақтауға, сонымен қатар жер бетінде тасымалдау қашықтығын қысқартуға болады.

Панель блогының ең аз ұзындығы көліктік және бұрғылап-

арттыру жұмыстарын жүргізу жағдайларымен анықталады. Сонымен, теміржол көлігімен тасымалдау кезінде блок ұзындығы және іргелес кенжарлар арасындағы қашыктық әрбір кенжарда поездарды тиесінде құрамын (состав) 2,5-3 ұзындығынан кем болмауы керек. Қазіргі уақытта аттырылатын блок көлемі жартасты және жартылай жартасты жыныстарды қазып алу кезінде экскаватордың екі апталық (жіңі жағдайда бір айлық) өнімділігінен кем болмауы керек.

Экскаватор блогының ұзындығы (L_b) пайдалы қазбалардың тау-кен геологиялық жағдайларымен, олардың жоспардағы геометриялық өлшемдерімен, кемер биіктігімен, кентірек бойынша енбе енімен, қазу тиесінде жабдығын көлік құралдарымен үздіксіз қамтамасыз ету қажеттігімен анықталады. Экскаваторды дайындалған тау-кен қазындысының ($Q_{r.m}$) қажетті көлемімен қамтамасыз ету шартына байланысты экскаватор блогының ұзындығын келесі түрде анықтауға болады:

$$L_b = Q_{r.m} / (h_y B_{b.p}) = n_m Q_{e.m} / (h_y B_{b.p}), \quad (7.24)$$

немесе

$$L_b = T_c Q_{e.c} / (h_y B_{b.p}),$$

мұндағы, n_m – экскаватордың бір панельді қазып алуына кететін айлар саны, әдетте, $n_m = 0,5-1$, кейде одан да көп болуы мүмкін; $Q_{e.m}$ – экскаватордың айлық өнімділігі; h_y – кемер биіктігі; $B_{b.p}$ – панель блогының ені; T_c – дайын қорларды қазып алуудағы экскаватордың жұмыс тәуліктерінің саны; $Q_{e.c}$ – экскаватордың тәуліктік өнімділігі.

Экскаватордың ең жоғары өнімділігін ескергенде:

$$L_{b.min} = 60n_s T E n_u k \eta_o / (h_y B_{b.p}), \quad (7.25)$$

мұндағы, T_s – экскаватордың тәуліктегі жұмыс сағаттарының саны; E – экскаватор шөмішінің сиындылығы, m^3 ; n_u – экскаватордың бір минуттағы циклдер саны; k_s – экскавациялау коэффициенті; η_o – кенжарды бос көлікпен қамтамасыз ету коэффициенті.

Көлік жағдайларына байланысты экскаватор блогының ұзындығы қабылданғанда поездарды алмастыру уақыты t_o (сағат) аз болғанда оларды кедергісіз тиесінде қамтамасыз етілуі керек. Бұл кезде кенжарды бос көлікпен қамтамасыз ету коэффициенті:

$$\eta_o = \frac{t_n}{t_n + t_o} = \frac{1}{1 + 60E t_o n_u k_3 / (V_b n_b)}, \quad (7.26)$$

мұндағы, t_n – поезды тиесу уақыты, сағат; V_b – вагон сиымдылығы, м³; n_b – поездарды вагондар саны.

Кемерде бір экскаваторлық блок болғанда, кемердің тұйық жұмыс шебінің ұзындығы $L_{\phi,y} = L_6$ және онда алмасу бекеті болмаған жағдайда

$$t_o = 2(L_c / v_c + 0,5 L_a / v_a + \tau), \quad (7.27)$$

мұндағы, L_c – қосатын жол ұзындығы, км; v_c және v_a – поездың қосатын және кенжарлық жолдармен жүру жылдамдығы, км/сағ; τ – байланыс уақыты, сағ.

Жұмыс шебі тұйық болған кезде, экскаватор шөмішінің сиымдылығы Е артқан сайын оның өнімділігі белгілі бір шеккеге дейін көбейеді. Жолдардың қарастырылатын даму сұлбасы үшін η_o коэффициенті 0,65-0,7 құрайды, ал көлік жағдайлары бойынша блоктың ең үлкен созылымын :

$$L_{6,min} = 2v_a \left[\frac{V_b n(1 - \eta_o)}{120 f E n_u k_3 \eta_o} - \frac{L_c}{v_c} - \tau \right] \quad (7.28)$$

формуласы бойынша анықтауға болады.

Мұндағы, f – жұмыстың бірқалыпты жүргізілмеуін ескеретін коэффициент ($f=1,15-1,25$).

Осыған ұқсас аналитикалық тендеулер арқылы кемердегі жұмыс шебінің конструкциялары, экскаваторлар саны және жолдардың даму сұлбалары әртүрлі болған кездегі экскаватор блогының тиімді ұзындығы анықталады.

Есептеулер көрсеткендегі, экскаватор блогының техникалық факторлар бойынша ең аз созылымы кезінде жабдықтарды оңтайлы пайдалануға және кен жұмыстарының жоғары қарқындылығына жетуге болады. Оның шөміш сиымдылығына байланысты мәндері төменде келтірілген.

Экскаватор шөмішінің сиымдылығы, м ³	5	8	12,5	20
Блок созылымы, м	500-800	800-1000	1100-1400	1400-2000

Көлік жағдайларына байланысты әрбір экскаватор үшін кемердегі экскаваторлық блоктардың санын н Е.Ф.Шешко формуласымен анықтауға болады:

$$L_{6,min} = 2v_3 \left[\frac{V_b n (1 - \eta_o)}{120 f E n_u k_s \eta_o} - \frac{L_c}{v_c} - \tau \right] \quad (7.29)$$

Е. Ф. Шешконың зеттеулерінде кемерде теміржол құрамдарын алмастыру шарты бойынша экскаватор блогының ұзындығы 500-600 м болғанда үш экскаватормен және ұзындығы 1200-1600 м болғанда екі экскаватормен жұмыс істеген тиімді. Осының салдарынан кемердің біреулік тұйық жұмыс шебінің созылымын 2-2,5 км көп ұзарту тиімсіз болады.

Созылымы үлкен карьерлерде ($L_k \geq 3$ км) қуатты экскаваторларды ($E \geq 2$ м³) қарқынды пайдалану үшін кемерлерде жолдардың өтпелі және тұйық сұлбаларын қолданған тиімді: бір экскаваторға екі жол, кемерде екі экскаватор болғанда озу жолын жасау керек.

Кемерде екі тиесу жолы бар және байланыс торабы жок (тарту агрегаттарын, жылулық тартқыштарды пайдалану кезінде) сұлбаны қолданған кезде қуатты экскаватор әр жолмен берілетін құрамдарды кезекпен тией алады. Озу жолын жасау кезінде бос көлікпен қамтамасыз ету бірінші (кірістен) экскаватордан басталады. Озу жолындағы поезд өтпелі сұлбадағы сияқты бір-екі экскаватормен кезекпен тиеледі. Бос көлікпен әртүрлі қамтамасыз ету салдарынан және экскаваторлар өнімділігі бірдей болмағандықтан кемердегі блоктар ұзындығы да әртүрлі болуы керек ($L_{61} L_{62} = 1,3 \div 4$ және одан да көп).

Қарастырылған сұлбалар кемердердегі жолдар ұзындығын ұзарту және көлік пен экскаватор жұмыстарын нақты үйлестірудің қажеттігін анықтайды. Мұндай сұлбаларда экскаватор өнімділігі 20-30 % және одан да көп артады.

Карьердің жұмыс аймағы толық дамыған және жұмыс кемерлерінің саны көп болған кезде экскаваторлар (карьердің өнідірістік қуаты бойынша анықталған) паркі бір кемерге бір-екі экскаватор, кейде екі кемерге бір экскаватор есебінен бөлінеді, яғни экскаваторлық блоктың нақты ұзындығы 2-4 км-ге дейін ұзарады.

Көп жағдайларда қуаты орташа экскаватор блогының созылымы көмір карьерлерінде бойлық біржағдаулы игеру жүйесі (көлбеу сілемдер) кезінде 1000-2000 м және бойлық екіжағдаулы

игеру жүйесі (күрт сілемдер) кезінде 1600-3000 м құрайды. Кен карьерлерінде әдетте, карьер алаңының табан ауданындағы өлшемдерінің аз болуына байланысты экскаватор блоктарының созылымы 2 есе аз болады.

«Қара металлургияның ашық тәсілмен игерілетін тау-кен өндіруші кәсіпорындарын технологиялық жобалау нормалары» және «Түсті металлургияның ашық тәсілмен игерілетін тау-кен өндіруші кәсіпорындарын технологиялық жобалау нормалары» бойынша жұмыс шебінің созылымы 7.7-кестеде келтірлген.

Экскаватор блогының ұзындығы экскаватор моделіне және өнімділігіне байланысты болады. Ол көліктік қызмет көрсету, бұрғылау және жол жұмыстарын жүргізу жағдайлары бойынша анықталады. Карьерлердегі жұмыс шебінің нақты созылымы көп жағдайларда кенорны және карьер алаңының өлшемдерімен анықталады (7.8 - кесте).

7.7-кесте

Бір экскаваторға келетін кемер шебінің ең аз ұзындығы

Экскаватор-мехкуректің шөміш сиымдылығы, м ³	Теміржол көлігі, м	Автомобиль көлігі, м
2,5	600	300
4,6; 5,0	1000	500
6,3; 8,0	1200	600
10; 12,5	1400	700

Кривой-Рог (Украина) бассейнінің теміркенді карьерлеріндегі жұмыс шебінің нақты ұзындығы

ТКБК	Карьер	Жұмыс шебінің жалпы ұзындығы, км			Бір экскаваторға келетін жұмыс шебінің орташа ұзындығы, м	Жұмыс шебінің 1 км-нен қазып алынатын тау-кен қазындысының жылдық көлемі, мың.м³		
		Соның ішінде		Барлығы				
		Бос жыныстары бойынша	Кен бойынша					
1	2	3	4	5	6	7		
Северный	Первомайский	18,9	16,0	2,9	829	1754		
	Анновский	15,4	13,4	2,0	888	1918		
Центральный	№ 1	8,3	6,4	1,9	—	1741		
	№2	3,5	2,7	0,8	651	877		
	№3	5,8	3,9	1,9	—	1135		
Ново-Кривожский	№2	7,0	4,6	2,4	720	1208		
	№ 3	6,6	3,8	2,8	—	2462		
Южный	—	16,0	10,5	5,5	845	1365		
Ингулецкий	—	29,2	11,5	17,7	1836	806		
Полтавский	—	14,0	10,6	3,4	737	2614		

Шетелдік карьерлердегі игеру жүйесінің элементтерінің параметрлері 7.9-кестеде келтірілген.

Шетелдік карьерлердегі игеру жүйесі элементтерінің параметрлері

Карьер	Мемлекет	Кен	Бос жыныс	Кемер білктігі, м	Жұмыс алаңының ені, м	Енбеені, м	Экскаватор шөмішінің сиымдылығы, м ³	Келік түрі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Minntack	АҚШ	Таконит	Кенді жауып жатқан жыныстары мұздакты, сланец	12,2	60,5	11,3	4,9-10,7	Автомобилді
Eree	«	«	Сондай	10,7	60,5	8,2	6,1 - 12,2	Теміржолды және автомобильді
Hebing Taconite	«	«	«	13,7	<90	15,1	7,6-12,2	Автомобилді
Jerritcanyon Lowernork	«	Алтын	Кварцит	4,5	<90	9,4	4,6; 9,7	«
National	«	Таконит	Кенді жауып жатқан жыныстары мұздакты, сланец	12,2	<90	15,1	6,1 - 10,7	«
Bingham	«	мысты халько-пирит борнит, халькоzin	Порфирлер, эктастар, моиониттер	15,2	64	15,2	21-25,6	Автомобилді, теміржолды
Peter Mitchel	«	Таконит	Кенді жауып жатқан жыныстары мұздакты	10,7	50-60	12	8,4-9,2	
Eagle Mountain	«	Магнезит, гепатит	Кварциттер, кварц	13,7	30,5	12-17	4,6-9,1	«
Climax	«		құмтастар, кварциттер	12,2	60	12,0	11,3; 9	«
Mountright	Канада	Темір кені	Құмтастар, кварциттер	12,2	30,0	27,0	6,1-7,6	«
Carol	Канада	Темір кені	Кварциттер сланцы, құмтастар	13,7 — 18,3	45,1	27,0	7,6	«
Palabora	OAP	Мысты кен	Кварциттер	12,2; 15,2	30,0	24,0	7,5; 19	Автомобилді (троллейвоз)

7.9-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Malan-jkhand	Индия	Мысты кен	Құмтастар, конгло-мераттар	12,0	35,0	9,0	4,6; 9,2	
Jwaneng	Ботсвана	Алмаз	кемберлиттер	12	60	11,0	7,6	«
Araks	Бразилия	Ниобий	Құмтастар	10	35	8,0	4,6	«
Mount Tom Drice	Австралия	Темір кені	Алевролиттер, диабаз	13,6	65	12	3,4; 9,2	«

Қазақстанның қара және түсті металургия карьерлерінде жартасты жыныстарды ЭКГ-5, ЭКГ-8, ЭКГ-12 маркалы экскаваторлармен қазып алу кезінде экскаватор блогының ұзындығы теміржол қолігін қолданған кезде 600-800 м, автомобиль қолігін қолданған кезде 250-400 м құрайды. Экскаватор блогының ең аз ұзындығы белгілі бір көлік түрі үшін турақты шама болып табылады.

7.9. Өртүрлі игеру жүйелері кезіндегі өндіру кемерлерінің саны

Кемерлердің жұмыс шебінің ұзындығы карьер алаңының табан ауданындағы өлшемдерімен, карьердің актық және ағымдағы терендігімен, қабылданған игеру жүйесімен анықталады.

Бойлық игеру жүйесі кезінде өндіру кемерлерінің ең көп саны (7.18-сурет):

$$N_{y,i} = M / [B_{p,p} + h_y (\operatorname{ctg}\alpha \pm \operatorname{ctg}\beta)], \quad (7.30)$$


мұндағы, M – сілемнің жазық қалындығы, м; β – сілемнің құлау бұрышы, градус.

«+» және «-» таңбалары сілемнің жатпа және төнбе бүйірлерінен жұмыс шебінің жылжуына сай келеді.

Көлденең игеру жүйесі және сілем ұзындығы L_3 кезінде:

$$N_d \approx L_3 / [n(B_{pp} + h_y \operatorname{ctg}\alpha)]. \quad (7.31)$$

Бір және екіжағдаулы игеру жүйелері кезінде $n=1$ және $n=2$. Нәкты жағдайларда карьердің жоспарлы өндірістік қуатын толық қамтамасыз ететін және кен жұмыстарының технологиясын сақтауға мүмкіндік беретін шеп ұзындығы тиімді деп саналады.



7.18-сурет. Қалың сілемдерді бойлық игеру жүйесі кезіндегі ондіру кемерлерінің санының анықтау сұлбасы: а және ә – сілемнің жатпа және төнбе бүйірлері жасағынан жұмыс шебінің жылжусы кезінде

Егер экскаватор блогының ұзындығы L_b берілген шама болса, карьердің жалпы жұмыс шебі L_ϕ қазу-тиеу жұмыстарын жүргізетін N_e экскаваторлар үшін экскаватор блоктарының жиынтық созылымынан аз, оған тен немесе үлкен болуы мүмкін.

$L_\phi = f N_e L_b$, қалыпты жағдай болып табылады, себебі, жұмыс экскаваторларының саны және олардың блоктарының жалпы созылымы тау-кен жұмыстары шебінің жылжу жылдамдығына сай келеді.

Кен жұмыстарының нақты шебі қажетті ұзындықтан аз ($L_\phi < f N_e L_b$) болған жағдай карьерді пайдаланудың бастапқы кезеңіне тән. Бұл ен аз қарқынмен қазып алу жұмыстар масштабына сай келмейді деген сөз, яғни кемер биіктігі тым жоғары, бұл кезде экскаваторлардың дұрыс орналасуы қамтамасыз етілмейді. Мұндай жағдайлар болмауы және жұмыс шебінің дамуы барысында жойылуы көпек.

$L_\phi > f N_e L_b$ жағдай да болмауы керек. Мұндай жағдайлар: кенорның игеру қарқының төмендету кезінде; жабдықтар саны жеткіліксіз болғанда немесе ол тиімсіз пайдаланылған жағдайда; кемер биіктігін азайту кезінде орын алады.

Экскаватордың орташа эксплуатациялық өнімділігі $Q_{e,c}$ ($m^3/ауысым$) және бір жылдағы жұмыс ауысымдарының саны $n_{e,g}$ кезінде аршу және өндіру жұмыстарының жылдық көлемін

$W_r = L_{\phi,b(i)} v_\phi h_y (h_y = \text{const})$ орындау үшін қажет экскаваторлар саны:

$$N_e = f L_{\phi,b(i)} h_y v_\phi / (Q_{e,c} n_{e,g}), \quad (7.32)$$

мұндағы, f – резервтік кенжарларды және кен жұмыстарының бір қалыпты жүргізілуін ескеретін коэффициент ($f=1,1\div1,25$).

Автокөлікті қолданған кезде ұзындығы теміржол көлігін қолданған кездегіден 2-2,5 есе кіші панельдік блоктарды қазып алуға мүмкіндік туады. Жыныстары берік кен карьерлерінде экскаваторлардың өнімділігі аз болғандықтан көмір карьерлеріне қарағанда блоктардың ұзындығы 30-40% қысқа болады.

Экскаватор блоктарының ені мен ұзындығы өзара байланысты. Сондықтан, мысалы, экскаватор блоктары кен болғанда және ұнғылық зарядтарды көп қатарлы қысқа мерзімдік аттыру қезінде кемерлердің ұзындығы қысқарады және оларды қазып алу қарқыны артады.

Қарапайым жағдайда бір мезетте жұмыс істейтін өндіру және аршу экскаваторлары блоктарының саны:

$$N_{б.и} = L_{φ.и} / L_{б.и}; \quad N_{б.в} = L_{φ.в} / L_{б.в} \quad (7.33)$$

тендеулерімен анықталады.

Мұндағы, $L_{φ.и}$ және $L_{φ.в}$ – бос жыныс пен кенді өндіру жұмыстары шептерінің ұзындығы, м; $L_{б.и}$ және $L_{б.в}$ – бос жыныс пен кенді өндіру экскаваторлары блоктарының ұзындығы, м.

Бір мезетте қазып алынатын блоктар мен кемерлер саны кен жұмыстарының күнтізбелік жоспарын жасау қезінде өндірілген пайдалы қазба сапасының талаптарын қанағаттандыра отырып есептеледі. Ол үшін кен жұмыстары шебінің жағдайы және даму нұсқасы деңгейжиекті табан ауданының сұлбасына түсіріледі, көлбеу және тілме оржолдардың, көлік коммуникацияларының жұмыс аймағында орналасуы жоспарланады.

8. АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРИ

8.1. Карьер алаңындағы тау-кен қазбаларының жылжылдаудамдықтары

Пайдалы қазбаларды игеру жүйесінің негізгі көрсеткіштеріне: кенжарлардың жылжу жылдамдығы, жұмыс кемері шебінің жылжу жылдамдығы, кен жұмыстарының терендеу жылдамдығы;




жұмыс аймағындағы тау жыныстарының көлемі, ашылған және қазуға дайын қорлар мөлшері; кеннің эксплуатациялық жоғалымы және құнарсыздануы жатады. Қосымша көрсеткіштеріне: жаңа деңгейжиекті дайындау уақыты; кендік, бос жыныс кемерлерінің жұмыс шебіндегі, жұмыс аймағындағы карьер өнімділігі жатады.

Карьер алаңындағы кен жұмыстарының даму қарқындылығын сипаттайтын көрсеткіштерді: кенжардың жылжу жылдамдығын, кемердің жұмыс шебінің жылжу жылдамдығын, кен жұмыстарының терендеу қарқындылығын, карьер алаңынан қазып алынған тау-кен казындысы көлемін, оны қазып алу уақытымен байланыстыра отырып, бірыңғай тау-кен геометриялық амал негізінде анықтауға болады. Ол үшін массивтегі тау жынысының қарастырылатын көлемін тікбұрышты параллелепипед ретінде қарастырамыз, оның көлемі (8.1-сурет):

$$V = ABC, \quad (8.1)$$

мұндағы, A, B, C – массивтен қазып алынатын жыныс көлемінің ұзындығы, ені және биіктігі (қалындығы). Жалпы жағдайда барлық шамалар айнымалы болып табылады.

Теңдеудің (8.1) екі бөлігін т уақытына беліп, қарастырылатын сипаттамалар үшін қажетті формулалар алуға болады. Бұл кезде V / t қазу-тиеу жабдығының t уақыттағы өнімділігін, ал t -ға бөлінген он жақ бөлігі – тау-кен қазбаларының берілген бағытта жылжу жылдамдығын береді.



8.1-сурет. Тау-кен қазбаларының жылжу жылдамдықтарын анықтау сұлбасы

Мысалы, $\frac{V}{t} = \frac{A}{t} BC$ тендеуінде (8.1, a-сүрет), V/t – қазу-тиеу жабдығының өнімділігі (ҚТЖ), ал A/t – кемер кенжарының (экскаватор блогы) жылжу жылдамдығы. Сонда кемер кенжарының жылжу жылдамдығы:

$$v_3 = Q_t/S_{py} = Q_t/h \cdot B_3 \quad (8.2)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, v_3 – кенжардың t уақыт аралығындағы жылжу жылдамдығы (тәулік, ай); Q_t – сол уақыт аралығында кемер панелінен жыныстарды қазып алу кезіндегі қазу-тиеу жабдығының өнімділігі; $S_{py} = BC$ – кемер панелінің (енбе) көлденең қимасының ауданы; $B = B_3$ – панель (енбе) ені; $C = h$ – кемер биіктігі.

$\frac{V}{t} = A \frac{B}{t} C$ тендеуінде (8.1, a-сүрет), B/t – кемер (панель) шебінің жылжу жылдамдығы келесі:

$$v_\phi = Q_t/S_{by} = Q_t/h \cdot L_\phi \quad (8.3)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, v_ϕ – жұмыс кемері шебінің t уақыт аралығындағы жылжу жылдамдығы, (ай, жыл); Q_t – сол уақыт аралығында ені B_3 кемер бөлігін қазып алу кезіндегі қазу-тиеу жабдығының өнімділігі; $S_{by} = AC$ – кемер панелінің созылым бойынша тік қимасының ауданы; $A = L_\phi$ – жұмыс кемері шебінің ұзындығы; $A = L_\phi$ – кемер биіктігі.

$\frac{V}{t} = AB \frac{C}{t}$ тендеуінде (8.1, b-сүрет), C/t – тау-кен жұмыстарының тереңдеу жылдамдығы (қарқыны):

$$v_y = Q_t / S_{rc} \quad (8.4)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, v_y – кен жұмыстарының t уақыт аралығындағы тереңдеу жылдамдығы (жыл); Q_t – сол уақыт аралығында төменгі кемер жыныстарын қазып алу кезіндегі қазу-тиеу жабдығының өнімділігі; $S_{rc} = AB$ – кемердің қазып алынатын көлемінің ортағы жазық қабатының ауданы; $A=L_\phi$ – жұмыс кемері шебінің ұзындығы;

$B = B_{cp}$ – кемердің қазып алынатын көлемінің ортаңғы жазық кимасының ені.


Карьердегі кен жұмыстарының бірқалыпты дамуы үшін тәменгі кемерде қажетті ауданды тазарту керек. Оның өлшемдері жұмыс шебінің ұзындығымен L_ϕ және тазартылатын ауданның жалпы енімен B анықталады. Бұл ауданның ең аз шамасы S_{rc}^{min} әртүрлі игеру жүйелері үшін әртүрлі болады. Біржағдаулы игеру жүйесі кезінде (8.2, a-сурет):

$$S_{rc}^{min} \geq [B_t + B_{p.t} + B_{p.n} + 1,5h(\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha)] L_\phi , \quad (8.5)$$

екіжағдаулы игеру жүйесі кезінде (8.4, a-сурет):

$$S_{rc}'' \geq (B_{p.t} + 2B_{p.n} + 3h\operatorname{ctg}\alpha)L_\phi , \quad (8.6)$$

мұндағы, B_t – тәменгі кемердегі көлік (сақтандыру) бермасының ені; $B_{p.t}$ – ашылатын деңгейжиектегі тілме оржол ені; $B_{p.n}$ – тәменгі кемердегі жұмыс алаңының ені; α', α – жұмыс және жұмыс жүргізілмейтін жағдаулардың қиябет бұрыштары.



8.2-сурет. S_{rc} ең кіші мәндерін анықтау сұлбасы

Сонымен, біржағдаулы игеру жүйесі кезіндегі тау-кен жұмыстарының ең көп терендеу жылдамдығы (қарқындылығы):

$$v_y^{max} = \frac{Q_t}{[B_t + B_{p.t} + B_{p.n} + 1,5h(\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha)]L} , \quad (8.7)$$

екіжағдаулы игеру жүйесі кезінде

$$v_y^{max} = \frac{Q_t}{[B_{p.t} + 2B_{p.n} + 3h\operatorname{ctg}\alpha]L} . \quad (8.8)$$

Кен жұмыстары дамуының қарқындылығын анықтаудың (8.2), (8.3) тендеулері В. В. Ржевский, А. И. Арсентьев жұмыстарында келтірілген тендеулермен толық сай келеді, ал жаңа аналитикалық формулалар (8.2-8.4) теория жүзінде шығарылған. Олар мұлдем өзгеше амалдардың қолданылуымен және негізделуімен ерекшеленеді.

(8.3) тендеуінде кемер биіктігі белгілі болған кезде v_ϕ мәнін кемердегі қазу-тиеу жабдығының өнімділігін (Q_t) және жұмыс шебінің ұзындығын (L_ϕ) өзгерту арқылы реттеуге болады. Егер кемердегі жұмыс шебінің жалпы ұзындығы тұрақты болса, онда көзделген мақсатқа жету үшін қазу-тиеу жабдығының типін, санын таңдау және олардың жұмысын нақты ұйымдастыру керек.

Терендейтін игеру жүйесі кезінде карьердің пайдалы қазба мен бос жыныс бойынша өнімділігін қамтамасыз ету үшін \bar{v}_ϕ шамасын да, \bar{v}_y шамасын да басқару керек, яғни олар қажетті деңгейде болуы керек. \bar{v}_ϕ мәні әрбір жұмыс деңгейжиегінде (8.5-8.6) шарттарының орындалуын, ал \bar{v}_y мәні – тау-кен жұмыстарының терендікке қарай дамуын (8.7, 8.8) қамтамасыз етуі керек.

Кен жұмыстарының терендеу қарқындылығын \bar{v}_y арттыру үшін (8.7, 8.8) тендеулеріне сәйкес төменгі деңгейжиекте қазу-тиеу жабдығының өнімділігін арттыру және S_{rc} ауданының мәнін ең аз шамаға жеткізу керек ((8.5) және (8.6) қара). Бұл кезде қазып алынатын блок ені аз болған сайын терендеу қарқындылығы \bar{v}_y жоғары болады. Кемер биіктігі аз болғанда, тау-кен жұмыстарының терендеу жылдамдығын арттыруға болады деген көзқарас өз дәлелін таппады. (8.5), (8.6) тендеулері бойынша b_r , $B_{p,t}$ және $B_{p,n}$ шамаларының жиынтығы Z_{htg} шамасынан біршама көп. Соңдықтан кемер биіктігі кен жұмыстарының терендеу қарқындылығына аз әсер етеді. Сонымен қатар кемер биіктігін азайту карьер жұмысының техника-экономикалық көрсеткіштеріне кері әсер етеді. Соңдықтан карьердің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін негізгі және көмекші технологиялық процестерді қатаң ұйымдастыру қажет.

Сонымен, \bar{v}_ϕ және \bar{v}_y шамалары бос жыныс пен кенді өндіру жұмыстарының жоспарлы орындалуымен реттеледі. Карьер жұмысының қандай да бір кезеңінде, мысалы, пайдалы қазба бойынша жоспарлы өнімділігіне жету кезеңінде кенге тезірек жету \bar{v}_y үшін мәні жоғары болуы мүмкін. Кен жұмыстарының режимі қалыптасқаннан кейін терендеу қарқындылығы қажет деңгейде болады. Қалындығы аз күрт сілемдер кезінде бұл көрсеткіштің мәні


зор. Мұның барлығы әрбір нақты кенорнын пайдалану жобасында, нақтырақ – кен жұмыстарының жылдық жоспарларында қаралуы керек.

8.2. Дайындау және тазарту қазбаларының жылжу жылдамдықтары арасындағы технологиялық байланыс

Ашық кен жұмыстарының кейбір оқулықтарында кен жұмыстарының терендеу жылдамдықтары кемер шебінің жылжу жылдамдығымен келесі теңсіздік арқылы дәлелсіз байланыстырылан:

$$v_y \leq v_{\phi} / (\operatorname{ctg}\varphi \pm \operatorname{ctg}\beta), \quad (8.9)$$

мұндагы, φ – карьердің жұмыс жағдауының киябет бұрышы; β – кен жұмыстарының терендеу бағытын анықтайдын бұрыш.



8.3-сурет. Жұмыс шебінің жылжу жылдамдығы мен тау-кен жұмыстарының тереңдеу қарқындылығы арасындағы байланысты есептегу сұлбасы

Шын мәнінде (8.9) формуласында v_{ϕ} кемер шебінің жылжу жылдамдығын емес, тілме оржол осінен сілемнің жатпа және төнбе бүйірлері жағынан жұмыс жағдауының киябет түзуіне дейінгі қашықтықты білдіреді. v_y шамасы жоғары кемерді карьердің жұмыс жағдауының киябет түзуіне дейін жылжыту кезіндегі тілме оржол табанының төмендейтін тереңдегін көрсетеді.

Кемер шебінің жылжу және кен жұмыстарының терендеу жылдамдықтарының арасында технологиялық байланыс бар және ол бірқатар технологиялық шектеулер арқылы анықталады. Мысалы, кезекті төменгі деңгейжиекті ашу үшін ағымдағы төменгі кемерде алаң жасау. Бұл шарттар келесі теңсіздікпен беріледі (8.2-сурет):

Біржағдаулы игеру жүйесі кезінде

$$B_{min} \geq [B_t + B_{p.t} + B_{p.n} + 1,5h(\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha)], \quad (8.10)$$

екіжағдаулы игеру жүйесі кезінде:

$$B_{min} \geq B_{p.t} + 2B_{p.n} + 3h\operatorname{ctg}\alpha . \quad (8.11)$$

Аталған параметрлердің ($B_{p.t}$, B_t және $B_{p.n}$) мәні аз болған салының кезектегі төменгі деңгейжиек тезірек дайындалып ашылады. Олар экскаватор мен көлік құралдарының жұмыс параметрлерімен анықталады.

(8.3) және (8.4) тендеулерінен аталған жылдамдықтар арасындағы технологиялық байланысты келесі қатынастармен көрсетуге болады:

біржабағдаулы игеру жүйесі кезінде:

$$v_y^{max} = \frac{v_\phi h}{B_t + B_{p.t} + B_{p.n} + 1,5h(\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha)}, \quad (8.12)$$

екіжағдаулы игеру жүйесі кезінде:

$$v_y^{max} = \frac{v_\phi h}{B_{p.t} + 2B_{p.n} + 3h\operatorname{ctg}\alpha}. \quad (8.13)$$

(8.2), (8.3) және (8.4) тендеулері бойынша кен жұмыстарының барлық бағыттарда даму қарқындылығы – қазу-тиеу жабдығының өнімділігіне тұра пропорционал. Мұның дәлелі ретінде кемер шебінің жылжу жылдамдығы мен тау-кен қазбаларының терендеу жылдамдығының экскаватордың әртүрлі маркаларының өнімділігіне байланысты өзгеруі 8.1-кестеде келтірілген. Кентірек бойынша барлық кемерлердегі енбелер ені ЭКГ-5А экскаваторы үшін 14 м, ЭКГ-8И үшін – 18 м, ЭКГ-12,5 үшін – 21 м деп қабылданған. Экскаваторлардың айлық өнімділіктері –55 000-80 000 м³/ай, 68 000-110 000 м³/ай және 96 000-170 000 м³/ай, ал жылдық өнімділіктері –650 000-900 000 м³/жыл, 800 000-1 300 000 м³/жыл және 1 100 000-2 100 000 м³/жыл.

8.1-кесте мәліметтері бойынша ЭКГ-5А экскаваторының айлық өнімділігін 44%-ға көбейткен кезде барлық кемерлерде (10, 15 және 20 м) блоктардың ұзындығы әртүрлі болғанда кемер шебінің жылжу жылдамдығы да бір айда 44%-ға артады. ЭКГ-8И экскаваторының айлық өнімділігін 62% көбейткен кезде

**Кен қазбаларының жылжу жылдамдығының экскаватор өнімділігіне
және игеру жүйесінін параметрлеріне байланысты өзгеруі**

Экскаваторлар	L_{ϕ} , м	h, м	B_{cp} , м	v_{ϕ} , м / ай	v_{ϕ} , м / жыл	v_y , м / жыл
ЭКГ-5А	350	10	94	15,7/22,8	185,7/257,1	19,5/27,1
		15	101	10,4/15,2	123,8/171,4	18,3/25,4
		20	107	7,85/11,4	92,8/128,5	17,2/23,9
	500	10	94	11/16	130/180	13,6/18,9
		15	101	7,3/10,6	86,6/120	12,8/17,7
		20	107	5,5/8	65/90	12,1/16,7
	600	10	94	9,1/13,3	108,3/150	11,4/15,7
		15	101	6,1/8,8	72,2/100	10,7/14,8
		20	107	4,5/6,6	54,1/75	10,1/13,9
	800	10	94	6,8/10	81,2/112,5	8,5/11,8
		15	101	4,5/6,6	54,1/75	8,1/11,1
		20	107	3,4/5	40,6/56,2	7,5/10,4
ЭКГ-8И	350	10	110	19,4/31,4	228,5/371,4	20,6/33,6
		15	116	12,9/20,9	152,3/247,6	19,5/31,8
		20	122	9,7/15,7	114,2/185,7	18,5/30,2
	500	10	110	13,6/22	160/260	14,4/23,5
		15	116	9,1/14,6	106,6/173,3	13,7/22,2
		20	122	6,8/11	80/130	13,01/21,1
	600	10	110	11,33/18,3	133,3/216,6	12,1/19,6
		15	116	7,55/12,2	88,8/144,4	11,4/18,5
		20	122	5,6/9,16	66,6/108,3	10,8/17,6
	800	10	110	8,5/13,75	100/162,5	9,1/14,7
		15	116	5,6/9,1	66,6/108,3	8,5/13,9
		20	122	4,2/6,8	50/81,2	8,1/13,2
ЭКГ-12,5	350	10	120	27,4/48,5	314,2/600	26,1/49,8
		15	126	18,2/32,3	209,5/400	24,8/47,3
		20	132	13,7/24,2	157,1/300	23,6/45,1
	500	10	120	19,2/34	220/420	18,2/34,8
		15	126	12,8/22,6	146,6/280	17,3/33,1
		20	132	9,6/17	110/210	16,5/31,6
	600	10	120	16/28,3	183,3/350	15,2/29,0
		15	126	10,6/18,8	122,2/233,3	14,4/27,6
		20	132	8/14,1	91,6/175	13,7/26,3
	800	10	120	12/21,2	137,5/262,5	11,4/21,7
		15	126	8/14,1	91,6/175	10,8/20,7
		20	132	6/10,6	68,7/131,2	10,3/19,7

Ескерту: алымында келтірілген жылдамдықтар экскаватордың аз өнімділігіне, ал бөлімі жогары өнімділігіне сай келеді

қарастырылған жылдамдық барлық кемерлерде сондай шамаға артады. Осыған ұқсас заңдылықтар игеру жүйесінің параметрлері әртүрлі болғанда кемер шебінің бір жылдағы жылжу жылдамдығы үшін де байқалады.

Кемер шебінің бір айдағы жылжу жылдамдығының қазутиеу жабдығының өнімділігіне байланысты графиктері 8.3-суитетте келтірілген. Олар жоғарыда анықталған заңдылықтарды көрсетеді.


Тау-кен қазбаларының терендеу жылдамдығының ҚТЖ өнімділігіне байланысты өзгереді. Осыған сәйкес ЭКГ-5А экскаваторының жылдық өнімділігін 38%-ға арттырған кезде қарастырылатын көрсеткіш барлық кемерлерде жұмыс шебінің ұзындықтары әртүрлі болғанда сондай шамаға артады. ЭКГ-12,5 экскаваторының жылдық өнімділігін 40%-ға арттырған кезде тау-кен қазбаларының терендеу жылдамдығы да игеру жүйесінің параметрлері әртүрлі болғанда 40%-ға артады және т.с.с. Жалпы тау-кен қазбаларының терендеу жылдамдығының экскаватор жұмысының қарастырылған көрсеткіштеріне тура пропорционал байланысы сақталады.

8.1-кесте мәліметтері бойынша түрғызылған тау-кен қазбаларының жылдық терендеу жылдамдығының өзгеру графиктері 8.4-суитетте келтірілген. Олар зерттелетін көрсеткіштердің қазу-тиеу жабдықтарының өнімділігіне байланысты сипаты игеру жүйесінің параметрлері әртүрлі болғанда бірдей болатындығын көрсетеді.

ҚТЖ орналастырудың кемер шебінің жылжу жылдамдығына және тау-кен қазбаларының терендеу жылдамдығына әсерін (8.4) және (8.5) формулалары бойынша анықтау үшін сәйкес есептеулер жүргізілген. Олар 8.2-кестеде келтірілген.

Есептеудерде төменгі кемердің орта жазық қимасының ені 10, 15 және 20 метрлік кемерлерде келесідей қабылданған: ЭКГ-5А үшін сәйкесінше 94, 101 және 107 м, ЭКГ-8И үшін – 110, 116 және 122, ЭКГ-12,5 үшін – 120, 126 және 132 м.

(8.3) формуласы және 8.2-кесте мәліметтерінен игеру жүйесінің қабылданған параметрлері кезде қабылданған тау-кен қазбаларының жылжу жылдамдықтарының экскаватор блогының ұзындығына көрі пропорционал болатындығы байқалады.



8.4-сурет. Кемер биіктігі 10 м (а), 15 м (ә), 20 м (б) болған кезде, ҚТЖ өнімділігіне (мың. $\text{м}^3/\text{жыл}$) байланысты кемер шебінің жылжу жылдамдықтары: жұмыс шебінің ұзындығы 350 м (■), 500 м (▲), 600 м (●), 800 м (◐).

8.5-сурет. Кемер биіктігі 10 м (а), 15 м (ә), 20 м (б) болған кезде ҚТЖ өнімділігіне (мың. $\text{м}^3/\text{жыл}$) байланысты тау-кен қазбаларының тереңдеу жылдамдықтары: жұмыс шебінің ұзындығы 350 м (■), 500 м (▲), 600 м (●), 800 м (◐).

Мысалы, блок ұзындығын 500-ден 600 м-ге дейін, яғни 20% өзгерткен кезде аталған жылдамдықтар да жылына 20%-ға азаяды. 10 метрлік кемерде жылдық өнімділігі 800 000 $\text{м}^3/\text{жыл}$ ЭКГ-8И қолданғанда жұмыс шебі ұзындығының 350 м-ден 800 м-ге өзгеруі кезінде кемер шебінің жылжу жылдамдығы жылына 228,5 м-ден 100 м-ге, ал кен жұмыстарының тереңдеу жылдамдығы 20,6 $\text{м}/\text{жыл}$ -дан 9,1 $\text{м}/\text{жыл}$ -ға өзгереді, яғни екі көрсеткіш те 2,28 есе азайды. Мұндай тенденция экскаватордың кез келген маркасы биіктігі әртүрлі кемерлерде жұмыс істегендеге сақталады.

Тазарту және дайындау қазбаларының жұмыс шебі үзіндығына байланысты жылжу жылдамдықтары

Эксаваторлар		ЭКГ-5А		ЭКГ-8И		ЭКГ-12,5	
L _φ , м	h, м	v _φ , м/м·ц	v _y , м/год	v _φ , м/м·ц	v _y , м/год	v _φ , м/м·ц	v _y , м/год
350	10	15,7/22,8	19,5/27,1	19,4/31,4	20,6/33,6	27,4/48,5	26,1/49,8
	15	10,4/15,2	18,3/25,4	12,9/20,9	19,5/31,8	18,2/32,3	24,8/47,3
	20	7,85/11,4	17,2/23,9	9,7/15,7	18,5/30,2	13,7/24,2	23,6/45,1
500	10	11,0/16,0	13,6/18,9	13,6/22	14,4/23,5	19,2/34,0	18,2/34,8
	15	7,3/10,6	12,8/17,7	9,1/14,6	13,7/22,2	12,8/22,6	17,3/33,1
	20	5,5/8,0	12,1/16,7	6,8/11,0	13,01/21,1	9,6/17	16,5/31,6
600	10	9,1/13,3	11,4/15,7	11,3/18,3	12,1/19,6	16/28,3	15,2/29,0
	15	6,1/8,8	10,7/14,8	7,5/12,2	11,4/18,5	10,6/18,8	14,4/27,6
	20	4,5/6,6	10,1/13,9	5,6/9,16	10,8/17,6	8/14,1	13,7/26,3
800	10	6,8/10,0	8,5/11,8	8,5/13,75	8,5/11,8	8,5/13,7	11,4/21,7
	15	4,5/6,6	8,1/11,1	5,6/9,1	8,1/11,1	5,6/9,1	10,8/20,7
	20	3,4/5	7,5/10,4	4,2/6,8	7,5/10,4	4,2/6,8	10,3/19,7

Ескерту: алымындағы жылдамдықтар эксекватордың төменгі өнімділігіне, ал бөліміндегі – жоғары өнімділігіне сәйкес келеді

8.2-кестенің мәліметтері график түрінде 8.6-суретте көрсетілген. Графиктік материалдар көлемін азайту үшін мұнда жұмыс шебінің үзіндығына, яғни кемердегі ҚТЖ орналастыруға байланысты кемер шебінің бір айдағы (үзік сызықпен) және тау-кен қазбаларының бір жылдағы (түзу сызық) жылжу жылдамдықтары келтірілген. Олар жоғарыда келтірілген занылықтарды көрнекі түрде көрсетеді және ағымдағы төменгі кемердегі ҚТЖ санын көбейтіп, кен жұмыстарының терендеу қарқынын арттырудың кәсіпорындар жұмысының тәжірибесін дәлеледейді.

Жалпы карьердің пайдалы қазба мен аршыма бойынша өнімділігін камтамасыз ету үшін кен жұмыстарының терендеу қарқындылығы мен кемердің жұмыс шебінің жылжу жылдамдығы жоғары деңгейде болуы керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Игеру жүйесінің негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
2. Карьер алаңындағы кен жұмыстарының даму қарқындылығының сипаттамасын атаңыз.
3. Кемер кенжарының жылжусу жылдамдығына қандай факторлар әсер етеді?
4. Кемер шебінің жылжусу жылдамдығына қандай факторлар әсер етеді?
5. Кен жұмыстарының тереңдеу қарқындылығына қандай факторлар әсер етеді?
6. Кемер шебінің жылжусу және кен жұмыстарының тереңдеу жылдамдықтары арасында қандай технологиялық байланыс бар?

8.3. Пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздануының негізгі түрлері

Пайдалы қазба жоғалымы деп қандай да бір себептермен жер қойнауында қалдырылған немесе кенорның игеру кезінде қазып алынған, бірақ пайдаланылмаған пайдалы қазбаның баланстық қорларының бір бөлігін айтамыз.

Кенорның ашық игеру кезінде пайдалы қазба жоғалымдары жалпы карьерлік (жалпы кеніштік) және эксплуатациялық деп белінеді.

Жалпы карьерлік жоғалымдарға қорғаныс, кедергілік және басқа да кентіректердегі, карьер жағдауларында көлік бермаларында, сонымен қатар тау-кен геологиялық, гидрогеологиялық және басқа да жағдайлардан пайда болған жоғалымдар жатады.

Эксплуатацияқ жоғалымдарға тікелей пайдалы қазбаны өндіру процесінде қабылданған игеру технологиясына және сілемдердің жанасу аймактарында кен жұмыстарын үйимдастыруға байланысты пайда болған жоғалымдар жатады. Олар белгілі бір уақыт аралығында қазып алынған баланстық қорларға қатысты пайызбен өлшенеді.

Сонымен қатар пайдалы қазбаның жобалық, нормативтік және жоспарлық жоғалымдары болады.

Жобалық жоғалым деп кәсіпорынды жобалау сатысында анықталатын пайдалы қазба жоғалымдарын айтамыз. Жоба бойынша жалпы карьерлік те, эксплуатациялық та жоғалымдар анықталады.

Кенорнын игеру процесінде жалпы карьерлік жоғалымдар шамасы әдетте, өзгермейді. Эксплуатациялық жоғалымдар тау-кен геологиялық, ұйымдастыру және технологиялық факторларға байланысты елеулі өзгеруі мүмкін.

Нормативтік жоғалым деп эксплуатациялық барлау мәліметтері бойынша әрбір эксплуатациялық блок (учаске) үшін техника-экономикалық есептеулер арқылы анықталатын жоғалымдарды айтамыз. Осы жоғалымдар бойынша кәсіпорынның шаруашылықтық қызметін бағалау кезіндегі баланстық қорларды толық қазып алу дәрежесі анықталады.

Жоспарлық жоғалымдар деп карьер немесе оның участкесі бойынша есептік кезеңде кен жұмыстарының жоспарға сәйкес дамуымен және бекітілген нормативтік көрсеткіштермен анықталатын жоғалымдарды айтамыз. Жоспарлық жоғалымдарға тау-кен қазбаларын, көліктік бермаларды, т.б. жүргізуде пайдада болатын нормаланбайтын жоғалымдар да жатады. Егер блок (учаске) бірнеше жыл (жоспарланған уақыт кезеңінде) бойы қазып алынатын болса, онда блок (учаске) бойынша жоспарлық жоғалымдардың орташа мәні сол нұсқадағы нормалық көрсткіштерге сәйкес болуы керек.

Пайдалы қазба жоғалымдарын экономикалық тиімді азайту үшін кеңнің кондициялық емес кендермен және бос жыныспен құнарсыздандына жол беріледі.

Құнарсыздандуды арттыру есебінен жоғалымды техникалық және экономикалық тиімді азайту шекарасы немесе керісінше, әрбір нақты жағдайда құнарсыздандуды азайту арқылы жоғалымды көбейту әртүрлі және нормалau сатысында блоктардың (учасклер) жанасу аймақтарында кен жұмыстарын жүргізу нұсқаларын техника-экономикалық салыстыру арқылы анықталады.

Эксплуатациялық жоғалымдардың негізгі түрлерін анықтау арқылы оларды дұрыс нормалauға және есепке алуға болады.

Ашық кен жұмыстарында қатты пайдалы қазбалар жоғалымдарын нормалauдың «Типтік әдістемелік нұсқауларына» сай эксплуатациялық жоғалымдардың тек технологияға, оның параметрлеріне және өндіру кемерлерінде кен жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты бөлігі ғана нормаланады.

Бұл жоғалымдарға:

- ашық кен жұмыстарының шекарасы сілем нұсқасымен сай

келмеген жағдайда сілемнің табаны мен жатпа бүйіріндегі пайдалы қазбаның жоғалымы;

- қазып алу участекеріндегі кентіректердегі жоғалымдар;
- дайындау қазбаларын жүргізу кезінде бос жыныстармен және балансқа кірмеген кеммен бірге үйіндіге шығарылған пайдалы қазба жоғалымдары;
- блокты (учаск) сұрыпташ игеру кезінде пайдалы қазба сілемнің табанында және жатпа бүйірінде, сонымен қатар тиесі, түсіру, қоймалау және сорттау орындарындағы пайдалы қазба жоғалымдары кіреді.

Егер өндіру жұмыстары кезінде аршу жұмыстарынан кейін сілемнің жанасу аймағында қалдырылған жыныстар кеммен бірге байыту фабрикасына жіберілсе, тауарлық кеңдегі пайдалы компонент мөлшері азаяды және бұл кезде бүкіл тау-кен байыту циклінің техника-экономикалық көрсеткіштері нашарлайды. Сондықтан жоғалыммен қатар құнарсыздандуды да нормалау қажет.


Күрделі құрылымды кенорындарын пайдалану кезінде қазып алынатын блоктар (учаскелер) құрылымы әртекті болады. Оның құрамында кондициялық пайдалы қазбамен қатар кондициялық емес сорттар да, бос жыныс немесе балансқа кірмеген кен қабаттары да бар. Бұл жағдайда кондициялық және кондициялық емес пайдалы қазбаларды және бос жыныстарды сұрыпташ қазып алу тиімді болады.

Жартасты жыныстардан құрылған кенорындарын игеру кезінде жаппай қазып алу едәуір қарапайым болып табылады, оның еңбек өнімділігі жоғары болады.

Жазық және жайпақ сілемдердегі блоктарды (учаске) жаппай және сұрыпташ қазып алу кезінде пайда болатын жоғалым мен құнарсыздандын түрлерін проф. Б. П. Юматов ұсынған және ол 8.7-суретте көрсетілген. Жайпақ кенорындарда жоғалымдар жоғалатын пайдалы қазба қабатынан, ал құнарсыздану сілемнің бетін және табанын тазарту кезіндегі блоктың бүкіл ауданы болынша араласатын бос жыныс қабатынан тұрады. Механикалық құректерді қолданып көлбебе сілемдерді игеру кезінде жоғалым мен құнарсыздану экскаватордың қалыпты жұмыс жасауына қажетті жазық аландар жасау кезінде пайда болады. Егер драглайн типті экскаваторлар қолданылса, жоғалым мен құнарсыздану жайпақ кенорындарындағы сияқты, бірақ күрделі құрылымды қабат түрінде пайда болады.

Күрт сілемдерде жоғалым мен құнарсыздау сілемдердің жанасу аймағындағы құлау бұрышының кемер қиябетіне сай келмеуінен пайдала болады. Бұл жағдайда жоғалатын пайдалы қазба және араласатын бос жыныс бөлек қазып алынатын жанасу аймақтарында ұшбұрыш түрінде пайдала болады. Барлық тау-кен өндіруші кәсіпорындары пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздандыруын міндетті түрде есепке алуы керек. Ол орындалған жұмыс сапасын бағалау және пайдалы қазбаны жер қойнауынан дұрыс қазып алуды бақылау үшін қажет.

Нормалau – бұл пайдалы қазбаны қазып алудың тиімді параметрлерін анықтау, ал есепке алу – нақты қазып алынған пайдалы қазба. Эксплуатациялық барлау мәліметтері бойынша нормалau кезінде блокты (учаске) игеру технологиясының параметрлерін онтайлау, ал есепке алу кезінде жоғалған пайдалы қазба мен араласатын жыныс немесе балансқа кірмеген кендердің нақта көлемдері анықталады. Есепке алу мәліметтерін нормативтік көрсеткіштермен салысты-



8.6-сурет. ЭКГ-5А (а), ЭКГ-8И (ε), ЭКГ-12,5 (β) экскаваторларының жұмыс істеген кездегі кемер білктігі 10 м (■), 15 м (▲), 20 м (●) кезінде жұмыс шебі ұзындығына байланысты V_ϕ (үзік сызық), V_y (тұзуы сызық) жылдамдықтары

ру кенорнының табиғи ресурстарын тиімді пайдалану тұрғысынан қарағанда экономикалық ақтамаған жоғалымдарды азайту және тау-кен өндіруші кәсіпорындарының шаруашылықтық қызметін бақылау жүмыстарының бірінші құраушы элементі болып табылады.

Қазып алынған кемер шегіндегі пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздануын есепке алу барлық жүргілген көлбеке және тілме оржолдар бойынша жеке-жеке, соナン соң оларды экскаваторлық блоктар, қазып алу участкелері, кемерлер және жалпы карьер бойынша жиынтықтау арқылы жүргізіледі. Жоғалым мен құнарсыздану мәндерінің нормативтік шамалардан біршама ауытқуы кезінде шығындар мөлшері көрсетіледі.

Жоғалымдар пайдалы қазба бойынша және оның құрамындағы өндірістік маңызды барлық пайдалы компоненттер бойынша есепке алынады, ал құнарсыздану өндіру процесінде пайдалы қазбага арасын бос жыныс және балансқа кірмеген кендер мөлшері бойынша есепке алынады.


Пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздануының фактілі мәндері тікелей өлшеулер арқылы анықталады. Егер оған мүмкіндік болмаса, онда баланстық қорлар және тауарлық пайдалы қазба көрсеткіштерінің айырмашылығы бойынша анықтауға болады.

Тәжірибеде пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздануын анықтаудың тұра және жанама әдістері бар.

Жоғалым мен құнарсыздануды анықтаудың тұра әдісінде жоғалатын пайдалы қазба мен араласатын бос жыныс не балансқа кірмеген кен мөлшері тікелей анықталады. Ол үшін блоктың (учаске) жанасу аймақтарындағы бос жыныс пен кенде өндіру участкелерінің нақты шекарасында маркшейдерлік түсірістер жүргізіледі. Түсіріс нәтижелерін геологиялық-маркшейдерлік жоспарларға және кескіндерге салып, жоғалатын пайдалы қазба және араласатын бос жыныс мөлшерін есептейді.

Жоғалым мен құнарсыздануды есепке алушың тұра әдісін қолдану үшін кен қыртысын нақты нұсқалашу керек, ол үшін геологиялық барлау мәліметтерін жинақтап, оларды эксплуатациялық барлау кезінде нақтылау қажет.

Әртүрлі кентіректердегі жоғалым көлемі кен конфигурациясына және олардың массивтегі жату жағдайларына байланысты қорларды есептеу тәсілдерінің бірін қолданып, зондтық бұрғылау мәліметтері бойынша анықталады.



8.7-сурет. Күрделі құрылымды сілемдерді жаппай және сұрыптаң игеру кезіндегі жоғалым мен құнарсыздандығың негізгі түрлері:

1 – пайдалы қазба, 2 – жогалатын пайдалы қазба, 3 – араласатын жыныстар, 4 – сұрыптаң қазып алу кезінде жогалатын пайдалы қазба және араласатын жыныстар, 5 – сұрыптаң қазып алынатын болігі

Жұмыс аландауда, көлік бермаларын, тиесінде қоймаладау орындарында қалдырылған пайдалы қазба жоғалымдары өлшеулер арқылы не сынамалау нәтижелерін пайдаланып, тахеометриялық түсірістер арқылы анықталады. Қазып алған кемер массивінде қалдырылған пайдалы қазба жоғалымдары және араласатын бос жыныс көлемдері кеннің жату элементтері бойынша анықталады.

Көлбейу және күрт кенорындарда тахеометриялық түсіріс арқылы геологиялық кескінге кемер нұсқасы салынады.

Жазық және жайпак кендерді игеру кезінде жоғалым мен құнарсыздандының сандық көрсеткіштерін анықтау үшін гипсометриялық жоспарларды қолдану тиімді болады.

Жанама әдісте жоғалым мен құнарсыздану игерілген баланстық қорлар мен өндірілген пайдалы қазба айырымы ретінде анықталады. Жанама әдіс сандық және сапалық жоғалымның нақты деңгейін көрсетпейді, сондықтан баланстық қорларды анықтау кезінде нәтижелер сенімділігіне әсер ететін үлкен ауытқулар болады. Олардың дәлдігі төмен болғандықтан жалпы карьер бойынша жоғалымды анықтау карьердің жеке участкерінде жоғалым мен құнарсыздандудың азайтудың тиімді шараларын қолдануға, жер қойнауын тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді.


8.4. Құрделі құрылымды блоктардың тау-кен геологиялық көрсеткіштері

Геологиялық-морфологиялық құрылымы құрделі және ашық тәсілмен игерілетін түсті металл кендерінің кенорындары кен сілемінің пішіні және өлшемдері, кендену сипаты және жату жағдайлары бойынша төрт типке бөлінеді. Әдебиеттерге шолу жасап, оларды теориялық пайымдау нәтижесінде кен сілемінің жату сипаты және олардың геометриялық параметрлері бойынша құрделі құрылымды блоктар жалпы жағдайда тек екі типке ғана бөлінуі мүмкін.

I тип – бос жыныс қабаттарымен түзусызықты (8.8, *a-сурет*) немесе қисықсызықты (8.8, *ә-сурет*) жанасқан, пішіні мен өлшемдері әртүрлі жаппай кен сілемінен құрылған блоктар. Жанасу түзулері блоктың бір шекарасынан екіншісіне дейін созылады. Түзусызықты жанау беттерінің деңгейжиекке құлау бұрышы 0-ден π аралығында болады. Қисықсызықты жанасу беттерінің кеңістікте орналасуы әртүрлі болады, бірақ өзара қылышпайды.

II тип – бос жыныс қабаттарымен түзусызықты (8.8, *б-сурет*) немесе қисықсызықты (8.8, *в-сурет*) жанасқан, пішіні мен өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralар (көпбұрыштар, эллипстер, т.б.) түріндегі тармақталған кен сілемдерінен құрылған блоктар. Жанасу түзулері толығымен блок ішінде орналасады немесе блок шекарасын жартылай қып өтеді.

Кейбір жағдайларда құрделі құрылымды блоктардың бірінші типі салыстырмалы қалың (жанасу түзулері параллель) жазық,



8.8-сүрет. Үңгыларды бір қатарлы (сол жақта), екі қатарлы (ортада) және үш қатарлы (оң жақта) орналастыру кезіндегі күрделі құрылымды блоктардың моделъдері

көлбеу немесе тік қабатталған не арасында бос жыныс қабаттары бар, қалындығы өзгермелі линза пішінді кен сілемдерінен, ал күрделі блоктардың екінші типі - өлшемдері әртүрлі үя пішінді кен сілемдерінен құралады.

Күрделі құрылымды блоктарды сұрыптаап қазып алу кезінде тау-кен технологиясының тиімді параметрлерін таңдау үшін оларды типтерге жіктеу керек.

Кенорнының, әсіресе, оның жеке участкерлері мен блоктарының күрделілік дәрежесін бағалау әдістеріне кен сілемінің конфигурациясы, өлшемдері мен олардың өзара кеңістікте орналасуы ту-

ралы ақпараттар дәлдігі негіз болады. Бұл кезде қарастырылатын технологиялық сипаттамалар блоктардың геологиялық-морфологиялық құрылымының барлық геометриялық параметрлерін өзара байланыстыруы керек.

Тек сонда ғана олар зерттелетін объектінің табиғи жағдайын объективті бейнелейді. Сонымен катар олар блоктардың құрылымы құрделі болғанда кен жұмыстарының тиімді технологиясын қабылданып пайдалы қазбаларды жер қойнауынан толық қазып алуға ықпал етеді. Издестірілетін тау-кен геологиялық көрсеткіштер ретінде:

- блоктың көндінен коэффициенті;
- блок құрылымының құрделілік көрсеткіші сияқты оңай өлшенетін шамалар қабылдануы мүмкін.

Құрделі құрылымды блоктордың көлтірілген типтерінен (8.8-сурет) олар ең алдымен пайдалы қазбамен қанығу деңгейімен сипатталатынын көреміз. Бұл қасиет блоктың қарастырылған кескіні үшін көндінен коэффициентімен (k_{ph}) бағалануы мүмкін, ол:

$$k_{ph} = \sum S_i / S_6 \quad (8.14)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, S_i – блоктың берілген кескіндегі i -інші көндік қимасының ауданы; S_6 – құрделі құрылымды блоктың қарастырылатын қимасының ауданы.

Қималар саны құрделі құрылымды блок созылымына байланысты болады. Әрбір қима созылымы ұнғылар қатарларының арақашықтығына тең аймақты қамтиды.

S_i шамасы белгіленген кескіндер бойынша компьютерде Автокад бағдарламасының көмегімен оңай есептеледі.

Ашық кен жұмыстарының тәжірибесінде заманауи мобиЛЬДІ қазу-тиеу техникасын қолданған кезде құрделі құрылымды өндіру кемерінің биіктігі әдетте, 10 м аспайды, ал кентірек бойынша енбе ені 8-10 м құрайды. Мұндағы блоктарды аттырып ұсату кезінде қалыңдығы 2,5 м аз пайдалы қазба қабатын қазып алу экономикалық тиімсіз, ал кейде техникалық мүмкін емес. Сондықтан қарастырылған көрсеткіштердің төменгі мәні 0,25, ал жоғарғы мәні 0,75 деп қабылданады. Бұл көп жағдайларда құрделі құрылымды блоктың көндінен коэффициенті 0,25-0,75 аралығында

болатынын көрсетеді. Бұл сипаттама, салыстырмалы шама ретінде геометриялық өлшемдері әртүрлі блоктарға тарапады.

Жоғарыда айтылғанға және топтар арасындағы қадамға байланысты құрделі құрылымды блок кендену дәрежесі бойынша:

- аса кенденген ($k_{ph} = 0,75-0,6$);
- орташа кенденген ($k_{ph} = 0,6-0,4$);
- аз кенденген ($k_{ph} = 0,4-0,25$) болып бөлінеді.

Блоктың кенденуі аз болған сайын оны сандық және сапалық жоғалымсыз қазып алу қындарының тәжірибесінде кендену көрсеткішінің бірдей мәндерінде пайдалы қазбаларды жер қойнауынан қазып алудың әртүрлі нәтижелерін алуға болады. Блоктың анықтаушы параметрі ретінде жеке кен сілемдерінің аудан өлшемдері және олардың бос жыныспен жанасу түзуі қабылданады. Соңғысы жоғалым мен құнарсызданулардың пайда болатын жерін көрсетеді. Кен сілемінің геометриялық өлшемдері арасындағы қатынас блок құрылымының құрделілік дәрежесін сипаттайды.

Бұл белгі блоктың геологиялық-морфологиялық құрылымының құрделілік коэффициентімен (k_{cl}) бағаланады, ол қарастырылатын кескін үшін:

$$k_{cl} = \sum l_i t / \sum S_i , \quad (8.15)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, l_i – берілген кескіндегі i -ші кен сілемінің бос жыныспен жанасу түзуінің ұзындығы; t – экскавациялау кезінде кен казындысына (немесе тиелетін бос жынысқа) араласатын бос жыныс (немесе кен) қабатының қалындығы; S_i – блоктың берілген кескініндегі i -ші кен сілемі қимасының ауданы.

Кен сілемінің бос жыныспен жанасу түзуінің ұзындығы қарастырылған кескіндер бойынша компьютерде есептеледі.

(8.15) теңдеуінен блок құрылымының құрделілік көрсеткіші (k_{cl}) блоктағы араласатын бос жыныстың не жоғалатын кеннің жанасу аймағының соммалық ауданының сол аралықтағы кен сілемінің жиынтық ауданына қатынасын береді. Бөлшектің алымындағы мәнге байланысты бұл көрсеткіш жоғалымды немесе құнарсыздануды, немесе екеуінің қосындысын көрсетеді. Кен сілемдері аудандарының қосындысы аз болған сайын блоктың геологиялық-морфологиялық құрылымының құрделілік коэффициенті жоғары және керінше бо-

лады. Бұл тау-кен қазбалары тәжірибесінің нақты жағдайын толық көрсетеді.

Егер араласатын бос жыныс немесе жоғалатын кеннің жанасу қабатының қалыңдығы барлық кен сілемдері үшін тұрақты шама болса, онда оны сомма белгісінің сыртына шығаруға болады. Сонда сандық және сапалық жоғалымдар жанасу түзулерінің жиынтық ұзындығының кен сілемінің соммалық ауданына қатынасына пропорционал болады.

Пропорционалдық коэффициенті қабат қалыңдығына байланысты. Есептеулер күрделі құрылымды кенонындары үшін қарастырылған критерий t -ның мәні 0,25 м тең болғанда (кен қабатының ең аз қалыңдығының оннан бір бөлігі) 0,15-тен 0,25 аралығында болады. k_{cl} көп болған сайын блок құрылымы күрделі және жоғалым көздері көп болады. Осының негізінде әртекті кен блогын құрылымы бойынша:

- күрделі құрылымды ($k_{cl} \leq 0,15$);
- аса күрделі құрылымды ($k_{cl} \geq 0,16$) деп бөлуге болады.

Бұл сипаттаманың мәні 0,25-тен жоғары болған кезде пайдалы қазбаны сұрыптағ қазып алу экономикалық тұрғыдан қынға түседі, себебі уақыттық жоғалымдар (құнарсыздану) үлкен шамада болады.

Күрделі блоктардың құрылымын көрнекі түрде көрсету үшін 8.8-суретте келтірілген модельді блоктардың ұсынылған тау-кен геологиялық көрсеткіштерінің сандық мәндерін анықтаймыз (8.3-ке-сте). Олар он бес метрлік күрделі құрылымды кемердің көлденең кескінін береді делік. Ұңғылардың бір қатарлы орналасуына сай блок ені 12 м, ұңғылардың екі қатарлы орналасуына сай блок ені – 19,5 м және ұңғылардың үш қатарлы орналасуына сай блок ені – 27 м құрайды.

**Массивтегі модельді күрделі күрылымды блоктардың тау-кен
геологиялық сипаттамалары**

Параметрлері	Блоктар			
	а	ә	б	в
Ұнғылар бір қатарлы орналасқан кезде				
$S_{\text{бн}}$	180			
$\sum S_i (\sum l_i)$	88,4 (36,7)	83,8 (32)	86 (39,5)	108 (38,2)
$\sum l_i / \sum S_i$	0,42	0,38	0,46	0,35
$S_1 (l_1)$	43 (12,2)	51,8 (20)	15,8 (10)	42,9 (11)
$S_2 (l_2)$	45,4 (24,5)	32 (12)	37,7 (17,5)	33,4 (15,5)
$S_3 (l_3)$			32,5 (12)	31,7 (11,7)
K_{ph}	0,49	0,47	0,48	0,6
K_{cn}	0,1	0,1	0,12	0,09
Ұнғылар екі қатарлы орналасқан кезде				
$S_{\text{бн}}$	292,5			
$\sum S_i (\sum l_i)$	165 (59,7)	130,4 (47,5)	140,2 (86,2)	170,1 (67)
$\sum l_i / \sum S_i$	0,36	0,36	0,61	0,39
$S_1 (l_1)$	87,9 (20,5)	98,4 (35,5)	15,8 (10)	55,5 (17)
$S_2 (l_2)$	77,1 (39,2)	32 (12)	37,7 (24,7)	33,4 (15,5)
$S_3 (l_3)$			32,5 (12)	47,1 (18)
$S_4 (l_4)$			15,5 (13,5)	34,1 (16,5)
$S_5 (l_5)$			13,3 (10,5)	
$S_6 (l_6)$			25,4 (15,5)	
K_{ph}	0,56	0,45	0,48	0,58
K_{cn}	0,09	0,09	0,15	0,1
Ұнғылар үш қатарлы орналасқан кезде				
$S_{\text{бн}}$	405			
$\sum S_i (\sum l_i)$	212,9 (81,2)	192,5 (62)	190,4 (116,4)	207,2 (84)
$\sum l_i / \sum S_i$	0,38	0,32	0,61	0,41
$S_1 (l_1)$	114 (27)	160,5 (50)	15,8 (10)	55,5 (17)
$S_2 (l_2)$	98,9 (54,2)	32 (12)	37,7 (24,5)	33,4 (15,5)
$S_3 (l_3)$			32,5 (12)	47,1 (18)
$S_4 (l_4)$			15,5 (13,5)	71,2 (33,5)
$S_5 (l_5)$			25,3 (21,2)	
$S_6 (l_6)$			25,4 (15,5)	

$S_7 (l_7)$			16,9 (15)	
$S_8 (l_8)$			21,3 (10)	
K_{ph}	0,53	0,48	0,47	0,51
K_{cl}	0,09	0,08	0,15	0,1

Кен сілемі ауданының сандық мәндері S_p , бос жыныстармен жасасу (нұсқалаушы) түзулер – l_i арқылы белгіленген. Бұл мәліметтер және олардың соммалары 8.3-кестеде келтірілген.

Кен сілемінің геометриялық параметрлері аттыру ұнғыларының сыйнамалық мәліметтері бойынша немесе геофизикалық және басқа да әдістермен анықталады. Жоғарыда айтылғандай, олар Автокад бағдарламасының көмегімен есептеледі.

S_6, S_p, l_i мәндері белгілі болғанда күрделі құрылымды блоктардың тау-кен геологиялық сипаттамалары (8.14), (8.15) формулаларымен анықталады. Олардың мәндері модельді блоктар үшін 8.3-кестеде келтірілген.

8.3-кесте мәліметтерін талдау нәтижесінде екі типтегі де қарастырылған әртекті кен блоктары жеткілікті кенденген ($k_{ph}=0,45-0,6$) және құрылымы күрделі ($k_{cl}=0,08-0,15$) болып табылады. Т-ның тұрақты мәні кезіндегі геологиялық-морфологиялық құрылымының күрделілік коэффициенті k_{cl} шын мәнінде l_p/S_p шамасына пропорционал болады. II типтегі «в» тобының блоктарының мәндері I тип ($k_{cl}=0,08-0,1$) және «г» тобы ($k_{cl}=0,09-0,1$) блоктарына қарағанда салыстырмалы үлкен ($k_{cl} = 0,12-0,15$) болады. Бұл жағдай II типтегі «в» тобының блоктарында пайдалы қазбаның сандық және сапалық жоғалымдары жоғары деңгейде болатынын көрсетеді.

Кен блоктарының геологиялық-морфологиялық құрылымының күрделілігінің өзгеру түрғысынан қарағанда ұнғылар қатарлары санының геотехнологиялық мәні жоқ. Сонымен, «а» блогында барлық жағдайларда $k_{cl}=0,09-0,1$, «ә» блогында $k_{cl}=0,08-0,1$, «б» блогында $k_{cl}=0,12-0,15$, «в» блогында $k_{cl}=0,09-0,1$ аралығында болады.

Блоктың геологиялық-морфологиялық құрылымының ұсынылған күрделілік критеріи k_{cl} әртекті кен сілемдерін сұрыптаپ қазып алу және параметрлерін анықтау, бұрғылап-аттыру жұмыстарының технологиясын және кенді күрделі блоктардан экскаватормен қазып алу жөнінде шешім қабылдауға негіз болып табылады.

8.5. Эртекті блоктар құрылымының және оларды қазып алудың курделілік көрсеткіштері

Күрделі құрылымды кенорындарын игеру кезінде бұргылап-аттыру жұмыстарына қойылатын негізгі талаптар келесілер:

а) аттыру арқылы ұсатқан кезде кеннің әртүрлі сорттарының өзара және бос жыныстармен аз мөлшерде араласуын қамтамасыз ету;

ә) кен сілемін ең аз жоғалыммен қазып алуға болатын пішінге келтіру;

б) жыныстарды сапалы және бірқалыпты ұсату. Ол қазу-тиеу және көлік жабдықтарының өнімділігіне, сенімді және үнемді жұмыс істеуіне елеулі әсер етеді, сонымен катар сұрыптарап қазып алу көлемін және сапасын анықтайды.

Кенді сапалы ұсату экскаватормен сұрыптарап қазып алудың әртүрлі амалдарын кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл талаптарға сай аттыру процесінде жыныстарды барлық түрлері бойынша бөліп алатын нұсқа тиімді болып табылар еді. Бұл жағдайда жыныстарды жаппай қазып алғып, тиеуге болатын еді. Бірақ бұл нұсқаның қолданылу аймағы шектелген. Бұл біріншіден, әртүрлі жыныстар шекарасы көзben анық көрінбейді және олар нақты анықталуы керек; екіншіден, оны параллель көлбеу қабаттардан құрылған кенжарда ғана қолдануға болады. Бұл кезде қазып алғынатын қабат қалыңдығы бұргылау техникасының техникалық мүмкіндіктеріне сай келуі керек; ушіншіден, карьер алаңында кен сілемінің нақты бағыты мүлдем аз кездеседі. Көп жағдайларда кенжарларды жеке-жеке аттыру мүмкін емес.

Сондықтан тау-кен техникасы мен технологиясы дамуының заманауиң деңгейінде күрделі құрылымды кенжарларды жаппай аттырып, соナン соң пайдалы қазбаны сұрыптарап қазып алу және тиеу керек. Мұндай технологияны қолдану күрделі кенжарлардың сандық сипаттамалары негізінде анықталады.

Күрделі құрылымды кенорындарында кемерлерді арттыру кезінде пайдалы қазба мен бос жыныстар қарқынды араласады деп қабылданған. Пайдалы қазба мен бос жыныстардың жанасуының деңгейжиекке қатысты ауытқуы көп болған сайын, сандық және сапалық жоғалымдардың аз мөлшерін қамтамасыз ету қынға түседі. Бірақ аттыру нәтижесінде жыныстардың жеке түрлерінің

араласу дәрежесін, сондай-ақ оларды бөлек қазып алуды сипаттайтын сандық мәліметтер келтірлмеген.

Б. П. Боголюбов, Ф. Г. Грачев, Б. П. Юматов араласпаған әртүрлі жыныстардың шығымын анықтайдын негізгі фактор ретінде жыныс үйілімінің енін қабылдаған. Шын мәнінде, жазық қабатты кенжарлар үшін үйілімдегі кен мен бос жыныстың жанасу ұзындығы оның бүкіл ұзындығына таралады. Бұл жанама түрде кеннің бос жыныспен араласу мөлшерін қарастырады. Сонымен қатар үйілім ені басқа типтегі кенжарларды аттырған кезде кен сілемі пішінінің өзгеруін объективті сипаттай алмайды.


Аттырудан кейін кен сілемінің пішіні мен өлшемдерінің өзгеруін бағалау үшін Е. Г. Баранов және И. А. Тангаев өзгеру коэффициентін ұсынған. Ол аттырғаннан кейінгі жанасу ауданы өсімшесінің аттырғанға дейінгі ауданға қатынасына тең. Бірақ бұл коэффициент үйілімдегі кен сілемінің жату элементтерінің көп түрлілігін және оларды сұрыпташ қазып алу жағдайларын ескермейді.

Сондыктан үйілім құрылымы мен әртекті кенжарларды қазып алу құрделілігінің сипаттамасы ретінде жалпылама параметр қабылдануы керек, ол кешенді түрде:


- үйілімдегі пайдалы қазба мен бос жыныстардың жанасу бағыттарын;
- пайдалы қазба мен бос жыныс қабаттарының санын;
- кен және бос жыныс қабаттарының салыстырмалы қалындығын;
- экскаватордың жұмыс параметрлерін ескеру керек.

Осы элементтердің зерттелетін параметрге әсерін ескеру үшін құрделі блоктарды бірқатарлы, екіқатарлы, үшқатарлы орналасқан ұнғылармен бос бетке және тірек қабырғасымен аттырғаннан кейін кеннің үйілімде орналасу жағдайлары қарастырылған (8.8-сурет).

Екіқатарлы, үшқатарлы бос бетке және тірек қабырғасымен қысқа мезеттік аттыру кезінде кен мен бос жыныс қабаттарының үйілімде орналасу сұлбалары «а», «ә» тобының құрделі құрылымды блоктары үшін 8.9-суретте, «б», «в» топтарының құрделі құрылымды блоктары үшін 8.10-суретте келтірілген. Мұнда кемер биіктігі $h = 15\text{m}$, $W = 12\text{ m}$, $a_p = 7,5\text{ m}$, ұнғыдағы АЗ зарядының салмағы 450 кг, аттыру сұлбасы – қатарлы, бәсендегу уақыты 35 мсек, тірек қабырғасының ені 8-10 м.



8.9-сүрет. «а», «е» топтарының курделі құрылымды блоктарының ертекті жыныстарының үйілімде орналасуы



8.10-сүрөт. «б», «в» топтарының күрделі құрылымды блоктарының ертекті жыныстарының үйілдемде орналасуы

Үйілдемдегі жыныстардың (кеннің) жеке түрлерінің геометриялық өлшемдерін пайдаланып, (8.14), (8.15) формуалалары бойынша күрделі құрылымды блоктардың аттырудан кейінгі тау-кен геологиялық сипаттамалары анықталған: блоктың кендену коэффициенті (k'_{pi}) және блок құрылымының күрделелік көрсеткіші (k'_{cl}).

Күрделі құрылымды блоктың үйілімдегі технологиялық сипаттамаларының сандық мәндері 8.4-кестеде келтірілген. Сонымен қатар, мұнда үйілімдегі күрделі құрылымды блоктың технологиялық көрсеткішінің массивтегі дәл сондай көрсеткішіне қатынасы келтірілген ($k_i = k'_{\text{сл}} / k_{\text{сл}}$). 8.3- және 8.4-кестелер мәліметтерін салыстырсақ, үйілімдегі жыныстың көндөнү коэффициенті өзгермейтінін ($k'_{pi} = 0,44 - 0,58$), ал блоктардың геологиялық-морфологиялық құрылымының күрделілік коэффициент «а» және «в» блоктарында біршама арттынын көруге болады. Кен сілемдері жағдайының өзгеру коэффициенті (k_i) әртүрлі аттыру жағдайлары үшін 0,87-1,55 аралығында болады, «а» блоктарын біркетарлы аттыру кезінде ең үлкен мәнге, ал «ә» және «б» блоктарын үшкетарлы аттыру кезінде аң аз мәнде болады. Ұнғылар қатарларының саны артқан сайын бұл шама барлық жағдайларда азаяды, ол көп қатарлы аттыру кезінде күрделі блоктардың аз түрленуін көрсетеді.

Бірақ k_i мәніне байланысты күрделі құрылымды блоктарды экскавациялау кезінде жоғалым мен құнарсыздандудың сандық мәлшерін анықтау қынға түседі. Сондықтан сәйкес бағалау критериінің қажеттігі туады.

Әртекті кен кенжарларының күрделі құрылымының және оларды қазып алу сипаттамасы ретінде келесі көрсеткіштер қарастырылуы мүмкін:

1. Аттыру әсерінен әртүрлі жыныстардың жанасу аймағында араласу дәрежесінің көрсеткіші:

$$\Phi_1 = t' \frac{\sum l'_i}{\sum S'_{pj}}, \quad t' = k_p \cdot t \frac{\sum l_i}{\sum l'_i}, \quad (8.16)$$

мұндағы, t' – үйілімде кенге араласатын бос жыныс қабатының не аттыру процесінде бос жынысқа араласатын кен қабатының қалындығы; l'_i – үйілімдегі кен сілемінің бос жыныстармен i -ші жанасу түзуінің ұзындығы; S'_{pj} – үйілімдегі j -ші кен сілемінің ауданы; k_p – қосу коэффициенті; t – аттыру кезінде әртүрлі сорттағы жыныстардың механикалық араласуын болдырмайтын массивтегі шекаралық қабат қалындығы, қалыпты жағдайлар үшін $t \gg 0,15$ м; l_i – массивтегі i -ші жанасу ұзындығы.

3. Экскаватор шөмішінің көсу процесімен анықталатын жоғалым мен жанасу аймағындағы жыныстардың араласу көрсеткіші.

Ол үйілімдегі кен сілемінің параметрлеріне экскаватор шемішінің өлшемдеріне байланысты:

$$\Phi_2 = \frac{1}{2} b_k \frac{\sum l_i \sin \beta_i}{\sum S'_{pj}} = \frac{1}{2} b_k \frac{\sum h'_i}{\sum S'_{pj}} \quad (8.17)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, b_k – экскаватор шемішінің ені, әдетте, $b_k = 1,07 \sqrt[3]{E}$, β_i – үйілімдегі элементарлы жанасу түзуінің көлбеу бұрышы; h'_i – үшбұрыш төбелері ординаттарының айырымы, оның үлкен қабыргасы нұсқа бойынша бағытталған, ал табаны экскаватор шемішінің еніне тең.

$\alpha=\beta$, $\beta=0$, $\Phi_2=0$ участекерде (α – кенжардың тұрақты қиябет бұрышы).

Екінші көрсеткіш біріншісін қамтиды және барлық қарастырылған жағдайлар үшін $\Phi_2 > \Phi_1$. Яғни, аттыру әсерінен әртекті жыныстардың механикалық араласуы жоғалым мен құнарсыздандудың пайда болуында айтартықтай рөл атқармайды. Жыныстардың өзара араласуы қалындығы 2,0-2,5 м сыртқы қабаттарда байқалады.

Кеннің жанасу аймағындағы жоғалымдары мен араласатын жыныстардың жалпы көлемін үйілім кескінін тікелей өлшеу арқылы анықтауға болады.

Бос жынысқа араласатын кен сілемінің соммарлық ауданын көрсететін жоғалымның жалпы көрсеткіші:

$$\Phi_n = \frac{\sum S'_{kn}}{\sum S'_{pj}} \quad (8.18),$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, S'_{kn} – үйілімдегі бос жынысқа араласатын кеннің k -сыншы участекінің ауданы; S'_{pj} – үйілімнен қазып алынатын j -ші кен қабатының ауданы.

**Күрделі құрылымды блоктардың үйілімдегі
технологиялық сипаттамалары**

Параметрле рі	Блоктар			
	а 2	ә 3	б 4	в 5
Біркатаарлы аттыру кезінде				
$S'_{\text{бл}}$		298,4		
$S'_p(l'_p)$	158,2 (97)	144,1 (58)	147,4 (76,8)	155,1 (74,5)
l'_p / S'_p	0,61	0,4	0,52	0,48
$S'_1(l'_1)$	85,2 (32)	89,4 (31,5)	35,1 (21,5)	57,5 (18,5)
$S'_2(l'_2)$	73 (65)	54,7 (26,5)	57 (30,3)	53,3 (40,5)
$S'_3(l'_3)$			55,3 (25)	44,3 (15,5)
k'_{ph}	0,53	0,48	0,49	0,52
k'_{cl}	0,15	0,1	0,13	0,12
k_n	1,5	1,05	1,08	1,33
Екі қатарлы аттыру кезінде				
$S'_{\text{бл}}$		452,9		
$S'_p(l'_p)$	233 (125,5)	220,5 (68)	234,2 (127)	259,5 (113)
l'_p / S'_p	0,54	0,31	0,54	0,44
$S'_1(l'_1)$	119,7 (42)	162 (42)	36,7 (24)	72,4 (27)
$S'_2(l'_2)$	113,3 (83,5)	58,5 (26)	56,2 (33)	66,6 (43)
$S'_3(l'_3)$			58,2 (26)	75,5 (23,5)
$S_4(l_4)$			28,1 (16)	45 (19,5)
$S_5(l_5)$			20 (11)	
$S_6(l_6)$			35 (17)	
k'_{ph}	0,51	0,49	0,52	0,57
k'_{cl}	0,14	0,08	0,14	0,11
k_n	1,55	0,9	0,93	1,12
Үш катарлы бос бетке ҚМА кезінде				
$S'_{\text{бл}}$		618,5		
$S'_p(l'_p)$	355,8 (148,5)	309,8 (90,5)	313 (168)	287,2 (132)
l'_p / S'_p	0,42	0,29	0,54	0,46
1	2	3	4	5
$S'_1(l'_1)$	233,8 (51)	247,5 (65,5)	34,7 (25)	66,2 (25,5)
$S'_2(l'_2)$	122 (97,5)	62,3 (25)	60,2 (33)	62,3 (43)
$S'_3(l'_3)$			59,1 (25)	68,9 (23,5)
$S_4(l_4)$			27,7 (16)	89,8 (40)
$S_5(l_5)$			39,7 (25)	
$S_6(l_6)$			37,1 (17)	
$S_7(l_7)$			28,7 (16,5)	
$S_8(l_8)$			25,8 (10,5)	
k'_{ph}	0,58	0,5	0,51	0,46
k'_{cl}	0,11	0,07	0,14	0,12
k_n	1,16	0,87	0,87	1,2

8.4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Үш катарапты тірек қабырғалы ҚМА кезінде				
$S'_{\text{бз}}$			656,2 (566,2)	
$S'_{\text{пс}}$			90	
$S'_{\text{р}} (l'_{\text{р}})$	306,8 (106,5)	261,2 (76)	276,3 (146)	248,2 (109,3)
$l'_{\text{р}} / S'_{\text{р}}$	0,35	0,29	0,53	0,44
$S'_1 (l'_1)$	179 (41)	218,8 (61,5)	33,3 (17)	60,5 (26,8)
$S'_2 (l'_2)$	127,8 (65,5)	42,4 (14,5)	51 (30)	46,6 (25,5)
$S'_3 (l'_3)$			44,7 (14,5)	51,5 (19,5)
$S_4 (l_4)$			23,9 (16)	89,6 (37,5)
$S_5 (l_5)$			34 (24,5)	
$S_6 (l_6)$			33,8 (16,5)	
$S_7 (l_7)$			29,8 (17)	
$S_8 (l_8)$			25,8 (10,5)	
$k'_{\text{рн}}$	0,54	0,46	0,49	0,44
$k'_{\text{сл}}$	0,09	0,07	0,13	0,11
$k_{\text{и}}$	1,00	0,87	0,87	1,1

Кең қазындысына араласатын бос жыныстардың жиынтық ауданын көрсететін құнарсыздандудың жалпы көрсеткіші:

$$\Phi_p = \frac{\sum S'_{kp}}{\sum S'_{pj}} \quad (8.19)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, S'_{kp} – үйілімдегі кенге араласатын бос жыныстың к-сыншы участкесінің ауданы.

S'_{kp} және S'_{kp} мәндері әрбір экскаваторлық енбе үшін жеке-жеке анықталады, сонан соң жалпы блок бойынша соммаланады. Бұл кезде жыныс үйілімі экскаватор енбелеріне бөлінеді, оның ені кенжар құрылымының күрделілігіне байланысты. «б» блоктары үшін енбелердің саны үшқатарлы аттыру кезінде көп ($N=8$), бірқатарлы аттыру кезінде аз шамада ($N=3$) қабылданған. Экскаваторлық жолақтар биiktігі бойынша 2-4 қабатқа бөлінген (8.9- және 8.10-суреттер). Сонымен Σ , Σ , Φ_p және Φ_o шамаларының әрбір блок үшін бірқатарлы (I), екіқатарлы (II), үшқатарлы бос бетке қысқа мезеттік (III) және тірек қабырғасымен (IV) аттыру кезіндегі мәндері 8.5-кестеде келтірілген.

**Күрделі құрылымды блоктардағы жоғалым
мен құнарсыздану көрсеткіштері**

Көрсеткіштері	Нұсқалары	Блоктар			
		а	б	в	г
$\sum S'_{kn}$	I	8,46	13,16	30,7	2,44
$\sum S'_{kp}$		13,92	35,71	27	37,85
Φ_{Π}		0,053	0,091	0,209	0,016
Φ_p		0,088	0,248	0,183	0,244
$\sum S'_{kn}$	II	15,86	13,35	17,1	6,84
$\sum S'_{kp}$		42,84	49,89	80,15	53,74
Φ_{Π}		0,068	0,061	0,073	0,026
Φ_p		0,184	0,226	0,342	0,207
$\sum S'_{kn}$	III	4,58	14,5	22,87	18,14
$\sum S'_{kp}$		55,8	49,57	106,1	68,91
Φ_{Π}		0,013	0,047	0,073	0,063
Φ_p		0,157	0,16	0,339	0,24
$\sum S'_{kn}$	IV	4,35	24,8	20,52	3,19
$\sum S'_{kp}$		48,08	32,35	88,5	67,27
Φ_{Π}		0,014	0,095	0,074	0,013
Φ_p		0,157	0,124	0,32	0,271

Көріп отырғанымыздай, ең аз жоғалымдар «в» блоктарында (I, IV нұсқалары), «а» блоктарында (III, IV нұсқалары), ал ең аз құнарсыздану «а» блоктарында (I нұсқасы) болады. Жоғалым мен құнарсыздандың ең нашар нәтижелері «б» блоктарында болады, мұнда құнарсыздану 34% шамасына жетеді. Сонымен қатар мұнда әртекті жыныстарды гидравликалық экскаватормен қазып алу қарастырылған, ал механикалық құректерді қолданған кезде «б» блоктарын қазып алу мәселесі мүлдем қарастырылмайды.

Әртекті қабаттарды қазып алушың қүрделілік көрсеткіштері Φ_{Π} және Φ_p қүрделі құрылымды кенорындарын игеруде пайдалы қазбаларды толық және таза бөліп алу дәрежесінің объективті сандық сипаттамасы ретінде қабылданады. Φ_{Π} және Φ_p мәндері аз болған сайын, кеннің сандық және сапалық жоғалымдары да аз болады. Олар кеннің жоғалым мен құнарсыздану деңгейін болжауға және соның негізінде қүрделі құрылымды блоктарды қазып алушың ұтымды сұлбаларын ұсынуға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Пайдалы қазба жсогалымдарының қандай түрлерін білесіз?
2. Пайдалы қазбаның құнарсыздануы қалай анықталады?
3. Пайдалы қазба жсогалымы мен құнарсыздану көздері қандай?
4. Күрделі құрылымды блоктардың қандай типтері бар?
5. Күрделі құрылымды блоктардың технологиялық сипаттамалары қандай көрсеткіштермен бағаланады және олар қалай анықталады?
6. Күрделі құрылымды блоктың үйілімдегі құрылымына қандай факторлар есеп етеді?
7. Кен блоктары құрылымының және оларды қазып алудың күрделілігі қандай көрсеткіштермен бағаланады?
8. Пайдалы қазба жсогалымы мен құнарсыздануын азайтудың қандай технологиялық амалдарын білесіз?

9. КАРЬЕРДІҢ ЖҰМЫС АЙМАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРИНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

9.1. Карьердің жұмыс аймагының негізгі параметрлері

Жұмыс аймағы дегеніміз – кенорның пайдаланудың қарастырган кезеңінде ашық кен жұмыстарының негізгі технологиялық процестері орындалатын карьер бетінің бөлігі. Ол уақыт бойынша кеңістіктік конфигурациясы және карьер алаңындағы жағдайлары әралуан, уақыт өтө жылжитын және пішіні мен өлшемдері өзгеретін карьер алаңының бөлігі болып табылады.

Шын мәнінде, карьердің жұмыс аймағы мағынасы және мәні бойынша қөлемдік геометриялық фигура болып табылады, себебі онда тау-кен жұмыстары жүргізіледі, тау-кен қазындысының ашылған және игеруге дайын қорлары қалыптасады. Аталған жұмыстар тек кеңістікте ғана орындалады. Осыған байланысты жұмыс аймағының анықтамасын нақтылау және оның параметрлерін есептеудің аналитикалық әдістерін жасау қажеттігі туады.

Тау-кен жұмыстары түрғысынан қарағанда *карьердің жұмыс аймағы* деп қарастырган уақыт мезетінде карьер алаңының тау-кен дайындақ, аршу және өндіру жұмыстары жүргізілетін белігін айтады. Тау-кен қазбаларының кеңістікте және уақыт бойынша


жылжуына байланысты карьердің бұл бөлігі әрдайым қозғалыста болады. Мысалы, тұтас бойлық немесе көлденең игеру жүйелері кезінде жұмыс аймағы жазық параллель жылжиды, ал тереңдейтін бойлық немесе көлденең игеру жүйелері (карьердің орталық бөлігі тікбұрышты параллелопипед) кезінде кезекті ашылатын деңгейжиек биіктігіне тереңдеп серпімді түрде жылжиды.

Жалпы жағдайда жұмыс аймағы карьер алаңының уақыт өтө жылжитын және пішіні мен өлшемдері өзгеретін бөлігі болып табылады. Ол кен алынған кеңістікten жұмыс жағдауымен және көлік жолының енін қоспағандағы жұмыс алаңының еніне тең бірінші жұмыс кемерінің жоғарғы алаңымен, карьер алаңынан кен жұмыстарының даму бағытындағы нұсқасымен, ашылмаған немесе жұмыс жүргізілмейтін төменгі деңгейжиектен жұмыс кемерінің табан жазықтығымен, ал қапталдары бойынша – бүйір қырларымен шектеледі (9.1-сурет).

Карьердің жұмыс жағдауы дегеніміз – кемерлердің қиябет көлбеу беттері мен олардың жазық жұмыс алаңдарының жиынтығы. Ол бірінші кемердің жоғарғы алаңымен бірге жұмыс аймағының ашық бетін құрайды. Жұмыс аймағының уақыттағы нұсқасы – бұл бірінші жұмыс кемерінің жоғарғы алаңының сырт жағынан карьердің шектік жағдауына параллель жүргізілген жазықтық. Жұмыс аймағының бүйір қырлары – әрбір жұмыс кемері шебінің ұзындығы ұшынан жүргізілген қалыпты жазықтықтар жиынтығы.

Жұмыс аймағының негізгі параметрлері: карьердің жұмыс жағдауының биіктігі, ені, қиябет бұрышы, әрбір жұмыс кемері шебінің ұзындығы, жұмыс алаңдарының ауданы, жұмыс жағдауының горизонталь жазықтыққа проекциясы және жұмыс аймағындағы тау жыныстарының көлемі (9.1-сурет).

Қазіргі уақытта компьютерлік техниканы қолдану барысында жұмыс аймағының аудандары мен көлемдерін есептеуде қындықтар жоқ. Карьердегі кен жұмыстарының жағдайын талдау үшін жұмыс аймағының параметрлерін аналитикалық анықтау керек. Осы мақсатта жұмыс аймағын ұзындығы бойынша ұзындығы l_g бірнеше элементарлы участкерлere бөлу (көлденең қималармен) керек және әрбір g участкесі үшін оның көлденең қимасында қажетті шамаларды есептеу керек. Содан соң, есеп сипатына байланысты оларды орташау не суммалашар арқылы жалпы жұмыс аймағының қажетті параметрлерін анықтауға болады. Мұндай есепті көптеген зерттеушілер жазық деп карастырады, бірақ ол көлемдік есеп болып табылады.



9.1-сурет. Карьердің табан ауданындағы жұмыс аймағы (а) және А-А қимасы бойынша жұмыс аймағының үлкейтілген кескіні (ә): 1 – жұмыс жағдауы, 2 – бірінші жұмыс кемерінің жоғары алаңы, 3 – бірінші жұмыс кемерінің жоғары алаңының сырт жағады, 4 – уақыттық нұсқасы, жұмыс аймағының 5 – табанды және 6 – бұйір қырлары

Сонымен, төменде жұмыс аймағының ғ-ші участке сіне қатысты есептік формулалар келтірілген. Участкелердің саны мен ұзындығы жұмыс аймағының созылымына байланысты анықталады.

Жұмыс аймағының биіктігі (H_{p3}) осы аймакты құраушы кемерлер (n) биіктігінің (h_m) косындысына тен, яғни:

$$H_{p3} = \sum_{\mu=1}^n h_{\mu}. \quad (9.1)$$

H_{p3} белгілі болғанда жұмыс аймағының барлық параметрлері карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышының функциясы болып табылады.

Карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышы төменгі жұмыс кемерінің төменгі жиегі мен жоғарғы жұмыс кемерінің жоғарғы жиегін қосатын түзудің деңгейжиекке қатысты көлбеу бұрышы арқылы анықталады. Бұл бұрыш жұмыс аймағының i -ші жағдайын үшін:

$$\operatorname{tg} \varphi_i = \sum_{\mu=1}^n h_{\mu} \left(\sum_{\mu=1}^{n-1} B_{\mu} + \sum_{\mu=1}^n h_{\mu} \operatorname{ctg} \alpha_{\mu} \right), \quad (9.2)$$

тендігімен анықталады.

Мұндағы, B_{μ} – μ -ші кемердегі жұмыс алаңының ені; α_{μ} – μ -ші кемердің қиябет бұрышы.

(9.2) теңдеуінің бөлімі жұмыс жағдауының горизонталь жазықтыққа проекциясын береді, яғни:

$$B_{vn} = \left(\sum_{\mu=1}^{n-1} B_{\mu} + \sum_{\mu=1}^n h_{\mu} \operatorname{ctg} \alpha_{\mu} \right). \quad (9.3)$$

Жұмыс аймағының ені – жұмыс жағдауының қиябет түзүлінің және жұмыс аймағының үақыттық нұсқасының g-ші участекесіндегі төменгі кемердің табан жазықтығымен қиылышу нүктелерінің арақашықтығы келесі формуламен анықталады (9.1, б-сурет):

$$B_i^{p3} = H_{p3} (\operatorname{ctg} \varphi_i - \operatorname{ctg} \gamma_k) + B_{vn}, \quad (9.4)$$

мұндағы, g_k – карьер жағдауының ақтық жағдайдағы қиябет бұрышы; B_{vn} – бірінші жұмыс кемерінің жоғарғы аланының ені.

i-ші жағдайдағы жұмыс аймағының g-ші участекесінің жұмыс шебінің 1 құма метр (пог. м) ұзындығының жыныс көлемін анықтайтын жұмыс аймағының көлденең қимасының ауданы (9.1, ə - сурет):

$$S_i = \frac{1}{2} H_{p3}^2 (\operatorname{ctg} \varphi_i - \operatorname{ctg} \gamma_k) + H_{p3} \cdot B_{vn}, \quad (9.5)$$

формуласымен анықталады немесе

$$S_i = \frac{1}{2} H_{p3}^i (B_{p3}^i + B_{vn}).$$

9.1, ə-суреттегі жұмыс аймағы нұсқасынан тыс жатқан төменгі үш кемер үшбұрыштарының ауданы (9.4) формула бойынша есептелген жұмыс аймағы көлеміндегі жоғарғы үш кемерлердің жеткіліксіз ауданын компенсациялайды. Аталған үшбұрыштардың суммарлық ауданы бір-біріне тең. (9.5) қатынасын өлшеулер арқылы дәлелдеуге болады. Бұл кезде жұмыс аймағының g-ші участекесінің көлденең қимасының ауданы S_i жұмыс аймағындағы кемерлер қимасының аудандарын қосу арқылы есептеледі.

Карьердің жұмыс аймағындағы тау жыныстарының көлемі оның әртүрлі участеклеріндегі жыныстар көлемінің суммасымен анықталады, яғни:

$$V_{p3} = \sum_{g=1}^m S_{gi} \cdot l_g, \quad (9.6)$$

мұндағы, S_{gi} – S_i ; l_g – жұмыс аймағының g-ші участекесінің ұзындығы.

9.2. Жұмыс аймагы параметрлерінің тау жыныстыры көлеміне әсері

Карьердің жұмыс істеу процесінде жұмыс аландарының ені, кейде кемерлер биіктігі де өзгеріске ұшырайды. Бұл қабылданған қазу-тиеу жабдығының жұмыс параметрлеріне және оған байланысты ашық игеру технологиясына байланысты.

Мысалы, қазу-тиеу және көлік жабдықтарының әртүрлі кешендерін (жұмыс аландары енінің өзгеруі) қолданған кезде карьердің жұмыс жағдауының бұрышы j_i -ден j_n -ге дейін өзгереді делік. 9.1, ә-суретте j_1 осы бұрыштың ең аз, ал j_s – ең үлкен мәнін береді. Жұмыс аймағындағы элементарлы учаскедегі тау жынысының көлемі g (m^2) j_i бұрышына байланысты (9.5) формула-мен есептеледі.

Карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрыштарына байланысты жұмыс аймағының анықталған жағдайлары арасындағы тау жыныстары көлемінің өзгеруі олардың аудандарының айрымымен анықталады. Жұмыс аймағының кез келген i -ші және j -ші ($j = i+1, \dots, n$) жағдайлары арасындағы көлемінің өзгеруі:

$$\Delta S_{i,j} = \frac{1}{2} H_{p3}^2 (\operatorname{ctg} \varphi_i - \operatorname{ctg} \varphi_j) \quad (9.7)$$

формуласымен анықталады.

(9.6) формуласына ұқсас бүкіл жұмыс аймагы үшін $\Delta V_{i,j}$ -ді табуға болады.

(9.2)-(9.7) формулаларының жиынтығы жұмыс аймағының уақыттық параметрлерін есептеуге және кез келген уақыттағы кен жұмыстары жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндікті көрнекті түрде көрсету үшін (9.4)-(9.8) тендеулері бойынша 15 метрлік төрт кемерден тұратын жұмыс аймағының есептеулері жургізілген. Олардың мәліметтері 9.1-кестеде келтірілген. Есептеулер барысында кентірек бойынша енбе ені 25 м, кемердің қиябет бұрышы 65° , шектік жағдайдағы карьер жағдауының қиябет бұрышы 40° деп қабылданған, жұмыс жағдауының қиябет бұрышы 12° -тан 24° -қа дейін өзгереді. Мұнда сонымен қатар $\operatorname{ctg} j_i$ ($j_i = 12^\circ, 15^\circ, 18^\circ, 21^\circ, 24^\circ$) мәндері және әрбір кемердегі жұмыс аландарының ені келтірілген.

9.1-кесте

Жұмыс аймағының элементарлы учаскесіндегі g (m^2) жыныстар көлемінің Φ_i бұрышына байланысты өзгеруі

$\operatorname{ctg} \varphi_i$	B_i^{p3}	B_{μ}	S_i	$\Delta S_{1,2}$	$\Delta S_{1,3}$	$\Delta S_{1,4}$	$\Delta S_{1,5}$
4,705	235,78	84,76	7824	1751,4	2928,6	3780	4426,2
3,732	177,42	65,31	6072,6	$\Delta S_{2,3}$	$\Delta S_{2,4}$	$\Delta S_{2,5}$	
3,078	138,16	52,22	4895,4	1177,2	2028,6	2674,8	
2,605	109,78	42,76	4044	$\Delta S_{3,4}$	$\Delta S_{3,5}$	$\Delta S_{4,5}$	
2,246	88,24	35,58	3397,8	851,4	1497,6	646,2	


9.1-кесте мәліметтері бойынша жұмыс жағдауының қиябет бұрышының 3° градусқа қадамдап өсуі кезінде тау жыныстары көлемінің бастапқы жағдайға $j_1 = 12^\circ$ қатысты азаоы сәйкесінше 1751,4; 2928,6; 3780; 4426,2 m^2 құрайды. Егер жыныс көлемі бастапқы жағдайда $7824 m^2$ тең болса, онда жұмыс аймағының соңғы жағдайында ($j_5=24^\circ$) ол $3397,8 m^2$ құрайды, яғни 2,3 есе азаяды. Сонымен қатар, жұмыс аймағының әрбір келесі жағдайында жыныс көлемінің азао қарқындылығы төмендейді және біраз уақыттан кейін оның мәні мардымсыз болады.

Карьердегі аршу жұмыстарының уақыттық жағдайын талдауға болады. Ол үшін жұмыс аймағының барлық қарастырылған кемерлерін бос жыныстардан құралған делік. Жалпы жұмыс аймағының әрбір i -ші жағдайында төменгі өндіру кемерлеріндегі пайдалы қазбаның ашылған қорларының көлемі – бекітілген болады. Жұмыс аймағының (m^2) осы элементарлы учаскесінің көлемі g өндіру кемерлерінде $S_{\text{пн}}$ -ге тең болсын. Сонда шартты уақыттық аршу коэффициенті (ашылған қорлар қатынасын сипаттағандықтан бұл коэффициент осылай аталған) келесі формуламен анықталады:

$$k_{yt} = S_i / S_{\text{пн}}. \quad (9.8)$$

Кен жұмыстарының жағдайын талдау кезінде салыстырмалы шартты уақыттық аршу коэффициентінің мәндерін қарастырумен шектелуге болады. Ол үшін $S_{\text{пн}}$ шамасын, мысалы, $3397,8 m^2$ тең,

яғни ауданынң ең аз шамасына S_i тен деп қабылдаймыз. 9.1-кесте мәліметтерін пайдаланып жұмыс аймағының әртүрлі жағдайлары үшін іздестірілетін \bar{k}_{yt} коэффициентін есептейміз. Мұндай коэффициенттің Φ_i мәніне байланысты өзгеру графигі 9.2-суретте келтірілген.



9.2-сурет. \bar{k}_{yt} коэффициентінің Φ_i мәніне байланысты графигі

$\bar{k}_{yt} = f(\Phi_i)$ графигі бойынша карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышы 12°-тан 24°-қа дейін өзгергенде қарастырылатын шаманың мәні 2,3-тен 1-ге дейін, яғни 2,3 есеге азаяды. Жұмыс жағдауының қиябет бұрышы 21° аршу жұмыстарының жұмыс аймағында шартты уақыттық аршу коэффициенті тәжірибеде кеңінен тараған қалыпты ($j=12^\circ$) жағдаймен салыстырған 1,93 есеге азаяды.

$\bar{k}_{yt} = f(\Phi_i)$ графигі жұмыс жағдауының қиябет бұрышы 24°-қа дейін көбейген кезде уақыттық бос жыныс көлемінің азаятындығын анық көрсетеді. Бірақ бос жыныс көлемінің әрі қарай азауы мardымсыз болады.

Сонымен, (9.8) заңдылығы карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышын 21-24° аралығында қамтамасыз ететін технологиялар мен техникалық құралдарды іздестірудің өзектілігін көрсетеді. Бұл аршу жұмыстарының көлемін 15 және 20 метрлік кемерлерде карьерді пайдалану кезеңінде 2,0-2,3 есеге азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ұсынылған амал теориялық талдау жұмыстарын женеңдітеді. Сондықтан ол өте пайдалы және ашық кен жұмыстарының теориялық және практикалық есептерін шешуде тиімді болып табылады.

Келтірілген мәліметтер жұмыс алаңдарының енін және кейде

кемерлер биiktігін көбейту не азайту арқылы жұмыс жағдауының қиябет бұрышын өзгертуге болады, деген кеңес ғалымдарының идеясы мен ұсыныстарын көрнекі түрде көрсетеді. Жұмыс жағдауының қиябет бұрышын өзгерту арқылы карьерді пайдаланудың әртүрлі кезеңдерінде аршу жұмыстарының қолемдерін және уақыттық орташа аршу коэффициентін орташалауға болады. Мысалы, карьерді пайдаланудың бастапқы кезеңінде, пайдалы қазбаның ашылған қорларының қажетті қолемін қамтамасыз ету үшін аршу жұмыстарын тездету қажет болған кезде жоғарғы деңгейжиектерде қажетті технологиялық жағдайлар жасау керек. Бұл кезде аршу жұмыстарының ауыспалы қолеміндегі резерв келер жылдары олардың қарқындылығын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл кезде аршымалық жұмыс аймағы жағдауларының қиябет бұрыштарын көбейте отырып, қорларды қазып алуға болады.

Карьерді пайдаланудың тұрақты кезеңінде карьердің өндірілім және аршыма бойынша қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін жұмыс жағдауының пайда болған күрт қиябет бұрыштарын сактау керек. Мұндай шешім нарықтық жағдайларда карьер жұмысының техника-экономикалық көрсеткіштерін артырудың үлкен резервін құрайды.

Аршу жұмыстарын күрт қиябет бұрыштармен ($21\text{--}24^\circ$) жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа технологиялардың ғылыми-теникалық негіздері нақты қарастырылады. Мысалы, биiktігі 20-22 м кемерлерде қуатты экскаваторларды қолданған кезде жұмыс жағдауының қиябет бұрышын $19\text{--}22^\circ$ -пен жүргізуге болады. Тау-кен казындысын экскаватор кенжарына бағыттап аттырудың арнайы технологиялары, т.с.с. қарастырылған параметрді 24° -қа жеткізуге жағдай жасайды.

9.3. Кемерлер санының жұмыс аймағы параметрлеріне әсері

Жұмыс аймағы карьердің бір, екі немесе барлық жағдауларын не оның бір бөлігін қамтиды. Ол аршу және өндіру қазбалары аймағынан тұрады. Бұл қазбалардың орналасуы пайдалы қазба сілемдерінің тау-кен геологиялық жағдайларына, олардың геометриялық өлшемдеріне, өндіріс жоспарына, кен жұмыстарының технологиясына, карьердің тау-кен және қолік техникасымен жабдықталуына байланысты болады.

Күрделі құрылымды кенорындарында аршу және өндіру қазбалары аймағының шекарасы анық байқала бермейді. Сондықтан өзгермелі жұмыс аймағында орналасу орны өзгермелі, бірақ тік аудандар қосындысы тұрақты өндіру жұмыстарының аймағын бөліп көрсетуге болады. Ондағы жұмыс шебінің ұзындығы кеннің әртүрлі сорттарын шығару режимін сақтай отырып карьердің өнімділігін қамтамасыз етуі керек.

Тау-кен қазындысы бойынша белгіленген өнімділікті қамтамасыз ету үшін жұмыс кемерлер саны және жұмыс шебінің ұзындығы бос жыныс пен пайдалы қазбаның ашылған және игеруге дайын қорларының қажетті көлемін, карьерде экаваторлардың тиімді орналасуын қамтамасыз етуі керек.

Бірдей жағдайларда жұмыс аймағы үлкен болған сайын, жұмыс шебін жасау, бос жыныстарды қазып алу жұмыстарын озық жүргізу, жаңа деңгейжиектерді дайындау, тау-кен қазындысын үлкен қашықтыққа тасымалдау және т.б. шығындары көп болады. Сондықтан кен жұмыстарын жүргізу шығындарын азайту үшін жұмыс аймағының биіктігі мен ені кез келген мезетте ең аз мәнде болуы керек.

Сонымен карьердің жұмыс аймағының тиімді өлшемдерін, тау-кен қазындысының қажетті көлемін қамтамасыз ететін кемерлер санын негіздеу маңызды мәселе болып табылады. Кемерлердің жұмыс аландарының қысқаруы, тау-кен жұмыстарының әртүрлі технологияларын қолдану салдарынан аршу жұмыстарының уакыттық көлемдерінің азаоы карьердің жұмыс жағдаяуының қиябет бүрышын арттырады.

Тау-кен кәсіпорындарының тәжірибесінде карьерлер терендігі артқан сайын жұмыс кемерлерінің саны артады, игеруге дайын тау-кен қазындысының қорлары азаяды, оларды қазып алу және де жалпы кен жұмыстарының карқындылығы төмендейді. Қазып алуға дайын және қазып алынатын (бір жыл ішінде) тау-кен қазындысының көлемі жұмыс аймағының төменгі деңгейжиектерінде біршама азаяды. Ол карьердің пайдалы қазба бойынша өнімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Жұмыс аймағының даму динамикасын карьердегі кен жұмыстарының ұзақ мерзімде дамуы, яғни кен жұмыстарының режимі мен қазып алу жұмыстарының құнтізбелік графигіне байланысты негіздеу керек. Бұл мәселені шешу үшін жоғарыда көрсетілген

жұмыс аймағының негізгі параметрлерін анықтаудың аналитикалық формулалары қолданылады.

Ең алдымен, жұмыс аймағындағы кемерлер санының жұмыс жағдауы қиябетінің жазық проекциясына, оның қиябет бұрышына, жұмыс аймағының еніне және жұмыс аймағындағы жыныстар көлеміне әсерін анықтау керек. Ол үшін жұмыс істеп жатқан және жобалантын карьерлердегі әртүрлі жағдайларды модельдеу керек. Биіктігі әртүрлі, жұмыс аландарының ені әртүрлі кемерлерден тұратын және т.б. жұмыс аймағын қарастыруға болады. Қолданылатын амал барлық жағдайларда бірдей болғандықтан, келесі нұсқаларды қарастырайық. Кемер биіктігі 10, 15 және 20 м, жұмыс аймағының биіктігі – 30, 40, 60, 80, 90, 100 және 120 м. Жұмыс аймағының жоғарғы шегі ашық тәсілмен игеретін ірі кәсіпорындардың тәжірибесінен қабылданған. Нәтижесінде тау-кен қазындысы бойынша ең жоғары өнімділікке, яғни жылына 60-100 млн. м³ жеткен жағдайда да жұмыс аймағының биіктігі 120 м құрайды. Жұмыс аланының ені 75 м-ден 30 м-ге дейін өзгереді, бұл Қазақстанның қара және тұсті metallurgia карьерлерінде кең тараған.

Жұмыс аймағының биіктігі, оны құраушы кемерлер биіктігі және жұмыс аландары енінің мәндері қабылданған кездегі (9.1)-(9.5) формулаларымен анықталған аталған параметрлердің сандық мәндері 9.2-кестеде келтірілген. Есептеулер кезінде енбенің ені 10 метрлік кемерлерде 20 м, 15 метрлік кемерлерде – 25 м және 20 метрлік кемерлерде – 30 м деп қабылданған, кемердің қиябет бұрышы барлық жағдайларда 65°, ал шектік жағдайдағы карьер жағдауының қиябет бұрышы 40° деп қабылданған.

9.2-кесте мәліметтері бойынша 10 метрлік кемерлерде жұмыс аланы енінің барлық қарастырылатын мәндері кезінде кемерлер саны артқан сайын жұмыс аймағының ені көбейеді. Бұл жағдай $B_{\text{пп}}=30$ м-ге қарағанда, $B_{\text{пп}}=75$ м кезінде қарқынды еседі. Мысалы, бірінші жағдайда жұмыс аймағының ені $m=3$ ($H_{\text{пп}}=30$ м) болғанда 148,2 м-ді, $m=12$ ($H_{\text{пп}}=120$ м) болғанда 757,9 м-ді құрайды (5,1 есе артады), ал екінші жағдайда сәйкесінше 58,2 м және 262,9 м (4,5 есе артады). Сонымен қатар екінші жағдайда қарастырылған параметрлердің күрт азауы байқалады, яғни $m=3$ кезінде 143,2 м-ден 58,2 м-ге дейін және $m=12$ кезінде 757,9 м-ден 262,9 м-ге дейін азаяды.

Кемерлер санының жұмыс аймағы еніне дәл осындай әсері $h=15$ м, $h=20$ м кезінде де сакталады. Бұл кемерлерде олардың саны артқан

сайын жұмыс аймағы енінің өсу қарқындылығы бастапқы деңгейде қалады. Нақтырақ, 15 метрлік кемерде $B_{\text{пп}}=75$ м кезінде $m=2$ ($H_{\text{пп}}=30$ м) болғанда $B_{\text{пп}}=78,2$ м-ге тең, $m=8$ ($H_{\text{пп}}=120$ м) кезінде – 463,9 м, ал $B_{\text{пп}}=30$ м кезінде сәйкесінше 33,2 және 147,9 м болады. 20 метрлік кемерде $B_{\text{пп}}$ шамасы берілген кезде жұмыс аймағының ені 76 м-ден ($m=2$, $H_{\text{пп}}=40$ м) 317,9 м-ге ($m=6$, $H_{\text{пп}}=120$ м) және 31 м-ден 92,9 м-ге дейін өзгереді.

Жұмыс аймағының биіктігі тұракты болған кезде кемерлер биіктігі артқан сайын оның ені қысқарады. Жұмыс алаңының ені 75 м-ден 30 м-ге қысқарғанда барлық жұмыс аймактарында оның ені қысқарады. Ол кемерлер биіктігі аз болғанда қарқынды болады. Сипатталған зандалықтар 9.3-суретте көрсетілген.

Жұмыс аймағындағы жыныс көлемінің кемерлер санына (жұмыс аймағының биіктігіне) байланысты өзгеру сипаты ұқсас зандалықтарға бағынады (9.2-сурет). 10 метрлік кемерлерде $m=3$ ($H_{\text{пп}}=30$ м), $B=75$ м кезінде жұмыс аймағының көлденең кимасы 2523,3 m^2 , $m=12$ ($H_{\text{пп}}=120$ м) кезінде – 46673 m^2 құрайды. Жұмыс алаңының ені 30 м болған кезде ол көрсеткіштер сәйкесінше, 1173,3 және 16973 m^2 құрайды. 15 метрлік кемерлерде жұмыс аймағының көлденең кимасы 1548,3; 19273 m^2 және 873,3; 10373 m^2 құрайды. Бұл формулалар график түрінде 9.4-суретте келтірілген. 9.3 - және 9.4-суреттерді салыстырсақ, $B_{\text{пп}}$ және $S_{\text{пп}}$ шамаларының кемерлер санына (жұмыс аймағының биіктігі) байланысты өзгеру сипаты бірдей болатынын көреміз.

Жұмыс жағдауының киябет бұрышының жұмыс аймағындағы кемерлер санына байланысты өзгеруін карастырсақ, онда жұмыс аландарының ені тұракты болған кезде жұмыс аймағының биіктігі (кемерлер саны) есken кезде жұмыс жағдауының киябет бұрышы кемерлер биіктігіне сәйкес өзгереді (9.2-кесте).

Мысалы, 10 метрлік кемерлерде $B_{\text{пп}}=75$ м $m=3$ болғанда $j_i=10^{\circ}20'$, $m=12$ болғанда $j_i=7^{\circ}50'$ құрайды. 15 метрлік кемерлерде бұл бұрыштар $m=2$ болғанда $18^{\circ}40'$, ал $m=8$ болғанда – $12^{\circ}10'$ болады, 20 метрлік кемерлерде сәйкесінше, 23° және $15^{\circ}30'$ құрайды.


Барлық бірдей жағдайларда жұмыс алаңының ені аз болған сайын карьердің жұмыс жағдауының киябет бұрышы күрт болады. Кемер биіктігі артқан сайын j_i -дің сандық мәні артады. Бұл зандалықтар 9.5-суретте көрсетілген.

9.2-кесте


H_{p_3} және B_i мәндері әртүрлі болған кездең жұмыс аймағының иегізгі параметрлері

h	B_i	75			60			45			30						
		$H_{p_3}^i$	B_{tm}^i	$B_{p_3}^i$	$S_{p_3}^i$	Φ_i	B_{tm}^i	$B_{p_3}^i$	$S_{p_3}^i$	Φ_i	B_{tm}^i	$B_{p_3}^i$	$S_{p_3}^i$	Φ_i			
10	30	164	148,2	2523,3	10°20'	134	118,2	2073,3	12°40'	104	88,2	1623,3	16°10'	74	58,2	1173,3	22°
10	60	404	351,4	11143	8°30'	328	276,4	8893,2	10°20'	253	201,4	6643,2	13°20'	178	126,4	4393,2	18°40'
90	90	642	554,7	25860	8°	522	435	20460	9°50'	402	314,7	15060	12°40'	282	194,7	9659,7	17°20'
15	120	881	757,9	46673	7°50'	716	592,9	36773	9°30'	551	427,9	26873	12°40'	386	262,9	16973	17°20'
15	30	89	78,2	1548,3	18°40'	74	63,2	1323,3	22°	59	48,2	1098,3	27°	44	33,2	873,3	34°30'
20	60	253	206,4	6943,2	13°20'	208	161,4	5593,2	16°	163	116,4	42432,2	20°20'	118	71,4	2893,2	27°
20	90	417	334,7	16185	12°10'	342	259,7	12810	14°50'	267	184,7	9434,7	19°	192	109,7	6059,7	25°10'
120	120	581	463,9	29273	11°40'	476	357,9	22973	14°	371	252,9	16673	18°	266	147,9	10373	24°20'
40	40	93,6	76	2119,2	23°	78,6	61	1819,2	27°	63,6	46	1519,2	32°10'	48,64	31	1219,2	39°20'
80	80	262,3	197	9076,8	17°	217,3	152	7276,8	20°10'	172,3	107	5476,8	25°	127,3	62	3676,8	32°10'
100	100	346,6	257,4	14370	16°	286,6	197,4	11370	19°10'	226,6	137,4	8370	23°50'	166,6	77,4	5370	31°
120	120	431	317,9	20873	15°30'	356	242,9	16373	18°40'	281	167,9	11873	23°	206	92,9	7372,8	29°30'


Ескерту: сыйыктық параметрлер метрмен көлтірілген, аудандар – м²; 10 метрлік кемерлердегі кентірек бойынша енбे ені 20 м, 15 метрлік кемерлерде – 25 м және 20 метрлік кемерлерде – 30 м дег кабылданған.



9.3-сүрет. Жұмыс аймағы енінің H_{p3} -га байланысты өзгеруі




9.4-сүрет. Жұмыс аймағындағы жыныс көлемінің H_{p3} -га байланысты өзгеруі.



9.5-сүрет. Жұмыс жағдайының қиябет бұрышының H_{p3} -га байланысты өзгеруі

Жұмыс аймағының негізгі параметрлерін аналитикалық анықтау арқылы кемер биіктігін, олардың жұмыс аймағындағы санын, жұмыс шебінің ұзындығын, т.б. ғылыми-техникалық негізделеді. Мұнда соңғы шешім тау-кен геологиялық, техника-технологиялық және экологиялық-экономикалық факторлардың өзара әсерін кешенді ескеріп қабылдануы керек.

9.4. Технологиялық кешендердің жұмыс аймағының негізгі параметрлеріне әсери



9.6-сурет. Күртқұлама сілемді терендейтін игеру жүйесімен қазып алу кезіндегі жұмыс аймағының қолданеу қимасы:

B_{μ} – м-ші кемердегі жұмыс алаңының ені; B_{pm} – тілме оржсол ені; b_m – көлік бермасының ені


Бойлық біржағдаулы терендейтін игеру жүйесіндегі технологиялық кешендердің көн жұмыстарына әсерін қарастырамыз (9.6-сурет). Қазу-тиеу және көлік жабдықтарының әртүрлі кешендерін қолдану нәтижесінде кемер биіктігі 12, 15 және 20 м, жұмыс алаңының ені – 45, 60 және 75 м, көлік жолының ені – 8,12 және 16 м, жұмыс аймағының биіктігі – 48,...,120 м деп қабылданады.

Кемер саны 4 және 6 болған кезде (9.1)–(9.5) формулалары бойынша есептелген жұмыс аймағының негізгі параметрлері 9.3-кестеде келтірілген. Жұмыс аймағындағы жұмыс аландары өлшемдерінің әртүрлі үйлесімдерінің 17 нұсқасы қарастырылған. 1- нұсқада барлық кемерлердегі жұмыс алаңының ені 45 м, шарт-

ты белгіленуі 45(4); 2- нұсқада үш кемердегі жұмыс алаңының ені – 45 м, бір кемерде – 60 м, шартты белгіленуі 45(3), 60(1); 3-нұсқада екі кемердегі жұмыс алаңының ені 45 м, екі кемерде – 60 м, шартты белгіленуі – 45(2), 60(2), үш кемерде жұмыс алаңының ені – 45 м, бір кемерде - 75 м, шартты белгіленуі 45(3), 75(1). Соған ұқсас 4- нұсқада – 45(2), 60, 75; 45, 60(3); 5-нұсқада – 45, 60(2), 75; 45(2), 75(2); 60(3), 75; 6- нұсқада – 45, 60, 75(2); 60(2), 75(2); 7- нұсқада – 60, 75 (3); 75(4); 8- нұсқада – 45(6); 9- нұсқада – 45(5), 60; 10- нұсқада – 45(5), 75; 45(4), 60(2); 45(5), 75; 45(4), 60(2); 11- нұсқада – 45(3), 60(3); 45(4), 60, 75; 45(4), 60, 75; 12- нұсқада – 45(4), 75(2); 45(3), 60(2), 75; 45(4), 75(2); 45(3), 60(2), 75; 13- нұсқада – 60(6); 45(3), 60, 75(2); 45(2), 60(3), 75; 45, 60(5); 45(3), 60, 75(2); 14-нұсқада – 45(3), 75(3); 60(5), 75; 45(3), 60, 75(2); 45(2), 60(2), 75(2); 15-нұсқада – 60(4), 75(2); 45(2), 60, 75(3); 45, 60(3), 75(2); 16-нұсқада – 60(3), 75(3); 45, 60(2), 75(3); 17-нұсқада – 45, 75(5) болады.

9.3-кесте мәліметтері бойынша бірдей жағдайларда кемер биіктігі артқан сайын, жұмыс жағдауының қиябет бұрышы да, жұмыс аймағындағы жыныс көлемі де көбейеді. Мысалы, 4 кемерден құрылған жұмыс аймағында кемер биіктігі 12 м-ден 20 м-ге артқан кезде жұмыс жағдауының қиябет бұрышы $16^{\circ}4'$ -тан $24^{\circ}34'$ -қа, ал жыныс көлемі 3405 m^2 -тан 5592 m^2 -қа өзгереді (1-нұсқа). 6 кемерден тұратын жұмыс аймағында кемер биіктігі 12 м-ден 20 м-ге артқан кезде жұмыс жағдауының қиябет бұрышы $15^{\circ}25'$ -тан $22^{\circ}49'$ -қа, ал жыныс көлемі 7752 m^2 -тан 11532 m^2 -қа өзгереді (8- нұсқа).

Карьердің жұмыс аймағының негізгі параметрлері



9.7-сүрет. Жұмыс аймағындағы жыныстар көлемінің карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышына байланысты графигі

Бұл параметрлер арасындағы өзара байланыс графикалық түрде 9.7-сүрете келтірілген. 1 санымен биіктігі 48 м, 2 - биіктігі 60 м, 3 - биіктігі 80 м, 4 - биіктігі 72 м, 5 - биіктігі 90 м, 6 - биіктігі 120 м жұмыс аймақтары белгіленген. Карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышы үлкейген сайын жұмыс аймағындағы жыныс көлемі азаяды. Бұл басқа жағдайларда уақыттық аршу коэффициентінің азауына алыш келеді.


9.5. Жұмыс аймағындағы аршу және өндіру қазбалары шебінің сипаттамасы

Аршу және өндіру қазбаларының (кемерлердің) жұмыс аймағында жылжыу кәсіпорынның негізгі мақсатына бағынады – қажетті сападағы пайдалы қазбаның жоспарлы көлемін өндіру, қазу-тиеу жабдығын тау жыныстарының ашылған, игеруге дайын қорларының тұрақты көлемімен қамтамасыз ету. Қажетті шешімдер жұмыс аймағындағы пайдалы қазбалар жатысының тау-кен геологиялық, тау-кен техникалық ерекшеліктерін ескеру негізінде қабылданады.

Кемердің жұмыс шебі (аршу және өндіру қазбалары) келесі белгілері бойынша ерекшелінеді:

1. *Орналасуы бойынша.*

Жұмыс шебі карьер алаңының ұзын осі бойымен орналасқан (9.8, 6, ε , δ - сүрет) кезде жұмыс шебінің және көлік коммуникацияларының



9.8-сурет. Көн жүмыстарының даму бағыттарының әртүрлі нұсқалары (бағытшалармен жеке кенжаслардың және жүмыс кемерлерінің жылжылу бағыттары көрсетілген)

біршама созылымына жетуге болады, ал оның жылжу жылдамдығы көп емес (30-60 м/жыл). Пайдалы қазбаның әртүрлі сорттарын сұрыптағ қазып алуға қолайлар жағдайлар жасалады, кенорның игеру қарқындылығын және карьер өнімділігін арттырудың үлкен резервтері бар. Жұмыс шебінің дәл осылай орналасуы кезінде карьерді салу кезеңінде тау-кен күрделі жұмыстарының көлемі көп болады. Ол кенді жауып жатқан жыныстар қалындығы аз болғанда тиімді ері кеңінен қолданылады.

Жұмыс шебі карьер алаңының қысқа осі бойымен орналасқан (9.8, a, ә, б, -сурет) кездегұмыс шебінің және көлік коммуникацияларының созылымы көп емес, ал оның жылжу жылдамдығы 70-300 м/жыл. Карьердің өндірістік қуатын арттыру, сұрыптағ қазып алу және пайдалы қазбаның ашылған қорларының көп көлемдерін жасау резервтері аз. Жұмыс шебінің мұндай орналасуы кезінде тау-кен күрделі жұмыстарының көлемдері аз, бірақ деңгейжиектерді ашу және көлік коммуникацияларын пайдалану жағдайлары қынайды. Ол кенді жауып жатқан жыныстар қабаты қалың болғанда, сонымен қатар мобиЛЬДІ көлік құралдарымен қуатты құрт кенорындарын иегерде қолданылады.

Жұмыс шебі жинақталып немесе эллипс бойыниша орналасқан (9.8, e-сурет) кезде кемердегі жұмыстардың әртүрлі даму кезеңдерінде жұмыс шебінің, көлік коммуникацияларының созылымы және кенжарлар саны әралуан болады. Жұмыс шебінің бұлай орналасуы жаңа кемерлерді қазып алу кезінде тау-кен күрделі және дайындау жұмыстарының ең аз көлемін және тау-кен жұмыстарының жоғары қарқындылықпен терендеуін қамтамасыз етеді. Бірақ аршу қазбаларының жағдайын жиі өзгертуге тура келеді. Карьердің өндірістік қуатын арттыру мүмкіндіктері де шектеулі болады.

2. Құрылымы бойыниша.

Егер жұмыс шебі тек бос жыныстардан немесе пайдалы қазбаның бір сортынан құралса, онда ол *біртекті жұмыс шебі* деп аталады. Мұндай кезде тау-кен қазындысы жаппай қазылып алынады.

Біртекті жұмыс шебі тұтас (9.9, a-сурет) болуы мүмкін және кенжарлары жеке-жеке блоктарға бөлінуі мүмкін (9.9, ә және б-сурет). Кемер экскаваторлардың және басқа да техникалық құралдардың қажетті санын орналастыру үшін блоктарға бөлінеді. Кемерде бір қуатты экскаваторды орналастыру экономикалық тиімді болады. Бірақ жұмыс көлемі көп және де қажетті қуатты экскаваторлар


болмаған жағдайда кемерде екі, кейде үш экскаватор орналастыруға турға келеді.

Егер жұмыс шебінде бос жыныс, пайдалы қазба және оның әртүрлі сорттарының блоктары кезектесіп орналасса, онда ол *әртекті жұмыс шебін* (9.9, в-сурет) құрайды. Әртекті жұмыс шебінің кенжары жаппай қазылып алынады. Әдетте, пайдалы қазбаның үздіксіз өндірілімін қамтамасыз ету үшін қажет блоктарға (екі немесе үш экскаваторды қолданып) бөледі.


Жұмыс шебінде бос жыныс немесе пайдалы қазба сортының блогын беліп көрсету мүмкін болмаған жағдайда ол *қүрделі әртекті жұмыс шебі* (9.9, е - сурет) деп аталады. Бұл жағдайда тау-кен қазындысын өндірілімін қамтамасыз ету үшін қажет блоктарға (екі немесе үш экскаваторды қолданып) бөледі.

3. Тау-кен қазындысын тасымалдау бойынша.

Тау-кен қазындысы көлденең тасымалданатын жұмыс шебі – аршу экскаваторларын және көліктік-үйінділік агрегаттарды қолданып, бос жыныстарды кен алынған кеңістікке үйінділеу



9.9-сурет. Кемердің жұмыс шебін құрылымы бойынша бөлу сұлбасы



9.10-сурет. Тау-кен қазындысын кемердің жұмыс шебіне қатысты тасымалдау сұлбасы


(9.10, *a*-сүрет), сонымен қатар жыныстарды бульдозерлермен не скреперлермен қапталдық кенжарлармен қазып алу және оны қысқа жолмен ішкі не сырткы үйіндіге тасымалдау кезінде (9.10, *d*-сүрет) жасалады.

Тау-кен қызындысы бойлық тасымалданатын жұмыс шебі – бос жыныстарды карьерлік көліктермен тасымалдау кезінде (9.10, *d*-сүрет) жасалады.

4. Жұқ көліктік шығыстарының саны бойынша.

Егер кемерден көліктік шығыс біреу болса, онда біреулік шеп (9.11, *a* және *b*-сүрет) болады. Мұндай шеп әртүрлі тау-кен және көлік жабдықтарын қолданған кезде көптеген карьерлерде жасалады.

Егер кемерден көліктік шығыс екеу болса, онда ол қосарланған шеп (9.11, *c*, *d*-сүрет) деп аталады. Жұмыс шебінің мұндай конструкциясы екі біреулік шептен тұрады және беттік типтегі созылымы үлкен карьерлерде, сонымен қатар терендік типтегі карьерлердің жоғарғы кемерлер тобында қолданылады.



9.11-сүрет. Тау-кен жұмыстары шебінің сұлбалары:

$L_{\phi,o}$, $L_{\phi,c}$ және $L_{\phi,ct}$ – сәйкесінше, біреулік, қосарланған және үшешелік жұмыс шептерінің ұзындығы

Сирек жағдайда үшеулік жұмыс шебі болуы мүмкін (9.11, *e-сурет*).

Егер кемердегі біреулік жұмыс шебінің бос жүрістегі немесе жүк тиелген теміржол құрамы не автомобиль көлігі үшін бір жалпы көліктік шығысы болса, онда ол *тұйық шеп* (көліктердің қайтымды қозғалысы кезінде) болады (9.11, *a, b, г, д* және *e-сурет*). Тұйық жұмыс шебі карьер көлігінің барлық түрлері үшін кеңінен коладылады.

Егер кемердегі біреулік жұмыс шебінің екі немесе одан да көп арнаіы бос жүрістегі көліктер үшін жеке және жүк тиелген көліктер үшін жеке (9.11, *ә-сурет*) шығыстары болса, онда ол *өтпелі шеп* (көліктердің ағынды қозғалысы кезінде) болады. Қосарланған тұйық жұмыс шебі периодты түрде біреулік өтпелі шеп ретінде де пайладылады (9.11, *в-сурет*), ал үшеулік тұйық шеп – қосарланған өтпелі шеп ретінде пайладылады (9.11, *г-сурет*).

5. Көліктік шығыстың орналасуы бойынша.

Егер көліктік шығыс кемер шебінің қапталында орналасса, онда ол *қапталдық шеп* (9.11, *a, ә* және *б-сурет*) болады. Ол жұмыс денгейжиектерін тұрақты қазбалармен ашу кезінде қолданылады.

Егер көліктік шығыс жұмыс шебі шегінде орналасса, онда ол *орталық шеп* (9.11, *б* және *г-сурет*) болады. Мұндай шеп жазық және жайпақ кенорындарын игеру кезінде ашу қазбалары карьердің жұмыс жағдаудында және өндіру кемерлерінде орналасқан кезде колданылады.


Кемердің жұмыс шебінің аталған сипаттамалары игеру жүйесін, ашу тәсілін дұрыс таңдауға және техникалық құралдарды дұрыс пайдалануға негіз болады.

9.6. Кен жұмыстары шебінің жылжу бағыттары

Кемер жұмыс шебі бойымен панельдерге бөлінеді (9.12-сурет). Панельдер енбе қызметін де атқарады. Кемерде бір уақытта бір немесе бірнеше панельдер қазылып алынуы мүмкін. Панельдер қазылып алынған сайын жұмыс кемерінің шебі жылжиды. Панель қазылып болғаннан кейін жұмыс шебі бойында орналасқан көлік коммуникациялары қайта жинақталады.

Бір қазу машинасымен қазып алынатын панель бөлігі *панель блогы* (мысалы, экскаватор блогы) деп аталады; панель шегінде ұзындығы

$L_{6,n}$ бір немесе бірнеше блоктар (9.12-сурет) болуы мүмкін. Панель блоктары жұмыс блоктарына белінеді; оның әрқайсысында бір жұмыс процесі, мысалы, бұрғылау, аттыру, қазып алу (9.13-сурет) жүргізіледі. Әрбір блокта жыныстар қазылып алу енбелері деп атала-тын жіңішке жолдармен қазып алынады.




9.12-сурет. Панельдер мен блоктардың сұлбалары:

а және ә – сәйкесінше, бойлық блоктар мен енбелер кезінде; б және в – сәйкесінше, көлденең блоктар мен енбелер кезінде (кең панельдер)

Кейде енбелер панель блоктары да болып табылады (9.13-сурет). Панель блоктары және қазып алу енбелері кемер шебінде орналасуы бойынша бойлық, көлденең және диагональді болуы мүмкін. Панельдің бойлық блоктары және қазып алу енбелері көліктердің барлық түрлері кезінде, көлденең – әдетте, автомобиль және конвейерлік көлікттер кезінде қолданылады.

Дұмдік кенжар мен кенжар-аландарда енбе ені B_3 осы кенжарлар енінен сай келеді. Енбелер қалыпты, жіңішке және кеңейтілген болып

бөлінеді. Қазу машинасының параметрлерін пайдаланып, қалыпты енбелерден жыныстарды енбе бойымен тұра ось бойынша жылжи отырып қазып алады. Жіңішке енбелердің қалыпты енбелерден ерекшелігі мұнда қазу машиналарының жұмыс параметрлері толық пайдаланылмайды. Кеңейтілген енбелер машиналардың жоспардағы ауыспалы қозғалысымен (ирек тәрізді ось) сипатталады.



9.13-сүрет. Панель блоктарын жұмыс блоктарына болу сұлбасы:

$L_{\text{б}} (L_{\text{в}})$, $L_{\text{б}}$ және $L_{\text{п},\text{б}}$ – аттырылған (экскавацияланатын), бұргыланған және бұғылауға дайындалған блоктар ұзындығы; 1 – кенжарлық жол


Жұмыс кемерінің шебі қабат бойынша келесі түрде жылжиды:

1. Жұмыс шебі карьердің бір шекарасынан екіншісіне қарай оның ұзын немесе қысқа осіне параллель (9.14, a-сүрет) жылжиды. Бұл жағдайда кемердің бір жұмысшы қиябеті (біржағдаулы) болады, екінші жағдауда жұмыс жүргізілмейді. Бұл нұсқа жазық және

жайпақ сілемдерді игеру кезінде созылымы үлкен карьер алаңында қолданылады. Ол кенді жауып жатқан жыныстары аз болған кезде де тау-кен дайындық жұмыстарының көп көлемдерімен сипатталады.

2. Жұмыс шебі қазып алынатын қабаттагы аралық жағдайдан (екіжасағдаулы) карьер алаңының нұсқасына қарай оның осытерінің біріне параллель жылжиды (9.14, ә-сурет). Мұнда кемердің қарама-қарсы (не периметрі бойынша барлық) қиябеттері тұрақты болады не периодты қызмет атқарады, жұмыс шебінің жеке участкерінің жылжу жылдамдығы азаяды.

Бұл нұсқа созылған көлбеу және күртқұлама сілемдерді игеруде,



9.14-сурет. Кемердің жұмыс шебінің жылжу сұлбасы

әсіресе, карьердің ақтық терендігі үлкен және кенді жауып жатқан жыныстар қабаты қалың болғанда қолданылады.

3. Жұмыс шебі бұрылу бекеті карьер шекарасында не оған жақын орналасқан веер бойынша (9.14, б-сурет) жылжиды. Бұл жағдайда кемердің бір жұмыс қиябеті болады. Жазық кенорындарын игеру кезінде карьердің барлық кемерлері үшін бір бұрылу бекетін, ал күрт сілемдерді игеру кезінде әрбір кемер үшін бұрылу бекеттерін жасайды (9.14, в-сурет).

Жұмыс шебінің мұндай нұсқасы табан ауданындағы пішіні дөңгелек және жұмсақ жауып жатқан жыныстарының қалындығы аз карьер алаңдарын игеру кезінде қолданылады. Мұнда жазық пайдалы қазба қабаттары мен бос жыныстар үздіксіз жұмыс жасайтын


жабдықтармен (жіңі жағдайда көліктік-үйінділік көпірлер) қазылып алынады. Сонымен қатар ашу трассасының спиральді пішіні күрт штоктәрізді кен сілемдерін игеруде де қолданылады.

4. Жұмыс шебі қабат центрінен оның шекараларына қарай радиальді (9.14, ғ-сурет) жылжиды. Жұмыс шебі орталықтанған немесе орақ тәрізді болады. Бұл нұсқа сілемнің спецификалық жату жағдайына байланысты қеңейтілген енбелермен қазып алуда қолданылады.

5. Жұмыс шебі карьер алаңының шеткі участкелерінен бастап центріне дейін спираль бойынша (9.14, ғ-сурет) жылжиды. Ол жазық және терен емес жатқан сілемдерді игеру кезінде қолданылады.

9.7. Тұмас игеру жүйесіндегі биіктігі бойынша іргелес кемерлер параметрлерінің өзара байланысы

Бұл байланыс үш негізгі технологиялық сұлбалармен сипаталады (9.15-сурет). 9.15, а-суретте келтірілген сұлбада кемер енбесі жоғары жатқан кемердің жұмыс алаңының құрамды элементі болып табылады. Кемердің уақыттық ашылған корлары оның биіктігімен, енбе енімен және жоғарғы кемер кенжарының озуымен анықталады. Мұндай сұлба негізінен ЕҮ және КҮ жабдықтар кешенін қолданғанда пайдаланылады, аршу және өндіру кешендерінің өзара қатаң байланысын анықтайды. Иргелес кемерлер кенжарларының жұмыс



9.15-сурет. Биіктігі бойынша іргелес жұмыс кемерлерінің өзара орналасу сұлбалары

шептерінің жылжуы арасындағы катан байланыс аршу жұмыстарын мерзімді жүргізгенде байқалады. Сонымен қатар, жылы мезгілде аршу кенжарлары мен жұмыс шептерінің жылжу жылдамдығы өндіру жұмыстарының жылжу жылдамдығынан артық болуы қажет болған жағдайда байқалады.

9.15, *ә-сүреттегі* сұлбада кемер енбесі жоғары кемер алаңының құрамына кірмейді. Ол алаң тау-кен және көлік жабдығын және көмекші коммуникацияларды орналастыру шартымен анықталады. Уақыттық ашылған қорлар енбе енімен және оның жұмыс шебі ұзындығымен анықталады. Мұндай сұлбада іргелес кемерлердегі жабдықтар жұмысы 9.15, *ә-сүреттегі* сұлбаға қарағанда өзара аз байланысты, сондықтан оны КҮ және ЭҮ кешендерін қолданғанда пайдаланады.

9.15, *б-сүреттегі* сұлбада кемердегі тау-кен қазындысының уақыттық ашылған қорларына 9.15, *ә-сүреттепен* салыстырғанда жоғарғы кемердің жұмыс алаңын кеңейтуде қалдырылған резервті жол кіреді. Аршу кемерлерінде резервті жол ені әдетте, енбенің қабылданған еніне тең, ал өндіру кемерлерінде одан үлкен болуы да мүмкін. 9.15, *б-сүреттегі* сұлба жеке кемерлердегі жабдықтардың тәуелсіз жұмысын қамтамасыз етуге және оның өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс шебінің ұзындығы қабылданған жабдықтар кешендері және оларды қолдану жағдайлары үшін әрқашанда оңтайлы болуы керек. Жұмыс шебінің тиімсіз ұзындығы және кемерлердегі жолдардың дұрыс емес дамуы кешен өнімділігінің күрт төмендеуіне алып келеді. Жұмыс шебінің ұзындығы үлкен болғанда тау-кен қазындысын теміржол және конвейер көліктерімен тасымалдау кезінде көлік коммуникациясы мен электр желілерінің күрделі шығындары көбейеді, қысқы уақытта кенжарлардың қату тереңдігі өседі. Автокөліктердің көп жүрісінен тасымалдау шығындары күрт өседі. Қазып алу учаскесінің ұзындығын қысқарту үшін көлік коммуникацияларын жиі жылжуға керек. Нәтижесінде жабдықтар кешенінің өнімділігі төмендейді. Тұтас игеру жүйелерін пайдалану тәжірибесінде экскаватор блогының ұзындығы экскаватор қуатына байланысты 200-ден 4000 м-ге дейін өзгереді.

Биіктігі бойынша іргелес кемерлердің жұмыс шептерінің жылжу жылдамдықтары өзара байланысты. Әрбір кемерді игеру төменгі кемерден жұмыс алаңының ең аз (есептік) енінен озық болуы керек.

Бұл шарт келесі түрде беріледі:


$$B_{p.p.\mu} \leq B_{p.p.\mu} + (v_{\phi\mu} - v_{\phi(\mu+1)})t \quad (9.9)$$

немесе

$$v_{\phi(\mu+1)} \leq v_{\phi\mu} + \frac{1}{t}(B_{p.p.\mu} - B_{p.p.\mu}), \quad (9.10)$$

мұндағы, $B_{p.p.\mu}$ және $B_{p.p.\mu}$ – сәйкесінше i -ші кемердің жұмыс алаңының қарастырылған кезең басындағы есептік және нақты ені, м; $v_{\phi\mu}$ және $v_{\phi(\mu+1)}$ – сәйкесінше i -ші және төменгі ($i+1$)-ші кемерлердің жылжу жылдамдықтары, м/жыл; t – қарастырылған кезең үзактығы, жыл.

$L = f(T)$ графигінде жұмыс кемерлерінің төменгі жиектерінің



9.16-сурет. Кемер шебінің уақыт T бойынша даму сұлбалары мен графиктері:

а – кемердің жұмыс шебінің жылжусы және $L=f(T)$ графигі (1–1', 2–2', 3–3', және 0–4' – сәйкесінше 1, 2, 3 және 4 кемерлердің жұмыс шебінің жылжусы); ә – кемерлердегі кенжарлардың жылжусы және $L=\varphi(T)$ графигі (I, II, III, IV – енбелердің қазып алу кезегі, тұмас түзу – ариш енбелері, штрих түзу – өндіріу)

уақыт бойынша өзгеруі (9.16, а-сурет) және олардың жылжуы үзік түзулермен (0–4', 3–3', 2–2', 1–1') сипатталады. Бұл түзулердің тік участеклерінің ұзындығы бір енбені казып алу уақытына тең, ал жазық участеклері енбе еніне тең. (9.9) теңдеудің сәйкес, $L=f(T)$ графигінде Т интервалындағы іргелес үзік түзулер арасындағы жазық арақашықтық берілген кемердің жұмыс алаңының есептік енінен аз болмауы керек.

Жабдықтар кешенінің жұмысын әртүрлі сұлбалар бойынша талдау үшін іргелес кемерлер кенжарларының (9.16, ә-сурет) уақыт бойынша өзгеру графигін $L=f(T)$ түрғызы қажет. Түзу немесе қисықтардың Т осіне көлбей бұрышының тангенсі кенжарлардың жылжуын сипаттайды. L осі бойынша түзулер арасындағы кесінді іргелес кемерлердің біріндегі кенжарлар арақашықтығының өзгеруін анықтайды. $L=f(T)$ графиктерін талдау кезінде кенжарлар арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтау, ол үшін жабдықтардың технологиялық токтап тұруын анықтау және реттеуге, игеру жүйесі параметрлерін – енбе енін, экскаватор блоктарының ұзындығын, т.б. реттеуге болады. Кенжардың жылжу уақыты аймен немесе тәулікпен өлшенеді.

(9.9) және (9.10) формулалары бойынша жабдықтар кешенінің жұмысын 9.15, а, ә-суреттердегі сұлбалар бойынша ұйымдастыру кезінде іргелес кемерлердегі кенжарлардың жылжу жылдамдығы анықталады. Бұл кезде формулалардағы $W_{p,n}$ орнына кенжарлар арақашықтығы, ал v_ϕ орнына – кенжарлардың жылжу жылдамдығы v_z қабылданады.

Жұмыс шебі бойынша орналастыру шарты бойынша карьердегі жабдықтардың ЭУ және КҮ қуатты кешендерінің саны шеп ұзындығы үлкен болған жағдайда да (7–10 км-ге дейін) үштен артық болмайды, әдетте, бір немесе екіге тең. ЭУ және КҮ жабдықтар кешенінің саны n_k және жылдық өнімділігі $Q_{k,g}$, жұмыс шебінің ұзындығы $L_{\phi,b}$ белгілі болғанда және ішкі үйіндінің қабылдау қабілетіне байланысты аршу кемерінің ең үлкен биіктігі кезінде h_{y_b} негізгі (төменгі) аршу кемерінің жылжу жылдамдығы анықталады (м/жыл):

$$v_{\phi,b} = n_k Q_{k,g} / (L_{\phi,b} h_{y_b}). \quad (9.11)$$

Өндіру кемері шебінің жылжу жылдамдығы $v_{\phi,d}$ аршу кемері шебінің жылжу жылдамдығынан көп болмауы керек, ол карьердің

пайдалы қазба бойынша ең көп мүмкін өнімділігін (т/жыл) анықтайды:

$$Q_{\text{к.и}} = hL_{\phi,d} \upsilon_{\phi,d} \gamma_i \eta_i, \quad (9.12)$$

мұндағы, h – пайдалы қазба сілемінің орташа тік қалындығы, м; $L_{\phi,d}$ – өндіру кемерінің жұмыс шебінің орташа ұзындығы, м; γ_i – массивтегі пайдалы қазба тығыздығы, т/м³; η_i – пайдалы қазбаны қазып алу коэффициенті.

Негізгі аршу және өндіру кемерлерінің ұзындықтары тең болған кезде олардың жұмыс шептерінің жылжу жылдамдықтарын негізгі аршу кемерінің биіктігін қыскарту арқылы арттыруға болады (9.11). Бұл көп жағдайларда бос жыныстарды тасымалдау шығының артуына алып келеді.

Бос жыныстарды ішкі үйінділерге тасымалдау үшін теміржол көлігін қуатты мекұректермен (ЭКГ-12,5 және ЭКГ-8И) бір кешенде қолданған кезде кемерлердегі экскаваторлар саны біреулік тұйық шепте екіден және екі көліктік шығысы бар екеулік шеп кезінде төрттен аспауы керек.

9.8. Тереңдеме игеру жүйесіндегі биіктігі бойынша іргелес кемерлердегі кен жұмыстарының өлшемдес дамуы

Бірнеше жұмыс кемерлерінен тұратын карьердің жұмыс аймағы кенорнын игеру процесінде жоғарыда айтылғандай өзінің кеңістіктерінде жағдайын үздіксіз өзгертіп отырады. Оның кеңістікте және уақыт бойынша жылжу қарқындылығы іргелес кемерлердегі тау-кен қазбаларының дамуына байланысты. Олардың өлшемдес дамуын, яғни жұмыс аймағының бүйір бетінің жазық-параллельді жылжуын үш жұмыс кемерден тұратын мысалда қарастырайық (9.17-сурет). Карьердің берілген участкесіндегі кемерлер бойлық экскаваторлық енбелермен қазып алғынады. Тау-кен көлік жабдықтарының қалыпты жұмысы үшін әрбір μ -ші кемерде жұмыс алаңының ені (B_μ) қандай да бір ең аз есептік шамадан кем болмауы керек $B_{\mu min}$, яғни

$$B_\mu \geq B_{\mu min}. \quad (9.13)$$

Соңғысы қабылданған қазу-тиеу, көлік жабдықтарының жұмыс

параметрлерімен, энергетикалық коммуникациялармен және кен жұмыстарының технологиясымен анықталады.

Жалпы жағдайда әрбір кемерде әртүрлі тау-кен қоліктік кешендер жұмыс істеуі мүмкін. Кез келген кешен барлық уақытта әрбір кемерде ені $B_\mu \geq B_{\mu min}$ жұмыс алаңын сақтай отырып, кемерлердің жылжыуын қамтамасыз етуі керек.


Бұл талап i -ші жұмыс кемерінің жылжу жылдамдығы ($v_{\mu}^{\text{фп}}$) төменгі жұмыс кемерінің жылжу жылдамдығына ($v_{\mu+1}^{\text{фп}}$) тең не одан улкен болғанда орындалады, яғни

$$v_{\mu}^{\text{fp}} \geq v_{\mu+1}^{\text{fp}}, \quad (9.14)$$

мұндағы, $v_\mu^{\phi p}$ және $v_{\mu+1}^{\phi p}$ – сәйкесінше μ -ші және төменгі ($\mu + 1$)-ші кемерлердегі жұмыс шебінің жылжу жылдамдықтары. Жалпы жағдайда

$$v_{\mu}^{\text{fp}} \geq v_{\mu+1}^{\text{fp}} \geq \dots \geq v_n^{\text{fp}}. \quad (9.15)$$

Эрине, әртүрлі кемерлердегі қаастырылған анықтаушы сипаттамалардың мәндері оларға әсер ететін факторлардың нақты үйлесіміне байланысты әртүрлі де, бірдей де болуы мүмкін.



9.17-сүрөт. Карьердің жұмыс аймагының және жаңа деңгейлікке да-
йындау сұлбасы

Егер барлық жұмыс кемерлеріндегі жұмыс алаңдары есептік – ен аз шамада болса, яғни $B_{\mu} = B_{\mu min}$, онда қабылданған тау-кен көліктік кешен карьердегі кен жұмыстарының қажетті (онтайлы) қарқындылығының қамтамасыз етеді.

Егер $B_{\mu} > B_{\mu min}$ болса, онда μ -ші кемерде берілген уақыт кезеңінде кәсіпорын жағдайларына байланысты тау-кен қазындысының біршама қоры болады. Бірақ бұл карьердегі кен жұмыстарының дамуына кері әсерін тигізбейді.

$B_{\mu} < B_{\mu min}$ болғанда (9.13) шарт орындалады, бұл кен жұмыстарының қарқындылығының төмендеуіне, карьердің жұмыс аймағындағы тау жыныстары қорларының азауына және басқа да кері салдарға алып келеді.

Карьер терендігі бойынша кен жұмыстарының өлшемдес дамуы үшін жаңа қарастырылып отырған жағдайда төртінші деңгейжиекті ашуға жағдай жасау керек (9.17-сурет). Ол үшін кен жұмыстарының біржағдаулы дамуы кезінде төменгі, үшінші кемер жұмыс жүргізілмейтін жағдаудан келесі қашықтыққа жылжуы керек (9.17-сурет):


$$B_m' \geq B_t + B_{p.t} + h_4(\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha) + B_3^{p,n}, \quad (9.16)$$

мұндағы, B_t – көлік (сақтандыру) бермасының ені; $B_{p.t}$ – ашылатын деңгейжиектегі тілме оржол ені; h_4 – уақыттық төменгі кемер биіктігі; B_3 – үшінші кемердегі жұмыс алаңының ені; α' және α – ашылатын кемерлердің жұмыс жүргізілмейтін және жұмыс жағдауларының қиябет бүрштари.

Карьердегі кен жұмыстарының екіжағдаулы дамуы кезінде уақыттық төменгі кемердің әрбір жұмыс жағдауы тілме оржол осінен келесі қашықтыққа жылжуы керек:

$$B_m'' \geq B_{pt} / 2 + h_4 \operatorname{ctg}\alpha + B_3. \quad (9.17)$$

Төменгі кемердегі кенжар қарқынды жылжыған кезде (9.16), (9.17) шарттарын орындаマイ-ақ келесі төменгі деңгейжиекті ашуға жағдай жасауға болады (9.18-сурет). Мұнда бастапқы шеп (L_n) пайда болғаннан кейін жаңа деңгейжиекті дайындау төменгі деңгейжиекте кен жұмыстарын жүргізумен қатар орындалады. Келесі деңгейжиекті ашу үшін қажет алаңының ені келесі қатынастан анықталады:



9.18-сурет. Бастапқы жұмыс шебі жасалғаннан кейін жаңа деңгейжиекті дайындау сұлбасы

$$B''_m \geq 2B_t + B_{p.t} + h_n (\operatorname{ctg}\alpha' + \operatorname{ctg}\alpha). \quad (9.18)$$

Сонымен, жаңа деңгейжиекті ашу мүмкіндігі біршама жеңілдейді.

Ашылатын төменгі деңгейжиектегі кен дайындық жұмыстарын бастауға қажет уақыт:

$$T_n = B_m / v_4^\phi + t_n, \quad (9.19)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, v_4^ϕ – төменгі деңгейжиектегі жұмыс шебінің жылжу жылдамдығы; t_n – төменгі кемерде бастапқы жұмыс шебін дайындау уақыты.

Бастапқы жұмыс шебін дайындау уақыты:

$$t_n = L_n / v_3. \quad (9.20)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, v_3 – μ -ші кемердегі панель кенжарының жылжу жылдамдығы.

Сонымен, қарастырылған кезеңде кен жұмыстарының өлшемдес дамуын қамтамасыз ету үшін кенжарлардың, жұмыс шебінің және кен жұмыстарының терендеу жылдамдықтарын қажетті деңгейде жүргізу қажет. Кемер биіктігі тұрақты болған кезде қазу-тиеу жабдығының өнімділігін, жұмыс шебінің ұзындығын реттеуге болады. Жұмыс шебінің ұзындығы қазу-тиеу жабдығының типімен, санымен және оның жұмысын ұйымдастыру шараларымен анықталады.

Қажет болған жағдайда жұмыс шебінің жылжу жылдамдығын v_3 , тау-кен жұмыстарының терендеу қарқындылығын ψ арттыру үшін игеру жүйесі элементтерінің параметрлері белгілі болғанда

казу-тиеу жабдығының өнімділігін көбейту және барлық негізгі, көмекші технологиялық процестерді ұйымдастыру шарапарын жақсарту керек. Біраз авторлардың айтуы бойынша, игеру жүйесінің жеке элементтерінің өлшемдерін өзгерту, мысалы, кемер биіктігін азайту түбінде он нәтижеге алып келмейді.

Пайдалы қазбаларды игеру жүйесі мен технологиясы өзара тығыз байланысты, себебі біріншісі екіншісінің сыртқы қабаты болып табылады. Жүйелер карьер аланындағы тау-кен қазбалары жағдайының өзгеруімен, ал технология – осы қазбаларғы кен жұмыстарын жүргізу тәсілдерімен сипатталады. Сондықтан технология қазу-тиеу жабдықтарының жұмыс параметрлерімен бірге игеру жүйесінің параметрлері мен көрсеткіштерін таңдауға үлкен әсер етеді.

Кенорның игерудің ішкі жүйесі тау-кен қазбаларының карьер аланының осі мен нұсқаларына қатысты жылжуымен анықталады. Игерудің ішкі жүйесі пайдалы қазбаның жату параметрлеріне, пішініне, тау жыныстарының физика-механикалық қасиеттеріне, тауарлық өнімнің қажетті мөлшері мен сапасына және кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштеріне байланысты таңдалады.

Игерудің ішкі жүйесін негіздеу үшін оның негізгі параметрлерін жоғарыда аталған табиғи және технологиялық факторларды қабылданған тау-кен және көлік жабдықтары кешенінің жұмыс параметрлерімен және техникалық сипаттамаларымен байланыстрыра отырып анықтау қажет. Қабылданған ішкі игеру жүйесі нақты жағдайларда барлық негізгі және көмекші жұмыстардың, сонымен қатар табиғатты қорғау шарапарына ең аз шығын шығара отырып, табиғи, техникалық және экономикалық жағдайлар бойынша карьердің ең жоғары өнімділігін қамтамасыз етуі керек.

9.9. Тереңдете игеру жүйесіндегі жұмыс аймағының даму сұлбасы

Көлбеу және құртқұлама сілемдерді игеру кезінде жұмыс аймағының параметрлері карьердің бүкіл жұмыс істеу мерзімінде өзгеріске ұшырайды. Ю. А. Дриженко ұсынған сұлбаларды қарастырайык. 9.19-суретте тілме оржолды жүргізу орнымен (C_1 , C_2 , C_3) анықталатын жұмыс аймағының үш жағдайы көрсетілген. Бұл нүктелер сілемнің жатпа және төнбе бүйірлері жағыннан карьер

жағдауында (a, ϑ), сілемнің жатпа және төнбе бүйірінде (b, φ) және карьердің жұмыс жағдауының әртүрлі қиябет бұрышы кезінде сілемнің ортасы бойынша (c, ε) орналасады.

Жұмыс аймағының бірінші жағдайында (A_1, C_1, D_2) пайдалы қазба бойынша жобалық қуатына жетеді. Карьер бетінің ені A_1, D_1 жобалық мәніне жетпейді. Жұмыс аймағының екінші жағдайында (A_2, C_2, D_2) пайдалы қазба және бос жыныс бойынша белгіленген өнімділік тұрақты орындалады. Тау-кен жұмыстары карьердің жобалық нұсқаларында жүргізіледі. Карьердің актық тереңдігіне сәйкес келетін жұмыс аймағының үшінші жағдайында (A_3, C_3, D_3) пайдалы қазба және бос жыныс бойынша өнімділігін азайта отырып көнорның игеру анықталады.

Жалпы игеру кезеңдері бойынша жұмыс аймағы биіктігінің мәндері $H_{p_1}, H_{p_2}, H_{p_3}$, пайдалы қазба үшін $h_{p_1}, h_{p_2}, h_{p_3}$, сілемнің жатпа және төнбе бүйірлері бойынша жұмыс жағдауының қиябет бұрыштарына α_p және α_b байланысты болады. Олар 9.4-кестеде келтірілген формулалар бойынша анықталады.


Бос жыныстардың уақыттық қолемі және жұмыс аймағының ені (B_1, B_2, B_3) өте аз болған кезде тау-кен жұмыстарының сілемнің ортасы бойынша тереңдеуі (9.19, ε, ϑ -суреттерді қара) пайдалы қазбаны өндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан кен жұмыстары тереңдеген кезде аршу жұмыстарының қолемін көбейтуге болады. α_p шамасы артқан сайын жұмыс аймағының биіктігі артады, бос жыныстың уақыттық қолемі азаяды. α_p мәні карьер жағдауының жобалық қиябет бұрышына β_b жуық болғанда жұмыс аймағының биіктігі H_{p_2} ең жоғары шамаға жетеді. Бірақ B_k -мен салыстарғанда B_2, B_3 шамаларының аз болуы көлік коммуникацияларын орналастыруға кері әсерін тигізеді. Мұндай жағдайларда жұмыс деңгейжиектерін автомобильді сырғымалы съездермен ашқан қолайлыш болады.

Бірінші кезеңде карьердің пайдалы қазба бойынша жылдық өнімділігі $Q_{n,i}$:

$$Q_{n,i} = \frac{k_\phi m_r h_{p_i} L_n Q_{\phi,r}}{h_y (B_{p,n} + h_y \operatorname{ctg} \alpha_y) L_3}, \quad (9.21)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, k_ϕ – сілем пішінін ескеретін коэффициент, $k_\phi = 0,7-0,9$; m_r , L_n – қабаттың жазық қалындығы және созылым ұзындығы, м; h_{p_i}



9.19-сүрет. Бастапқы тілме оржсолдың орналасуына байланысты терең карьерлердегі жұмыс аймағының даму сұлбалары:

сілемнің жатпа және төнбе бүйірлері жасағынан карьер алаңының нұсқасы бойынша (а, ә); сілемнің жатпа және төнбе бүйірі бойынша (б, ү); жұмыс аймағының қиябет бұрышы жайтақ болған кезде сілемнің ортасы бойынша (г); жұмыс жағдайының қиябет бұрышы күрткөлбеу болған кезде сілемнің ортасы бойынша (ә)

– жұмыс аймағының пайдалы қазба бойынша биіктігі, м; $Q_{\text{з.р}}$ – өндіру экскаваторының жылдық өнімділігі, $\text{m}^3/\text{жыл}$; h_y – өндіру кемерінің биіктігі, м; $B_{\text{р.п}}$ – жұмыс алаңының ені, м; α_y – өндіру кемерінің қиябет бұрышы, град; L – экскаватор блогының ұзындығы, м.

Кенорнын итеру кезендері бойынша жұмыс аймағының параметрлері

Кенорнын итеру кезендері	1. Карьердің жобалық куатын итеру	2. Жұмыс жағдайларъының карьер беті бойынша жобалық шекарасына шығуы	3. Карьердің жобалық шекарасында тау-көн жұмыстарын аяқтау
1	2	3	4
	$h_{p_1} = \frac{m_r \sin \gamma \sin \alpha_{p.B.}}{\sin(\alpha_{p.B.} + \gamma)}$ (a, θ)	$h_{p_2} = H_{p_2} - h_u - h_{p_l}$ $(\varepsilon, \partial, \theta, \varphi)$	$h_{p_3} = \frac{m_r \sin \beta_n \sin \alpha_{p.B.}}{\sin(\alpha_{p.B.} + \beta_n)}$ (a, θ)
	$h_{p_1} = \frac{0,25m_r \sin^2 \gamma \sin(\alpha_{p.B.} + \alpha_{p.l.})}{\sin(\alpha_{p.B.} + \gamma) \sin(\gamma - \alpha_{p.l.})}$ (ε)	$h_{p_2} = H_{p_2} - h_u - h_{p_l}$ $(\varepsilon, \partial, \theta, \varphi)$	$h_{p_3} = m_r \operatorname{tg} \alpha_{p.l.}$ (∂, θ)
	$h_{p_l} = \frac{m_r \sin \gamma}{\sin(\alpha_{p.l.} - \gamma)}$ (θ)	$h_{p_1} = \frac{m_r \sin \gamma \sin \alpha_{p.l.}}{\sin(\gamma - \alpha_{p.l.})}$ (θ)	$h_{p_3} = \frac{0,5m_r \sin \beta_n \sin \alpha_{p.l.}}{\sin(\alpha_{p.l.} - \beta_n)}$ (ε)

Кеңең оңайлықтың көмегінде күштілік және күштілік жағдайларъын анықтауда жаңа мүнәсабаттар табылады.

$H_{p1} = \frac{h_u + h_{pl} + (H_k - h_u - h_{pl})}{ctg\beta - ctg(90^\circ - (\alpha + \beta))}$ <p>(a)</p>	$H_{p2} = \frac{B_k}{ctg\alpha_p + ctg\beta}$ <p>(a, b)</p>	$H_{p3} = \frac{m_r \cdot sin\beta_u}{sin(\beta_u - \alpha_{pa})}$ <p>(a)</p>
$H_{p1} = \frac{m_r + 2(2h_u + h_{pl})ctg\alpha_p}{ctg\alpha_p + ctg\beta}$ <p>(c)</p>	$H_{p2} = \frac{B_k \cdot sin\alpha_{pa} + sin\alpha_{pi}}{sin(\alpha_{pa} + \alpha_{pi})}$ <p>(d, e)</p>	$H_{p3} = \frac{m_r \cdot sin\beta_u}{sin(\beta_u - \alpha_{pa})}$ <p>(d)</p>
$H_{p1} = h_u + h_{pl}$ <p>(a, b)</p>	$H_{p2} = H_{pl} + \frac{0.5m_r \cdot sin(\gamma + \alpha_{pi}) \cdot sin\alpha_{pa}}{sin\gamma}$ <p>(d)</p>	$H_{p3} = \frac{0.5 \cdot m_r \cdot sin\beta_u \cdot sinc}{sin(\beta_u - \alpha_{pa})}$ <p>(d, e)</p>

Kýmpic ahamarhinh karjimbi onikriti, m

9.4-кестенің жалғасы

1	2	3	4
$B_{pl} = h_u \cdot ctg\alpha_p + m_r + (H_k - h_u - h_{pl}) \cdot (ctg\beta - ctg(90^\circ - \gamma + \beta))$ (a)	$B_{p2} = B_k$ $(a-f)$	$B_{p3} = H_{p3} \cdot (ctg\alpha_{pb} + ctg\alpha_{pr})$ $(a-f)$	
$B_{pl} = (2 \cdot h_u + h_{pl}) \cdot ctg\alpha_p$ $(2, z)$	$B_{pl} = m_r + 2 \cdot h_u \cdot ctg\alpha_p$ $(\partial, \delta, \epsilon)$	$V_2 = B_{p2} \cdot L_{ep2}$ $K_{u2} = \frac{(m_r \cdot (H_{p2} - h_k) - 0.5 \cdot \frac{m_r^2 \cdot sin\gamma \cdot sin\alpha_m}{sin(\gamma + \alpha_{pb})}) \cdot L_{ep}}{(m_r \cdot (H_{p2} - h_k) - 1)}$ $(a, \tilde{\delta})$	$V_3 = B_{p3} \cdot L_{ep3}$ $K_{u3} = \frac{B_{ep3} \cdot L_{ep3}}{0.5 \cdot h_{p3} \cdot m_r \cdot L_{ep}} - 1$ $(a, \tilde{\delta}, z, \tilde{s})$
$T_{ay-keh krasibulibchilikti koeffinshetti kesiemi (m^3)} \text{ және оптималдык анықтауда}$	$V_u = B_{pl} \cdot L_{ep1}$ $K_{b1} = \frac{B_{ep1} \cdot L_{ep1}}{0.5 \cdot m_r \cdot h_{pl} \cdot L_{ep1}} - 1$	$V_{u2} = \frac{B_{ep2} \cdot L_{ep2}}{(m_r \cdot (H_{p2} - h_k) - 0.5 \cdot h_{pl} \cdot m_r) \cdot L_{ep}} - 1$ (z)	$K_{u3} = \frac{B_{ep3} \cdot L_{ep3}}{0.5 \cdot \frac{m_r^2 \cdot sin\gamma}{sin(\gamma - \alpha_{pb})} \cdot L_{ep}} - 1$ $(\partial, \tilde{\delta})$

Карьер жағдауы бойынша тау-кен қазындысын тасымалдау қашықтығы L_{tp} келесі:

$$L_{tp} = \frac{1000 H_{p_1} k_{tp}}{i_p} \quad (9.22)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, H_{p_1} – кенорның игерудің бірінші кезеңіндегі жұмыс аймағының биіктігі, м; k_{tp} – трассаның даму коэффициенті, м; i_p – жолдың басты көтермесі, %.

Сілемді игерудің екінші кезеңінде карьердің пайдалы қазба бойынша өнімділігі тұрақты болып қалады. Карьердің тау-кен қазындысы бойынша өнімділігі:

$$V_{t.m} = Q_{n.i} (1 + k_t) \quad (9.23)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, k_t – уақыттық аршу коэффициенті, m^3/m^3 .

Тау-кен қазындысын карьер жағдауы бойынша тасымалдау ұзындығы:

$$L_{t.p_2} = \frac{1000 (H_{p_1} + h_{p_2}) k_{t.p}}{i_p} \quad (9.24)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, h_{p_2} – екінші игеру кезеңіндегі жұмыс аймағының пайдалы қазба бойынша биіктігі, м.


Көлбей және күртқұлама сілемдерді игеру кезінде Ю. А. Дриженко ұсынған жұмыс аймағының даму сұлбалары немесе олардың үйлесімі қолданылады. 9.20-суретте бірінші сан сұлбаның реттік нөмірін, екінші сан – сілемнің құлау бұрышын ($1 - \alpha = 35-70^\circ$; $2 - \alpha = 70 - 90^\circ$; $3 - \alpha = 35 - 90^\circ$), үшінші сан – қолданылатын көлік түрін (1 – автомобильді, 2 – теміржолды, 3 – конвейерлі; 4, 6, 8, 10, 12 – құрамды, автомобильді-теміржолды; 5, 7, 9, 11 – құрамды, автомобильді-конвейерлі) көрсетеді; жақшада қолдануға болатын көлік түрі көрсетілген.

1-1-3 сұлбасында кенжарлардың бойлық және кемер шебінің көлденең жылжуы қарастырылған. Тілме оржолдар сілемнің жатпа бүйірі жағынан карьер жағдауында орналасқан. Көлік түрі – конвейерлік.

2-3-3 сұлбасында кенжарлар көлденең және кемер шебі бойлық жылжиды. Бастапқы тілме оржол карьердің дүмдік жағының бірінде орналасады. Көлік түрі – конвейерлік.

3-1-2 сұлбасында тілме оржол карьер бұрыштарының бірінде орналасып, кемердің жұмыс шебі бойлық-көлденең жылжиды. Бұл сұлба теміржол көлігі кезінде қолданылады.

4-3-1 сұлбасында кемер шебі көлденең жылжиды және панельдер бойлық қазылып алынады. Денгейжиектер бастапқы тілме қазаншұңқыр мен уақытша автомобильді съездермен ашылады. Кемер шебі сілемінің созылымы бойынша оның ортасынан карьердің дүмдік жағына қарай жылжиды. Кенжарлар карьердің қажетті терендеу қарқындылығын қамтамасыз ететін шекте сілем созылымына көлденең жылжиды.



9.20-сурет. Терең карьерлердегі жұмыс аймагының табан ауданында даму сұлбалары

5-3-1 сұлбасы 4 сұлбаға үкіс және ерекшелігі кемерлер шебі сілем созылымы бойынша қапталдан бір-біріне қарай жылжып, деңгейжиектер карьердің дұмдік жағынан ашылады.

6-3-4 (5) сұлбасында кенжарлардың көлденең және кемерлердің бойлық жылжуы қарастырылған. Кемерлер шебі бір қапталдан екіншісіне қарай жылжиды. Бос жыныстардың ішкі үйіндісін жасау арқылы карьердің тереңдеуі актық тереңдікке дейін қарқынды жүреді.

7-2-2 (3) және 8-2-2 (3) сұлбаларында кенжарлар бойлық және кемер шебі көлденең жылжиды. Тілме оржолдар пайдалы қазба сілемінің ортасында (7 сұлба) және оның жатпа бүйірінде (8 сұлба) орналасады. Кемерлер шебі карьер жағдауларына қарай жылжиды. Көлік коммуникациялары актық жағдайға шығарылған жоғарғы деңгейжиктерде орналасады.

9-2-1 сұлбасында карьер алаңын кең панельдермен игеру қарастырылған. Мұнда кенжарлар бойлық және кемер шебі карьер алаңының центрінен жағдауларына қарай көлденең жылжиды. Эрбір деңгейжиек пайдалы қазба сілемінің созылымы бойынша бірнеше участеклерге – өзіндік қазып алу құралдары бар және тау-кен жұмыстары шебі бір-біріне қатысты жылжитын панельдерге бөлінеді.

10-3-1 және 11-3-2 сұлбаларында карьер алаңын пайдалы қазба сілемінің созылымына бұрышпен орналасқан диагональді блоктармен игеру қарастырылған. Деңгейжиектер 10 сұлба бойынша карьер дүмінде орналасқан тілме қазаншұңқырмен, 11 сұлба бойынша – карьер дүмінде және оған жанас жағдауында орналасқан автомобильді съездермен ашылады. 11 сұлба бойынша деңгейжиектер теміржол съездері түйік жалпы ішкі оржолдармен ашылады. Көлік коммуникациялары актық жағдайға шығарылған карьер дүмінде және оған жанас жағдауында орналасады.

12-3-4 сұлбасында кенжарлар кезекпен бойлық жылжиды және ондіру аймағының шебі бойлық жылжиды. Кемерлер шебі карьердің бір дүмінен екіншісіне қарай жылжиды.

9.10. Жұмыс аймағындағы тау жыныстарының қорлары

Массивтен қазып алуға дайындық дәрежесі бойынша пайдалы қазбалар дайындалған, ашылған және қазып алуға дайын қорларға


бөлінеді. Корларды категорияларға бөлудің сыйыптамалық белгісі ретінде дренаждау, аршу, тау-кен дайындау қазбаларын және басқа да көмекші жұмыстарды жүргізу арқылы жұмыс деңгейжиектерін дайындау қарастырылады. Бірақ корларды бағалаудың мұндай амалы толық емес, себебі ол тау жыныстары массивінің физикалық-техникалық жағдайын сипаттайтын және кенорның пайдаланудың мұлдем басқа кезеңін (деңгейін) – карьер алаңын дайындау кезеңін көрсетеді. Сондықтан кемерлерді жұмысқа дайындау уақытына байланысты дайындалған қорлар ашылған қорларды қамтиды да, олардың алдында болады (В. В. Ржевский) немесе ашылған қорларға кіреді (К. Н. Трубецкой). Сондықтан массивтен жыныстарды қазып алу дәрежесін ескерген кезде «дайындалған қорлар» түсінігін қолдану тиімсіз, себебі олар дәл осы мағынада карьер алаңында болмайды.

Карьердің жұмыс аймағында нақты тек ашылған, игеруге дайын және ұзак мерзімдік қорлар бар. Бірақ жартасты жыныстарды қазып алу кезінде бұрғыланған және аттырылған жыныстар технологиялық түрғыдан дайындалған қорларға жатады. Олардың бір бөлігі ашылған қорлар қатарында, басқа бөлігі игеруге дайын қорлар қатарында болады.

Кен жұмыстарын жүргізу технологиясына және тәртібіне байланысты *ашылған қорлар* дегеніміз – ең жоғарғы кемерлердегі табиғи және жасанды бөгеттерден тазартылған, ал төменгі кемерлерде жоғары жатқан кемер жыныстарынан босатылған және осы кемерлерді қазып алу үшін тау-кен дайындау жұмыстары жүргізілген тау жыныстарының қорлары.

Жұмыс аймағындағы ашылған қорлар аймақтағы кемерлер қорларының жиынтығы ретінде анықталады. Кемердің ашылған қорлары кен алынған кеңістіктен – кемердің қиябетімен және жоғары алаңымен, төменгі жағынан – сол кемердің табанымен, қапталдары бойынша – кемер шебі ұзындығының ұштары бойынша жүргізілген жазықтықтармен (ол кемердің қиябет бұрышымен шеп түзуіне перпендикуляр болады), ал массивтен – жоғарғы кемердің төменгі жиегінен көлік жолы қашықтығында кемердің қиябет бұрышымен жүргізілген жазықтықпен шектелген (9.21-сурет). Бірінші кемердің жоғарғы алаңының ені және ондағы көлік жолының ені төменгі кемердегі тау-кен және көлік жабдығының қалыпты жұмысы кезіндегідей қабылданады.

Қазып алуға дайын қорлар дегеніміз – массивтен тікелей қазып алуға, тиеуге және тасымалдауға дайын аттырылған не механикалық қосыстылған және көлік коммуникациялары жүргізілген ашылған қорлар. Бұл қорлар оларды қазып алу, тиеу және тасымалдауға дайын болуы керек. Мұнда массивтегі (кентіректегі) тау жыныстарының қорлары туралы айттылғандықтан, бұрыланған және аттырылған жыныстар көлемін бөліп көрсетудің қажеті жоқ.



9.21-сурет. Жұмыс аймағының көлденең қимасы:

- 1 – кемерлердің ашылған қорлары, 2 – ашылған қорлар қатарындағы кемердің қазып алуға дайын қорлары, 3 – ұзақ мерзімді қорлар, 4 – ұзақ мерзімді қорлар шекарасы

Кемердің қазып алуға дайын қорлары кен алынған кеңістіктен – кемер қиябетімен және жоғарғы алаңымен, төменгі жағынан – кемер табанымен, қапталдары бойынша – кемер шебі ұзындығының ұштары бойынша кемердің қиябет бұрышымен шеп түзуіне перпендикуляр жүргізілген жазықтықтармен, ал массивтен енбе шекарасынан кентірек бойынша кемердің қиябет бұрышымен жүргізілген жазықтықпен шектелген (9.21-сурет).

Тау жыныстарын аттыру арқылы қазып алуға дайындау кезінде қорлар қосыстылған күйінде бірнеше қабаттарға бөлінеді. Қазып алуға дайын бірінші экскаватор енбесі үйілімнің лақтырылған бөлігінен тұрады. Келесі қабаттардағы (енбелердегі) қорларға көлік коммуникациялары жүргізілгеннен кейін ғана қазып алуға, тиеуге және тасымалдауға дайын қорларға айналады.

Жұмыс аймағындағы ашылған қорлардан басқа тау

жыныстарының қорлары ұзак мерзімдік болып табылады. Олар жұмыс аймағынан бірінші (жоғары) және келесі кемерлерді шектік жағдайға қойғаннан кейін қазып алынады.

Жұмыс аймағындағы ұзак мерзімдік қорлар жоғарғы жағынан бірінші жұмыс кемерінің табан жазықтығымен, төменгі жағынан – төменгі жұмыс кемерінің табан жазықтығымен, қапталдары бойынша – жұмыс аймағының бүйір қырларымен, массивтен – бірінші жұмыс кемерінің ашылған қорлары шекарасынан карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауы бұрышымен жүргізілген жазықтықпен, ал ашылған қорлардан - кемердің ашылған қорлары шекарасына сәйкес келетін кемерлер қиябеттерінің жиынтығымен шектеледі (9.21-сурет).

Қазіргі уақытты компьютерлік техниканы қолдану арқылы көрсетілген көлемдерді есептеу қын емес. Бірақ карьердегі тау-кен жұмыстарының уақыттық және келешектегі жағдайын талдау үшін жұмыс аймағының бұл көрсеткіштерін анықтаудың аналитикалық аппараты болуы керек. Осы мақсатта жұмыс аймағын ұзындығы бойынша ұзындығы l_g бірнеше (m) элементарлы участкерге (көлденең қималармен) бөліп, әрбір бөлінген g -ші участкениң көлденең қимасында қажетті шамаларды есептейді. Алынған мәндерді жуықтау және суммалау арқылы жұмыс аймағындағы тау жыныстарының көлемі табылады.

Сонымен, жұмыс аймағының g -ші участкесі ұзындығының 1 кума метріне келетін тау жыныстарының ашылған қорлары:

$$S_{B_3} = \sum_{\mu=1}^n (B_{\mu-1} - B_{t(\mu-1)}) h_\mu = \sum_{\mu=1}^n B_{B_3 \mu} h_\mu \quad (9.25)$$

формуласымен анықталады (9.21-сурет).

Мұндағы, $B_{\mu-1}$ – ($\mu-1$)-ші кемердегі жұмыс алаңының ені; $B_{t(\mu-1)}$ – ($\mu-1$)-ші кемердегі көлік жолының ені; $B_{B_3 \mu}$ – ($\mu-1$)-ші кемердегі ашылған қорлар ені; h_μ – ($\mu-1$)-ші кемер биіктігі; n – жұмыс кемерлерінің саны.

Карьердің жұмыс аймағындағы ашылған қорлар көлемі оның әртүрлі участкелеріндегі жыныс көлемдерінің қосындысы ретінде анықталады, яғни:

$$V_{B_3} = \sum_{g=1}^m S_{B_3} l_g. \quad (9.26)$$

Жазбаны қысқарту үшін «g» индексі S_{v_3} және V_{v_3} кезінде жазылмаған.

Бұл қорларды тау-кен жұмыстарының жоспарлары бойынша анықтаған кезде олар:

$$V_{v_3} = \sum_{\mu=1}^n B_{v_3\mu} h_\mu L_\mu \quad (9.27)$$

формуласымен анықталады.

Мұндағы, L_μ – μ -ші кемердегі жұмыс шебінің ұзындығы.

g -ші элементарлы участекінің 1 қума метріне келетін тау жыныстарының қазып алуға дайын қорлары (9.21-сурет):

$$S_{r_3} = \sum_{\mu=1}^n B_{r_3\mu} h_\mu \quad (9.28)$$

формуласымен анықталады (9.21-сурет).

Мұндағы, $B_{r_3\mu}$ – μ -ші кемердегі енбенің кентірек бойынша ені.

Жұмыс аймағындағы қазып алуға дайын қорлардың жалпы көлемі:

$$V_{r_3} = \sum_{g=1}^m S_{r_3} l_g. \quad (9.29)$$

Тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша:

$$V_{r_3} = \sum_{\mu=1}^n B_{r_3\mu} h_\mu L_\mu. \quad (9.30)$$

Жұмыс аймағының g -ші элементарлы участекінің 1 қума метріне келетін тау жыныстарының ұзақ мерзімдік қорлары:

$$S_{d_3} = \frac{1}{2} H_{p_3} [(B_{p_3} + (B_o - B_{to}))] - S_{v_3} \quad (9.31)$$

формуласымен анықталады.

Әрбір жұмыс аймағындағы қорлар анықталғаннан кейін суммалау арқылы жалпы карьер бойынша ашылған және қазып алуға дайын қорлар анықталады. Ашылған және қазып алуға дайын қорлардың табылған көлемдерін дифференциалдау арқылы тау жыныстары түрлеріне және пайдалы қазба сорттарына бөледі. Олар жоғарыда келтірілген формулалар бойынша кемердің әрбір қарастырылған элементарлы участекелері үшін компьютерде Автокад бағдарламасының көмегімен оқай есептеледі. Кондициясы төмен және балансқа кірмеген қорлардың категорияларын да ескеруге бо-


лады. Категориялар бойынша карьердің жалпы қорлары жеке жұмыс аймақтарындағы жыныс көлемдерінен құралады.

Тау жыныстарының қарастырылған қорлары уақыттық қорларға жатады. Олар барлық дайындау, аршу және өндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізуге жеткілікті болуы керек. Осының негізінде жұмыс блоктарының көлемдерін анықтау керек: бұрғылауға дайындалған, бұрғыланған, аттырылған және т.б. Қазып алуға дайын қорлар қазу-тиеу жабдығының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі керек, ал өндіру аймағында өндірілетін пайдалы қазбаның сапасы бойынша барлық түрлері болуы керек. Қазіргі карьерлерде бір экскаваторға келетін қазып алуға дайын қорлар оның бір айлық өнімділігінен аз болмауы керек, сирек жағдайларда оның жартысын құрайды. Ашылған қорлар кез келген уақытта қазып алуға дайын қорларды қамтамасыз етуі керек.

9.11. Уақыттық қорлардың игеру жүйесінің параметрлеріне байланысты өзгеруі

(9.25) және (9.28) формулаларын пайдаланып күртқұлама сілемді (9.22-сурет) тереңдете екіжағдаулы игеру кезіндегі уақыттық қорлардың өзгеруін қарастырайық.

Есептеулерді жөнілдет үшін жұмыс аймағындағы кемерлердің биіктігін және жұмыс алаңдарының енін бірдей қабылдаймыз.



9.22-сурет. Күртқұлама сілемдерді тереңдете игеру жүйесі кезіндегі жұмыс аймагының колденең қимасы: B_{e3} – ашылған қорлар ені; B_3 – кентірек бойынша енбе ені; $B_{p.m}$ – тілме оржсол ені; B_m – көлік бермасының ені

Келесі нұсқаларды есептейміз, кемер биіктігі 10, 15 және 20 м, жұмыс алаңының ені – 30, 45, 60 және 75 м, көлік бермасының ені – 8, 12, 16, 20 және 24 м, жұмыс аймағының биіктігі – 30, 40,...,120 м.

Терендете игеру жүйесінің аталған параметрлерінің әртүрлі үйлесімі кезінде жұмыс аймағының (m^2) элементарлығы учаскесіндегі тау жыныстарының ашылған қорларының (9.25) формула бойынша анықталған қолемдері бір жұмыс аймағы үшін 9.5-кестеде көлтірлген. Олар график түрінде 9.23 - суретте көрсетілген.


9.5-кесте

Ені мен ұзындығы әртүрлі жұмыс аймағындағы ашылған қорлар қолемдері


B_{μ}	B_T	B_{B3}	H_{p3}					
			30	40	60	80	100	120
75	8	67	2010	2680	4020	5360	6700	8040
	12	63	1890	2520	3780	5040	6300	7560
	16	59	1770	2360	3540	4720	5900	7080
	20	55	1650	2200	3300	4400	5500	6600
	24	51	1530	2040	3060	4080	5100	6120
60	8	52	1560	2080	3120	4160	5200	6240
	12	48	1440	1920	2880	3840	4800	5760
	16	44	1320	1760	2640	3520	4400	5280
	20	40	1200	1600	2400	3200	4000	4800
	24	36	1080	1440	2160	2880	3600	4320
45	8	37	1110	1480	2220	2960	3700	4440
	12	33	990	1320	1980	2640	3300	3960
	16	29	870	1160	1740	2320	2900	3480
	20	25	750	1000	1500	2000	2500	3000
	24	21	630	840	1260	1680	2100	2520
30	8	22	660	880	1320	1760	2200	2640
	12	18	540	720	1080	1440	1800	2160
	16	14	420	560	840	1120	1400	1680
	20	10	300	400	600	800	1000	1200
	24	6	180	240	360	480	600	720

9.23-сүретте жұмыс алаңының ені бірдей болған кезде кемер биіктігі өсken сайын қорлар көлемі артады. Бір кемерде жұмыс алаңының ені артқан сайын ашылған қорлар көлемі пропорционалды көбейеді. Өлшемдері мысалы, 600 м² қорлар 10 метрлік кемерде $B_{\mu} = 75$, $B_{v_3} = 60$ м болғанда, 15 метрлік кемерде $B_{\mu} = 60$, $B_{v_3} = 40$ м, 20 метрлік кемерде $B_{\mu} = 45$, $B_{v_3} = 30$ м болғанда қамтамасыз етіледі. Қорлардың көп көлемдері тек 15 және 20 метрлік кемерлерде болады.

Барлық жұмыс аймақтарында жұмыс алаңының ені артқан сайын және көлік бермаларының ені қыскарған сайын ашылған қорлар көлемі көбейеді. Сонымен қатар, B_{pp} және B_{v_3} -ның мәндері тұрақты болған кезде олар жұмыс аймағының биіктігіне тұра пропорционал болады. Бұл заңдылықтар график түрінде 9.24-сүретте келтірілген. Бұл – сүретте жұмыс аймағының биіктігі бірдей болған кездегі ашылған қорлардың көп көлемдерін жұмыс алаңдарының ені үлкен болғанда және көлік бермаларының ені аз болғанда қамтамасыз етуге болады. Бұл амал қазіргі карьерлерде қолданылады.



9.23-сүрет. Биіктігі әртүрлі кемерлердегі ашылған қорлардың B_{v_3} еніне байланысты өзгеруі



9.24-сүрет. Ені әртүрлі жұмыс аймағындағы ашылған қорлардың жұмыс аймағы биіктігіне H_{pp} байланысты өзгеруі

Кентірек бойынша енбе ені және жұмыс аймағының биіктігі әртүрлі болған кездегі (9.28) формуласымен анықталған қазып алуға дайын қорлардың көлемдері 9.6-кестеде және графiktік

түрде 9.25-суретте көлтірілген. Мұнда кентірек бойынша енбе ені бірдей болғанда қарастырылған көлемдер кемер биіктігіне және жұмыс аймағының биіктігіне тұра пропорционал өседі, ал жұмыс аймағының биіктігі бірдей болғанда – кентірек бойынша енбе еніне тұра пропорционал өседі.


9.6-кесте

Енбе ені және жұмыс аймағының биіктігі әртүрлі болған кездең ігеруге дайын қорлардың көлемдері

H	B ³	H_{p3}									
		30	40(45)	50	60	70(75)	80	90	100(105)	110	120
10	14	420	560	700	840	980	1120	1260	1400	1540	1680
15	14	420	(630)		840	(1050)		1260	(1470)		1680
	18	540	(810)		1080	(1350)		1620	(1890)		2160
20	18		720		1080		1440		1800		2160
	22		880		1320		1760		2200		2640

Қазып алуға дайын қорлар көлемінің өзгеру графигі пайдалы қазба мен бос жыныстардың қажетті көлемін қамтамасыз ететін ігеру жүйесі параметрлерінің үйлесімін жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Қазып алуға дайын қорлар қазу-тиеу жабдығының тұрақты жұмысын, сонымен қатар қазып алынатын пайдалы қазба түрлерінің сапасы бойынша барлық категорияларын қамтамасыз етуі керек. Кез келген уақыттағы ашылған қорлар қазып алуға



9.25-сурет. Әртүрлі В3 кезінде қазып алуға дайын қорлардың Нр3 биіктігіне байланысты өзгеруі

дайын қорларды қамтамасыз етуі керек. Ашылған және қазып алуға дайын қорлар көлемдерінің ең аз ауыткуы белгілі бір шекте болуы керек.

Экскавтор блогындағы қазып алуға дайын қорлар көлемдері оның бір айдағы үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі керек, яғни:

$$V_{r3} \geq Q_3. \quad (9.32)$$

Кез келген игеру жүйесінің қалыпты жұмысы үшін карьердегі жұмыс кеңістігінің ауданы кешенниң барлық механизация құралдарының орналасуы үшін және тоқтаусыз жұмыс істеуі үшін жеткілікті болуы керек.

9.12. Ашылған және қазып алуға дайын қорлар арасындағы тиімді қатынас

Кен жұмыстарының технологиясы және қорларды басқару тұрғысынан өндірілетін тау жынысы түрінің карьер үшін маңызы жоқ. Пайдалы қазба мен бос жыныстардың айырмашылығы экономикалық факторлармен анықталады. Дәстүрлі қалыптасқан тек пайдалы қазбаны есепке алу дұрыс емес, мұнда барлық тау жыныстары қорларын реттеу және есепке алу керек. Бұл қорлар арасындағы тиімді қатынасты анықтау кәсіпорынның экономикалық тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Аршу жұмыстарының өлшемсіз озық жүргізілуі шығындарды келешекке қалдырады, ал олардың артта қалуы пайдалы қазбаны өндіру жоспарының орындалмауына алыш келеді. Бұл екі жағдайда да кәсіпорын шығынға ұшырайды.

Көпсортты кешенді кенорындарын игеретін тау-кен кәсіпорындары үшін қорлардың дайындық дәрежесінің мәні өте зор. Мұндай кенорындарының геологиялық-морфологиялық құрылымы қурделі және конфигурациясы әртүрлі болады.

Технологиялық тұрғыдан қорларды дайындық дәрежесі бойынша нормалау үшін кен кәсіпорнының резервтерін бүкіл кешен бойынша кен жұмыстарының тұракты режимін үйімдастыру мәселелері: тау-кен дайындау, аршу жұмыстарының қажетті көлемін уақытылы орындау, сапасы техникалық талаптарға сай тауарлық өнімді тұтынушыға жеткізу; кен аймагының геометриясына, тау-кен технологиялық

көрсеткіштеріне байланысты пайдалы қазба сапасын реттеу негізделеді.

Қазып алуға дайын қорлар карьердегі кен жұмыстарының бір айдағы апталық-тәуліктік жоспар-графигін орындауда тау-кен және көлік жабдығының ырғакты жұмысын қамтамасыз етуі керек.

Ашылған қорлар жылдық жоспарды тоқсандарға бөлу кезінде тау-кен жұмыстарының дамуы үшін стратегиялық резерв рөлін атқарады.

Дайындық дәрежесі бойынша қорларды анықтау:

- тау-кен көлік жабдықтары өнімділігін тұрақсыздығы;
- тау-кен жұмыстарының терендеуі барысында тау-кен техникалық жағдайлардың әрдайым өзгеруі;
- терендеген сайын кен сапасының төмендеуі, (бұл жеңіл және киын байытылатын кендер қатынасының өзгеру зандылығын объективті бейнелейді);
- минералды шикізаттың ішкі және сыртқы нарықтарындағы тау-кен өндірісі өнімінің бағасы мен сұраныстың жоғары динамикасы сияқты алғышарттармен анықталады.

Қазып алуға дайын ($V_{\text{гз}}$) және ашылған ($V_{\text{вз}}$) қорлар арасындағы тұрақты қатынас бағдарламаны орындаумен де, шығындармен де байланысты екені айдан анық. Ашылған қорлардың шамадан артық болуы тоқтауына, өзіндік құнның артуына алып келеді; жеткіліксіздігі – өндірілім көлемінің азауына, тауарлық өнімді сатудан түсетін пайданың төмендеуіне, азауына алып келеді.


Сондықтан аталған көрсеткіштердің тиімді қатынасын теориялық негіздеу қажеттігі туады. Ол үшін қарастырылған қорлар деңгейінің өзгеруі тізбектік реакция 2^{i-1} және осы катардың жиынтығы, яғни қорлар көлемі $\sum_{i=1}^k 2^{i-1}$ (мұндағы, i – жиынтықтау индексі, k – деңгейлер саны) түріндегі қарапайым сұлбаға бағынады деп қарастыруға болады. Сонда қазып алуға дайын қорлар үшін, яғни бірінші деңгей үшін $2^{i-1}=1$, қатар жиынтығы $\sum_{i=1}^1 2^{i-1} = 1$ болады. Ашылған қорлар үшін, яғни екінші деңгей $2^{i-1}=2$ үшін – $\sum_{i=1}^2 2^{i-1} = 3$ болады. Сонымен қарастырылған деңгейлер қорларының қатынасы:

$$V_{\text{гз}} : V_{\text{вз}} = 1 : 3 \quad (9.33)$$

(9.33) қатынасы карьердің жұмысын қамтамасыз ету үшін тау жыныстары қорлары арасындағы детерминирленген байланысты көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандай, деңгейжиектегі экскаватор блогындағы қазып алуға дайын қорлардың бір айлық көлемі экскаватордың айлық өнімділігіне сай келеді. Яғни, бір экскаватордың ашылған қорларының ең аз көлемі қазып алуға дайын қорлар көлемінен уш есе көп болуы керек. Егер жағдай бүкіл жұмыс кемерлеріне қатысты десек, онда ол жоғарғы кемерде кеңейту жұмыстарын жүргізбей-ак уш ай қалыпты жұмыс істейді. Ол 9.26-суретте келтірілген. Бірінші айда (T_1) тау жыныстарының жоспар бойынша қарастырылған көлемі қазып алынады (кен) V_{r_1} , екінші (T_2) және үшінші (T_3) айларда V_{r_2} көлемдері ашылған қорлардан қазып алынады. Нәтижесінде ашылған қорлар (жоғары деңгейжиекте тау-кен жұмыстары тоқтаған кезде) толық қазып алынады. Карьер берілген деңгейжиектен (ке-мерден) тау-кен қазындысын қазып алуды тоқтатады.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін, яғни карьердің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін ашылған корлар 9.26-суретте жоғары жағында көрсетілген қазып алуға дайын корлар шамасына тән көлеммен толықтырылады. Ол үшін жоғарғы деңгейжиектегі кемер шебін уақыттық деңгейжиектегі енбе енінен үлкен қадамға жылжытады.



9.26-сүрөт. Ашылған және қазып алыға дайын қорлардың тоқсан бойынша өзгери графигі

Тау жыныстарының ашылған және қазып алуға дайын қорларын анықтаудың келтірілген формулалары бойынша жұмыс аймағындағы қорлар жоғары деңгейжиектегі жұмыс алаңдары және уақыттық деңгейжиектегі экскаватор енбесінің өлшемдеріне байланысты болады. Ашылған қорлардың қажетті ең аз көлемі жұмыс алаңының ең аз еніне сәйкес келеді. Бұл параметрлер қажетті өлшемдерде игеру жүйесінің көрсеткіштерін реттеу арқылы қамтамасыз етіледі.

9.13. Жұмыс аймағындағы бос жыныстардың уақыттық көлемдерінің өзгеруін график түрінде көрсету

Тау жыныстарының уақыттық көлемдерін басқару олардың жұмыс аймағының өлшемдеріне байланысты өзгеру зандалықтары негізінде іске асады. Интегралды түрде бұл байланыс игеру жүйесінің негізгі параметрлерін өзара байланыстыратын карьердің жұмыс жағдауының қиябет бұрышынмен ескеріледі. Ол күртқұлама сілемді бойлық біржағдаулы игеру жүйесімен қазып алу кезіндегі бос жыныстар көлемінің өзгеру сұлбасында көрсетілген (9.27-сурет). Қолік коммуникациялары сілемнің жатпа бүйірінде оның бүкіл ұзындығы бойымен не оның бір бөлігінде орналасады. Карьердің пайдалы қазба бойынша жобалық өнімділігін игеру жұмыс жағдауының қиябетінің қалыптасу мезетінен басталады (Ю. А. Дриженко). Бұл кезде өндіру аймағының биіктігі H_d :

$$H_d = \frac{m \sin \alpha_p}{\sin(\gamma + \alpha_p)} \quad (9.34)$$

формуласымен анықталады, ал өндіру деңгейжиектерінің саны (n_d):

$$n_d = \frac{m \sin \alpha_p}{h_d \sin(\gamma + \alpha_p)}, \quad (9.35)$$

мұндағы, m – сілем қалындығы, м; γ – сілемнің құлау бұрышы, град; α_p – жұмыс жағдауының қиябет бұрышы, град; h_d және h_b – өндіру және аршу кемерлерінің биіктігі, м.

Бірінші кезеңде сілемнің төнбе бүйіріндегі аршу аймағының биіктігі кенді жауып жатқан жыныстардың қалындығына тең h_n , ал бос жыныс деңгейжиектерінің саны:

$$n_{B_1} = \frac{H_h}{h_b} \quad (9.36)$$

формуласымен анықталады

9.27-суретте карьердің жұмыс жағдауының бұрышы өскен сайын бос жыныстардың уақыттық көлемдері азяды. Сонымен, бірінші игеру кезеңінде ол 17° -қа өскен кезде жұмыс жағдауы $1-1$ жағдайынан $1-1'$ жағдайына көшеді, бұл бос жыныстардың уақыттық көлемдерінің азаюына (кемер шебі ұзындығының 1 м-не есептегендеге) алып келеді:

$$\Delta S_1 = \frac{h_h^2 \sin(\alpha_{p_1} - \alpha_p)}{\sin \alpha_p \sin \alpha_{p_1}}. \quad (9.37)$$

Карьердің жұмыс аймағының биіктігі екі жағдайда да бірдей $H_{p_1} = H'_{p_1}$. Екінші игеру кезеңінде жұмыс жағдауы $2-$ жағдайға жылжиды. Бұл α_1 -дің тұрақты мәні кезінде жұмыс жағдауының карьер алаңының беті бойынша шекарасына шығуын көрсетеді. Бұл кезде жұмыс аймағының максимальді биіктігі H_{p_2} ең жоғары мәнде болады. Сілемнің жатпа бүйірі жағындағы жұмыс жүргізілмейтін жағдау өзінің ақтық жағдайына жетеді. Өндіру аймағының биіктігі және өндіру кемерлерінің саны өзгермейді және карьерді пайдаланудың бүкіл кезеңінде тұрақты болып қалады.

Карьердің өнімділігін арттырған кезде өндіру деңгейжиектерінің саны да артады. Аршу аймағының биіктігі $H_{B_2} = h_h + \sum_1^i h_d$ күрайды, ал аршыма деңгейжиектерінің саны $n_{B_2} = \left(h_h + \sum_1^i h_d \right) / h'_b$.


Жұмыс жағдауының қиябет бұрышы α_{p_1} шамасына дейін өскен кезде бос жыныс көлемінің өзгеруі:

$$\Delta S_2 = \frac{\left(h_h + \sum_1^i h_d \right)^2 \sin(\alpha_{p_1} - \alpha_p)}{\sin \alpha_p \sin \alpha_{p_1}} \quad (9.38)$$

формуласымен ескеріледі

α_p -ның мәні тұрақты болған кезде карьер түбі терендерген сайын жұмыс аймағының биіктігі H_{p_1} және H_{p_2} шамаларына дейін азяды, қиябет бұрышы $\alpha_{p_1} = 27 - 32^\circ$ шамасына дейін өседі. Бұл кезде жұмыс жағдауы $3-3$ жағдайынан $3-3'$ жағдайына, ал $4-4$ жағдайынан

4-4' жағдайына жылжиды. Сілемнің төнбे бүйірі жағындағы бос жыныс көлемдері азайды (9.27-сурет). Карьердің жұмыс аймағының биіктігі $H'_{p,п}$ ең жоғары мәнде болады.



9.27-сурет. Бойлық біржасаудаулы игеру жүйесі кезіндегі бос жыныстар көлемінің өзгеру сипатты:

1 – жекеалық құатына жету; 2 – кен жұмыстарының карьер беті бойынша ақтық нұксасына жетуі; 3, 4 – карьерді пайдалану кезеңдері; 5 – карьер алаңын игеру жұмыстарын аяқтау; штрихтаплан – карьердің жұмыс жағадауының қиябет бұрышының a_p осуі кезінде бос жыныстар көлемдерінің

Карьер түбінің әрі қарай терендеуі кезінде жұмыс аймағының биіктігі $H_{p,5}$ ең аз шамаға дейін азайды, соナン соң карьердің пайдалы қазба бойынша өнімділігі төмендейді.

Қарастырылған жұмыс аймағындағы тау жыныстарының уақыттық қорларының өзгеру заңдылықтары жұмыс және жұмыс жүргізілмейтін жағдаулардың қиябет бұрыштарының мәні бос жыныстардың жалпы және уақыттық көлемдеріне елеулі әсер ететінін көрсетеді.

Терен карьерлерде жеке кезеңдерде жұмыс жағадауының қиябет бұрышын көбейту арқылы бос жыныс көлемін 20-30%-ға азайтуға болады, бұл кәсіпорын жұмыстарының техника-экономикалық көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Массивтен қазып алу дәрежесі бойынша тау жыныстарының қорлары қалай бөлінеді?
2. Ашылған қорлар дегеніміз не және олар қалай анықталады?
3. Қазып алуға дайын қорлар дегеніміз не және олар қалай анықталады?
4. Ұзақ мерзімді қорлар дегеніміз не және олар қалай анықталады?
5. Уақыттық қорларға қандай қорларды жатқызуға болады?
6. Тау жыныстарының ашылған және қазып алуға дайын қорлары арасындағы тиімді қатынас қандай?
7. Карьердің жұмыс жағдайының қиябет бұрышына байланысты бос жыныстар көлемінің өзгеру графиін көрсетіңіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ржевский В.В. Открытые горные работы. Ч.1 и 2. – М.: Недра, 1985. – 549 с.
2. Мельников Н.В. Избранные труды: Состояние и проблемы развития горной науки и техники в СССР. – М.:Наука, 1992. – 230 с.
3. Трубецкой К.Н., Краснянский Г.Л., Хронин В.В., Коваленко В.С. Проектирование карьеров. – М.: Изд-во «Высшая школа», 2009. – 694 с.
4. Арсентьев А.И. Вскрытие и системы разработки карьерных полей. – М.: Недра, 1981. – 278 с.
5. Ракишев Б.Р. Системы и технологии открытой разработки. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2003. – 328 с.
6. Ракишев Б.Р. Вскрытие и системы открытой разработки. – Алматы: КазНТУ, 2011. – 275 с.
7. Горные науки. Освоение и сохранение недр Земли. – М.: Изд-во Академии горных наук, 1997.–478 с.
8. Анистратов Ю.И., Анистратов К.Ю. Технология открытых горных работ. –М.: НТЦ «Горное дело», 2008. – 472 с.
9. Ракишев Б.Р., Молдабаев С.К. Ресурсосберегающие технологии на угольных разрезах. – Алматы: КазНТУ, 2011. – 300 с.
10. Дриженко А. Ю. Карьерные технологические горнотранспортные системы. – Днепропетровск: НГУ, 2011. – 542 с.
11. Хохряков В.С. Проектирование карьеров. – М.: Недра, 1992. – 336 с.
12. Комплексное освоение недр земли. М.: УРАН ИПКОН РАН, 2011. – 276 с.
13. Справочник «Открытые горные работы». – М.: Горное бюро, 1994. – 590 с.
14. Правила промышленной безопасности при разработке месторождений полезных ископаемых открытым способом. – Астана, 2008. – 137 с.
15. Правила промышленной безопасности при взрывных работах. Астана, 2008. – 222 с.
16. Процессы производственные. «Общие требования безопасности» Астана, 2009.
17. Нормы технологического проектирования горнорудных предприятий цветной металлургии с открытым способом разработки. – М.: 1986. – 109 с.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	4
1-ТАРАУ. КАРЬЕР АЛАНДАРЫН АШУ	
1. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРИ МЕН ОБЪЕКТЛЕРІ.....	7
1.1. Пайдалы қазбалар кенорындарын игерудің негізгі түсініктері	7
1.2. Игерілетін кенорындарының типтері.....	9
1.3. Кенді ашық қазып алу түрлері	12
1.4. Карьер аландарының түрлері мен өлшемдері	15
1.5. Карьер алаңын пайдалануға дайындау	19
1.6. Кен жұмыстарының түрлері мен кезеңдері	22
1.7. Ашық тау-кен жұмыстарының даму тәртібі	24
1.8. Бос жыныстар мен пайдалы қазба көлемдерінің арасындағы катынас түрлері.....	26
1.9. Ашық тау-кен жұмыстарының режимі	30
2. ЖҰКАҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ	35
2.1. Карьер жұкағындарының қалыптасу тәртібі.....	35
2.2. Модельді карьер алаңын тау-кен геометриялық талдау	36
2.3. Жұкағындарының түрлері.....	40
2.4. Жұкағындарын қалыптастырудың алғышарттары.....	43
3. КАРЬЕРДІҢ ЖҰМЫС ДЕНГЕЙЖИЕКТЕРІН АШУ	46
3.1. Тау-кен ашу қазбалары.....	46
3.2. Карьердің жұмыс деңгейжиектерін ашу тәсілдері	49
3.3. Ашу қазбаларының трассалары	52
3.4. Күрделі қазбалар трассаларының пішіні.....	55
3.5. Ашу қазбаларының жүйесі және сұлбалары	57
3.6. Басты көтерменің технологиялық мәні	60
3.7. Карьердегі теміржолдардың даму сұлбалары	62
3.8. Теміржол көлігін қолданған кездегі күрделі оржолдың жұмыс деңгейжиектеріне түйісу бекеттері.....	64

3.9. Карьердегі автомобиль жолдарының сұлбалары және олардың негізгі параметрлері	67
3.10. Сырғымалы және жартылай тұрақты съездер	70
3.11. Сыртқы көлбек оржолдармен ашу	74
3.12. Ішкі жеке және жалпы оржолдармен ашу	76
3.13. Ішкі топталған және қосарланған оржолдармен ашу	81
3.14. Сыртқы көлбек жартылай оржолдармен және күрт оржолдармен ашу	82
3.15. Кенкүдіктармен ашу	84
3.16. Жұмыс деңгейжиектерін туннельдермен ашу мүмкіндігі.....	87
3.17. Құрамды тәсілмен ашу	90
3.18. Аса қуатты және терең карьерлерді ашу	91
3.19. Терең жаткан күртқұлама сілемдерді ашу	96
3.20. Деңгейжиекте бастапқы жұмыс шебін жасау	100
4. ОРЖОЛДАРДЫ ҮҢГІЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ	105
4.1. Күрделі оржолдар мен жартылай оржолдардың көлемдері	105
4.2. Оржолдарды үңгілеу тәсілдерінің сыныптарасы.....	111
4.3. Жартылай оржолды механикалық құрекпен үңгілеу	112
4.4. Оржолдарды драглайндармен үңгілеу	113
4.5. Оржолды толық терендігі бойынша дұмдік кенжармен үңгілеу.....	115
4.5.1. Оржолды жоғарыға тиесінде арқылы үңгілеу	121
4.5.1. Бос жыныстарды автокөліктеге тиесінде арқылы оржолдарды үңгілеу.....	122
4.6. Оржолды дұмдік (торцевым) кенжарлармен қабаттап үңгілеу.....	124
4.7. Үздіксіз қозғалысты кешендерді қолданып оржолдарды үңгілеу	126
4.8. Оржолдарды үңгілеудің арнаіны тәсілдері	130
2-ТАРАУ. КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРИ	
5. КЕНОРЫНДАРЫН АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СЫНЫПТАМАЛАРЫ	132
5.1. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесін туралы түсінік	132
5.2. Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесін сыныптау принциптері.....	135

5.3.	Пайдалы қазбаларды ашық игеру жүйесінің сыныптамасы	138
6.	ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРИНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	148
6.1.	Тұтас игеру жүйесінің қолданылу жағдайлары.....	148
6.2.	Бойлық және көлденең ішкі игеру жүйелері	153
6.3.	Веерлі және сакиналы ішкі игеру жүйелері.....	156
6.4.	Ішкі үйінді салу мүмкіндіктері	159
6.5.	Тереңдейтін игеру жүйесінің қолдану жағдайлары	160
6.6.	Тереңдейтін игеру жүйелер кезіндегі кен жұмыстарының даму нұсқалары	165
7.	АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ	169
7.1.	Ашық игеру жүйесінің сипаттамалары	169
7.2.	Кемер биіктігін анықтаудың жалпы амалдары	171
7.3.	Бос жыныстарды кен алынған кеңістікке аударып төгу кезіндегі кемер биіктігі	175
7.4.	Кемерлер киябеттерінің орнықтылығы	183
7.5.	Тереңдете игеру жүйесі кезіндегі бермалардың конструкциясы мен параметрлері	187
7.6.	Кемер биіктігінің карьердің жұмыс жүргізілмейтін жағдауының қыабет бұрышына әсері және оның орнықтылығының қамтамасызы сту.....	191
7.7.	Панель блогының және жұмыс алаңының ені	196
7.8.	Жұмыс шебінің және экскаватор блогының созылымы.....	199
7.9.	Әртүрлі игеру жүйелері кезіндегі өндіру кемерлерінің саны	207
8.	АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	209
8.1.	Карьер алаңындағы тау-кен қазбаларының жылжу жылдамдықтары	209
8.2.	Дайындау және тазарту қазбаларының жылжу жылдамдықтары арасындағы технологиялық байланыс	214
8.3.	Пайдалы қазба жоғалымы мен құнарсыздандыуның негізгі түрлері	220
8.4.	Күрделі құрылымды блоктардың тау-кен геологиялық көрсеткіштері	226

8.5. Эртекті блоктар құрылымының және оларды қазып алудың күрделілік көрсеткіштері	233
9. КАРЬЕРДІҢ ЖҰМЫС АЙМАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРИНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	242
9.1. Карьердің жұмыс аймағының негізгі параметрлері.....	242
9.2. Жұмыс аймағы параметрлерінің тау жыныстары көлеміне әсері	246
9.3. Кемерлер санының жұмыс аймағы параметрлеріне әсері	249
9.4. Технологиялық кешендердің жұмыс аймағының негізгі параметрлеріне әсері	255
9.5. Жұмыс аймағындағы аршу және өндіру қазбалары шебінің сипаттамасы	258
9.6. Кен жұмыстары шебінің жылжу бағыттары	263
9.7. Тұтас игеру жүйесіндегі биіктігі бойынша іргелес кемерлер параметрлерінің өзара байланысы	267
9.8. Терендете игеру жүйесіндегі биіктігі бойынша іргелес кемерлердегі кен жұмыстарының өлшемдес дамуы	271
9.9. Терендете игеру жүйесіндегі жұмыс аймағының даму сұлбасы.....	275
9.10. Жұмыс аймағындағы тау жыныстарының қорлары	283
9.11. Уақыттық қорлардың игеру жүйесінің параметрлеріне байланысты өзгеруі	288
9.12. Ашылған және қазып алуға дайын қорлар арасындағы тиімді қатынас	292
9.13. Жұмыс аймағындағы бос жыныстардың уақыттық көлемдерінің өзгеруін график түрінде көрсету.....	295
ӘДЕБИЕТТЕР	299

РАҚЫШЕВ БАЯН

**КАРЬЕР АЛАҢДАРЫН АШУ ЖӘНЕ
АШЫҚ ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРИ**

Oқылыш

Басуға 06.06.2013 ж. қол қойылды.
Қағазы оғсеттік. Қаріп түрі «Times».
Пішіні 60x90/16. Оғсеттік басылым. Баспа табағы 19.
Таралымы 800 дана. Тапсырыс 706.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpiк-dauir81@mail.ru